

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ
О.КӨШЕКОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚКОЛЛЕДЖІ

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
АТЫРАУСКИЙ АГРАРНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ У.КУШЕКОВА

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы»
атты РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
на тему
«Социально-экономическое положение Казахстана: проблемы и перспективы»,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан

Атырау, 2021 жыл

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ
О.КӨШЕКОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚКОЛЛЕДЖІ

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
АТЫРАУСКИЙ АГРАРНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ У.КУШЕКОВА

«Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы»

Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары
31 мамыр 2021 жыл

«Социально-экономическое положение Казахстана: проблемы и перспективы»,

Материалы республиканской научно-практической конференции
31 мая 2021года

Атырау-2021

УДК 338
ББК65.9
Қ 18

Редакция алқасы: И.И.Джанзаков, М.С.Лапиденова
Редакционная коллегия: А.С.Искалиева, А.Д.Сқақова, Г.Т.Бегалиева, Ж.А.Ерболаева,
В.Ә.Нұрмуханова

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы» тақырыбындағы оқытушылар мен студенттердің республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары:

жалпыредакцияны басқарған И.И.Джанзаков/Атырау: О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі 2021-280б

«Социально-экономическое положение Казахстана: проблемы и перспективы»:

Материалы республиканской научно-практической конференции/под ред. И.И.Джанзакова
Атырау: Атырауский аграрно-технический колледж имени У.Кушекова 2021-280стр

ISBN 978-601-08-1209-3

Бұл басылымда «Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жарияланды.

Конференцияның мақсаты: -Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, тәуелсіздіктің

экономикалық негіздерінің қалыптасуын, әлеуетті мүмкіндіктер негізінде елдің экономикасындағы өзекті мәселелері мен болашағы бойынша сұрақтарды зерттеу және ақпарат алмасу.

Конференция міндеттері: - Белсенді азаматтық ұстанымы бар өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу, білім беру үрдісі шеңберінде студенттердің зияткерлік бастамаларын дамыту, ғылыми ойлау тәсілін, өз қызметіне шығармашылық көзқарасты дамыту үшін алғышарттар жасау, болашақ мамандардың жалпы және коммуникативтік мәдениетінің деңгейін арттыру, жастардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметін ынталандыру.

Конференция ғылыми бағыттары:

- Қазіргі қоғамның әлеуметтік-гуманитарлық жағдайы мен мәселелері
- Қазіргі таңдағы Қазақстан экономикасының дамуындағы өзекті мәселелер
- Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда цифрлық технологияларды дамытудың маңызы мен қажеттілігі.

Цель конференции: определить основные направления социально-экономического развития Республики Казахстан, изучение и обмен информацией о формировании основы экономики, актуальных проблемах и перспективах экономики страны на основе потенциальных возможностей.

Задачи конференции: воспитание подрастающего поколения с активной гражданской позицией в духе патриотизма, развитие интеллектуальных инициатив студентов в рамках образовательного процесса, создание предпосылок для развития научного мышления, творческого подхода к своей деятельности, повышение уровня общей и коммуникативной культуры будущих специалистов, стимулирование творческой, научно-исследовательской и проектной деятельности молодежи.

Научные направления конференции:

- Социально-гуманитарное состояние и проблемы современного общества.
- Актуальные проблемы развития экономики современного Казахстана.
- Значение и необходимость развития цифровых технологий в формировании конкурентоспособной экономики.

УДК 338
ББК65.9
Қ 18

ISBN 978-601-08-1209-3

Атырауский аграрно-технический колледж им. У.Кушекова, Атырау-2021

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясын Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы мен О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі ұйымдастырды. Конференция және Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінде 2021 жылдың 31 мамырында онлайн форматта өтті. Конференция жұмысына Нұр-Сұлтан, Көкшетау қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстарының ЖОО-ның профессорлық құрамы, колледж директорларының орынбасарлары, әдіскерлер, оқытушылар мен студенттер қатысты. Конференция «Қазіргі қоғамның әлеуметтік-гуманитарлық жағдайы мен мәселелері», «Қазіргі таңдағы Қазақстан экономикасының дамуындағы өзекті мәселелер», «Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда цифрлық технологияларды дамытудың маңызы мен қажеттілігі» тақырыптарындағы 3 негізгі бағыттар бойынша жүргізілді. Конференцияға сырттай және тікелей қатысу үшін 103 баяндама келіп түсті. Баяндамалар сараптамадан өткізіліп, 13 баяндама пленарлық отырыста қорғалды. Секциялық отырыс стендовый (слайд-презентация) түрде ілінді. https://drive.google.com/drive/folders/1h3iDbnSJEDOV_qwCqvZ сілтемесі арқылы танысты. Конференцияға қатысушылар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, тәуелсіздіктің экономикалық негіздерінің қалыптасуын, әлеуетті мүмкіндіктер негізінде елдің экономикасындағы өзекті мәселелері мен болашағы бойынша сұрақтарды зерттеу, болашақ мамандардың жалпы және коммуникативтік мәдениетінің деңгейін арттыру, жастардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметін ынталандыру қажеттігін атап өтті. Конференцияға қатысушылар еңбек нарығының интеграциялық тұғырнамасын сұраныс пен ұсыныстың инфрақұрылымы және білім беру қызметтерінің жеткізушісі ретінде күшейту қажеттілігін мойындады.

ҚҰТТЫҚТАУСӨЗ!

Хамзин Ердос Жантөреұлы

Атырау облыстық білім беру басқармасының басшысының орынбасары

ҚҰРМЕТТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР! ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы мен О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі бірлесіп өткізгелі отырған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы» атты оқытушылар мен студенттер арасында республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қошкелдіңіздер! Аталған колледж өңірде ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын бірден-бір оқу орны ретінде ерекшеленеді. Үздік іс – тәжірибелерімен бөлісуде декөш бастап жүреді. Бүгінгі шараны озық тәжірибелерді республикалық деңгейде тарату мақсатындағы игішара деп есептейміз. Арадағы байланыс арқауы үзілмесін, бір-бірімізбен тәжірибе алмасып, жетістіктерімізбен бөлісе берейік. Баяндамашыларға сәттілік тілеймін!

Бегалиева Гульнара Турехановна

Атырау облысының ТЖКББ Әдістемелік орталығының бөлім басшысы

Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы бүгінгі конференция жұмысын ұйымдастырушы Атырау аграрлы-техникалық колледжіне алғыс айта отырып, жұмыстарына сәттілік тілейді. Конференция жұмысына қатысу үшін Республиканың әр түкпірінен баяндамаларын ұсынып, тікелей және сырттай қатысып отырған әріптестерге шығармашылық табыс пен жетістік тілейміз. Тәжірибе алмасып, бір-бірімізбен еркін форматта сұхбат құратын әдістемелік алаң болсын деп тілеймін.

Джанзаков Ислам Исағалиевич

техника ғылымдарының докторы, профессор, Атырау аграрлы-техникалық колледжінің директоры

Қайырлы күн, құрметті қатысушылар, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция қонақтары! Оңайбай Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы тәжірибесі мол бірден-бір техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнына қош келдіңіздер. Атырау аграрлы-техникалық колледжі – бірінші болып институционалды аккредитациядан өткен және 21 мамандықтар мен біліктіліктер бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын Атырау облысындағы агроөнеркәсіп саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру орындар жүйесінің көшбасшысы болып табылады. Колледжде 120 астам оқытушы еңбек етеді, 2000 астам студенттер білім алуда. Теориялық білім мен өндірістік тәжірибені ұштастырған кәсіби мамандар мен инновациялық әдістерді меңгерген білімгерлермен алмасуда және заманауи білім бағдарламаларын жүзеге асыруда облысымыздың 3 жоғарғы оқу орындарымен және 70 астам кәсіпорындармен ынтымақтастық орнатылған.

Бүгінгі конференцияға Нұр-Сұлтан, Көкшетау қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстарының ЖОО-ның профессорлық құрамы, колледж директорларының орынбасарлары, әдіскерлер, оқытушылар мен студенттер қатысып отыр. Конференция «Қазіргі қоғамның әлеуметтік-гуманитарлық жағдайы мен мәселелері», «Қазіргі таңдағы Қазақстан экономикасының дамуындағы өзекті мәселелер», «Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда цифрлық технологияларды дамытудың маңызы мен қажеттілігі» тақырыптарындағы 3 негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі. Баршаңызға сәттілік тілеймін! Рақмет!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС-ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ



Таубаев Бақытбек Жұбандықұлы

Х.Досмухамедов атындағы мемлекеттік Х.Досмухамедов атындағы мемлекеттік университетінің профессоры, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, экономика ғылымдарының кандидаты

«Шағын және орта бизнес-экономиканы дамытудың іргетасы».

Шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) маңызы, рөлі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халыққа Жолдауында [2] тиімді шағын және орта кәсіпкерлік – елдің экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын, қала мен ауыл дамуының негізі деп атап өтті. Кез келген елдің экономикасының негізі-шағын және орта кәсіпкерлік. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, рынокта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін, индустриялық – инновациялық технологияларды пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Жалпы кәсіпкерлікті дамыту Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап мемлекет тарапынан қолдау тауып келеді. Алғашқы ресми құжат – 1994 жылы 10 маусымында қабылданған Қазақстан Республикасының "Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы", осы саланы дамытудың негізгі іргетасы болды.

Бүгінгі таңда халықтың әл-ауқатының жақсара түскені, ең алдымен осы кәсіпкерлікке байланысты. Жеке тұлға табыс табу үшін кәсіпкерлікпен айналыса отырып, ол сонымен қатар ел экономикасына елеулі үлес қосып қана қоймай халықты жұмыспен қамтиды. Бұл шағын және орта бизнестің ұлттық экономиканы дамытудағы маңызы мен рөлінің өте жоғары екендігін айғақтайды. Елбасы "Қазақстан жолы – 2050 : бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Жолдауында [1] шағын және орта бизнестің өндіретін тауарлар мен қызметтерінің ішкі жалпы өнімдегі үлесін 2050 жылға қарай 50 пайызға дейін ұлғайту міндетін қойғаны мәлім. Бұл міндеттің мүлтіксіз орындалуына кәсіпкерлер, мемлекеттік және қаржы құрылымдары, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарымен бірге отандық экономика ғалымдары атсалысып отыруы қажет.

ШОК – ті сипаттайтын негізгі көрсеткіштер мен макроэкономикалық ахуал.


Шағын және орта бизнестің ахуалын сипаттайтын нақты көрсеткіштер басты назарда болуы керек. Елдегі 1000 адамға шаққанда ШОБ субъектілерінің үлесі, экономикалық белсенді халықтың ішіндегі ШОБ-тағы жұмысшылар санының үлесі, елдің ішкі жалпы өнімі көлеміндегі ШОБ тауарлары мен қызметтерінің үлесі, шаруашылықтар ішіндегі ШОБ санының үлесімен, соған сәйкес ІЖӨ-дегі үлесі, заңды тұлға ретінде тіркелген ШОБ субъектілерінің саны мен олардың белсенді субъектілері санының ара қатынасы, ШОБ субъектілерінің ұйымдық-құқықтық құрылымы, ШОБ кәсіпорындарындағы еңбек өнімділігінің деңгейі – бұл көрсеткіштер шағын және орта кәсіпкерліктерлікті дамыту барысының басты бағдары болуы тиіс. Бүгінгі таңда ШОБ нарықтық жүйедегі ұлттық экономиканың секторы ретінде, бұл көрсеткіштердің басым бөлігі бойынша дамыған елдер экономикасының озық секторларынан көп кейін қалып келеді. Бұл фактор қалыптасқан жағдайдың себептері мен одан шығу жолдарын іздестіруге итермелейді.

Ел экономикасында шағын және орта бизнестің үлесі орташа шамамен ішкі жалпы өнімнің үштен бір бөлігін құрайды, шығарылатын өнім 13,0 трлн теңге көлемінде, шағын және орта бизнес саласында 3,5 млн адам жұмыс істейді, бұл барлық белсенді еңбекпен айналысатындардың 40 пайызын ұстайды [9].


Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен елдің жалпы ішкі өніміне негізгі үлесті шағын кәсіпорындар салып отыр, олардың үлесі 22,0 пайызға тиесілі, ал орта бизнес – ЖІӨ – де 6,4 пайызды құрап отыр [5]

ЭЫДҰ елдерінде шағын және орта бизнес кәсіпкерлік қауымдастығының іс жүзінде көпшілігін құрайды (барлық бизнес субъектілерінің 90 %, одан да көп). Халықтың 70 % -ын жұмыспен қамтамасыз етіп отырған шағын және орта бизнес ЭЫДҰ елдерінің экономикасының негізгі қозғаушы күші болып табылады. Соңғы он жылда шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны әлемнің 130-дан астам елінде екі есе артып, бүгінде шамамен 200 млнға тарта адамды құрап отыр [9]. 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында елде шағын және орта кәсіпкерліктің 1594,5 мың субъектісі тіркелген. Соның ішінде жұмыс істеп тұрғандар 1345,9 мың субъект , яғни 250 мың субъект тіркелгенмен, жұмысқа қатыспай отыр. Шағын орта кәсіпкерлік құрылымында 63,5% жеке кәсіпкерлерге тиесілі, шаруа қожалықтарына – 16,2 %, шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 20,2%. Орта кәсіпкерлікке жататын заңды тұлғалар 2541 бірлікке тең, бұл ШОК – тың жалпы көлемінен 0,2% ды құрайды. Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар деңгейі соңғы он жыл ішінде 30-40 % деңгейінде тұр, бұл дамыған экономикасы бар елдердегі деңгейден әлде қайда төмен көрсеткіш [4].

ШОК секторында шығарылған өнімнің 69,0 пайызы заңды тұлғалар – шағын кәсіпорындармен шығарылған. Жеке кәсіпкерлер үлесіне, небәрі 7,4 пайызы тиесілі. Есептелген деректер бойынша бір жұмыскерге шығарылымның ең жоғары көрсеткіші орта бизнес кәсіпорындарында (8,0 млн теңге), екінші орында ЖШС формасында ұйымдастырылған шағын бизнес өндірушілері (7,1 млн теңге), үшінші орында-шаруа қожалықтары (0,7 млн теңге). Ең төменгі шығарылым жеке кәсіпкерлерде (0,7 млн теңге) [5]. ШОК құрылымында жеке кәсіпкерлер үлесі ең жоғары болғанмен, өнім шығарылымы, қызметі ең төменгі дәрежеде қалып отыр. Бұл ойландыратын жағдай.



ҚР-да жұмыс істеп жатқан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер құрылымы, бірлік




Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлігінде жұмыспен қамтылғандарды ұйымдастырушылық формалары, мың адам, %



Қазақстанда ШОК субъектілері өндірген өнім шығарылымы, млрд. теңге


Атырау облысы бойынша ШОК-тің құрылымы мен қарқыны.

Атырау облысының жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 20,7 пайыз, бұл республика бойынша 11 орын [5]. Облыста 2021 жылдың басына жұмыс істеп жатқан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 50,3 мың бірлікті құрайды. Шағын және орта кәсіпкерлік құрылымында жеке кәсіпкерлердің саны – 77,6 пайыз (39,1 мың бірлік), шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 16,3% (8,2 мың бірлік). Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының үлесі – небәрі 0,2% (122 бірлік). Ал шаруа қожалықтарының үлесіне 5,9% (2,9 мың бірлік) тиесілі [5]. Облыста жұмыспен қамтылғандардың жалпы көлемінде шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 40,6 пайызды құрайды, бұл 127,3 мың адамға тең көрсеткіш. Шығарылған өнімнің негізгі үлесі шағын кәсіпорындарға тиесілі 82,6% (948,2 млрд теңге), жеке кәсіпкерлер – 3,7 % (42,1 млрд теңге). Шаруа қожалықтар өндірген өнім көлемі 0,4% - ға (4,7 млрд теңге) тең. Барлығы 2020 жылдың бірінші жартысында Атырау облысының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 1147,5 млрд теңгеге өнім шығарған [5].



- Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары,
- Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары,
- Жеке кәсіпкерлер,
- Шаруа немесе фермерлік қожалықтар


Атырау облысы ШОБ субъектілерінің құрылымы, %.



- Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары,
- Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары,
- Жеке кәсіпкерлер,
- Шаруа немесе фермерлік қожалықтар

Атырау облысы ШОБ жұмыспен қамтылғандардың ұйымдастырушылық формалары,

%



- Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары,
- Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары,
- Жеке кәсіпкерлер,
- Шаруа немесе фермерлік қожалықтар

Атырау облысында ШОК субъектілері өнімінің шығарылымы, %

Пандемия жағдайындағы ШОК-ті қолдау.

Ел экономикасында пандемия дерті басталғаннан бері ең көп зардап шеккен салаларының бірі ретінде шағын және орта бизнес танылды. Тұтастай алғанда 2020 жылы Қазақстан ШОК субъектілері шығарған жалпы қосылған құн көлемі кеміді, жеке кәсіпкерлер саны қысқарды. Үкәмет тұрақты пандемиядан бұрын да ШОБ – ты қолдауды белсенді көрсетіп келеді. Ол 2019 жылы желтоқсанда 2010-2020 жылдарға қаралған "Бизнестің жол картасын" кеңейтіп және

мерзімін ұзартты. Егер 2010-2015 жылдарға мемлекет БЖК- на 188 млрд теңге бөлген болса, ал 2020 -2024 жылдарға – 457 млрд теңге қарастырып отыр, яғни 2,5 есе ұлғайтылды. Бұл қаржыландыру тек теңгенің инфляциясына ғана байланысты емес, сонымен қатар қолдау шараларының жан-жақтылығы кеңейтілді. Мысалы, ШОБ-тың дәстүрлі несиелерін субсидиялауға,заемдардың бір бөлігін кепілдендіру бағыты қосылды және ол 17 млрд теңгеден 133 млрд теңгеге дейін өсірілді. БЖК бойынша заемның 85 пайызға дейінгі үлесі кепілдендіруге жатады. Мұнан кейін кепілдендіру құралы басқа да мемлекеттік бағдарламаларға - "Қарапайым заттар экономикасы", "Еңбек", "Даму Оптим", таратылып қолданылуда [6].

Бизнес жол картасы (БЖК) – 2025.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласында : "Бізге, алдағы төртінші онжылдықтың жүктейтін міндеті- қуатты елдәң иесі және кемел хаық болу. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз", деп атап көрсетті. Осыған орай, "Бизнестің жол картасы -2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаты - өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ, бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру болып табылады [7]. Бағдарлама келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес бастамаларын қолдау;
- Экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерге салалық қолдау көрсету;
- Кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау шараларын ұсыну.

Бүгінгі таңда шағын кәсіпкерлік даму үстінде. Өндірістік жеке кәсіпкерлікке әртарапталуына және оның мәртебесінің заңды тұлғаға өтуіне байланысты, еңбек өнімділігінің артуына орай "БЖК -2025" бағдарламасының аясында тікелей және жанамалай шаралардың жаңа жүйелері құрылып, қызмет көрсететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі.

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстан жолы – 2025 : бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" Жолдау (2014 жыл 17 қаңтар)
2. Тоқаев Қ-Ж.К. "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" Жолдау 01.09.2020 ж.
3. Тоқаев Қ-Ж.К. "Тәуелсіздік бәрінен қымбат","Егемендік Қазақстан" мақала 05.01.2021 ж.
4. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz
5. Өңірлік кәсіпкерлер палаталары сайттары
6. Кәсіпкерлікті қолдау туралы мақалалар. ФРП "Даму", www.damu.kz
7. "Бизнестің жол картасы - 2020" мемлекеттік бағдарламасы

"Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға



*Ныгметов Болат Сырымұлы
С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ
университетінің доценті т.ғ.к*

«Тәуелсіздік тағлымы»

2021 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарық көрді. Биылғы жылы Қазақ қоғамы үшін Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы екенін атап өтеміз. Міне, осы тұста осы қастерлі ұғым «Тәуелсіздік - тәңірдің сыйы» деген қайталанбас қағидат ретінде санамызға орныққанына шүкіршілік етеміз.

Қазақ Елі өз тәуелсіздігіне қилы-қилы замандардан, сұрапыл белестерден өтіп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, қаншама ұрпақтардың төгілген қанымен жетіп, соның ақталуы іспетті. Иә, қазақ халқының тарихы, оның мемлекет және қоғам құру феномені, адам және дін туралы түсініктері Ғұн империялары мен Түрік қағанаттары дәуірінен бастау алатындығы даусыз. Ұлы дала тарихының өзіндік тамырлары мен қайнар көздері сайрап жатыр. Көшпенділер тарихында артында өшпес із қалдырған, ақыл-парасатымен, көрегендігімен табындырған, ел-жұртының қасіретін, қуанышын, ерлігі мен елдігін тасқа жыр ғып қашап, мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөк бабамыз – түркі жұртының іргесін қалаушылардың бірі, бірегей кемеңгері. Оның «Қаған парызы- халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру. Түнде ұйқы көрмедім, күндіз күлкі көрмедім: қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді: күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!»-деген сөзі көптен хабар беріп тұрған жоқ па? Қазақ хандығының тарихы XV ғасырдың бірінші жартысынан басталатыны ақиқат, бірақ қазақ мемлекеттілігінің тарихы мыңжылдықтардың қойнауына бастайды. Қазақтың «атамыз-Алаш, керегеміз-ағаш» деген сөзінен-ақ біздің түпкі бастауларымыз тым әріде екенін аңғаруға болады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы-Майқы би» деген нақыл бар. Майқы би түркі халықтары әлі бөлінбей тұрған кезде өмір сүріп, әділдігімен, шешендігімен жалпытүркілік қайраткер дәрежесіне көтерілген. Ол халық бірлігін бәрінен де жоғары қойған. «Бірліксіз-тірлік жоқ», сонымен қатар:

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
Ханның биі ақылды болса,

Қара жерден кеме жүргізеді» - деген аталы сөз де Майқы бидің ауызынан шыққан. Міне, тәуелсіздікті аялай білу, оны көзіміздің қарашығындай сақтау сонау бабаларымыздың аманаты емес пе? Қазақ халқында жырау, ақындардың шығармашылығында да тәуелсіздік, еркіндік идеясы сонау XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді жыраулардың еңбектерінде жырланған. Асан қайғы өз толғауларында халықты бірлікке шақырып, билік басындағыларға ұсыныстар айтқан. Халық оның атын ғана емес, бақытты өмір жайлы арманын да қадір тұтқан. Қазақ қоғамының мемлекеттің сыртқы саясаты, хан тағына мұрагерлік, жер мен ел билігі, т.б. секілді ең маңызды мәселелері жыл сайын өткізіліп отыратын жалпы халықтық жиындарда талқыға түседі. Бұл үрдіс - сонау бағзы заманнан келе жатқан ата-бабаларымыздан қалған дәстүр. Қазақ саяси ой-пікірінің, этникалық санасы мен елдік қасиеттерінің қалыптасуында өлшеусіз із қалдырған Бұқар жырау Абылай ханды қастерлі шаруалардан тоқтатқысы келсе:

Ашуланба Абылай,
Ашулансаң Абылай,
Көтерермін, көрермін,

Көтеріп қазға салармын, - дейді.

Қай мәселені «қазға салу» - халықтық жиындар, нағыз халықтық, демократиялық институт, ол ел басшыларын халық тілегімен санасуға мәжбүр қылатын, ел азаматтары сынға түсетін қасиетті жиын. Міне, ел болашағы үшін маңызды мәселелерге еркіндік сүйген қарапайым халық араласып отырған. Қазақ халқының азаттық күресінің идеологы болған ақын және батыр Махамбет Өтемісұлы хандардың халыққа жасаған қысымына қарсы шығуға шақырған. Алғаш рет қазақ тілінде туған патриоттық сарындағы туындысы жерге деген махаббат, отарлық езуге қарсы күрес туралы еді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, елдегі дәстүрлі саяси және әлеуметтік институттардың көпшілігінің жұмысы тоқтады. Қазақ халқы ислам дінін отаршылдыққа қарсы қорғаныс құралы есебінде пайдалана білді. Мемлекеттілігімізді жоғалтқанмен де қазақ этносы тірі ағза есебінде өмір сүруін тоқтатпады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп ұлы Абай санаға, ақылға негізделген ағартушылық дінге бет бұрғызды. Сөйтіп, үнемі оқудың қажеттілігін айтып, ағартушылық идеясын негіздеген. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында ұлт зиялыларының ұсақ топтары отаршылдыққа қарсы қозғалысты басқарып, ұлттық дамуға дем берді және бұл қозғалыс қазақ этносының барлық әлеуметтік топтарын қамтыды. 1910 жылы «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханов «Қазақ халқының ортасында саяси партиялар әлі де болса жаңа ғана қалыптасу үстінде болды. Сайлаушылардың саяси көзқарастары әлі де аморфты, белгілі бір бағдарлама болып қалыптаспаған, бірақ қозғалыс өте күшті» деп жазды. «Алаш» идеясы қазақ халқының ең таңдаулы да ұлтжанды перзенттерінің басын қосты. Ақиқатына келгенде, қазақ зиялыларының арманының тоғысатын жері, мұраты - тіл, дін, діл, тәуелсіз ғылым, дәстүрге негізделген заң. Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев осы тұста «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдып қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деді. Әрине, қоғамымыздың дамуы эволюциялық жолмен дамығанда мүмкін Қазақ Елінің даңғыл жолы басқаша болар ма еді. Бірақ та, революциялық жолды таңдаған сол дәуірдегі большевиктер партиясының саяси мұраттары мен бағыттары үстемдік құрды. Қазіргі заманғы Қазақстан мемлекеті бірегей оқиғалардың барысында қалыптасты. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстан территориясында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы дүниеге келді. Одақ құрамындағы Қазақ республикасын шын мәнінде дербестігі, тәуелсіздігі және егемендігі бар саяси ұйым деп есептеуге негіздеме жоқ. Тек Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» бірінші конституциялық акт болып табылды. ҚазКСР-інің 1991 жылғы 10 желтоқсандағы заңымен Қазақстан Республикасы болып қайта аталуына байланысты құжат «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» деген жаңа атауға ие болды. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, бес жыл бойына мемлекеттіліктің негізгі нышандарының қалыптасу барысы жүрді. 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз, егеменді Қазақстан мемлекетінің тұңғыш Конституциясын қабылдады. Ол жаңа тәуелсіз мемлекеттің орнауында және Республика заңдарының қалыптасуында белгілі бір тарихи рөл атқарды. Бірақ та, елімізді түбегейлі қайта құрудың қажеттілігінен жаңа Ата заңымыз 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Сөйтіп, мемлекетті ұйымдастыру мен оның қызметінің жаңа принциптері конституциялық тұрғыдан орнықтырылды. Тәуелсіздік орнауының өзіндік заңдары мен заңдылықтарын жүзеге асыруда Н.Ә.Назарбаевтың орны ерекше. Өйткені, елімізді әлемдік аренаға шығарып, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргетасын қалаған – Елбасымыз. Тәуелсіз Қазақстанның болашағының жарқын болуы, оны баянды қылу - бүгінгі ұрпақтың басты мақсаты. Заманымыздың кемеңгер ойшылы Әбіш Кекілбаевтің «бүгінгі отаншылдық - төзім» деген аталы сөзі бар. Қаншама ұрпақтардың мұраттарының орындалуы халқымыздың төзімділігінде десек орынды болар. Ұлы бабамыз Жүсіп Баласағұни «Сабыр етсең – ісің оңға асады, шүкір қылсаң – жамандық та қашады» деген пәлсапалық ойы қазағымның ой-армандарының орындалуының тарихи коды іспетті. Міне, барша отандастар! Қазақ елінің қаншама жақсылары мен жайсаңдары арман еткен еркіндік пен егемендік, тәуелсіздік біздің пешенемізге жазылып, оның куәсі болып отырмыз, сондықтан да қасиетті де киелі ұғымды терең зерделей отыра, «жауапкершіліктің жүгі ауыр» ұғымын ұрпақтарымыздың санасына сіңіріп,

алдағы уақыттарда еліміздің жарқын болашағына тіктене, үлкен сеніммен қарап, ата-бабаларымыздың армандаған «Мәңгілік ел» идеясын баянды қылайық.



*Лapidонова Маржан Сисекеновна
Атырау қаласы, О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық
колледжі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары*

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ МОДЕЛЬДЕУ

Кәсіптік білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде өзекті мәселелердің бірі-бәсекеге қабілетті мамандар дайындау мәселесі, ол мамандарды белгілі бір білімнің тасымалдаушысы ғана емес, өз бетінше кәсіби стратегияны құра аталатын, проблемаларды шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, сондай-ақ, заманауи технологияларды еркін қолдана алатын маман етіп дайындау.

Жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс берушілерді мамандардың "білім" форматы емес, олардың кәсіби дайындықты жүзеге асыруға мүмкіндігі қызықтырады, себебі, қызмет барысында теория мен практика арасында қашықтықты жоюды, әдетте, кәсіпорын өзі жүзеге асырады. Сол себепті кәсіпорындар жас маманды кәсіби бейімдеудің түрлі әдістерін- тәлімгерлік институтынан бастап бейімдеуге арналған арнайы бағдарламаларды дайындау мен жүзеге асыруға - пайдаланып келеді. Нәтижесінде маман бір жылдың ішінде нақты кәсіпорында сапалы қызмет етуді үйренеді. Осыдан кейін кейбір сұрақтар туындай бастайды, мысалы, маманды бірнеше жыл оқу орнында дайындайды, одан кейін кәсіби қызметі аясында тағы да бірнеше жыл қайта оқытып, даярлайды. Бұндай әдіс көп қаражат пен уақыттан тұратын шығынды талап етеді. Бұл проблеманы білім беру үрдісіне дуалдық оқыту технологиясының қағидаларын және оқытудың дуалдық жүйесін енгізу арқылы шешуге болады.

Дуалды жүйе тақырыбының маңызды артықшылығы-ол оқу үрдісінде теориялық және практикалық дайындықты біріктіру негізінде "практикадан теорияға" принципі жатыр. Бірінші күннен бастап студент көп уақытын жұмыс орнында өткізеді, өз дағдылары мен күш-жігерін көрсетеді. Жұмыс берушілер өндірістік жағдайда болашақ мамандардың дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік алады. Оқыту өндіріс мәселелеріне барынша жақын. Нәтижесінде жұмысқа орналасудың жоғары пайызы қамтамасыз етіледі, өйткені түлектер жұмыс берушілердің талаптарына толық жауап береді.

Осы мәселелерді зерттей келе, кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту проблемаларының бірі-мамандарды оқыту теоретизациясының жоғары деңгейі екендігі анықталды. Жас мамандар жұмыс берушілердің біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, өйткені өндірістік жағдайда жабдықтарды меңгеру және өзара қарым-қатынас орнату көп уақытты қажет етеді.

Бүгінгі таңда дайындықтың барлық бағыттары бойынша бүкіл білім беру процесін модернизациялау қажеттілігі күмән тудырмайды және біз қарастырғалы отырған дуалды оқыту жүйесі қағидаты бойынша студенттерді кәсіби даярлау процесін модельдеу уақыттың негізгі талабы екеніне көзіміз жетіп отыр.

Кадрларды даярлаудың дуалды жүйесі –бұл тәжірибеге бағытталған кәсіби білім беру бағдарламасы, білім беру мен ғылыми-өндірістік кластер шеңберінде колледж бен базалық кәсіпорын бірлесіп жүзеге асырады.

Бүгін " тәжірибеге бағытталған оқыту" термині бүгінгі таңда ерекше болып отыр, жеке оқытудың дәстүрлі түрінен мүмкіндігімен, икемділігімен, материалды еркін зерделеу кезіндегі еркіндік, мұғалім мен студенттің өзара әрекеттесуімен ерекшеленеді.

Кәсіби білім берудің "тәжірибеге бағытталған білім беру технологиясы":

- білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіби шеберлігін арттыруға;
- өңірлік еңбек нарығында мекемелердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;
- нақты еңбек функцияларын орындауға толық дайын мамандарды даярлау мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Сондықтан практикалық бағдарланған оқытудың басты мақсаты -болашақ маманның кәсіби қызметке толық дайын болуын қалыптастыру болып табылады,өйткені бүгінде нарықтағы басқа мамандар еңбек сұранысқа ие емес.

О. Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі дуалды жүйе бойынша кәсіптік білім беру бағдарламасын әзірлеу мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жүзеге асырады. Дуалды білім беру жүйесіндегі оқу бағдарламасы біріктірілген оқыту жүйесі арқылы модульдік негізде салынған жоспарда пәнаралық байланыстарды кеңінен қолдануда.

Кадрларды даярлауда дуалды жүйені құрудың теориялық негіздері мен жоғары білікті жұмысшы кадрларды даярлаудың дуалды моделін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына жүргізілген талдау негізінде кәсіптік білім беру жағдайында дуалды оқытуды іске асыру модельдерін құрудың жалпы негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Дуалды оқытуды іске асырудың жалпы моделі мынадай элементтерді қамтуы мүмкін:

1. Үйлестіру орталығының болуы. Аймақтық атқарушы органдарының тарапынан тағайындау жолымен, не ұйымдар тарапынан бастамашылық ұсыныстар негізінде анықталады (аймақта дуалды оқыту идеясын ілгерілетуге мүдделі жұмыс берушілер бірлестіктері немесе бизнес-бірлестіктері).

2. Нормативтік-құқықтық сүйемелдеу (нормативтік актілерді әзірлеу,дуалды оқыту элементтерін пайдалана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру шарттарын регламенттейтін құқықтық база, мысалы, "Дуалды білім беру (оқыту) туралы ереже» жасақтау;

3. Облыстың еңбек нарығының кадрларға қажеттілігінің мониторингі (өңірлік билік органдары, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары өкілдерінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу жөніндегі бірлескен жұмысы,кәсіби білім беру ұйымдарына даярлау бағыттары бойынша қабылдаудың бақылау сандарының жоспарын әзірлеу үшін дайындалатын мемлекеттік тапсырыс мөлшерін анықтау).

4. Бейіндік даярлық және кәсіптік бағдарлау (білім беру ұйымдарында бейіндік даярлық бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;бейіндік даярлық орталықтарын құру)

5.Дуалды оқытудың мазмұнын жобалау (кәсіптік -техникалық білім берудің әдістемелік бірлестіктерінің жұмыс беруші ұйымдардың өкілдерімен кәсіби стандарттарды талдау бойынша бірлескен жұмысы, кәсіптік-техникалық білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес

келтіру, бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдері мен құралдарын әзірлеу, кәсіптік стандарттар талаптарын және жұмыс беруші ұйымдардың талаптарын қанағаттандыратын негізгі кәсіптік білім берудің құрылымы мен мазмұнын әзірлеу, оқу жоспарын және күнтізбелік жоспарын әзірлеу, жұмыс беруші ұйымдардың қызметімен үндестірілген кесте және олардың өз алаңында студенттердің практикасын ұйымдастыру мүмкіндіктері немесе өз қызметкерлерін тарта отырып, өндірістік практиканы ұйымдастыру;

6. Педагог кадрларды дуалды оқытуға бағдарлай отырып, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

7. Кәсіби біліктіліктерді бағалау (мемлекеттік қорытынды аттестаттау шеңберінде кәсіби білім беру ұйымдарымен жүзеге асырылады) кәсіби стандарттар бойынша демонстрациялық емтихан тапсыру, Worldskills skills –паспортын беру мүмкіндігі бар Worldskills өкілін қатыстыру мүмкіндігін қарастыру;

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген мәліметтерді зерделей кел,біздің колледж үшін төмендегі элементтерден тұратын дуалды оқыту жүйесін енгізудің жергілікті моделді құрдық:

1. Кәсіптік білім беру ұйымының үйлестірушісі немесе дуалды оқытуды іске асыру жөніндегі Үйлестіру кеңесі дуалды оқытуды іске асыру жөніндегі кәсіптік білім беру ұйымында Үйлестіру кеңесі туралы ереже әзірлейді, үйлестіруші немесе үйлестіру кеңесі құрамы колледж басшысының бұйрығымен тағайындалады;

2. Нормативтік-құқықтық сүйемелдеу (Қолданыстарғы нормативтік-құқықтық актілердің негізінде қосымша жергілікті актілерді әзірлеу, атап айтқанда, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмыс беруші кәсіпорындар үшін дуалды оқыту процесінің детальдарын анықтау, мысалы, оқытудың мақсаттары мен міндеттері көрсетілетін "Дуалды оқыту турал ереже», "Өндірістік практика туралы ереже" дайындалады. Бұл Ережелерде базалық кәсіпорында дуалды оқытуды ұйымдастырудың шарттары, практикадағы студенттердің мәртебесі, студенттерге стипендия немесе жалақы төлеу тәртібі сипатталуы мүмкін, білім беру ұйымы мен базалық кәсіпорынның жауапкершілік аймақтары, білім беру бағдарламаларын кәсіпорынмен бірлесіп іске асыру процедурасы белгіленеді, жұмыс беруші ұйымның базасында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасының бөлігі, қатысушы ұйымдардың пайдаланылатын жабдық үшін жауапкершілік шарасы, білім алушыларға тәлімгерлер қатарын бекіту тәртібі, білім алушыларға берілетін білім туралы және (немесе) біліктілік туралы құжаттың түрі, шарттың қолданылу мерзімі (күнтізбелік күндермен белгіленуі немесе уақыт кезеңімен белгіленуі), шартқа өзгерістер енгізу, оның қолданылуын тоқтату тәртібі, дуалды оқыту тобына кураторларды бекіту туралы бұйрық, студентпен шарт жасасу, өзгерту және тоқтату талаптары көрсетіледі;

3. Бейіндік даярлық және кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жоспарлау. Колледжде бейіндік даярлық бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, жұмыс берушілермен бірлесіп оқушылар үшін кәсіптік бағдарлау іс-шараларын, сондай-ақ, кәсіптік диагностика сынамалардың ұйымдастыру және өткізу;

4. Дуалды оқыту мазмұнын жобалау. Дуалды оқытуды ұйымдастыру үшін бірлескен материалдық-техникалық және өндірістік базаны құру, негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын жаңарту, кәсіптік техникалық білім берудің мемлекеттік стандарттарымен жұмыс берушілердің кәсіби стандарттарын талдау және оларды кәсіптік-техникалық дағдыларын бағалау критерийлерін әзірлеу, жұмыс беруші ұйымдардың талаптарын, кәсіби стандарттары мен талаптарын қанағаттандыратын бағдарламаның құрылымы мен

мазмұнын әзірлеу, жұмыс беруші ұйымдардың қызметімен және олардың өз алаңында немесе оны тарта отырып, студенттердің практикасын ұйымдастыру қажеттілігі айқындалады.

5. Педагог кадрларды дуалды оқытуға бағдарлай отырып қайта даярлау және біліктілігін арттыру (жұмыскерлерді оқытуға жіберу);

6. Кәсіби біліктіліктерді бағалау (дуалды оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру сапасын аралық бақылау рәсімдерін ұйымдастыру, аралық бақылаудың тетіктері мен құралдарын әзірлеу; кәсіпорын басшылығымен және тәлімгерлермен бірлесіп қорытынды мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру, түлектердің білім сапасын бағалау критерийлерін, демонстрациялық емтиханға материалдарды әзірлеу және т. б.)

Дуальді білім берудің (оқытудың) ұсынылған модельдері төмендегідей нәтижеге әкеледі:

1. Кәсіптік білім беру жүйесін тиімді басқару мүмкіндігі және оның сапасы колледж деңгейінде қамтамасыз етіледі.

2. Кәсіптік білім беру сапасын артады.

3. Кәсіпорынның талаптарына дәл сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар даярланады.

4. Теория мен практиканың арасындағы алшақтық жойылады. Студенттерді кәсіби қызметте өзінің еңбек функцияларын жүзеге асыру үшін қажет дағдыларға бағыттайды, яғни өндірісте қолданылатын кәсіби стандарттарға сәйкес келеді және жұмыс берушілер белгілі бір құзыреттер жиынтығы бар мамандар үшін білім беру ұйымдарына нақты тапсырыс жасай алады.

5. Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін артады. Білім алушы нақты жұмыс орнында практикадан өту мүмкіндігіне ие болады, онда ол қажетті құзыреттерге ие болады және еңбек функцияларын жүзеге асыратын кәсіби ортаға барынша бейімделеді, кәсіпорында түлектерді бейімдеу мерзімдері қысқарады.

6. Корпоратившілік оқыту үшін серіктес білім беру ұйымдарынан неғұрлым білікті оқытушыларды тарта отырып, кәсіпорындар мен ұйымдардың жана қызметкерді де, олардың біліктілігін арттыру үшін бұрыннан жұмыс істеп жүрген қызметкерлерді де қосымша оқытуға жұмсаған шығындары азаяды.

ҚОЛДАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. И.Б.ИГНАТОВА, Е.А.ПОКРОВСКАЯ. МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ В ВУЗАХ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ НА ПРИНЦИПЕ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ.

2. БУЛАХ К.В., ЖУКОВА Н.Н. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СТРАНАХ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА. ВЕСТНИК АГУ. СЕРИЯ «ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ». 2017; ВЫП. 4 (208): 57 – 63.

3. БУЛАХ К.В. РЕАЛИЗАЦИЯ МОДЕЛИ ДУАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ С УЧЕТОМ РЕГИОНАЛЬНОЙ СПЕЦИФИКИ. СОВРЕМЕННАЯ ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИИ: ИССЛЕДОВАНИЯ, РАЗРАБОТКИ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В КОМПЛЕКСНОЙ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ: МАТЕРИАЛЫ VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ (Г. НЕВИННОМЫССК: НГГТИ, 14 АПРЕЛЯ 2017 ГОДА). НЕВИННОМЫССК: НГГТИ, 2017.



Турдалиев Әділбек Олжабайұлы
Атырау университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстандық патриотизм - ел тәуелсіздігі тұғыры

Қазіргі таңда азаматтық қоғам құру проблемасы біздің қоғамның басты мақсаты. Ал оның дамуы біздің қоғамымыздың көркеюіне бірден бір әсер ететін күш, азаматтық қоғамды құруға алға жетелейтін прогрессивті күш – қазақстандық патриотизм.

Қазіргі таңды қазақстандық патриотизм ҚР дамытудың түпкілікті конституциялық қағидасы болып табылады. Қазақстан азаматтарының іс-әрекеті, Отанға деген сүйіспеншілігін, адал сезімін, ой-санасы дамыту үшін қажетті іс - әрекет осы қазақстандық патриотизм қағидасына сүйенуі керек. Осыған сәйкес, елімізде патриотизм ҚР конституциясында түбегейлі қағида ретінде бекітілген (ҚР Конституциясының 1 бабы 2 тармақшасы).

Аталмыш тақырыптың өзектілігі қашанда күн тәртібінен түспейді. Себебі, әр қазақстандық үшін Отан қасиетті ұғым екендігі белгілі. Соңғы кездегі әлемдегі экономикалық дағдарыс, қоғам өміріне айтарлықтай әсер етуде. Еліміздің экономикасының артта қалушылығы, бағаның өсуі, инфляциялық процестердің теңгеге әсер етуі және көптеген әлеуметтік проблемалартуындатып отыр.

Осындай жағдайда, ел басшылығы саясатына, одан қалды ел тәуелсіздігінің баянды болуына күмән келтіретіндей ойлар да айтылып жатады. Патриоттық рухта тәрбиеленген халық, қандай да қиын жағдайда болса да, елінің жарқын болашағына деген сенімін жоғалтпайды.

Қазақстандық патриотизмге келер болсақ, оның қалыптастуының ерекше бір сатысы – Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ыдырауынан кейін еліміздің тәуелсіздік алуынан басталады.

Қазақстандық патриотизм конституциялық идеялардың бірі, Отанға деген сүйіспеншілік және адалдық сезім ой-санасы, тарихын сыйлау негізінде құрылады. Ол ҚР конституциясында конституционализмнің шыншылдық доктринасында көрініс тапқанымен, өмірлік тәжірибеде патриотизм негізі құқықтық мәдениет арқылы анықталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы саяси құқықтық идеал, әлеуметтік мәдени құндылықтарды, осымен бірге, қоғам мүшелерінің барлығын бір тудың астына біріктіру арқылы саяси тұрақтылық негізін қалыптастырады. Егемен елдің тәуелсіз мемлекеттің ресми әлемде өзіндік ерекшелігін айқындайтын айрықша белгілері – бұл мемлекеттік рәміздері: ҚР мемлекеттің туы, мемлекеттің елтаңбалық белгісі және ресми әнұран. Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы маңызды рөл мемлекеттік нышанға берілетіндігін ерекше атауға болады. Мемлекеттік рәміздердің терең мәні мен түсінігі біздің мемлекетіміздің өмірлік

маңызы бар осы элементтерге деген қызығушылық, сыйластық және абыройының мәнін жоғарылатады.

Сонымен бірге, қоғамдағы наразылықтың пайда болуының бір себебі мәдени даму үрдісіндегі ахуалды мәселелер және тарихи, діни құндылықтардың қоғам алдында бағалау, оның мәнін болашағын, қоғамға қажеттілігін айқындау. Осындай жағдайдың қандай да бір жарқын мысалы - республикадағы тіл мәртебесіне қатысты мәселелер. ҚР Конституциясы және Тіл турасындағы Заң осы саяси шиеленістің негізгі себептерін түпкілікті жоя алмады. Елімізде қазіргі кезде латын әліпбиіне көшу үрдісі де осы мәселені жоюға бағытталған қадам ретінде қарастыруымыз қажет.

Еліміздің мемлекеттік нышандары ретінде Конституцияда аталмаған мемлекеттік марапаттаулар, ақша белгісі және пошта төлем белгісімен қатар, қазақстандықтардың азаматтығы патриоттық сезімге әсер ететін белгілер болып табылады. Осыған орай, конституциялық ой пікірлерді білдіретін, ұлттық сананың өсуіне әсер ететін, Отанға деген махаббат, ел тарихын сыйлау әрекеттері қазақстандық патриотизмді әрқашан жетілдіре түседі.

Патриотизм – бұл Қазақстан азаматтарының іс-әрекетіндегі Отанға деген сүйіспеншілік және адалдық сезім ой-санасы, халықаралық аренада қоғамдық өмір салаларында - саясат, экономика, мәдениет, т.б. салаларда оның Отанымыздың мерейін жоғарылату, қорғаныс қабілетін бекіту еліміздің, республика халқының абыройы.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстанда тұратын әр түрлі ұлттардың осы елдің өткен тарихына сыйластығы, жаңа мемлекеттің құрылу қызметіне белсенді қатысуы, азаматтық қоғамды қалыптастыруына бағытталған іс-әрекеті. Қазақстан патриотизмі ұлтшылдықты, бір ұлтты екінші бір ұлттан жоғары қоюды, ұлт тарихына елемеушілік қатынастарынан тұратын ұлттық нигилизмді жақтамайды.

Қазақстандық патриотизм өз ұлтын тоздырып, өзге ұлттарды кері қоятын жалған патриотизмге тыйым салады. Бұл қағида барлық ұлттар және әлеуметтік топтарды біріктіруге арналғандықтан сепаратизммен үйлесімсіз. Мемлекетте әлеуметтік топтар, таптар мен басқа ұлттарды біріктіруге және қалыптастыруға қарсы ұлтшылдық, шовинизм, сепаратизм және тарихи дамуға қарсы тұратын әлеуметтік күштер болып тұрады. ҚР қызметінің бірден-бір түбегейлі қағидасы ретінде бекітілген қазақстандық патриотизмді отандық билік орындарының қызметкерлері, лауазымды тұлғалардың тобы, қоғамдық бірлестіктердің қауымдастығы, сонымен қатар, азаматтардың өздері де негізге алып жұмыс жасауы керек.

Жоғарыда аталған патриотизм қағидасы мемлекеттік қызметтің басқа да қағидаларымен байланысты болып келеді. Мәселен, елдегі саяси тұрақтылыққа байланысты қоғамдағы келісім принципі басты қағида ретінде патриотизм принципімен өзара байланыста қарастырылады. Қоғамның дамуында осы қағидаға яғни, қоғамдық келісім принципіне байланысты. Оны жүзеге асыратын қоғамдық институттар жұмысына тәуелді. Бұл қағиданың бекітілуі сантүрлі объективтік немесе субъективтік факторлар әсерінен қоғамдық таптар мен топтар, ұлттар мен ұлт өкілдеріне және т. б. бөлінеді. Бұндай бөлінудің өзі сантүрлі саяси-әлеуметтік топтар атаулылардың түрлі өмірлік көзқарастарының, ойлары мен саналарының, пікірлерінің әртүрлілігін, бір-біріне сәйкес келмейтіндігін білдіреді.

Осындай ерекшеліктер алауыздықтардың, олардың арасындағы қайшылықтардың, келіспеушіліктердің себептері болмауы керек. Айтылып отырған жағдай тек адамзат

қоғамының, сонымен қатар мемлекет қоғамдық бейбіт өміріне, оның институттарының қалыпты өмір сүруіне кедергі жасайды.

Сондықтан тұрақты қоғамдық келісімді сақтау, мемлекеттің эволюциялық дамуының басты және өте маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік органдардың құқықты қорғаушылық қызметтері қоғамдық келісімді бекіту үшін елеулі мәнге ие.

Мемлекет қоғамдағы бірлестіктерге қоғамдық келісімді бұзатын іс - әрекеттерді қолдануына жол бермей, олардың мемлекетпен қарым-қатынасын құқықтық реттеп отырады. Қоғамдағы саясатқа қатысы бар бірлестіктер ережелері мен жарғыларындағы ой-пікірлер, қоғамдық бірлестіктерге ғана тән көзқарастар қандай да бір азаматтар топтарын екінші азаматтар топтарына қарсы қоятын мәліметтерден тұрмауы керек. Қоғамдағы қандайда бір саяси бірлестіктер жарғысында мұндай мәліметтер болған жағдайда ол бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткізілмейді. Егер де аталмыш бірлестіктердің өздерінің қызметтерін жүргізу кезінде қоғамдық келісімді бұзатын акцияларды қолданатын болса, осыған саяп келетін немесе сол тәрізді әрекет жасаса, олардың қызметі құқықты қорғау органдарының араласуымен тоқтатылуы тиіс.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылы 11 қазанда қабылданған Заңда бұл жағдай туралы төмендегідей тұжырым бар: «Діни бірлестіктер заңнамалық және құқықтық тәртіп талабын сақтап қызметтерін жүргізуге міндеттелінеді. Мемлекеттің тарапынан басқа діни бірлестіктерге, діни сенімі бар немесе аталмыш сенімі жоқ (атеист) азаматтар арасында шыдамдылық пен сыйластық қатынастарын орнатуға жағдайлар жасалады». Діни конфронтацияға жол берілмейді. Дәл осындай ережелер «Саяси партиялардың қызметі жөнінде», «Қоғамдағы бірлестік турасында» Заңдарында да кездеседі.

Қоғамдық келісімді қолдау – ол тек қана мемлекет және оның органдарының міндеті ғана емес, сонымен қатар, бүкіл қоғамның міндеті болып табылады. Бұл қатынастарға байланысты Қазақстан Республикасында оңтайлы нәтижелер бар.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың «1997 жылды Жалпыұлттық келісім мен саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарын еске алу жылы ретінде жариялау туралы» Жарлығы көпшілік азаматтардың қоғамдық-саяси тұрақтылықты, жалпы ұлттық келісімді бекіту мақсатында азаматтардың ұйымдары және қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарының негізінде қабылданған. Жалпыұлттық келісім жылын ұйымдастыру барысында саяси партиялар, ұлттық мәдени орталықтар, қоғамдық және діни бірлестіктер белсенді жұмыстар атқарды. Олар қоғамдық-саяси тұрақтылықты, жалпыұлттық келісімді бекіту мақсатында біріккен акцияларды ұйымдастыру бойынша келісімге келуі нәтижесінде 31 мамыр күні жыл сайын Саяси репрессия құрбандарын еске алу датасы ретінде аталып өтеді.

Қорыта келсек, Патриотизм қағидасы негізінде, мемлекет пен тұлғаның арасында өзара құқықтар мен міндеттер туындайды.

Бір жағынан ҚР Конституциясында көрсетілген толық азаматтық, саяси және әлеуметтік – экономикалық құқықтар мен бостандықтар кешенімен қамтамасыздандырылған, мемлекетпен қорғалатын Қазақстан Республикасының азаматылығы институты қалымтасады.

Екінші жағынан мемлекет азаматқа деген өзінің юрисдикциясын таратады, ал азамат оның заңдарын сақтауға, оның мүддесі мен аумақтық тұтастығын қорғауға, салт-дәстүр мен әдет – ғұрыптарын, мемлекеттік тілін және мемлекет аумағында тұрып жатқан басқа да ұлт өкілдерінің

тілдерін сыйлауға, Қазақстан Республикасының егеменділігін, тәуелсіздігін нығайтуға ат салысуға міндетті болады.

Алибеков Карнат Кикбаевич

*Қызылорда гуманитарлық- экономикалық колледжінің директорының
оқу-өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты*

ТЖКБ ұйымдарында модульдік-кредиттік оқыту технологиясын

ендіру ерекшеліктері

Қазіргі кезде елімізде техникалық және кәсіптік білім беруді білім беру жағдайында оқушылардың, ата-аналардың, оқытушылардың, сонымен қатар жұмыс берушілердің және жалпы қоғамның мүдделерін ескеретін білім сапасын қамтамасыз етуші нормативтерді әзірлеуді талап етеді.

Қай уақытта болмасын халыққа қажетті тамақ өндірісі бұл – нан. Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжінде 1219000 – «Нан, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша мамандар дайындауда жаңа талаптар қояды. Ал жұмыс берушілерден алынған сауалнамалар еліміздің аймақтарының кадрларға деген сұраныстарын дамытудың жаңа тенденцияларына куә болады. Мәселен:

- Кәсіптік білім беру сапасы түлектердің «білімі» форматында ғана емес, сонымен бірге қызметтің форматында;

ЖСН және пароль бойынша баптау;

жылдам қол жеткізу және биометрия коды бойынша баптау қажет.

Сервистің мүмкіндіктері

«Салық әмияны» сервисінің мүмкіндіктері:

балама салық төлеу;

бюджетке төлемдерді автоматты түрде таратуды жүргізу;

бюджетпен ағымдағы және алдағы жағдайлар туралы ақпарат беру;

салықтарға ақшалай қаражатты есептен шығару туралы хабарлама алу;

төлемдер мен толықтырулардың тарихын сақтау.

Сервисті пайдалану ыңғайлығы үшін:

SMS-пароль арқылы авторизацияны жеңілдету;

Халық Банкінің картасын байланыстыру және төлемді Kaspi.kz-ке аудару арқылы салық төлеуді жеңілдету;

барлық сервистерден төлем тарихын көрсету;

ақпаратты өзектендіру уақытын 2 минутқа дейін қысқарту;

салық салу объектілері бойынша деректерді қарау;

БЖТ төлеу сервисі;

Салық әмиянының бірыңғай деректемелерінен қайтаруды жүргізу;

«Берешек туралы мәліметтер» сервисінде салықтар мен әлеуметтік төлемдерді төлеу;

«Артық төлемді басқару» сервисінде бюджеттен салықтарды есепке жатқызуға және қайтаруға өтінім беру;

жылжымайтын мүлік және көлік құралдары туралы деректерді түзету сервисі.

Салық әмиянын толтыру

Салық әмиянының сервисі тек салық төлемдері бойынша берешекті және алдағы төлемдерді автоматты түрде өтеуге арналған. Бұл ретте салықтарды төлеу деректемелері оларды салық төлеуші көрсетпей автоматты түрде толтырылады, бұл олардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз етеді.

«Салық әмияны» сервисінен сомаларды қайтару Салық әмиянындағы «Артық төлемді басқару» сервисі арқылы, сондай-ақ egov.kz немесе «Салық төлеушінің кабинеті» web-қосымшасы арқылы берілетін салық төлеушінің салық өтініші негізінде жүргізіледі.

Салық әмиянымен төленген салықтарға комиссия салынбайды.

Сервистің жоспарланған мүмкіндіктері

Жүзеге асыру жоспарлануда:

заңды тұлғаларға арналған салық әмиянының механизмі, атап айтқанда бірыңғай деректемелер мен АВТО есеп айырысуларға төлем;

Egov, Mgov және ЕДБ платформаларында салық әмиянын кеңейту;

жер учаскелері бойынша деректерді түзету сервисі.

«eSalyq» мобильді қосымшасы арқылы салықты қалай қатесіз төлеуге болады

Реквизиттердің толтырудың күрделілігі мен көптігінен кейбір салық түрі дұрыс төленбей жатады. Мемлекеттік кірістер комитеті осыған байланысты «eSalyq» мобильді қосымшасында «Салық әмияны» қызметін іске қосты,

Осылайша, биыл Мемлекеттік кірістер комитеті «eSalyq» мобильді қосымшасындағы «Салық әмияны» қызметін іске қосып отыр.

«Ол көптеген мәліметтерді толтырудың қиындығына байланысты салықтарды қате төлеу проблемаларын жояды. Қосымшаны AppStore және PlayMarket-тен тегін жүктеуге болады. Салық әмияны негізсіз айыппұлдарды жойып, қайтарымдар мен инкассалық өкімдердің санын азайтады, салық төлеушінің шығындарын қысқартып, уақытын үнемдейді. Банкердің комиссиялық алымдарын төлемей, салықтарды төлеуге болады»

Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлерге «салық әмиянын» толтыру арқылы балама салықтарды төлеуге мүмкіндік бар. Әмияндағы ақша автоматты түрде салық міндеттемелері пайда болған салықтарға есептеледі.

«Сіз бюджетке ағымдағы және алдағы міндеттемелерді салықтар және мемлекеттік кірістер органдары тұрғысынан қарай аласыз. Мүлік, жер және көлік салықтары бойынша салық салу объектілері туралы мәліметтерді көруге болады»

Биылдан бастап жеке тұлғалардың мүлік және жер салықтары біріктіріледі. Яғни екі түрлі салық бірыңғай төлеммен өтеді. Сонымен бірге көпқабатты үйдегі пәтер иелеріне арналған жер салығы алынып тасталды. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы жасалды. Бұл қосымша мәліметтерді толтырмай салық төлеуге, 2 минут ішінде онлайн режимінде шотқа ақша жіберуге әрі артық төлемдерді қайтаруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда салық әмиянын пайдаланушыларының саны 130 мыңнан асады. Ал жеке кәсіпкерлер үшін «E-Salyq-business» қосымшасы әзірленуде.

«eSalyqmobile» мобильді қосымшасы өте ыңғайлы

Сіз электронды кезек талондарында QR-кодтың пайда болғанына назар аудардыңыз ба? QR-кодты енгізу кезінде сіз «eSalyq mobile» мобильді қосымшасын жүктей аласыз.

«Esalyq mobile» мобильді қосымшасы өте қарапайым және қолдануға ыңғайлы, ең бастысы көптеген пайдалы және қажетті мүмкіндіктерге ие, мысалы: жеке тұлға және дара кәсіпкердің салықтарын төлеу; артық төлемді басқару; бірыңғай жиынтық төлемді төлеу; жеке тұлға және дара кәсіпкердің алдағы төлемдерін қарау; салықтық және әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті қарау; электрондық кезекті онлайн броньдау; мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша салық салу объектілері бойынша деректерді қарау; салық салу объектілері бойынша мәліметтерді түзетуге және өзектендіруге жеке тұлғаның электрондық өтінімін беру мүмкіндігі; салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы және салық есептілігін кері қайтарып алу туралы мәліметтерді қарау.

Мобильді қосымша App Store және Play Market алаңдарында қолжетімді. Бұл туралы Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметі хабарлап отыр.

«E-Salyq Azamat» мобильдік қосымшасы салық төлеушілер үшін тиімді. Мобильдік қосымша кез келген азамат үшін қолжетімді. Мәселен, енді қазақстандықтар активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны үйден шықпай-ақ тапсыра алады.

«Мобильдік қосымшаны салық төлеушілер дұрыс қолдана білсе, онда мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерінің жұмысы жеңілдейді. «E-Salyq Azamat» қосымшасы арқылы тұрғындарға — салық әмияны, жалпыға бірдей декларациялау, салық салу объектілері, қызметкердің еңбек ақысы, электронды сервистер, калькулятор, салық және әлеуметтік төлемдер бойынша берешек туралы қызмет түрлері ұсынылған

«E-salyq Azamat» тегін мобильді қосымшасын App Store және Play Market-тен жүктеуге болады. Бүгінде коледжіміздің 0518000 мамандығының УиА-19 студенттері осы платформаны «Салық және салық салу» пәнінде қолданып, тиімділігі мен танымалдылығын арттыру мақсатында сала маман ретінде тиісті жұмыстар атқарудамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. ISBN 978-601-215-003-2
2. www.egemen.kz
3. www.kt.kz
4. https://egov.kz/cms/kk/articles/tax_wallet_service
5. Автор Аян Бекенұлы
6. Басты сөздер: Салық, Ақпараттық технологиялар, ҚР Қаржы министрлігі,
7. [egemen.kz: https://egemen.kz/article/249850-esalyq-mobile-mobildi-qosymshasy-ote-yngghayly](https://egemen.kz/article/249850-esalyq-mobile-mobildi-qosymshasy-ote-yngghayly) © egemen.kz

ЖЫЛЫЖАЙДА ӨСІРІЛЕТІН ҚИЯР DAҚЫЛЫНЫҢ АУРУЛАРЫ МЕН ЗИЯНКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ТИІМДІ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Жылыжайдағы өнім өндірісінің рентабельділігі жоғары болғандықтан, шаруалар өте тиімді пайда көзіне ие болады. Айта кету керек, қиярдың биологиялық ерекшелігі (қысқа вегетациялық кезеңінде жаппай жеміс беру және т.б.), бұл көкөніс дақылын түрлі қорғалған топырақ жағдайларында (өндірістік жылыжайлар, шаруашылық жылыжайлар, парниктер, уақытша пленкалы жамылғылар) жыл бойы өсіруге мүмкіндік береді. Яғни, қиярды жыл бойы үздіксіз өсіруге болады.

Мақсаты :

Көкөністі өсірудегі бәсекеге қабілетті, жылыжай шаруашылығын толық меңгерген, халқымызды жыл бойы сапалы және мол өніммен қамтамасыз ете алатын жаңа технологияларды қолдану.

Жылыжай дегеніміз – жылу сүйетін жидектер мен көкөністерді , гүлдерді және басқа да өсімдіктерді жыл бойы өсіруге мүмкіндік беретін , қорғалған , жылытылатын ,кендігі әр алуан құрылыс .

Көкөніс дақылдарының ішінде, әсіресе еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында, ашық алаңда да, жылыжайларда да аса кең тарағаны қияр көкөнісі болып табылады. Жылыжайда өсірілетін қияр бұрынғы Одақ мемлекеттерінің бірінші көкөніс дақылы болды. Дүние жүзілік тәжірибе бойынша зиянды организмдердің салдарынан туатын шығындардың экономикалық мөлшері өте үлкен.

Зиянкестер мен аурулардан келетін шығын мөлшері:

1. Өндірілетін өнімнің 20-35 % жоюда.

2. Қоймада сақтау кезіндегі келтіретін шығын мөлшері кейде 60 – 70 % - ға жетеді

Қияр – асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Қиярдың сабағы жатаған, мұртшалары бар, солардың көмегімен ол түрлі заттарға өрмелеп жоғары бойлап өседі. Тамыр жүйесі әлсіз дамыған және топырақтың жоғарғы қабатында орналасқандықтан, қияр өсімдігі топырақ терең қабаттарынан өзіне қажетті, яғни жер үсті мүшелері толыққанды қалыптасуына қажетті минералды заттарды ала алмайды. Осыған байланысты қиярды органикалық заттарға бай топыраққа отырғызу керек. Қиярдың топыраққа деген талапшылдығын оның тамыр жүйесінің құрылымына, топырақ ерітіндісінің әсеріне сезімталдығына тығыз байланысты.

Жылыжайда қияр дақылын өсіріп күту.

Республика бойынша жылыжайдың орташа ауданы 169,895 га құрайды, ал алынатын өнім 2591,8 тонна. Алдымен көшеттерді дайындау қажет, ол 25 күннен кем болмауы керек. Қиярды жылыжайда күту-топырақты өңдеу, жылыжайды желдетумен суарудан тұрады. Жылыжайда қиярды өсіруде ең басты атқарылатын жұмыстар – суару, топырақты қопсыту, тыңайтқыштармен үстеп қоректендіру және желдету. Сонымен қатар басты назарды жылу мен топыраққа аудару қажет. Қияр жақсы өсуі үшін – ылғалдылық қажет. Қыста қиярды тек ертеңгі уақытта және жылы күндері суару керек. Суаратын су жылы болуы керек (20-22°C), өйткені суық су аса қауіпті ауруды қоздырушы болып табылады. Суды аптасына 2 рет беру қажет, егер күн жарық ыстық болса, онда суаруды күнара жүргізуге болады. Жылыжайдағы топырақ жақсы ауа өткізгіш, қопсыған түрде болуы қажет. Сонымен қатар жылыжайды желдетіп тұру қажет, күн ыстықта оның терезелері күні бойы ашық тұрғаны пайдалы. Көкөніс дақылдарынан мол өнім алу үшін көнді беруге болады, қиярдың тамыры әлсіз болып келеді, ол бар болғаны 20 см-ге дейін таралып өседі. Сондықтан өсімдіктер топырақтың қажетіне сезімтал келеді. Көнді азотпен байытып, қиярды минералдық тыңайтқыштармен үстеп қоректендіруге болады. Бүкіл жаз бойы жылыжайдағы қияр дақылын тыңайтқыштармен 5 рет үстеп қоректендіруге болады. Ең алғаш үстеп кезектендіруді өсімдіктің гүлдеуі кезінде береді, ал жеміс бере бастаған кезде тағы да 4 рет үстеп қоректендіру қолданылады. Тыңайтқыш ретінде құс саңырығын қолдануға болады, ал

оларды «Кормилец», «Идеал», «Плодородие», «Исполин», т.б. тыңайтқыштар қоспасымен алмастыруға болады, міндетті түрде калий тыңайтқышын беру қажет. Біраз суықтан кейін күн жылына бастағанда – жылыжайдағы қияр дақылын аммиак селитрасымен үстеп қоректендіру қажет, оның ерітіндісін арнайы құбырлармен тамшылатып суару арқылы беруге болады.

Ғылыми жаңалықтар ел игілігіне асу үшін үш кезеңнен өту керек:

1. Зерттеу жұмыстары ;
2. ғылыми әзірлемелер ;
3. өндіріске енгізу.

Жылыжайда өсірілетін қияр дақылының ең қауіпті зиянкестері :

- жылыжай аққанаты (*Trialeurodes vaporariorum* Westw.)
- кәдімгі өрмекші кене (*Tetranychus urticae* Koch.)
- әртүрлі бітелер (*Aphids*)

Жапырақ-сабақтары мен тамыр жүйесіне зиян келтіретін бұл зиянкестер қияр өнімін үлкен шығынға ұшыратады. Жылыжай аққанаты жабық танапта аса көп таралып, өте қауіпті болып келеді. Сондай-ақ жылыжай жағдайында әртүрлі бітелер де өсімдікке үлкен зиян келтіреді. Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында бұл екі зиянкес түрлері жиі кездесіп, қиярды зақымдайды. Дақылдың сорттық (будандық) ерекшеліктеріне қарамастан, зиянкестер қияр өсімдіктері нәзік, шырынды болып келуіне және тығыз орналасуына байланысты зақымдайды. Жылыжай қиярының белгілі бір сорттарында (будандарына) таралу дәрежесі мен тигізетін зияндылығында ғана айырмашылық болады. Жылыжай шаруашылықтары үшін өнімнің сапасы мен өнімділік көрсеткіштері маңызды болып табылады. Өйткені, жылыжайда өнімді өндіруде үлкен шығын жұмсалады, оны тек көкөністердің, соның ішінде қиярдың жоғары өнімін алған кезде ғана орнын толтыруға болады. Тұтынушылар үшін өнімнің бағасымен қатар, сапалық көрсеткіштері өте маңызды болып табылады.

Жылыжайда өсірілетін қияр дақылының ең қауіпті аурулары :

- Ақ ұнтақ немесе перокоспороз
- Склеротиниоз немесе ақ шірік
- Аскохитоз
- Бактериоз

Жылыжайдағы қияр дақылының зиянкес, ауруларын алдын алу үшін тиімді күресу шараларын қолдану керек.

Күресу шаралары:

1. Өсімдік қалдықтарын топырақтан ұқыпты түрде тазарту қажет.
2. Ауру түрлеріне төзімді сорттар мен гибридтерді пайдалану керек
3. Ауыспалы егісті қолданып, асқабақ тұқымдастарды 2-3 жылда бір рет егіп тұру қажет.
4. Үнемі суарып, калий тыңайтқышының жоғары концентрациясын беру қажет (2 үлкен ас қасықты калийді 10 л суға ерітіп).
5. Өсімдіктерді мыс купоросының әлсіз ертіндісімен (5 г * 10 литр суға) немесе маргонцовканың сол сияқты концентрациясымен бүрку керек.
6. Осы концентрациядағы ерітінділермен өсімдікті кешке өңдеп шашу қажет. Өңдеуді гүлдеуден бастап 3-4 рет әрбір 10-12 күнде қайталау қажет.
7. Жапырақтарда ақ ұнтақтың кейбір дақтары біліне бастағанда майдаланған. күкіртпен ертеңгі уақытта мақтаға малып алып күйдіру немесе бүрку қажет.
8. Өте асқынған ауру жапырақтарды кесіп, орнын (5г*10 л су) мыс купоросына 50 г коллоидты күкіртті қосып өңдеу қажет.

Жылыжайда қиярдың тұқымын жерге отырғызған соң оның ең басты жауы – суық. Одан кейін күн жылына бастаған кезде жоғары температура да өте қауіпті. **Сонымен қатар қияр өніміне мынандай факторлар елеулі әсер етеді:**

1. Өте жиі себілген өскін, өйткені мұндай жағдайда қоректік элементтер жетіспесе, аурудың таралуына мүмкіндік туады. Қияр сортына байланысты 1 ауданға 2-ден 4-ке дейін өсімдік егуге болады.
2. Дұрыс желдетпеу (сквозняк) – қияр дақылының өсіп-дамуына абсолютті қарама-қарсы кері әсер етеді. Жылыжайдың терезелері мен есіктерін оның ішіндегі температура 30°C-дан асқан кезде ғана тек бір жағынан ғана, кезекпе-кезек ашу керек. Температураның күрт өзгеруін болдырмау қажет.

3. Артық көлемдеу суғару. Қияр артық суғарудан ауыра бастайды, өйткені тамырдың дамуына оттегі жетіспейді. Суару нормасы 1 км² -ге 1-2 шелек су (10-20 л). Өсімдік гүлдей бастағанда, суару нормасын кемітіп, одан кейін қайтадан нормаға сәйкес қайтадан суару қажет.

4. Жылыжайдағы өсетін қияр дақылдарын міндетті түрде қырқып, сиретіп, формировка жасап тұру қажет.

5. Мезгілімен өнімді жинамау. Өз уақытымен терілмеген қияр өнімі, жаңадан пайда болатын жемістерді кешеуілдетеді. Ретсіз, сирек өз уақытында жинамау өнімді және оның сапасын кемітеді. Қияр дақылы өнімді толық бере бастағанда 1-2 күнде өнімді жинап тұру қажет.

6. Қияр дақылы тым қалың болып кетпеу үшін, әсіресе, астыңғы бөліктері – олардың артық өскіндерін шырпып тұру қажет. Бүйір өскіндерді де шырпып тұру керек.

ЗИЯНКЕСТЕР МЕН АУРУЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

1. Агротехникалық;

2. Биологиялық;

3. Химиялық ;

4. Кешенді күресу шаралар.

Жылыжай қиярының жоғары және сапалы өнімін алу үшін тиімдісі **кешенді шараларды** өз уақытында жоғары деңгейде жүргізу керек. Біздің 400 м² жылыжайымыздағы бақша биттеріне қарсы Каратэ химиялық препаратын 10 мл алып 10 литр суға құйып араластырып залалданған жапырақтарға шаштық содан кейін араға 10 күн салып жарты шелек ағаш күліне 1 дана кір сабынды салып сумен араластырып 24 сағатқа тұндырып қойдық. Сол тұнбанымен зиянкестер шоғырланған жапырақтарды өңдедік. Нәтижесінде зиянкестердің қайта қаптауы байқалмады. Жылыжай жағдайында қиярдың жоғары өнімін алу үшін өсімдіктерді кешенді технологиялармен өсіруді қамтамасыз ету керек екендігіне көзім жетті. Бұл технологияларға әртүрлі негізделген топырақ-субстраттарын қолдану, топырақтың қолайлы ауа және су режимдерін жасау, органикалық және минералдық тыңайтқыштардың үйлестірілген мөлшерлерін беруіреді. Сондай-ақ, зиянкестер, аурулармен және арамшөптермен күресуде негізгі агротехникалық шаралардың бірі, ауыспалы егістерді менгеру және енгізу болып табылады. В.Д. Мухинның (1991) мәліметтері бойынша, бір дақылды бір орында екі және одан көп жылдар ішінде өсірсе, топырақтың бір жақты әлсіреуіне алып келеді. Сондықтан, қияр жемістерінің жоғары өнімін алуда оның алғы дақылдары және оларды ауыспалы егісте орналастыру аса маңызды рөл болып табылады. Олар танапты ерте босатып, топырақты дайындауға жақсы мүмкіндік береді.

Біздің жылыжайдың зиянкестерімен химиялық күрес шарасын жүргізу барысында бақша биттерінің уақыт өте қайта көбейгенін байқадым. Ал содан кейін кешенді күресу шарасын жүргізгенімізде бақша биттерінің саны едәуір азайғанын көрдім. Қияр дақылын өсірудегі кешенді күресу шарасын қолдану қияр өнімділігін 60% ға артады екен.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Авторы: Н.Ашықбаев, У.Есіпкепов «Өсімдік қорғау» Оқу құралы- Астана: Фолиант 2010
2. Авторы : Тілменбаев Ә. Т., Жармұхамедова Г. Ә. Энтомология. – Алматы: Қайнар, 1994, 336 бет.
3. Ғаламтор желілері www.google.kz, www.yandex.kz
4. Agro Әлем ауылшаруашылық журналы .

Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімді әдіс-тәсілдері

Кіріспе бөлімі

1Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімді әдіс-тәсілдері

Негізгі бөлім

2Ғылыми жұмыстың қашықтан оқытудың мақсаттары

Қорытынды

Жұмыстың мақсаты: Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтан оқыту формасын 21 ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогресстің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтықтан оқытудың маңыздылығын арттырды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы. Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек.

Жұмыстың міндеті: Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азаматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға ...) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту 21 ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады. Түрлі статистикаларды салыстыра отырып, қашықтан оқыту – бұл әдеттегі күндіз немесе сырттай оқудан көп айырмашылығы мен артықшылығы бар оқытудың жаңа, арнайы формасы. Ол оқушы мен мұғалімнің, оқушылардың өзара қарым-қатынасының өзгеше формасын, өзгеше оқу құралы мен әдістемені, оқытуды ұйымдастырудың өзгеше түрін ұсынады. Сонымен қатар оның құрамы кез-келген оқыту формасында, кез-келген оқыту жүйесінде бар компоненттерден; оқытудың барлық түрінде, әлеуметтік қажеттілікті өтейтін мақсаттардан; оқу орнының түріне қарай қолданыстағы программаларды қамтитын мазмұнынан; әдістемелерден, ұйымдастыру формасынан, оқу құралдарынан тұрады. Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйелік және жүйелілік, белсенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифференциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқуыдағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкүндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады. Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек. Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағыналы етуді ұсынады. Бұдан шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендерін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау. Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағдай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білмісіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қашықтан оқыту курсының маңызды бір бөлігі. Оны көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Қашықтан оқыту курстарын ұйымдастырғанда қосалқы компоненттерді (инвариантты) де қарастыру керек.

2) Ғылыми жұмыс авторлары қашықтан оқытудың мынандай мақсаттарын бөліп көрсетеді:

1. Кадрларды кәсіби дайындау және қайта даярлау;
2. Белгілі мамандық бойынша педагогикалық кадрлардың квалификациясын көтеру;

3. Кейбір жеке оқу пәндерінен оқушыларды экстерн-емтихан тапсыруға дайындау;
4. Белгілі профил бойынша оқушыны жоғары оқуға түсуге дайындау;
5. Мектеп немесе мектептен тыс курс бағдарламысының бөлімін, кейбір жеке пәндер мен тақырыптарды терендете оқыту;
6. Мектепте кейбір жеке пәндер бойынша оқушы біліміндегі, білігіндегі, дағдысындағы жетіспеушіліктерді жою;
7. Түрлі себептермен мектепке мүлдем немесе белгілі бір уақыт аралығында келе алмайтын оқушыға мектептің базалық курсты оқыту;
8. Қызығушылығы бойынша қосымша білім алу. Орындалған талданымдар негізінде қашықтан оқытудың кең тараған түрлері мыналарға негізделген:

1. инетраактивті теледидар;

2. компьютерлік лекоммуникациялық желі (аймақтық, ғаламдық), қолданыстағы конфигурацияның (мәтіндік файлдар, мультмедиялық технология, видеоконференция, телепікір, онлайн-сабақ...) әртүрлі дидактикалық мүмкіндіктеріне қарай;

3. Интернет желісі мен компакт-диск бірлігі технологиясы.

Интерактивті теледидар арқылы жүргізілетін оқытудың артықшылығы, ондағы оқытушыдан әртүрлі қашықтықтағы аудиториямен тікелей бейнелік жанасу мүмкіндігінде. Оның кемшілігі сонда, осылай оқытқанда кәдімгі сабақ па, әлде қазіргі заманғы педагогикалық технология қолданылған ба, оған қарамастан сабақтың тиражы көбейтіле береді. Мұғалімдер мен оқушылар жаңа білім игерудің, өзіне қажет әдістердің, жаңа ақпараттық технологияының, куәгері немесе қатысушысы боларда, дискуссияға қатысарда, тамаша бір әдістеме немесе лабораториялық жұмыс көрерде осы интерактивтік теледидардың пайдасы зор. Қашықтан оқытудың осы формасы интерактивті және мамандар дайындау мен квалификациясын көтеруде болашағы зор. Бірақ, қазіргі мезетте бұл өте қымбат технология болып отыр. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың келесі тәсілі компьютерлік телекоммуникацияны электрондық почта, телеконференция, аймақтық Интернет желісінің ақпараттық қорлары тәртібінде пайдалануды ұсынады. Бұл қашықтан оқытудың кең тараған және арзан түрі. Оны ұйымдастыруда телекоммуникациялық технологияның жаңа құралдарын қолдану қарастырылған. Үшінші тәсілде базалық электрондық оқулық ретінде компакт-дискілерді пайдалану ұсынылады. Ол ЖОО-ры мен мектепте білім беруге және мамандардың білімін көтеруге арналған зор дидактикалық мүмкіншіліктерге ие.

Компакт-дискілердің артықшылығы мынады;

-инетраактивтік;

-мультмедиялық;

- ақпараттың үлкен көлемін қамтиды және осының есебінен қашықтан оқытуды елеулі түрде оңтайландырады.

Зерттеу әдістері: Зерттеушілердің айтуынша, қашықтан оқытудың даусыз артықшылықтары мыналар:

1. Білім беру қызметінің арзандығына қарамай, кешкі немесе сырттай оқу түріне қарағанда әлдеқайда жоғары кәсіби дайындық ;

2. Оқу мерзімін қысқарту;

3. Қазақстан мен шет ел ЖОО-нда қатар оқу мүмкіндігі;

Студенттің ЖОО-ның географиялық орнына тәуелсіздігі.

Оқу курстарының сапасы мен құрылымы қашықтан оқыту мен дәстүрлі оқытуда бірдей немесе кейбір жағдайларда қашықтан оқыту сапасы жоғары болғанын тәжірибелер дәлелдеп отыр.

Дәстүрлі оқыту орталарына қарағанда жаңа электрондық технология оқушыны оқу процесіне белсенді қатыстырып қана қоймайды, сонымен қатар осы процесті басқаруға рұқсат етеді.

Қазіргі заманғы компьютерлік телекоммуникация білім және түрлі оқулық ақпарат беруде, дәстүрлі оқу құралдарымен бірдей, ал кейде одан да әсерлі.

Қорытынды Қашықтан оқыту формасы туралы айтқанда, құрамына; барынша мүмкін болатын ақпараттың электрондық көздері (желілікті қоса алғанда): виртаулды кітапханалар, деректер базасы, консультациялық қызметтер, электрондық оқу құралдары, киберсыныптар, т.б. кіретін бір ыңғай ақпараттық-білім кеңістігін жасау туралы айту керек. Әңгіме қашықтан оқыту туралы болып отырғанда, ол жүйеде мұғалім, оқушы және оқулық бар деп түсіну керек. Бұл оқушы мен оқытушының өзара әсері. Осыдан шығатыны, қашықтан оқыту формасын ұйымдастыруда ең бастысы электрондық курстар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-

үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Қашықтан оқытуды сырттай оқуға ұқсатудың қажеті жоқ, себебі, бұл жерде мұғаліммен және киберсыныптағы басқа оқушылармен тұрақты байланыс бар, күндізгі оқудың барлық жағы, оқудың ерекше формасы ескеріле отырып қамтылған. Бұдан шығатыны, теориялық талдаулар, эксперименттік тексеру, жауапты ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі. Өкінішке қарай, біздің интернетте көріп жүргендеріміз, компакт-дисклердегі электрондық оқулықтар педагогикалық талаптарға жауап бере алмайды. Осыдан барып, қашықтан оқыту курсатырын жасақтаумен және оны әртүрлі базалық, тереңдетілген, қосымша білім беру мақсаттарындағы әдістемелер қолданумен байланысты проблемаларды шешудің мәні зор.

Жоғарыда келтірілген фактілер мен мысалдар, Қазақстанда қашықтан оқыту жүйесін құруды және оны аймақтарда кеңейту қажеттігін көрсетеді. Бұл квалификациясы жоғары, интеллектуалдық сапасы күшті, кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық деңгейдегі конкуренцияға төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. -С. 50-56.
2. Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. -С. 29-34.
3. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. -С. 7

*Бопасова Гаухар Борановна
Әдіскер*

Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі КМКҚ

Атырау облысы, Индер ауданы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Халықпен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірттер биелеу – біздің мақсатымыз. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезендері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдету мен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Сондықтанда оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің өндірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" – бұл нақты қойылған мақсатқа жету де ойға алынған жаңа нәтиже.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Қазіргі оқу орындарымен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұнымен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап, қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқада көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өзбетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғамдарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтанда қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Инновацияның өмірге енуі білім беру мекемесінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, оқушылардың білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы.

Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Бұған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері: мақсат → мазмұн → форма → әдіс → оқыту көрнекілігі болса, бүгінде жаңа технология бойынша оқып үйрену → меңгеру → өмірге ендіру → дамыту болып өзгерген.

Егемен еліміздің экономикасымен саясатының, білім мен ғылымның тұтқасын өзге емес, өз еліміздің азаматтары ұстауы керек. Оның негізі бүгін қалануы тиіс. Бұл міндетті шешетін — болашақ қазақ мектебі. Құрғақ қиялдан болашаққа нақты ұсыныс керек. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға біріккеніп келеді.

Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Әдістемелік ізденіс — жаңалыққа жол ашу. Мұғалімдер әдістемелік ізденістерді басшылыққа ала отырып, еңбекті сабақ үрдісінде білулері керек. Қазіргі кезде көп айтылып, талқыланып жүрген жаңалықтарды оқыту үрдісіне енгізу, яғни, инновациялау инновациялық үш бөлімнен тұрады:

- 1 бөлім. Кәсіби шеберлік
- 2 бөлім. Біліктілік дағдылары
- 3 бөлім. Жүзеге асыру, қолдану.

Қазіргі заманғы білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы – оқытудың негізгі мақсаты. Оқушылардың танымдық ой белсенділігін қалыптастыруда ойын сабақтарын өткізу оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды. Сондықтан оқушылар сұрақтармен сөзжұмбақтарды шешу үшін өтілген материалды үнемі қайталап отыруды әдетке айналдырады. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, олардың шығармашылық ой-өрістерін, түсінік-танымдарын еселеп, арттыра түседі.

Өз қызметімнің бір саласы бойынша колледж бойынша өткізілетін ашық сабақтар мен күнделікті сабақтарға жоспар бойынша қатысып, талдау жұмыстарын жүргізіп отырамын. Ол қатысқан сабақтарымның бірнешеуіне тоқталып өтсем.

Электронды оқулықтарды тиімді пайдалану да инновациялық технологияның жүзеге асырылуын жетілдіретін мүмкіндік деп ойлаймын. Жаратылыстану пәндері бойынша математика, физика және химия пәндерінде электронды оқулықтарды пайдаланып, сол арқылы салыстыру жұмыстары, сәйкестендіру тапсырмалары, зертханалық жұмыстар және бақылау жұмысы тапсырмаларын орындау мүмкіндіктері қарастырылған.

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім алатын II курсына өткізілген «Алкогольсіз сусындар» тақырыбында өткізген арнаулы пән оқытушысы Гүлмиза Асхатқызының ашық сабағында CLIL әдістемесінің элементтерін тиімді қолдана отырып, үй тапсырмасы кезеңінде Kahoot бағдарламасы бойынша алкогольді ішімдіктер тақырыбын тексеру мақсатында тест жұмысы орындалды. Kahoot программасы студенттердің пәнге қызығушылығын арттырады, қолдарындағы смартфон арқылы кіруге мүмкіндіктері бар, тест жұмысын тез әрі, қызықты өткізеді, қолжетімді және студент өз қатесін тексеріп отырады, студенттердің бір-бірімен жарыса жұмыс жасауларына мүмкіндік береді.

Сабақ барысында тілдік мақсаттарды жүзеге асыруда топтық әдіспен жаңа сөздерді «TRUE OR FALSE» активиті бойынша қайталату жұмысы жүргізілді. Жұмыс барысында берілген термин сөздерді 3 тілде өзара байланыстырып алады, кейін интерактивті тақта көмегімен осы жұмысты тексереді. Бұл активиті 3 тілде сөздерді жаттауға тиімді және жоғары пән аралық байланыс орнату болды.

Тағы бір қатысқан сабақтарымның бірі «Фермер шаруашылығы» мамандығының «Электр жабдықтарына қызмет көрсету электромонтері» біліктілігінде оқитын I курс студенттеріне өткізген арнаулы пән оқытушысы Сағидолла Сайынұлының «Слесарлық жұмыстарды орындауға арналған қол аспабы мен құралдары» тақырыбындағы сабағында білім мен қызмет тәсілдерін меңгеруді бақылау және өзіндік бақылау кезеңінде Quizizz бағдарламасы арқылы тест сұрақтарына жауап берді. Quizizz бағдарламасын қолдану барысында тест сұрақтарын жасауда әр түрлі мүмкіндіктерді пайдалануға болады. Тек сөзбен берілген сұрақтар ғана емес, салыстыру, сәйкестендіру, графикалық үлгідегі тест сұрақтарын жасай алуға болады. Сұрақтардың жауаптарын сол сәтте шығара алады. Quizizz бағдарламасы Блум таксономиясы бойынша бағалаудың жетістіктеріне жетуге мүмкіндік бере алады.

Ең бастысы ойындар оқушылардың көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Элькониннің сөзімен айтсақ: "Ойын - ол адамдардың арасындағы әлеуметтік ара-қатынас, практикалық білімдері және қызметі". Оқу ойындарын қолданудың жағымды жақтарына тоқталсақ:

- ойындар абстрактілі оқытуға қарағанда өз тәжірибесімен оқытуға мүмкіндік береді;
- ойындар ойын басшысының тәжірибесіне немесе дағдысына тәуелсіз;
- ойындар интуицияны жаттықтырады, мәселені шешу қабілеттілігін және қажетті әлеуметтік мінезқұлықтың түрін таңдауға, үрдістер мен құбылыстардың деректерін түсінуге, стратегиялық баламалы шешім қабылдауға, тәуекелге бел байлауға үйретеді.

Ойындар жеке мәселелерді оқуда және шешуде қабілетті әрі қарай арттыруда, ойынға қатысушылар оқытушының ролін ойнап, бірін-бірі белгілі бір деңгейде оқытады, бірақ әрқайсысы бір ойында өздерінің қабілеттілігі мен қажеттілігіне қарамай көп нәрсеге үйренеді. Оқушылар әрбір сабақтан мол білімділік, тәрбиелік, дамушылық алу керек. Сондықтан пәнаралық байланыс арқылы сабақтың біліми, ғылыми сипатымен қатар оның тәрбиелік танымдық, адамгершілік мазмұнда ұйымдастырылуын ойластырған абзал. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушының болуы. Білім беру саласындағы қазіргі онды өзгерістер әрбір мұғалімнен өз ісіне мұқияттылықты талап етеді. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. "Қазақстан - 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. -176б.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы», - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлігі орталығы, 2015

3. Жошыбаева Г. Ұлттық мектеп-ел еңсесі. "Қазақстан мектебі", №12, 2003.- 13 б.
4. Қоянбаева С. Танымдық қызығуды белсендіру. "Қазақстан мектебі", №6, 2003
5. Границкая А.С. Научить думать и действовать. Адаптивная система обучения в школе. - Просвещение, 1991.

Дастан Жанарыс Дастанұлы

Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі, Атырау қаласы
1 курс, «Мұнай және газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу»

Кулумбетова Шынар Маратовна, білім магистры, информатика пәнінің оқытушысы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазір 21 ғасыр уақыт өткен сайын жана технологиялар пайда болып жатыр, солардың бірі заманға сай нано-инновациялық технологиялар.

Мен Дастан Жанарыс Дастанұлы қазіргі таңда С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің 1-курс студентімін. Біздің колледжде «Жас маман» жобасы бойынша Робототехника, Фаб-лаб үйірмелері жұмыс жасайды. Біз ол үйірмеде сабақтан тыс уақытымызды тиімді әрі пайдалы өткіземіз, яғни айтқанда инновациялық технологияларды меңгереміз. Солардың бірі 3D принтерлер және лазерлік станоктар. Қазір мен сіздерге бұл технологияларға жеке-жеке тоқталып шығатын боламын. 3D-Принтер қазір көпшілігі түсінбеуі мүмкін, бірақ қарапайым тілде түсіндіретін болсам, мысалы кәдімгі баспа құралын алсақ біз ол арқылы интернеттегі әдемі суреттерді, көзартарлық мүсіндер, бұйымдар шығара аламыз, әрине тек фото түрінде. Ал, 3D принтер арқылы сол заттардың сызбасын сызу арқылы бұйымдарды қолға ұстай алатындай прототиптерін (мүсіндерін) шығара аламыз, яғни айтқанда 3D принтерге басып шығаруға команда береміз. Ал лазерлік станок дееніміз ағаш фанерларынан әртүрлі мүсіндер жасаймыз, менің алғашқы жұмыстарымның бірі ол Эйфель мұнарасы, біз осы үйірмеде Inventor, Autocad секілді бағдарламамен жұмыс жасаймыз. Заман дамыған сайын жаңа технологиялар шығып жатырғандығын жоғарыда айтып өткен болатынмын. Алдағы 10-15 жылда біз үсті-басы май болып жүрген мұнайшыларды көрмейміз, себебі жұмыстың барлығы тетікпен (кнопка) басқарылатын болады. Иә, көбісі ойлайды мұнайдың қоры таусылады деп, бірақ мұнай қоры бітпейді, себебі бізден 30 жыл алға дамып кеткен Американың өзі әлі күнге дейін мұнай шығарып келеді. Технологиялары дамып кетсе де, неге? Себебі, токпен жүретін машина шығарсада ол ток ұзаққа жетпейді бұл бір, екіншіден ток пен жүріп кетуі үшін бірінші жанармай арқылы қыздырады, ал жанармайды қайдан алады? Әрине, мұнайдан! Мұнайдан тек жанармай, жағармай, дизель отыны алынады деп ойлайды, ол қате пікір. Біз күнделікті пайдаланып жүрген заттардың көпшілігі мұнайдан жасалған, мысалы, тіске арналған протез, смартфон, косметикалық заттар, әр түрлі хош иісті әтірлер, күнделікті киетін киімдер және т.б. Егер де әлем мұнайдан бас тартатын болса, онда өміріміздің бір бөлігіне арналған маңызды дүниелерден бас тартуға тура келеді. Сондықтан да мұнайсыз өмірді елестету қиын.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар 8-ге бөлінеді:

- Жобалау технологиясы;
- Саралап даралап оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- Сатылай комплексті талдау;
- VTS бағдарламасы;
- Деңгейлеп оқыту технологиясы;

Адам күнделікті дамуда болуы керек, себебі заман дамып жаңа технологиялар шығып жатыр. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті айтып кеткендей «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» Н.Ә. Назарбаев.

Өмірде қолданылатын жаңа технологиялардың өзі әрбір адамның шеберлігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан өзінің кәсіби іс - тәжірибемде инновациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдану, пайдалану туралы айтқым келеді.

*Джумамуратова Жаннат – аспазшы мамандығының студенті
Бекназарова Әдемі – информатика пәні оқытушысы
Құлан агротехникалық жоғары колледжі
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы*

ZOOM ПЛАТФОРМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Zoom – бұл бейне-конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа. Кездесуді тіркеулік жазба құрған кез келген адам ұйымдастыра алады. Тегін тіркеулік жазба ұзақтығы 40 минут болатын бейнеконференция өткізуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама жеке және топтық сабақтар үшін жақсы келеді, студенттер әртүрлі құрылғылардан – компьютерден, планшеттен, телефоннан кіре алады. Бейнеконференцияға сілтемесі немесе конференция идентификаторы бар кез келген адам қосыла алады. Іс-шараны алдын ала жоспарлауға болады, сонымен қатар қайталанатын сілтеме жасауға да болады, яғни тұрақты түрде өткізілетін сабақ үшін белгілі бір уақытта кіруге арналған бір сілтеме жасап қоюға болады.

Zoom мүмкіндіктері:

Әрбір қатысушымен бейне және аудио байланыс. Ұйымдастырушыда микрофонды өшіру және қосу мүмкіндігі, сондай-ақ бейнені өшіру және барлық қатысушылардан бейнені қосуды сұрау мүмкіндігі бар. Конференцияға тек қарау құқығымен қатысушы ретінде кіруге болады.

Сервис интерфейсі барлық пайдаланушыларға бір-бірін көріп отыруға және тыңдауға мүмкіндік береді. Сурет кім сөйлейді, сол адамды автоматты түрде көрсетіп отырады.

Қазір дыбысы бар экранмен (screensharing) бөлісуге болады. Экранның көрсетілуін кідірте тұруға болады. Бұдан бөлек, экранның барлығымен емес, тек жекелеген қосымшаларымен бөлісуге, мысалы, браузердің көрсетілуін қосуға болады. Теңшеулерде барлық қатысушыларға экранмен бөлісу мүмкіндігін беруге болады, немесе мұны тек ұйымдастырушы ғана жасай алатындай шектеулер қоюға болады.

Платформаға интерактивтік тақта кіріктірілген, экранды көрсетуден тақтаға жеңіл, әрі жылдам ауысуға болады.

Хабарламалар жазуға, барлық немесе таңдап алынған бірқатысушыға файлдар жіберуге арналған чат бар. Чатты автоматты түрде сақтауға немесе әр конференция сайын қолмен сақтау күйіне тең қоюға болады (Чат→Толығырақ→Чатты сақтау).

Сабақты компьютерге де, «бұлтқа» да жазып алуға болады. Жазбаны автоматты түрде қосуды, сонымен бірге оны кідіріске қоюды теңшеу мүмкіндігі ыңғайлы.

Конференция кезінде серіктес ұйымдастырушы тағайындауға болады, оның да ұйымдастырушы сияқты: жекелеген студенттердің микрофонын қосу немесе өшіру, атауын өзгерту және сессия залдарына (бөлмелер, мини-конференциялар) бөлу мүмкіндіктері болады.

Сессия залдарына бөлу – бұл студенттерді офлайн сабақтардағыдай бөлу және жеке тапсырмалар беру. Студенттарды жұптарға және топтарға бөліп, жекелеген бөлмелерге таратып жіберуге болады, олар онда тек бір-бірімен ғана сөйлесе алады, қалғандары оларды көре де, ести де алмайды. Бөлмелер санын оқытушы белгілейді, қатысушыларды автоматты түрде немесе қолмен бөлуге болады. Ұйымдастырушыда бөлмелерді аралап, онда не болып жатқанын тексеру мүмкіндігі бар. Сонымен қатар қатысушыларды бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға болады.

Онлайн-сабақта жақсы атмосфера қалыптастыру үшін виртуалды фондар қосу. Әртүрлі қызықты фондармен қатысушыларды таңқалдырып, сол арқылы олардың назарын өзіңізге аудартуға болады.

Экранды көрсету кезінде «Пікір қалдыру» (Co-annotation) құралы арқылы сурет салуға, белгілеуге, өшіруге және т.б. болады. Мұны оқытушы де, студенттер да істей алады, бірақ қажеттілікке қарай теңшеулерде аталған функцияны студенттарда өшіріп қоюға болады.

Қатысушылар виртуалды тақтаға сурет сала алады, бірақ ештеңені қозғай алмайды. Дегенмен оқытушы өз экранын көрсетуді қосып, өз тышқанын басқаруды өзгеге бере алады, яғни студент өз тарапынан оқытушының тышқанын қозғай отырып, оның компьютерінде талап етілгенді істей алады (таныстырылымдағы карточканы айналдыру, басу, картинкаларды қосу және т.б.), сондай-ақ пернетақтаны басқаруды да басқаға беруге болады. Веб-конференция кезінде қатысушы өз экранын көрсетіп отырған адамнан басқару құқығын беруді сұрайды. Көрсетушіде растауға сұраныс шығады. Егер растаса, екеуі де тышқанмен және клавиатурамен жұмыс істей алады, басымдық көрсетушіде болады.

Zoom топтық бейне байланыс бағдарламасы вирустық инфекция басталғалы әлем бойынша аталмыш қосымшаның танымалдылығы артқан. Алайда, пайдаланушылардың саны көбейген сайын бағдарламаның кем-кетігінде анықтала бастады.

ZOOM конференциясының платформасы

Бұл жеке кездесулер мүмкін болмаған кезде әріптестермен немесе жұмыс берушілермен іс жүзінде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бұл телекоммуникацияны әлдеқайда адамдық етеді, өйткені бұл сізге байланыс сезінуге көмектеседі. Мысалы, COVID-19 коронавирусы бүкіл әлемде үрей тудырады, мысалы, Zoom байланыста болғысы келетін және күнделікті жұмыс процестерін барынша үзіліссіз жалғастырғысы келетін шағын, орта және үлкен топтар үшін маңызды құралға айналды.

Zoom артықшылығы – тұрақты байланысты қамтамасыз етеді, жылдам жұмыс істейді, компьютер мен смартфонның жедел жадына күш салмайды, конференция қатысушылары өз экранын трансляциялап, демонстрация жасау үшін арнайы тақтаны пайдалана алады.

ZOOM платформасының артықшылықтары:

- Эпидемия кезінде немесе ауа-райының қиын жағдайларында сабақтар өткізу мүмкіндігі;
- Өздігінен оқу, қосымша білім алу мүмкіндігі;
- Қолжетімділігі қиын аудандарда, мүгедектер үшін сабақтарды ұйымдастыру мүмкіндігі;
- Оқытудың жалпыға бірдей қолжетімділігі;
- Студенттің өзін-өзі тәрбиелеуі және жауапкершілігі;
- Әр студентті оқытуда жеке тіл табысу;

ZOOM платформасының тиімділігі

Барлық бағдарламалар сіз жиналысқа кірмей-ақ қатысуға мүмкіндік береді, сонымен қатар Zoom есептік жазбасын, Google, Facebook немесе SSO көмегімен кіруге мүмкіндік береді. Ол жерден жиналыс идентификаторын енгізу арқылы жиналыс бастауға, жиналысқа қосылуға, экранды үлкейту бөлмесімен бөлісуге, жиналыстарды ұлғайтуға, микрофонның дыбысын өшіруге / қосуға, бейнені бастауға / тоқтатуға, басқаларды жиналысқа шақыруға, экрандық атауды таңдаңыз, жиналыста сөйлесіп, бұлтты жазуды бастаңыз.

Егер сіз жұмыс үстелі қолданушысы болсаңыз, жергілікті жазбаны бастауға, сауалнама жүргізуге, Facebook-ті тікелей эфирде таратуға және т.б. Басқаша айтқанда, жұмыс үстелі қосымшасы анағұрлым толық сипатталған, дегенмен сіз тегін пайдаланушысыз болсаңыз да, мобильді қосымшадан көптеген қашықтықты ала аласыз

Жұмыс үстелі қосымшасы қол жетімді Windows және macOS, мобильді қосымша Android және iOS үшін қол жетімді.



бұрын өшіруді таңдауға болады. Сіз өзіңіздің Google есептік жазбаңызды байланыстыру арқылы ақысыз Zoom есептік жазбасын жасай аласыз және сол жерден жаңа жиналыс жасай аласыз, біреуін жоспарлай аласыз, жиналысқа қатыса аласыз, экранды бөлісе аласыз, контактілерді қоса аласыз және т.б.

Бір уақытта бір компьютерде, бір планшетте және бір телефонда үлкейтуге бір уақытта кіруге болатындығын есте сақтаңыз. Егер сіз сол типтегі басқа құрылғыға кірген кезде қосымша құрылғыға кірсеңіз, Масштабтау бірінші құрылғыдан автоматты түрде шығасыз деді.

Ақылы пайдаланушылар

Егер жүйелік әкімшіңізде Pro, Business немесе Enterprise тіркелгісі болса, жұмыс электрондық поштасын пайдаланып, Масштабты компьютерге тіркей және жүктей аласыз. Кейін масштабтау жиналысын жоспарлап, қашықтағы қатысушыларды қосылуға шақыру үшін масштабты күнтізбеге синхрондағыңыз келеді.

Егер масштабтау бөлмесін орнатсаңыз, масштабтау жиналыстарын синхрондауға және іске қосатын компьютерге және масштабты жиналыстарды бастау үшін қатысушыларға планшет қажет болады. Сондай-ақ, сізге микрофон, камера және колонка, қашықтағы жиналыс қатысушыларын көрсету үшін кемінде бір HDTV монитормы және дисплейдегі компьютер экрандарын ортақ пайдалану үшін HDMI кабелі, сондай-ақ Интернетке қосылу үшін Интернет кабелі қажет болады.

Бөлмедегі компьютерге «Конференц бөлмеге арналған нөмірлерді үлкейту» және жиналыс бөлмесіндегі планшет үшін «Үлкейту бөлмесін» жүктеу керек. Содан кейін қызметкерлерді жиналыс бөлмелері қол жетімді болатындай етіп бөлмелерді компанияның ортақ күнтізбесімен синхрондауға болады.

- Артықшылығы. Тегін нұсқада 40 минутқа және 100 адамға дейін кездесу өткізуге болады. Студенттер кездесуге телефон арқылы (масштабтау бағдарламасын орнату арқылы) немесе компьютер арқылы қосыла алады. Кездесуге қатысушылардың барлығына дауыстап сөйлеуге, бейнені көрсетуге және экранын кеңейтуге мүмкіндіктері бар.
- Кемшілігі. Топтық конференцияларды тек 40 минут тегін жүргізуге болады. Уақытын соддыру үшін ақы төлеу керек. Дегенмен тегін 40 минуттық конференцияны қайта бастап уақытты созуға болады.

Zoom конференция платформасын қолданумен қашықтықтан оқыту

Тиімді, егер	Студенттерға тиімді, егер	Педагогтарға тиімді, егер
---------------------	----------------------------------	----------------------------------

<p>- Студенттер мен колледж оқытушылар қажетті компьютерлік жабдықтар болса;</p> <p>- Оқытушылар мен студенттер арасындағы жоғары сапалы тұрақты байланысты қамтамасыз ететін жылдамдықта интернетке қол жетімділік болса;</p> <p>- Студенттер мен оқытушылар психологиялық тұрғыдан дайындалған және ынталандырылған болса;</p> <p>- Оқытушылар қолданатын сапалы оқу және ақпараттық материалдар болса;</p> <p>- Сабақ кезінде студенттерді колледж ұжымынан оқытушылар сүйемелдейді</p>	<p>- Оқытушылар бүкіл сабақ барысында экранда көрінеді, ал суреттің сапасы оқу міндеттеріне сәйкес ақпаратты түсіну және қабылдау үшін жеткілікті;</p> <p>- Оқытушылар «тірі» форматта түсіндіре алатын Күнделік.kz-тегі оқу материалдарына қолы жетімді</p> <p>- Оқытушылардың тапсырмаларын нақты уақыт режимінде орындалу нәтижелерін Оқытушыларға Күнделік.kz, WhatsApp арқылы жіберумен орындай алады;</p> <p>- Zoom ортақ чатында оқытушылардың тапсырмаларын қысқа хабарлама түрінде орындай алады.</p>	<p>- Студенттерді экранда көреді, ал бейне сапасы педагогикалық өзара әрекеттесу үшін жеткілікті (Студенттердің жағдайын, олардың материалға реакциясын және т.б. түсіну)</p>
--	--	---

Zoom артықшылығы

- ✓ тұрақты байланыс – ажырату ережеге қарағанда сирек кездеседі;
Адам барлық табиғи орта жағдайларында тіршілік ете алады. Өзіне қажетті жағдайларды саналы түрде жасап алуға қабілетті. Жер бетінде өмір сүрген ежелгі адамдар басқа ағзалар сияқты орта жағдайларына тәуелді болды. Қоғамның даму дәрежесіне сәйкес адамның табиғатқа тәуелділігі бірте-бірте бәсеңдей бастады. Адам табиғи мақсатына қарай саналы түрде өзгертті.

Денсаулыққа әсер ететін жағымсыз факторлар

Адамның денсаулығына қоршаған табиғи орта жағдайларының әсері зор. Адамға дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауыз судың, тағамның таза болуының маңызы ерекше. Адамның мұқият ойланбай жасаған кейбір іс әрекеттері денсаулығына зиянды. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан орта жағдайларының зиянды өзгерістері адам денсаулығына кері әсер етеді.

Экономикалық және экологиялық мәселелердің өзара байланысы адамдар денсаулығына қоршаған ортаның зиянды әсерін жоюға шығындардың артуында да көрініс табады. Қоршаған ортаның барлық құрамдас бөлшектерінің ластану мәселелері экономикалық мәселелердің асқынуына алып келеді, өйткені көбінесе ауыл шаруашылығына арналған, пайдалы аумақтардың үлкен бөлігін қоқыс үйінділері басып қалған; қалдықтарды көмуге, жоюға және сақтауға қомақты қаржы құралдары жұмсалады (бұл мақсаттарға жұмсалатын шығындар кейде дайын өнімді өндіруге жұмсалатын шығындардан асып кетеді, олардың өсуі өндірісті ұлғайтудың тежеуші факторы болып табылады). Әсіресе, бұл жағдай Қазақстанда ерекше байқалуда. Мысалы, Арал теңізінің тартылуы, ядролық сынақтардың жүргізілуі және т. б. атауға болады.

Адам денсаулығына өмір сүру салтын дұрыс ұстануы да әсер етеді. Темекі тарту, ішімдікті пайдалану, дұрыс тамақтанбау және т.б. жағдайлардан адам денсаулығы бұзылады. Кейде еңбек етудің қолайсыздығы, тұрмыстық жағдайлардың нашарлауы денсаулыққа кері әсер етеді. Салауатты өмір сүру салтын дұрыс ұйымдастыра білмеу, медициналық жәрдемнің дұрыс көрсетілмеуі де әсерін тигізеді.

Денсаулыққа жағымды әсер ететін факторлар бірнеше топқа бөлінеді:

1. Бұлшықет қимылдарының белсенділігі. Адамның барлық тіршілік әрекеті түрлі қимыл-қозғалыстар жиынтығынан тұрады. «Қозғалыс - тіршілік тірегі» деген ұғымда зор мән бар. Қозғалыс белсенділігі жұмыс істеу қабілетін арттырады, түрлі ауруларға қарсы тұруына көмектеседі. Тынысалу мүшелерінің жұмысын жақсартып, жүрек бұлшықеттерін шынықтырады, зат алмасудың қалыпты жүруін қамтамасыз етеді. Әсіресе спорт пен дене шынықтыру жаттығулары қозғалыс белсенділігін арттырады.

2. Еңбек пен демалысты дұрыс ұйымдастыру. Бұлардың денсаулық үшін маңызы зор. Адам өмірінде еңбек басты орын алады. Еңбек ету арқылы адам өзіне қажетті жағдайларды жасап

алады. Шектен тыс еңбек ету ағзаның қажуына әкеп соқтырады. Сондықтан да еңбек ету мен демалысты дұрыс үйлестіре білу қажет. Бұл адам ағзасындағы барлық мүшелердің жұмысын жақсартады. Адамның ұзақ өмір сүруіне де септігін тигізеді.

3. Дұрыс тамақтана білу. Дұрыс тамақтанудың нәтижесінде аскорыту мүшелерінің жұмысы жақсартады. Адамның дұрыс өсіп дамуына, зат алмасу үдерістерінің қалыпты жүруіне жағдай жасайды және т. б. Адамның ұзақ өмір сүруінде дұрыс тамақтана білудің рөлі зор. Көбіне көкөніс, жеміс-жидектерді пайдалану, тамақтану ережелерін мұқият сақтау. Майлы етті тағамдарды шектеп пайдалануды естен шығармау қажет. Дұрыс тамақтану адамның дене салмағының бірқалыпта болуына жағдай жасайды.

Табиғатқа, барлықтіршілікшелерінедегенқұрмет, табиғатқұрам-бөліктерініңарасындағыбарлықбайланыстардыңмаңыздылығынтүсіну, қарапайымсауаттылық — осылардыңбарлығыадаммәдениетініңбөлінбесбөлігіболуыкерек.

Бақыт Калмурзина

Тарих пәні мұғалімі

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Боранқұл селосы

«Опорный орта мектебі»КММ

Тарих пәндері сабағында оқушылардың таанымдық белсенділіктерін арттыру,шығармашылық ізденістерін қалыптастыру жолдары.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер,өзіне-өзі сенімді,интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алтын орны ерекше.Біздің міндетіміз-жеке тұлғаны дамытып,білімге деген сенімін нығайту,оқуға қызығушылығын оятып,ынтаасын арттыру.Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді.

Жас ұрпақты жан-жақты жетілген,ақыл-парасатты,ой-өрісі биік,бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.тарих сабағында оқушыларының танымдық қызығушылығының дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғаана емес,сонымен бірге,баланың маңызды психикалық қызметтерін,ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады.Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды.

Ойлауға үйренетін сабақтардыдамыта оқыту сабақтары деп білеміз. «Дамыта оқыту деп-оқыту мақсаты,міндеттері,әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды.Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы,яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиісдеп есептейді.Сондықтанда жаңа сапаға ие,шығармашыл,қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алар нысана деп білеміз.

Оқыту барысында баланың ақыл-ойын,қиялын т.б.танымдық үрдістерін дамытып қоймай,баланы әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды.Дамыта оқытуды ұйымдастыру,балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек.Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып,теориялық ойлауға икемделеді,білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады.Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал,мұғалім мен оқушы арасында ерекше қарым- қатынас.Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып,оқушының шығармашылығын арттырады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады.Осыған байланысты Д.Б.Эльконин,В.В.Давыдовтардың жасаған жүйесі үш негізгі құраушыдан тұрады.

1.Оқу мақсаттарының қойылуы.

2.Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы.

3.Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі.

Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай,барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып,қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса,әр оқушының оқуға деген қазағушылығы артады.

Дамыта оқыту ұлы неміс педагогі А.Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық»атты еңбегінің де негізі болып табылады.Дамыта оқыту деп ол баланың білім алуға

әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуда атаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жаақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді.»-деген. Ал ойлауға үйрететін сабақты дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. «Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.»

Әрсабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз-оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, Құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды санаулы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдылана үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет.

Ал, «таным-ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі.»

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз-оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т.б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін. Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушы белсенділік жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өін-өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т.б. белсенділіктер. Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы-оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру.

Шығармашылық-бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндік-терін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. Шығармашылық тапсырма ретінде біз оқушыдан ұдайы тек ақпарат өндіру емес, шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды қарастырамыз. Себебі тапсырмалар белгісіздіктің кіші және үлкен элементтерінен және бірнеше дұрыс жауаптардан тұруы мүмкін. Шығармашылық тапсырма кез-келген интерактивті әдістің мазмұны мен негізін құрайды. Оның айналасындағы жариялылық пен ізденімпаздықтың негізі пайда болады. Шығармашылық тапсырма жеке дара күйінде мұғалімдер үшін де шығармашылық тапсырма болып қалады. Шығармашылық тапсырмалар мына төмендегі талапқа сай болуы керек:

- 1) Бір мағыналы және тым қарапайым жауабы немесе шешімі болмайды;
- 2) Оқушыларға тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болып табылады;

3) Оқушылардың өмірімен байланысты болады;

4) Оқушылардың қызығушылығын тудырады;

5) Оқытудың мақсатына барыншас сай келеді.

Оқушы қарастырғанда А.И.Субетто: «Ойын-әркез бақытты өмір үлгісі. Ойын тудырушы, тудыра отырып шығармашылықты өрнектейді, адамды шығармашылыққа даярлағандай өмірге де дайындайды» десе, В.А.Сухомлинский: «Ойын кезінде балалар әлем, дүние айқындалады, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті ашылады. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденіс, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті-күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Танымдық белсенділік оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл-ой қабілетінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы т.б. Танымдық іс-әрекет оқушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т.б. сипатталады. Бұл қызыға оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Оны қалыптастырудың негізгі негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұн, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағұлматтың жаңа қырынан ашылуы;

- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын жаңа әдістерін жетілдіру. Бұған жататындар сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

- Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты сыйластық ізеттілік түрінде орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру үшін мұғалім келесі әдіс-тәсілдерді қолдануына болады:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.

2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.

3. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу.

4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс.

5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқу.

7. Ұнатқан кейіпкерлерге мінездеме беру.

8. Мәтінді, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Қорыта келгенде; Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісіне оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады. Қорытынды: өзімнің баяндамамды қорыта келіп, мынадай түйін түюге болады.

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын артады.

2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.

3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.

4. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс-әрекетке қабілеті артады.

5. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.

Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкірттеріміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

1. Қазақстан мектебі журналы // №5, 1998ж Әдебиеттер:
2. Қазақстан мектебі // №3,4, 2010ж
3. Дамыта оқыту технологиялары Б.А. Тұрғынбаева «Алматы» 2000ж
4. Қазақстан мектебі, Алматы // №8 2003ж
5. Мен және бәрі, бәрі, бәрі, Алматы «Аруна» 2006ж
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2013ж

Акбулатова Баян Жумашевна

Преподаватель экономических дисциплин Атырауского

аграрно-технического колледжа им. У. Кушекова

МАЛЫЙ БИЗНЕС В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Малый и средний бизнес является сегодня ядром устойчивого экономического и политического развития. Развитие малого бизнеса имеет ряд преимуществ в сравнении с крупным производством, которые выражаются в активизации структурной перестройки экономики.

Формирование малых рыночных структур во всех без исключения отраслях и сферах экономики страны отвечает мирохозяйственным тенденциям экономических процессов, так как во всех странах мира в сфере малого бизнеса действует множество небольших предприятий разнообразного профиля. Размеры предприятий зависят от специфики отраслей и их технологических особенностей. Есть отрасли, связанные с высокой капиталоемкостью и значительными объемами производства и отрасли, для которых не требуются крупные предприятия, а напротив, предпочтение отдается малым предприятиям.

Для современной экономики характерна сложная комбинация различных по масштабам производств — крупных, с тенденцией к монопольным структурам, и небольших, создание которых определяется многими факторами. С одной стороны, устойчивый научно-технический прогресс имеет тенденцию к концентрации производства. Именно крупные фирмы располагают большими материальными, финансовыми, трудовыми ресурсами, квалифицированными кадрами. С другой стороны, в последнее время выявился небывалый рост малого и среднего предпринимательства, особенно в сферах, где пока не требуется значительных капиталов, больших объемов оборудования и кооперации множества работников. Развитие мелкого и среднего производства создает благоприятные условия для оздоровления экономики: появляется конкурентная среда; создаются дополнительные рабочие места; активнее идет структурная перестройка; расширяется потребительский сектор. Развитие малых предприятий ведет к насыщению рынка товарами и услугами, повышению экспортного потенциала, лучшему использованию местных сырьевых ресурсов.

«Малые предприятия играют важную роль в экономике всех стран мира. В последние несколько лет в странах Западной Европы, в США и Японии малый бизнес представлен совокупностью многочисленных малых и средних предприятий. Основная их масса – мельчайшие предприятия с численностью занятых не более 20 человек.

В последние годы ускорились концентрация и централизация капитала в странах Европы, например, в стальной промышленности Бельгии, нефтяных концернах Испании, в АПК Дании и Нидерландов, а так же в концернах стальной, фармацевтической, деревообрабатывающей промышленности Швеции, в часовой промышленности Швейцарии, в автомобильной промышленности Германии. Важнейшая черта концентрации и централизации капитала состоит в том, что разорение многих мелких и средних фирм не привело к исчезновению малого бизнеса. Он проявил живучесть, способность к воспроизводству и одновременно вызвал интерес к себе со стороны крупных концернов.

Научно – технический прогресс существенно раздвинул рамки возможностей организации работы на дому. Ныне надомный, семейный, бизнес насчитывает более 200 различных видов деятельности. Сюда включаются и традиционный надомный бизнес, и бытовое обслуживание, различные виды ремесел, образовательные и деловые услуги». /1/

Главное направление развития надомного бизнеса сегодня задают персональные компьютеры. Используя ПК, дома могут трудиться научные работники, инженеры, конструкторы, дизайнеры, бухгалтер, финансисты.

Законодательства о малом предпринимательстве регулирует общие вопросы деятельности МП независимо от их организационно-правовой формы. Сюда входят критерии определения малых и средних предприятий, вопросы государственной поддержки малого бизнеса и налогообложения. Под субъектами малого предпринимательства понимаются так же физические лица, занимающиеся предпринимательской деятельностью без образования юридического лица.

На постсоветском пространстве малые предприятия образовывались чаще всего путем отделения от государственных предприятий – учредителей. В Казахстане малые предприятия создавались, как правило, в форме товариществ с ограниченной ответственностью, многие коллективы реорганизовались в малые предприятия, основанные на частной долевой собственности. Реже встречаются малые предприятия семейного типа. Во многом это можно объяснить сложностью и дороговизной аренды не жилых помещений.

В настоящее время вопрос развития сети малых предприятий как один из важнейших включен в программу демонополизации хозяйства страны. Здесь предусмотрено как принудительное, так и инициативное разукрупнение монопольных производств:

- 1) выделение самостоятельных производственно-хозяйственных блоков;
- 2) выделение малых и средних коллективов из состава крупных предприятий;
- 3) создание небольших дочерних предприятий по инициативе крупных предприятий.

Малый бизнес служит основным источником нововведений, генератором новых решений, и само его присутствие создает предпосылки к инновационному развитию экономики.

«Малый бизнес может быть представлен производственной деятельностью, финансово-коммерческой, консалтингом и аудитом. Производственную деятельность можно назвать ведущим видом предпринимательства. Речь идет о производстве продуктов, товаров, выполнении строительных и сельскохозяйственных работ, транспортных операциях и операциях связи. При переходе к рыночной экономике сфера производственной деятельности подверглась наибольшему негативному воздействию вследствие разрушения отлаженных хозяйственных связей, нарушения материально-технического обеспечения, падения сбыта отечественной продукции, резкого ухудшения финансового положения предприятий и организаций». /2/

Основное преимущество малого бизнеса заключается в повышенной творческой инициативности, способности к быстрым переменам, самостоятельности в принятии главных решений, что позволяет получать выгоды от изменений во внешней среде, способствует созданию и внедрению новшеств.

«Приоритетное поле деятельности малых фирм составляют наукоемкие отрасли. К характерным особенностям наукоемких отраслей, определяющих их роль в экономике в целом, относятся: высокие темпы роста, в три – четыре раза превышающие темпы роста прочих отраслей хозяйства, что во многом обусловлено большей долей добавленной стоимости в конечной продукции; повышенная заработная плата работающих; крупные объемы экспорта и, что особенно важно, высокий инновационный потенциал, обслуживающий не только обладающую им отрасль, но и другие отрасли экономики, порождающий «цепную реакцию» нововведений в национальном и мировом хозяйстве.

. По обследованному массиву МСБ зафиксировано улучшение самооценок предпринимателей по таким ключевым показателям, как рост стоимости бизнеса, объем продаж, рост отпускных цен на продукцию, увеличение численности рабочих мест (рисунок 1).




Рисунок 1. Оценочная стоимость бизнеса, за 2014-2015 годы

Примечание – информация с официального сайта www.damu.kz /6/

«Более 46% активных предприятий малого бизнеса сосредоточено в сфере торговли, ремонта автомобилей и изделий домашнего пользования, 14% – в строительстве, 12,1% – в сфере операций с недвижимым имуществом, аренде и услугах предприятиям, 10,9% – в промышленности». /7/

Рисунок 2. Количество зарегистрированных и действующих МСП

Примечание – информация с официального сайта <http://stat.gov.kz> /7/

Рассматривая зарегистрированных субъектов в разрезе организационно-правовых форм, следует отметить следующее (рис. 3).



Рисунок 3. Количество зарегистрированных субъектов МСП

Примечание – информация с официального сайта <http://stat.gov.kz> /7/

В сравнении с 2014 годом в Казахстане количество зарегистрированных ЮЛ увеличилось на 2,3% (6 866 единиц) и составило 300 643 единиц. Доля ЮЛ от зарегистрированных субъектов МСП в 2015 году составляет 19,6%.

«Сегодня экономические изменения в Казахстане намного опережают преобразования в правовой сфере. Резюмируя все вышесказанное, остается отметить, что необходим равноправный союз между экономическими изменениями и законодательной базой, и именно это равноправие поможет сделать Казахстан экономически развитой страной с большими перспективами развития.

Государственная политика в области поддержки предпринимательства.

До настоящего времени государственная поддержка малого предпринимательства в Казахстане акцентировалась на предоставлении налоговых преференций и льготного финансирования за счет государственного бюджета велась не всегда на системных началах.

«Правительством с апреля 2015 г. запущена уникальная программа поддержки предпринимательства «Дорожная карта бизнеса – 2020». Ее целью является обеспечение устойчивого и сбалансированного роста регионального предпринимательства в не сырьевых секторах экономики. Фонд «Даму» выступает финансовым агентом субсидирования процентных ставок и гарантирования в рамках данной Программы». /14/

На сегодня в рамках Программы уже подписано более 240 договоров субсидирования и гарантирования и поддерживается портфель объемом 1 млрд. долларов

«Кроме финансовой поддержки МСБ, которая реализуется Фондом «Даму», есть и другие базовые направления господдержки. Это:

- совершенствование законодательной базы,
- административное регулирование,
- фискальное регулирование,
- обеспечение доступа к физической инфраструктуре и
- стимулирование спроса на продукцию МСБ». /15/

«Развитие инструментов финансовой поддержки осуществляется следующим образом. Общий ее принцип должен заключаться в том, что государство не должно выступать прямым кредитором. Частный капитал должен финансировать частное предпринимательство. Государство должно создавать возможность удешевления этого процесса через субсидирование, через гарантирование или какие-то другие варианты. Когда мы для себя поймем и скажем на всех уровнях, что государство будет создавать условия, но никому напрямую не будет выдавать ресурсы, и эти решения не будут приниматься государственными чиновниками, тогда, вероятно, что и система государственной поддержки изменится. Для удешевления кредитов обрабатывающей промышленности государство осуществляет субсидирование». /16/

Наиболее значимой проблемой при финансировании предпринимателей является отсутствие или недостаток залогового обеспечения. Во всех развитых странах мира данная проблема решается развитием системы поручительства или гарантирования кредитов. На сегодняшний день схема гарантирования предусматривает пошаговое рассмотрение индивидуальных заявок предпринимателей. Это позволяет обеспечить соблюдение приоритетов в соответствии с государственной политикой. Но такое рассмотрение приводит к длительности рассмотрения заявок и низкому охвату целевого сегмента.

В этой связи Фонд «Даму» выступает с предложением применить «пулевое» гарантирование – гарантия на портфель кредитов, выдаваемых банками.

Преимущества:

- охват большего количества заемщиков,
- оперативное доведение больших объемов средств до конечных заемщиков,
- соблюдение рыночных условий отбора заемщиков,
- повышенная эффективность государственно-частного партнерства.

Список использованной литературы

1. Грузинов В., Грибов В. Предпринимательство формы и методы организации предпринимательской деятельности // Экономика предприятия . — М., 2012. стр. 94.
2. Курс экономики : Учебник . Основы предпринимательства . — М.,2011. Стр.116.
3. КадзумаТатеис и. Вечный дух предпринимательства. Практическая философия бизнесмена. -М., Стр. 95.
4. Колесникова Л.А. Предпринимательство и малый бизнес в современном государстве: управление развитием/ М.: Новый Логос, 2010. Стр. 185.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазақстан Республикасының ұлттық экономика салаларының алдындағы негізгі міндеті бәсекеге қабілетті экономиканың қалыптастыру болып табылады. Еліміздегі экономикалық циклмен дамуы егемендігін алған жылдардан бастап құлдырау және соңында 1994-1995 жылдары дағдарыстың жоғары дәрежесі көрінді. Ал 1996 жылдан бастап еліміз экономиканың жандануы, инфляцияның төмендеуі, ЖІӨ-нің өсуі сияқты крсеткіштер оң бағытта өсіп экономикалық жандану және өсу сатысындамыз.

Экономиканың негізгі секторы болып саналатын өнеркәсіпті қайта және жанама индустрияландыру уақыт талабы болып отыр. Себебі, өнеркәсіп кез-келген мемлекет экономикасының түп қазығын құрайды десек, оны жоғары деңгейге көтеру үшін инновациялық-инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету бәсекеге қабілетті тауар өндіруге мүмкіндік берері сөзсіз.

Еліміздің рыноктық экономикаға өтуіне байланысты рынок құрылымдары күрделене түсті. Олардың ішінде ұлттық экономикамызда атап өтетін болсақ, соңғы он төрт жылда экономиканы жекешелендіру толық қанды жүргізілді, соның нәтижесінде рынокта қызмет ететін кәсіпкерлік қызмет даму үстінде және экономиканың тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз ететін шағын бизнестің дамуы да жаман емес. Біріншіден, біз рынок экономикасын насихаттап қана емес, оны жан-жақты дамытып жатқан елміз. Ал бәсеке рынок экономикасының негізгі құралы. Екіншіден, ауылды жаңғырту, ауылдық мекендерді жақсарту бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл ауыл экономикасының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді деген сөз. Үшіншіден, 2003-2015 жылдарға арналған Инновациялық-индустриялық бағдарлама қабылдадық, оны орындай бастадық. Аталмыш бағдарламаның келешек үшін маңызы зор, себебі бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын, инновацияға жетекші болатын бірден бір сала — өндіріс. Төртіншіден, тас және темір жолдарды, жалпы байланыс жүйесін жаңартып немесе күрделі жөндеуден өткізіп жатырмыз.

Қазақстанда нақты жұмыс істейтін нарықтық экономика құрылған. 2006 жылғы мамырда экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны 7991,4 мың адам болды. Өнеркәсіптің жетекші салаларының қатарына түсті және қара металлургия жатады. Қазақстанның мысы, қорғасыны, мырышы және кадмий сапасының жоғары деңгейде болуына байланысты әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін алып, нарықтық қатынастарға өтуде ең алғашқы міндет – ол экономиканы ырықтандыруға, шаруашылық жүргізуді демократияландыруға негізделген, инфляцияны тежеуге бағытталған қатаң қаржы – ақша саясатымен ұштастырылған түбегейлі реформа жүргізу болатын.

Сондай-ақ бұрыннан бері қызмет етіп келе жатқан экономикалық жүйе, елдердің экономикалық қарым – қатынасы бұзылуы салдарынан экономиканың құлдырауы одан сайын өрши түсті. Нарықтық жағдай бірден халыққа ұғынықсыз түнек болып көрінді, яғни нарықтық экономикаға сенімсіздікпен қараушылық пайда болды, ал бұл мәселе енді ғана халықтың сеніміне ие болып отырғаны баршамызға белгілі.

Бүгінгі Республикамызда экономиканы рыноктық қатынаста қайта құру жолында оның негізі болып табылатын кәсіпкерлік қатынастарды дамытып, оны жандандыру және оларды мемлекеттік қолдау күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Рыноктың өрлеп, өркендеуі кәсіпкерліктің қызметтеріне айтарлықтай тәуелді болады. Әсіресе, шағын кәсіпкерлік нарықтық экономиканың қайнар көзі болып табылады. Осы шағын кәсіпкерлік арқылы көптеген әлеуметтік – экономикалық мәселелерді шешуге болады. Осы шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы елдің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ету, халықтың негізгі бөлігінің жұмыспен қамту, яғни жұмыссыздық мәселесін шешу, қоғамда орта тапты қалыптастыру қызметтерін атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп жатқан экономикалық реформалар бағыты стратегиялық тұрғыдан, жалпы алғанда дұрыс.

Бірақ Қазақстандағы экономикалық реформалардың жайына жасалған талдау және олардың барысы, тактикалық тұрғыдан алғанда, Үкімет пайдаланып отырған әдістердің, нарықтық қатынастарға көшудің модельдері мен кезеңдерінің тиімсіз екенін дәлелдейді. Реформаларды жүзеге асыру барысында елеулі қателіктерге жол берілді.

Әлеуметтік экономикалық міндеттерді жыртықты жамау әдісімен шешуден бас тартатын мезгіл жетті, тактикалық міндеттерді әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру стратегиясына сәйкестендіре шындап қолға алу мақсатымен жүйелі жұмыс бастайтын уақыт келді. Қазақстан Республикасын өз ерекшеліктеріне, ұлттың менталитетіне сай, дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып әлеуметтік-экономикалық дамыту моделін жасайтын және іске асыратын мезгіл жетті. Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс. Біз мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз. Экономиканың барлық субъектілерінің түгелдей дерлік тұрақсыз болып, беріктігі қалыптаспаған жағдайда біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілі бір дәрежеде анықтап, болжам жасау өте күрделі іс. Тіпті негізделіп жасалған болжамның өзін күтпеген жағдайда жоққа шығаратын факторлардың көптігі соншалық, келешекті анық елестетуге мүмкіндік бермейді. Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құрудың жолы — негізінен мемлекеттік емес меншік нысандарын пайдаланатын шағын және орташа кәсіпорындардың үлес салмағын арттыру. Бұл жағдайда ондай кәсіпорындар саны тек қазіргі кездегі мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру есебінен емес, ал жаңа кәсіпкерлік құрылымдар есебінен көбейтілуге тиіс. Сондай кәсіпорындар құру және олардың қуатын арттыру аймақтың саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналуы керек. Енді Қазақстанға тоқталайық. Біздің пікірімізше, Қазақстанда магистральды темір жолдарға мемлекеттік меншікті сақтау қажет. Бұлай ойлайтын себебіміз, біріншіден, темір жол көлігінің экономикадағы рөлі өте жоғары, екіншіден республика темір жолының тығыздылығы өте төмен (1000 шаршы километрге 5,3 км), үшіншіден, барлық магистралдар белгілі бір бағытта баламасыз. Нарықтық экономикаға өтпелі кезеңде темір жол көлігін реформалаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Көліктің бұл түрінің қор сыйымдылығы өте жоғары, өндірістік тасымал процесі технологиялық үздіксіз болуы керек. Яғни, темір жол шаруашылығының ешқандай бөлігі — мейлі жол учаскесі болсын, мейлі жолаушы вагоны болсын — өз бетімен қызмет жасай алмайды. Экономиканың барлық субъектілерінің түгелдей дерлік тұрақсыз болып, беріктігі қалыптаспаған жағдайда біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілі бір дәрежеде анықтап, болжам жасау өте күрделі іс. Тіпті негізделіп жасалған болжамның өзін күтпеген жағдайда жоққа шығаратын факторлардың көптігі соншалық, келешекті анық елестетуге мүмкіндік бермейді. Экономикасы дамыған қай елді алсақ та тұрғындардың басым көпшілігі, тек кәсіпкерлер қатарынан тұрмайды. Олар үшін ірі парламенттік партиялар да ашылмайды. Ал біздің жағдайда, меншіктің барлығы дерлік мемлекеттің қарамағында, тұрғындардың басым көпшілігі жалданбалы еңбекпен шұғылданады. Саяси жағдайдың бір ерекше көрінісі осы басым көпшіліктің саяси партиялар жүйесінде өте аз орын алатындығында. Сол себепті белсенділігі күтпеген, арнайы ұйымдастырылмаған жерде пайда болып, партиялар, бірлестіктер ықпалынан тыс қалып отыр. Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құрудың жолы — негізінен мемлекеттік емес меншік нысандарын пайдаланатын шағын және орташа кәсіпорындардың үлес салмағын арттыру. Бұл жағдайда ондай кәсіпорындар саны тек қазіргі кездегі мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру есебінен емес, ал жаңа кәсіпкерлік құрылымдар есебінен көбейтілуге тиіс. Сондай кәсіпорындар құру және олардың қуатын арттыру аймақтың саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналуы керек. Экономиканың дербес сферасы болып, инфрақұрылым, материалдық-заттық өндірістен қоғамдық еңбек бөлінуінің тереңдеуіне және оның сыртқы жағдайларын қамтамасыз етуге деген сұраныстың өсуіне байланысты бөлініп шықты. Экономикалық реформа қоғамдық жарасымдылық, өткен кездің оң жетістіктері мен тенденцияларын сақтау, мемлекеттің қауіпсіздік және халықтың барлық топтарының құқықтары мен оның ерекшеліктерін қамтамасыз ету принциптеріне негізделген түбегейлі шаралардың біртұтас жүйесін қажет ететіні айқын болды. Ел экономикасы ХХІ ғасыр шебінде тұр. Мәселе ХХІ ғасырдың табалдырығынан қандай нарықтық жетістікпен, қандай дайындықпен аттағалы отырғанымызда. Монография авторы экономикалық реформаның барысын, оның жетістіктері мен кемшіліктерін ашық көрсетуге тырысты. Соның негізінде автор отандық тауар

өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету басты мақсаты болып табылатын жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) концепциялық негізін әзірледі. Экономикалық реформаның түрлі салалары, жолдары осы ЖЭС концепциясымен негізделуге, онымен байланыстырылуға тиіс. Дипломның бүкіл мазмұнына осы идея өзек болған. Нарықтық экономиканы басқаруды реформалау жөніндегі жаңа тәсілдер, Қазақстан Республикасының экономикасын дағдарыстан шығарудың әдістері мен жолдары ұсынылған. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында (Астана, 2005 жылғы 18 ақпан) елбасы былай дейді: «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Біз жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтып, бірлесіп тағы да бір Қазақстан орнататындай межеге жақындадық. Біз ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасын құрдық. Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар. Бүгін экономикалық өсудің негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып отыр. Көмірсутегі шикізатын өндіру көлемін 1985 жылмен салыстырғанда біз 225 пайыз ұлғайтуға қол жеткіздік, ал былайғы дүниеде ол небәрі 1,3 есе шамасында ғана өсті. Экономиканың барлық субъектілерінің түгелдей дерлік тұрақсыз болып, беріктігі қалыптаспаған жағдайда біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілі бір дәрежеде анықтап, болжам жасау өте күрделі іс. Тіпті негізделіп жасалған болжамның өзін күтпеген жағдайда жоққа шығаратын факторлардың көптігі соншалық, келешекті анық елестетуге мүмкіндік бермейді. Бұл ретте әр түрлі әлеуметтік және кәсіпқой топ өнімдері өздерінің мүдделерін тек бүгінгі күнмен өлшемей, тереңірек ойлап, болашаққа сәйкес шешудің маңызы зор екенін ұққаны дұрыс Республикамыздың келешекте дамуы қазіргі жағдайда қандай саяси әрекеттердің, заңдар мен шешімдерді қажет етеді. Қазақстанда жаңадан саяси жүйелердің жаңа негізі пайда болуда. Экономикамызда нарықтың қатынастың негізі қалануда. Мұндай жағдайда саяси партиялардың тез арада пісіп жетілмеуі де сөз жоқ табиғи нәрсе. Республикада саяси процестердің дамуы өкімет пен халық мүддесін қорғайтын қатаң ынталылық принципіне негізделген. Саяси өркенниетті өмірдің пайда болып, оның әрі өркендеп дамуын талап етеді. Экономиканың дербес сферасы болып, инфрақұрылым, материалдық-заттық өндірістен қоғамдық еңбек бөлінуінің тереңдеуіне және оның сыртқы жағдайларын қамтамасыз етуге деген сұраныстың өсуіне байланысты бөлініп шықты. 1995 жылдың ақпан айының басында «1995 жылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды көрсеткіштері» ресми түрде қабылдады. Ал 1999 жылдың наурыз айының басында Экономика министрлігі 1999 — 2005 жж., және екі кезеңге бөлінген: 1999 — 2000 және 2001 — 2005 жж., орта мерзімдік жоспарын қалыптастыру жөніндегі құжаттар пакетін дайындады және министрліктерге, ве-домстволарға, облыстық әкімшіліктерге жіберді. Тағы да бір айта кететін жайт — «Тізімде» (15-п.) «Облыстар мен Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарлары облыстар және Алматы қаласының әкімдері, өзінің есебімен қаржыландырылатын бөлімін дербес әзірлейді және ат-қарылуын қамтамасыз етеді, ал жалпы ұлттық мәселелерге қатысты және мемлекеттік орталықтандырылған қаражаттар есебімен қаржыландырылатын бөлікте Қазақстан Республикасының әлеуметтік-эконо-микалық дамуының индикативтік жоспарында анықталған индикаторлар және ресурстар қабылданады». Бірақ та қаржыландыру мәселелері жөніндегі жоғарыда аталған құжаттар пакетіндегі негізгі көрсеткіштер тізімінде аймақтарды дамытуды қаржыландыру көрсеткіштері жоқ. Ал Қазақстанда экономикалық ғажайып болуға сәл қалып еді, болайын деп болмай қалды. Себебі 2007-2009 жылдары әлемдік қаржылық дағдарыстың салқыны еліміздің де экономикалық дамуына кері әсерін тигізді. 2009 жылы ЖІӨ өсімі 1,2 пайызға дейін төмендеді. Мұнайдың Қазақстан экономикасындағы үлесінің өте жоғары екенін көреміз. енді келесі жылы экономикамызды қандай жағдай күтіп тұр деген сұраққа жауап беретін болсақ. Оны да келесі жылға мұнай бағасына жасалған болжам арқылы суреттеуге болады. Төмендегі суреттен әлемдегі ірі қаржылық институттардың, рейтингтік агенттіктердің 2019 жылға мұнай бағасына жасалған болжамын көруге болады. Қазақстан сияқты дамушы мемлекет үшін ЖІӨ 3-4%-дық өсімі жеткіліксіз болады. Ол – дамыған АҚШ, Батыс Европа елдері үшін жақсы өсім, себебі олардың ЖІӨ көлемі триллиондаған доллар. Ал біздің ел үшін 2050 жылға дейін 30 бәсекеге қабілетті елдің қатарына кіреміз десек, кем дегенде 6-7%-дық өсім болуы керек. Сонымен бірге, Қазақстан мұнай өндірісін одан әрі кеңейтуге ниетті (2017: шамамен 86,2 млн. тонна). 2018 жылы өндіріс 90,3 млн. тоннаны құрады. Уақытша тоқтатылған Қашаған кен орнында өндіріс қалпына келтірілді және мұнда шешуші рөл атқарады.

Жаңғыртудың кешенді шаралары 2016 жылдың аяғынан бастап қаржыландыру мүмкіндіктерінің артуына әкелді. Алайда, ХВҚ Қашаған мұнай кен орнында өндірістің басталуымен 2020/2021 жылға дейін болжанған тез өсімді күтпейді. Қазақстан экономикасы 2017 жылдан бастап 2015/16 дағдарыстың қиын жылдарынан кейін айтарлықтай жақсарды және өзінің оң дамуын жалғастыруда. Шикізат бағасының қалыпты өсуі және мұнай өндірісінің ұлғаюы, сондай-ақ құрылыс, ауылшаруашылық және көлік салаларындағы белсенділік сияқты оң факторлар қазірдің өзінде басталған немесе жоспарланған құрылымдық реформаларды (мысалы, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары») жүзеге асыруды қолдай алады. Осылайша қажетті экономиканы модернизациялау, әртараптандыру және цифрландыруды алға бастыруға болады. Экономиканы ынталандыру мақсатында Қазақстан мемлекеттің экономикаға әсерін азайтуды жалғастыруда және осыған байланысты 200-ден астам мемлекеттік компанияларды жекешелендіруді жоспарлап отыр. АІХ қор биржасында сегіз негізгі активтер (мысалы, Эйр Астана) 2020 жылға дейін ішінара жекешелендірілетін Астанадағы Халықаралық қаржы орталығы маңызды рөл атқарады. Қазақстан экономикасы Өнеркәсіптің жетекші салаларының қатарына түсті және қара металлургия жатады. Қазақстанның мысы, қорғасыны, мырышы және кадмий сапасының жоғары деңгейде болуына байланысты әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті. Қазіргі таңда экономикалық дамудың негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып табылады. Қазақстан қазір хром, ванадий, рений, висмут, фтор қоры жағынан дүние жүзінде бірінші орын алады. Ал темір, хромит, қорғасын, мырыш, вольфрам, молибден, фосфорит, мыс, калий және кадмий қорынан елімізде алдыңғы орындардың бірінде. Қазақстан экономикасын дамыту Қазақстанның пайдалы қазбалары ғылыми технологияларды қолдана отырып, толықтай өнім ретінде экспортталса Қазақстанның табиғи ресурстары қорғауға алынып, өз дәрежесінде тиімді түрде пайдаланылуы қажет. Қазақстанның экономикалық потенциалын өзге де шетелдермен салыстырсақ елімізде өнеркәсіпті дамытуға барлық жағдайлардың және мүмкіншіліктердің бар екендігі белгілі. Оларды атап өтсек: шикізат қорларының молдығы, еңбек ресурстары мен білімді және интеллектуалды мамандардың жеткіліктілігі, жаңа өндірістер құру үшін аймақтардың кеңдігі, географиялық жағынан орналасу тиімділігі (Азия мен Еуропаға қақпа ретінде болу), ішкі және сыртқы нарыққа шығудағы бірқатар артықшылықтары – мұның бәрі өнеркәсіп салаларын, соның ішінде өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың алдында жаңа мүмкіндіктер ашады. Әрине, жас отандық өнеркәсіптің қарқынды дамуына кедергі келтіріп отырған мәселелерде жоқ емес. Бүгінде елімізде осы мәселелерді шешу үшін жан-жақты қызметтер іске асуда.

Қорытындылай келсек елімізде жүргізілген барлық экономикалық шаралар өз өнімін беріп, мығым экономикалық өсуге қол жеткіздік. Енді өткен шаралардың кемшілігін түзеп, дамыған ел қатарына қосылу үшін әлем жүріп өткен жолдарды саралап, ұлттық экономикаға тиімді жағын таңдап алу және соған жету үшін рыноктық қатынастардың заңдылықтарын, қызмет ету механизмін саралап оларды ұлттық экономика дамуына қолдана білсек, бұл біздің дамып келе жатқан еліміз үшін маңызды болып табылады. Ғылымының арнайы саласының объектісі ретінде ресми статуска ие болуы керек. Ол жас экономист ғалымдарды тарта отырып монографиялық және диссертациялық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді және де осы мәселелер бойынша фундаменталды оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға септігін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер мен дерек көздер тізімі:

1. <https://7kun.kz/aza-stan-ekonomikasyny-b-gingi-ta-da-y-zhalpy-zha-dajy-kursty-zh-mys/>
2. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD_%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%81%D1%8B
3. <https://informburo.kz/pikir/maqsat-halyq/azastan-ekonomikasy-bgn-men-bolashay-nemese-azastan-ekonomikasyny-ltty-model-anday.html>

ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ғылыми жобаның өзектілігі: Ұлттық аспаптардың тәрбиелік мәнін оқушы бойына сіңіре отырып, дарындылығы анықталған, шығармашылықпен ойлай алатын азамат қалыптастыру негізге алынған.

Ғылыми жобаның мақсаты: Ұлттық аспаптарды балабақшада, мектептерде балаларға үйретіп, тыңдатып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Ғылыми жобаның міндеттері:

- Қажетті әдебиеттерді жинақтап, танысып, талдау;
- Ұлттық аспаптардың сипатына тоқталу;
- Ұлттық аспаптарды ажырата білуге және құрметтеуге баулу.

Зерттеу объектісі: Ұлттық аспаптардың тәрбиелік мәні.

Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны мен құрылымы өзгеріп отырған кезеңде музыка сабақтарында оқушыларға музыкалық аспапты меңгертудің алар орны ерекше.

Қазақтың ұлттық аспаптары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың ұлттық аспаптарының өзіне тән үні (әуенділігі мен саздылығы), орындаушылық дәстүрі бар.

Музыка аспаптарын жаугершілік заманда халыққа хабар бергенде, аң үркіткенде, әнші-күйшілер ән-күй орындағанда, бақсылар сарнағанда пайдаланып отырған. Мысалы, жау шапқанда елге хабар беру үшін үрмелі аспаптарды (дабыл, дауылпаз, ұран, керней); бақсылар сарнағанда-даңғара, асатаяқ, шаңқобызды; әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде - домбыра, сыбызғы, сырнай, қылқобыз сияқты шекті аспаптарды пайдаланған. Музыка аспаптары кептірілген қайың, шырша, емен ағаштарынан, қамыстан, сазбалшықтан, малдың терісі мен сүйегінен, мүйізінен, қылынан жасалған.

Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жанашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ұлттық аспаптарды сабақта тиімді пайдалану екендігін байқатады.

«Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек!» – деп жазады Ж.Аймауытов. Аспапта ойнау бала болмысымен тығыз байланысты. Оны бала тәрбиесіндегі маңызды құрал ретінде қолдану ғасырлар бойы жалғасып келеді. Ол балалардың тату-тәтті ұжымын ұйымдастыруда, еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыруда, шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Барлық аталған тәрбиелік тәсілдер аспапты меңгерту арқылы жүргізіледі, себебі ол баланың психологиялық дамуына, оның тұлға ретінде қалыптасуына, жігер, қайрат, ұстамдылық, қызығушылық сияқты қасиеттеріне әсер етіп дамытады.

Ұлттық аспаптарды сабақта қолданудың білімділік-тәрбиелік рөліне тоқталатын болсақ, белгілі композитор, академик А. Қ. Жұбанов: «Халық аспаптарының ішектерінде ғасырлар бойғы даналық тұнып тұр», - деген еді. Қазақ халқы өнерге балаларды ерте жастан үйретті, оны меңгеруде өзіндік әдістемесі болды, Мәселен, оларды сәби жастан домбырада ойнауға үйрете бастаған. Олардың үлгі тұтар ұстазы ата-аналары мен музыкалық қабілеті бар адамдар болды.

«Аспапта ойнауға үйрету-көрсету, жаттығу, естігенін еліктеп қайталау әдістерімен жүзеге асырылып отырды. Соның ішінде әсіресе, естігенін еліктеп қайталау әдісі баланың музыкалық

есту қабілетінің дамуына, естіген әуенді тез арада қағып алып, қолма-қол аспапқа түсіріп ойнауына, ұзақуақыт есте сақтауына септігін тигізеді. Мысалы, ұстаз аспапты қалай ұстауды, қалай күйін дұрыс келтіруді, оң қолмен қалай шертуді және сол қолмен пернелерді қалай басу керектігін көрсеткеннен кейін, бір әуенді немесе шағын музыкалық шығарманы ойнайды, ал үйренуші сол естігенәуенін, көргенін өз аспабында қатарласа отырып қайталайды.

Музыканы осылай жүйелі түрде, дәйекті жаттықтыру, ырғақты есте сақтау қабілетін дамытып, сол аспапты еркін меңгеруге көмектеседі. Айта кету керек, бұрын қазақтар баланың жас немесе бойын есепке ала отырып, аспаптарды өздері жасаған немесе сатып алып отырған. Жас мөлшерініңөсуіне қарай домбыраға үйрету әдістемесі де күрделене түсетін». Өзінің жеке басының үлгісімен шәкіртін таңдандырып, оның әрбір ойынын талдай отырып, қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп үйрете келе, «ұстаз» өз шәкіртінің шығармашылық жағынан өсуін мүқият қадағалап, шеберлігі мен ойнаудағдыларын жетілдіріп отырған. Мысалы, А.Жұбановтың айтуынша халық композиторы, тамаша күйші Дина Нұрпейісова 9 жасынан бастап күй шертті, алғашқы күйлерді ол өз әкесінен естіп, үйренеді. Ал әкесі домбырада жақсы ойнайтын. 1870 жылы Дина атақты домбырашы, қазақтың аспаптықмузыкасының негізін салушы Құрманғазымен кездеседі, ол оған орындаушылық өнердің алғашқы сабақтарын береді. Содан кейін ол әйгілі домбырашы Салауаткерейге жолығады. Ол Динаны өзінің әкесі, халық композиторы Дәулеткерейден үйреніп алған күйлерді орындауға үйретеді. Осылайша өзінің алғашқы ұстазы Құрманғазыдан және басқа да белгілі домбырашылардан Д.Нұрпейісова көптеген күйлерді үйренген. Дина халық композиторының күйлерін де, өзінің шығарған күйлерін де шеберлікпен ойнады. Осы айтылғандардың бәрі қазақ музыкасының мүмкіндіктерінің жоғары болғанын, әсіресе ұлттық аспаптарды меңгеруде үлкен рөл атқарғанын, бастауыш сыныптың музыка сабағында оқушыларға музыкалық тәрбие берудің жоғары екендігі дәлелденеді.

Қорытынды:Музыка – адамның ой-қиялын оятып, жүрек қылын, сезімдерін тербетіп, қуанта да, мұңайта да білетін құдіретті күш. Сол құдіретті күшті шығаратын аспаптар шығу тегін зерделеу, бір жүйеге түсіру қазақ музыка мәдениетінің жүйеленіп, соның ішінде аспаптану ғылымының өз алдына бөлек ғылым болғанынбайқатады. Бұған қазақ аспаптарының осы кезеңге дейін төрт түрі ғана белгілі болып келсе, қазір қазақ аспаптарының жиырма тоғыз түрінің белгілі болғандығы дәлел.Қазақ аспаптарының шығу тегі түбі бір түркі жұрттарының аспаптарының шығу тегімен ұқсас, бір болғанымен, қазақ аспаптарының өзіндік ерекшеліктері қазақ музыка мәдениетініңқалыптасқанын, дамығанын көрсетеді. Ұлттық аспаптарды сабақтарда қолдану мынадай педагогикалық міндеттерді көздейді:

1. Домбыра сүйемелдеуімен ән айтып, күй тартуды үйрету, қазақтың басқа да халық аспаптарын меңгерту, бірге ойнауға дағдыландыру. Сол арқылы олардың жалпы халық өнеріне деген ықыласын арттыру.
2. Балалардың шығармашылық ынтасын, ой-өрісін, фантазиясын, қиялын дамыту.
3. Дәстүрлі өнеріміз арқылы қайырымдылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеп, мәдениетті жан-жақты адам етіп шығару.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Педагогическое руководство. – Оренбург: 1924
2. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. - Алматы: Жазушы, 1978
3. Балтабаев М.Х. Фольклор және вокалды-аспаптық ансамбльдер. -Алматы: Өнер, 1989

Алихан Елнура

Фермер шаруашылығы мамандығының студенті

Жетекшісі: Қуатбекова Раушан

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құланың ауылы

Құланың агротехникалық жоғары колледжі

АЛОЭ ӨСІМДІГІНІҢ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

«Алоэ өсімдігінің емдік шипасы» деген қағиданы ұстана отырып алоэ өсімдігінің емдік қасиеттерін зерттеуге бел будым. Менің бүгінгі таңда қорғағалы тұрған тақырыбым «Алоэ өсімдігінің ерекшеліктері және емдік қасиеттері» бұл тақырыпты таңдауыма мен бөлме гулдерін жақсы көремін.Өзім бала күнімнен бөлме өсімдіктерін өсіріп, күтіп, баптауды ұнататынымын. Ес білгеннен бері біз бөлме өсімдіктері ғана емес, жалпы өсімдік атауының адам өміріне, олардың денсаулығына тигізетін пайдасы, қасиеттері қызықтыра бастады. Қоршаған ортаның адамдарға тигізетін әсері орасан зор екендігі белгілі. Соның ішінде дәрілік өсімдіктердің адам өміріне тигізетін маңызы зор екеніне ешкім күмән келтіре алмас. Біздің халқымыз ерте замандардан бері дәрілік өсімдіктердің құпиясын білген, әрі оларды әртүрлі ауруларды емдеуге шебер қолданып келген.

Өсімдіктердің емдік қасиеттерін білу үшін көп еңбек етуге тура келді. Колледж және аудан кітапханаларында болып осы төңіректе көптеген мәліметтер, деректер жинақтадым. Көп ізденіп зерттеу барысында өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы деректер жинала бастады. Атап айтсам, бөлме өсімдіктерінен емдік мақсатта алоэ, орыс халқы оны «столетник» (жүзжылдық) деп те атайды, герань, фикус, кактус т. б. өсіремін. Қазіргі технология қарқындаған заманда ауаның түрлі себептермен ластануына байланысты адамдарда көптеген ауру түрлері көбейіп отырған жайы бар. Сол ауруларды өсімдіктермен емдеу жолдарын білген әрбір адамға тиімді болар еді. Өкінішке орай аяғымыздың астында өсіп тұрған емдік қасиеті жоғары өсімдікті тани бермейміз. Егер әрбір саналы, сауатты Қазақстан азаматы, азаматшасы өз елінің табиғат сыйлаған сыйын танып, қолдана білсе, салауатты өмір кепілі болмас па еді. Олай дейтінім ерінбей бар затты пайдалану керек. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демейме атам қазақ.

Сондықтан табиғаттың сыйға тартқан дәрілік өсімдіктерін тану, олардыз ерттей білу, қасиеттерін ашумен үшін алға қойған басты мақсат деп білемін.Қоғам бар жерде адам бар. Адам бар жерде түрлі аурулар бар. Бірақ,сол мәселені шешу жолдарын іздестіру қазіргі таңда әр адамның саналы қорғанысында.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті:

Осы ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты алоэ өсімдігінің түрлерін, олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу. Тіршілік процесіндегі өсімділігін және әдемілігін сонымен бірге өсімдіктің шипалығын анықтау.Алоэның табиғатта – ауаны тазарту, шаң мен улы газдарды өзіне сіңіруі, емдік, сәндік қасиеті жайлы толық мағлұматалу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады.

- ғылыми әдебиеттерге шолу, мәлімет жинақтау
- алоэ өсімдігінің биологиясын және морфологиясын анықтау.
- алоэ өсімдігінің өсуінің ерекшеліктерін анықтау.
- алоэ өсімдігінің табиғаттағы және адам өміріндегі пайдасын анықтау жолдары.

-алоэ өсімдігінің адам ағзасы үшін емдік қасиетін анықтап, емдік шипа ретінде қолдану

II.Негізгі бөлім

Біздің халқымыз ерте замандардан бері дәрілік өсімдіктердің құпиясын білген, әрі оларды әртүрлі ауруларды емдеуге шебер қолданып келген. Шипалы өсімдіктерден дәрі жасау әдістері ұрпақтан - ұрпаққа өтіп, бұл дәстүр атадан жалғасып отырған. Қазақстан табиғи жағдайлары әртүрлі болып келетін орманды, далалы, таулы аймақтардан тұрады. Республика аймағында 6000 - ға жуық өсімдік түрлерін кездестіруге болады екен десек, оның 500 түрінен дәрілік заттар алынады екен. Осынша байлықты игерумен бірге дәрілік өсімдіктерді зерттеудің, оны танып, білудің маңызы зор. Ерте заманнан бері мал бағумен айналысқан көшпелі қазақ халқы шөптердің, жалпы өсімдіктердің емдік қасиеттерін ертеден білген. Әбу - Насыр - Әл Фараби, Әбу - Әли Ибн - Сина, Беруни, Әл - Джуржани қазақ халқының медицинасының дамуына әсері дәрілік өсімдіктерді тауып пайдалануына зор ықпал етті. Жер жүзіндегі дәрілердің 40 %-ы өсімдіктен дайындалады екен. Қазіргі кезде шөппен емдеу әдісі - тәсілдері кеңінен қолданылып жүр. Үй жағдайында кеңінен қолдануға жеткілікті. Ол үшін «дәрісіз ем - дом» дәрілік өсімдіктерден іздеуіміз керек. Қай заманда болсын, адам өсімдік өнімдерінің тағамдық жағына ғана емес, сонымен қатар емдік, шипалық жағына да көңіл бөлген. Қазіргі кезде «дәрі ауруы», аллергияның шығуы, иммунитеттің азаюы сияқты құбылыстардың байқала бастауына байланысты оның маңызы арта түспесе кеміген жоқ. Дәрілік өсімдіктерді ем ретінде пайдалану сонау көне заманнан бері дағдыға айналған, мұны ескі ескерткіш қолжазбалардан айқын көре аламыз. Осы дәрілік өсімдіктерінің ішінде үйде өсетін алоэ өсімдігінің ерекшелігімен емдік қасиеті жайында бүгінгі ғылыми жұмысымда айқын көз көз жеткізугі болады.

2.1. Алоэ өсімдігінің сипаттамасы.

Алоэ, сабыр (Aloe) — лалагүл тұқымдасына жататын көп жылдық бұта, кейде шырмауық түріндегі мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер. Тропиктік, субтропиктік белдеулерде кездеседі. Биіктігі 7-12 м-дей, сабағыжуан, жапырағышырынды, етті, тікенді болып келеді. Қызыл, қызғылт-сары, сарытүсті, гүлі түтікшекелген қоңырау тәрізді гүлшоғырына топталған. Сирек гүлдейді, негізінен құстар арқылы тозаңданады. Тұқымынан кейде өсімді (вегетативті) жолмен де көбейеді. Тұқымы жалпақтау қоңыр түсті. Алоэны көбейту үшін сабағының түбінен шығатын атпа бұтақтарынан алық өсімдіктен бөліп алып, құмды құнарлы топыраққа отырғызу керек. Қазақстанда Ағаш тәрізді Алоэ (Алоэ arborescens) деген түрі қолдан өсіріледі. Алоэ- емдік қасиеттерімен бөлме өсімдіктерінің патшайымы атанған өсімдік. Отаны-Оңтүстік Африка. Таралуы: Африка мен Индияның жартылай шөл далаларында, Мадагаскарда кездеседі. Алоэ-асфоделовтар тұқымдасының суккулентті өсімдіктер туысы, 400 түрі бар. Олар мәңгіжасыл немесе алабажақ, шөптесін, бұта, ағаштектес көпжылдық өсімдік.. Суккулентті, жапырағының жиектері тегіс немесе ара тісті. Құрғақшылық жылдары бұл өсімдік жапырағының шырышты өзегіне қоймалжың шырын жинайды да, ол өсімдікті солып қалудан сақтайды.. Көп жерде бөлме өсімдігі, яғни әсемдік ретінде өсіріледі. Көбеюі вегетативтік жолмен. Ресейде мәдени өсімдік ретінде 40-жылдарда орын тапты. Гүлдеу уақыты: қысқыайлар, ә р жылда емес. Қолдану бөлігі: жапырағы, сөлі. Жинау уақыты: жыл бойы. Қытайда веналық ауруларды емдеуге қолданады. Алоэ суық тигенді емдейді. Мысалы: тұмау ауруына, жара мен кесілген жерлерді жазады. Мидың үлкен ми сыңарларындағы тітіркену мен тежегішті реттейді. Жұмыс істеу қабілетін жоғарылатып, физикалық ауырлықты жеңеді. Ағзаның сақтандыру функциясын ретке келтіреді.

Химиялық құрамы

Жапырағында антрагликозид-алоин бар, 1,66 алоэ-эмодин, 25% алоэзин, натолин, геманатолин, ребарберон, шайырлы қоспа, 20% эфир майы, ферменттер мен микроэлементтер, витаминдер, фитонцидтер кездеседі. Ең құндылығы сол құрамындағы 22 амин қышқылының 20-ы адам организмінде кездеседі. Ал жақында ғалымдар оның құрамынан сирек кездесетін күрделі

көмірсу –**ацеманнан** тапты. Ацеманнан тұмау мен қызылшаны және ісік ауруларын емдеуге қолданылады. Бүгінде ол затты СПИД-ті емдеуге қолдануда.

Қолдану бөлігі: жапырағы, сөлі. Жапырағын кесерден 2 апта бұрын суармау керек. Емдік мақсатқа 3-5 жылдан асқан алоэ ғана жарайды. Жинау уақыты: жыл бойы. Қасиеті: кермек дәмді, усыз келеді.

Алоэның қарсы көрсетілімдері

- өт жолдары аурулары
- бүйрек, бауыр аурулары
- гипертония
- гемморой
- жүктілік мерзімі

Көбеюі

Жас өсімдікті жыл сайын отырғызады, ересектері әр 2-3 жылда жақсы топыраққа отырғызылады. Алоэның көбінесе шілде мен тамызда немесе көктемде көбейтеді. Олардың көбею мүшелері 10-12см болуы керек, сонымен қоса 1 тәулік ауада ұстаған жылы топыраққа 1см тереңдікте, бөліктер арасын 3-5см-дей етіп отырғызады. Тамыры пайда болғанда отырғызуға болады. Алоэның тұқымы мен де өсіруге болады. Тұқымынақпан, наурызайларындасебеді. Температурасы 25⁰С –тан төмен болмауы тиіс.

Алоэның қолданылуы

Жапырақ сөлі тәбет ашады, ас қорытады. Әр түрлі микробтарға қарсы тұра алады. Химиялық медицинада алоэның шырыны жараны таңуға, әртүрлі тері ауруларына пайдаланады. Өсімдіктердің жаңа сөлі әсіресе қараңғы жерде ұстағаны туберкулезді емдеу үшін қолданады. Халық медицинасында жаңа жапырақтарды күйікті жазуға, дерматитке қарсы дәрі ретінде қолданылады. Алоэның су тұнбасы тәбетті толықтай ашады. Академик В.П.Филатов алоэның жапырағын түнде яғни 4-8 рет ұстауы ескертеді, себебі осы уақытта алоэ жапырағында негізгі заттар жинақталады. Олар ұлпа жұмысын жақсартады. Бұл заттар биогенді стимуляторлар деп аталады. Осы әдіс көптеген жазылмас аурудың алдын алуға көмектеседі. Тері сыртындағы іріңді жара, күйік, қағынған жараларға өсімдіктің жапырағы мен сөлін қолданады. Көздің де әртүрлі жұқпалы аурулары үшін қолданылады. Сонымен қатар демікпеде, асқазан ойық жарасында., асқазан ауруларына қарсы қолданады. Кейбір шырындарға қосады. Алоэның дәрілік қасиеті осыдан 3000 жыл бұрын белгілі болды. Оны Египетте, кейін Индияда, Италия, Грецияда сыртқы күйіктерге арнап қолданды. Орыс медицинасында жапырақ сөлін жүйке ауруларын, бас ауруыт.б. сырқат үшін, бал мен борсық майын қосып туберкулезді емдейді.

Алоэның басты ем болатын аурулары және қолданылуы

1. Иммуитет көтеруде: 500 г жаңа кесілген алоэ жапырағын грек жаңғағы дөнімен араластырып, ет тартқыштан өткіземіз. Оған 1,5 стакан бал араластырып, тамақтан соң бір ас қасықтан күніне 3 мезгіл бір ай ішу керек.

2. Тісті ауырғанда алдымен тұзды сумен жуып, алоэдан 1 г ұнтақтап, оны тіске басады.

3.Сыртқы жарақаттан қан шыққанда алоэден лайықты мөлшерде алып, жаншып жарақатқа таңады.

4. Демікпеге жас алоэні езіп, шырынын күніне 3 рет, әр ретте 5 мг ішеді.

5.Шиқан шыққанда, іріңді жараларды алоэның жапырағын тіліп, жараның аузына тартады. Шиқанның соқтасын соруға, тез жазылуына, әрі қарай созылмауына алоэ жапырағы көп көмектеседі.

6. Әсемдік-косметикалық маска жасау, жұмыртқаның ақ уызы мен алоэ өсімдігінің сөлін қосып маска дайындап бетке аптасына 1-2 рет қолданса, бет тазаланып, ағарады.

Сондай-ақ адамның тәбетін ашуға, іш тоқтатқанға, асқазан ауруына, ішек аурулары мен баспаға жақсы ем. Бал қосылған алоэ шырыны туберкулез ауруына бірден-бір ем болып табылады.

2.2. Алоэ өсімігін практика жүзінде қолдана отырып, емдік қасиеттерін анықтау.

Күнделікті тұрмыста халық медицинасының қоспасын даярлау

Қоспа № 1

Жаңа жапырақ сөлі қараңғыда ұстаған борсық майын араластырамыз және де бал қосамыз, май, 100 бөліктей какао, алоэның жапырағының 15 бөлігін 1 шайқасық сөлді 1 стакан сүтке қосамыз. Туберкулез кезінде күніне 2 рет қолдану керек.

Қоспа № 2

Әлсіреткіш қоспа ретінде келесі қоспа дайындалады: 150 гр алоэ жапырағы (тікеніменбірге) қолмен езіп, 300 гр ыстық бал қосады, қайнағанға дейін ысытады. Тәулік ұстап, сосын ысытады. Тамақ ішер алдында 1 сағат бұрын әр таңертең 5-10 г рқолдану қажет.

Қоспа № 3

Қолмен алоэның жапырағын езіп, күніне сөлін 3-4 тамшы қолданады. Мұрын қуысы ауруына қолданады.

Қоспа № 4

Сөлін балмен араластырып, бронхитқа қарсы күніне 3 рет шайқасықтың 1/2 бөлігін пайдаланады.

Қоспа № 5

Жараларға жапырағын ортасынан кесіп, ылғал жағын таңады.

Қоспа № 6

Жапырағын кесіп, тазалап жуып, мясурубкадан өткіземіз. Бал қосамыз. Асқазан қыжылына 1 шай қасықтан қолданады.

Қоспа № 7

Суық тиюге 2-3 сағатаралығында 5-6 тамшы пайдаланады.

Қоспа № 8

Алоэ сөлі мен жұмыртқа ақуызын қосып араластырып бетке маска ретінде аптасына 1-2 рет қолданылады.

Қоспа №9 Құрғақ бетке арналған крем жасау, алоэ өсімдігінің сөліне детский кремның жартысын қосамыз, облепиховое майын 1 шай қасық, виноградный косточек майын 1 шай қасық қосып барлығын араластырып үш аптаға холодильнике саламыз.

Қорытынды

Денсаулылығымыз мықты болуы үшін батпандап кіріп, мысқылдап шығатын ауруды дәрісіз-ақ үй жағдайында бөлмеде өсетін дәрілік алоэ өсімдігімен-ақ емдеп жазуға болады. Дәрілік өсімдіктермен айналысу денсаулығымызды сақтауға көмектеседі, отбасының қаражатын үнемдейміз, табиғат байлығын қорғауға да атсалысамыз.

Міне, осындай емдік қасиеті бар өсімдіктерге оқушылар кішкентайынан мән беріп, өз игілігіне қолдана білсе, шипаны алыстан іздемейді. Дәрілік өсімдіктерді пайдалану денсаулықты сақтаумен бірге қазіргі нарықтық заманда отбасылық қаражатты үнемдеуге көмектеседі. Дәрілік өсімдіктержанға шипа, дерткедауаболады.

Алоэ бөлме өсімдіктер ішінде ең көп тарағаны. Өзінің әсемдігі мен көздің нұрын алады, гүлдеуі өте сирек, бірақ та жұмыс жазу барысында ұққаным өсімдік көптеген пайда әкеледі. Мен өз группаластарымның арасында осы өзімнің жұмысыма байланысты сауалнама жүргіздім. Алоэны группаластарымның арасында кеңінен насихаттадым. Ерте заманнан дәрілік өсімдіктердің қасиетін ата-бабаларымыз білген. «Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісіжоқ» дегендей қазіргі заманда химикат дәрілер көбейіп жатыр. Олардың адам ағзасына тигізетін зияны көп. Өсімдік адам үшін азықтың қайнар көзі. Дәрілердің барлығы өсімдіктерден алынады. Аурудыңалдын алуға емдеу үшін дәрілік өсімдіктердің маңызы өте зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ұстанымын алға қойған жас студенттердің бүгінгі таңда осындай жобалардың халыққа тигізер пайдасы ұшан теңіз. Сондықтан Қазақстанның болашағы жастардың қолында . Өзім сияқты жастарға айтарым өз елімізде өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеп, халық игілігіне пайдалана білсек дені сау, салауатты ұрпақтың көп болатынына кәміл сенейік. Салауатты өмір салтын ұстанатын әр бір қазақ азаматы өз денсаулығын күте білсе, еліне де, жеріне де, тигізер пайдасы өте көп болар еді..

Сол себептен өз жобамда мынадай ұсыныстар ұсынғым келеді.

- 1.Әрбір колледж қабырғасында емдік қасиеттері бар бөлме өсімдіктері көптеп өсірілсе;
2. Тек дәрілік өсімдіктерді және олардың емдік қасиеттерін жарнамалайтын дәріханалар ашылса;
3. Дәрілік өсімдіктерге түрлі дәмдеуіштер қоса отырып, жас балалар іше алатын түрлі - түсті кәмпиттер секілді дәрілер жасалса;

Аскарова Диляра Аскарровна, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Шығыс қазақстан облысы, Семей қаласы

4 курс, 45 топ, 0111000 «Негізгі орта білім беру»

п.ғ.м, педагогика пәнінің оқытушы Кабимолдина Айгуль Кайрбековна

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ (АКТ) ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

XXI ғасырда біздің еліміз жаһандану процесіне көшуде. Осы процесті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімділігі мен біліктілігі негізгі роль атқарады. Білім сапасын арттыруда инновациялық технологияларды дұрыс пайдалана білудің өзі сауаттылық және өзекті мәселеге айналады. Бүгінде білім саласына жаңа реформалар енгізу бүкіл әлем елдерінде ең өзекті мәселелердің бірі болуда. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов былай деген екен: «Халық пен халықты теңестіретін-білім»-деп, атап көрсеткеніндей, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу керек. Әсіресе Қазақстанда білім жүйесіне жаңашылдық енгізіліп, мектепте білім беру жүйесі жаңартылып, ұйымдық-құқықтық құрылымдарға түзетулер енгізілуде.

Қазіргі кезде әлемдегі жүргізіп жатқан ізгілендіру үрдістері білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды да анықтауда. Техника мен ғылым көлемінің ұлғая түсуі мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу – тәрбие орындарының іс – әрекет қағидаларын қайта қарауға, әсіресе мұғалімнің кәсіби біліктілігімен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлауына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдесін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр. Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатады. Сондықтан оқытудың теориясы мен практикасында зерттеліп отырған проблеманың жағдайына талдау жасауды «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымына нақты түсінік беруден бастағанды жөн көрдім.

«Инновация» термині ғылымға XIX ғасырда енді. XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдісінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілімдерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер құрайды.

Педагогикалық инновациялардың феноменологиясы «инновациялықағын» ұғымын енгізеді. Бұл ұғымға педагогикалық жаңалықтарға деген дұрыс қатынасын білдіретін мұғалімдердің түрлі сипаттағы қызметтері енеді. Жаңашыл педагог – жаңа педагогикалық жүйенің авторы, яғни өзара байланысты идеялармен тиісті технологиялардың жиынтығының авторы.

Сонымен қатар, зерттеушілер мұғалімдердің инновациялық – педагогикалық үрдісіне деген қатынасына әсер ететін басқада факторларды атап өтуде. Оларға мыналар жатады:

- Жаңалықтың мақсаты,
- Жаңалықты енгізу әдістемесі,
- Жаңалықтың мотивациясы,
- Мектепте жаңашылдықты бекіту,
- Қоғам талаптарын қанағаттандыру,
- Оның жұмыс нәтижесін арттыратынына көз жеткіздіру

«Новация» ұғымы (латынша NOVUS – жаңа) біздің тарапымыздан жаңа енгізілім деп үсіндіріледі. Ғылыми әдебиетте «нововведение» деген орыс сөзі бір жүйеден екінші жағдайға ауыстыру, ендірілу ортасына жаңа тұрақты элементтер (жаңалықтар) әкелетін мақсатты бағытталған өзгеріс ретінде анықталады. Әрине, бұл жаңа енгізілім жаңарумен байланысты. Алайда, барлық жаңа нәрсе әркезде дұрыс нәтиже бере бермейді. Оның себептері мынадай:

Біріншіден, жаңа нәрсе барлық кезде өзекті мәселелерді шешу құралы болып табылмайды. Шындығында, мұғалімдер мектеп атқаруы тиіс мәселелерді зерделемей, кейде оны бір жақты қарастырады.

Екіншіден, әрбір жаңа құрал толық бір нақты жағдайларда туындап, белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Алайда көптеген ұстаздар құралдарды таңдау кезінде нақты жағдайға талдау жасауды басшылыққа алмастан, өздеріне ұнайтын нәрселерге ғана назар аударады.

Үшіншіден, ғалымдар жаңа бір нәрсені пайдаланушылардың санының ұлғаюы, оны меңгерудегі жаңа тәжірбиенің пайда болуы жаңалықтың нәтижелі болатын жағдайларын қатайта түсетіндігін бұрыннан байқаған.

Ғылыми әдебиеттерде «жаңашылдық» немесе «жаңа құрал» ұғымдары бір – бірінесиноним болып табылады да, «инновация», «жаңа енгізілім» ұғымдары арқылы бір – біріненажыратылады. Жаңашылдық – нағыз құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама және т.бт), ал инновация – осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа кенелуіне кепілдеме беруі тиіс. Жаңа енгізілген, жаңа құрал негізі болып қаланған нәрсе мектептің даму мәселелерін шешуге мүмкіндік берсе, ол сәтті деп саналады. Жаңашылдықты меңгерудегі сәтсіздіктер жаңа енгізілімнің бүкіл жақсы – жаман жақтарын қоса алғанда теріс тәжірбиені көрсетеді.

Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау (тудыру, әзірлеу), меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс - әрекет ұғынылады. Білім беру қызметінде орталық орынды иеленетін оқу-тәрбиелік үрдісін инновациялық тұрғыда қарастыруға болады. Өйткені, оның мақсаты – жастарға тұлғаның жаңа қасиеттерін қалыптастыруда жаңа білімдер беру. Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Соңғы жылдарда жинақталған білім, оның құрамындағы іргелі сипаттағы білім мен оны педагогикалық тәжірбиеге енгізу және пайдаланудың қиындығы арасындағы қайшылық ерекше күшейе түсуде. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірбиелік және практикалық білімді жасау үрдісімен педагогикалық тәжірбиені зерттеу нәтижелерін меңгеру үрдісі арасында маңызды алшақтық пайда болды. Мұндай алшақтықтың бірі себебі педагогикалық білімді дамыту мен оны енгізудегі кереғарлықта, олардың өзара тұжырымдық негіздерінен тыс әзірленуде.

Педагогикалық инновациясындай байланысты іске асырып, педагогикада жаңалықтар жасау, оларды меңгеру мен практика жүзінде қолдану үрдістерін біріктіреті инновациялық үрдістерге тән қызмет мөлшерлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған қайшылық инновациялық білімнің ерекше сапасы ретінде педагогикалық инновацияны әзірлеу мәселесін айқындауға мәжбүр етті. Мұнда жаңаны құру мен оны практикада қолдану үрдістерін үйлесімді біріктіру жолдары көрсетіледі.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялар :

1. Кейс –технология
2. WEB технология
3. Коммуникациялық технология
4. Ақпараттық технология
5. Интерактивтік әдіс технологиясы
6. Мультимедия технологиясы
7. Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы.

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады. Технологияның тиімділігі, оның болашағы маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын

басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беру. Оқытушы көбінесе оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданғаны жөн. Оқыту технологиялары оқу процесіне, сабақ түріне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тірек сигнал арқылы оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту, коммуникативтік технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту

Өз іс-тәжірибелерімнің бірінде ақпараттық-коммуникациялық технологияның элементтерін пайдалана отырып, білім алушылардың ақпараттық мәдениетін, компьютерлік сауаттылықтарын жетілдірумен қатар, олардың меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыру мақсатында жұмыс жасаған болатынмын.

1-кесте. Ақпараттық – коммуникациялық технология элементтерін оқушылардың қолданудағы білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының салыстырмалы нәтижесі

Платформалар	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Күнделік.кз	0	40	60	16,6	16,7	66,7
"Bilimland"	0	60	40	16,7	33,3	50
"Online Mektep"	0	55	45	14,5	66,7	16,7
«Google classroom»	0	60	40	66,7	33,3	18,8
«Classtime»	0	40	60	16,7	33,3	50
«Zoom»	15	30	55	33,3	16,7	50
«Microsft teams»	20	60	20	0	45	55
«Socrative»	20	30	50	16,7	33,3	50
«Learning App»	15	61	24	16,7	50	16,7
«Kahoot»	0	40	60	16,7	16,7	66,7
«Plickers»	0	40	60	11,7	33,3	55
«Padlet»	20	60	20	25	40	35
«Jamboard»	20	30	50	0	60	40
«Goodle form»	0	55	45	0	33,3	66,7
«Online test pad»	0	30	70	16,7	50	33,3
«Survio»	23	40	37	33,3	16,7	50
«Quizz.let»	20	20	60	0	66,7	33,3
Орташа көрсеткіш	8%	45%	49%	18%	37%	45%

Бұл мәліметтерден алғашқы зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылардың ақпараттық – коммуникациялық технология элементтерін пайдалудағы білім, білік, дағдылар бүгінгі заман талабына сай емес, сонымен қатар білім алуға және білімді бағалауға арналған платформалармен жұмыс істеу дағдыларының төмен екендігі көре аламыз.

Нәтиже бойынша арнайы білім берудегі ақпараттық – коммуникациялық технология элементтерін пайдалана отырып, білім алушылардың ақпараттық мәдениетін, компьютерлік сауаттылықтарын жетілдірумен қатар, олардың меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының көлемі күннен күнге арттырып, мазмұны өзгеріп отыру үшін арнайы жұмыс жүргізілді.

Зерттеу барысында АКТ элементтерінің тиімділігін білу үшін «Classtime», «Jetsi», «Google Handouts», «Socrative», «Learning App», «Kahoot», «Quizz.let», «Plickers», «Padlet», «Jamboard», «Survio», «Goodle form», «Zoom», «Discord», «Google classroom», «Microsoft teams», «Online test pad», «Telegram», «Whats App» желілерімен жұмыс жасадым.

Қашықтықтан оқытуда «ZOOM» сессияларын немесе «Microsoft Teams» командаларын, «Jetsi», «Google classroom», «Discord», «WhatsApp» және «Telegram», «Skype» мессенджерлері арқылы бейне конференцияларға немесе топтық қоңырау шалуды қолдана отырып, жаңа тақырып түсіндіруге, топтық және жұптық жұмысты ұйымдастыра алдым.

Ал, штаттық режимде АКТ элементтерін сабақты бекіту кезінде немесе қорытынды сабақ өткен кезде, сонымен қатар, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, білімдерін кеңейті түсу үшін Plickers», «Padlet», «Jamboard», «Survio», «Goodle form», «Socrative», «Learning App», «Kahoot», «Quizz.let», «Classtime», «Online test pad» сынды платформалармен жұмыс жасадым.

Әр сабақ сонында оқушылардың ақпараттық – коммуникациялық технология элементтерін тиімді қолдана бастағандарын, білім алушылардың ақпараттық мәдениетін, компьютерлік сауаттылықтарын жетіліп келе жатқандығын, олардың меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының көлемі күннен күнге артып отырғанын көре бастадым.

Кестеде жалпы зерттеу бойынша бастапқы және соңғы нәтижелер келтірілген, бастапқы нәтиже бойынша эксперименталды топтағы жоғарғы нәтиже 25%, ал бақылау тобындағылар 22%, яғни эксперименталды топтың нәтижелері бақылау тобына қарағанда 3% жоғары екені анықталды.

Әрине бұл өте төмен көрсеткіш яғни, бастапқы нәтиже бойынша екі топтың да ақпараттық-коммуникациялық технология элементтерін оқушылардың қолданудағы білім, білік және дағдыларының төмен екенін көре аламыз.

Қорытынды нәтиже бойынша эксперименталды топтағы оқушылардың көрсеткіші бастапқы нәтижеге қарағанда 24% ал бақылау тобының көрсеткіштері 23 % өскендігін көре аламыз. Яғни, оқушылардың жартысындай бөлігінде орташа деңгейге дейін бізге қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға болатынын көрсетіп отыр.

2-кесте. Оқушыларының білім, білік және дағды деңгейлерінің өзгеруі (%)

Деңгейлер	Эксперименталды топ	Бақылау тобы
Төмен	6	9
Орташа	16	14
Жоғары	24	23

Осы зерттеу нәтижесін негізгі ала отырып, біз инновациялық технологиялар арқылы білім беру жүйесін арттыра алатынымызды айтқым келеді. Сонымен қатар, инновациялық

технологияларды **инклюзивті білім** алатын оқушыларды оқытуда тиімді пайдалана білетін болсақ, инклюзивті білім алатын оқушылардың жалпы білім беретін мектептерде білім алатын оқушылармен қатар сапалы білім алуына және өздеріне деген сенімділіктерін арттыруда септігін тигізетінін тілге тиек еткім келеді.

Ақпараттық – коммуникациялық технология элементтерін пайдалану оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі оқушылардың оқу-практикалық және ақпараттық технологияларды пайдалану іс-әрекеттерін белсендендіруге мүмкіндік берді; студенттерді оқытуды жетілдіруге ынтасын тудырды; оқытуды жетілдіруге қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге қызығушылықтарын арттырды; оқытудың қоғамдық мәнін саналы түрде сезінуге мүмкіндік берді; ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың оқытудың маңыздылығын дәлелдеді.

Іс – тәжірибеде АКТ элементтерін қолданудың нәтижесінде жекетілген интелектуалдық, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытына көзім жетті. Қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру платформаларының мүмкіншіліктерін тиімді пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды.

Қорытындылай келе ақпараттық технологиялармен инновациялық педагогикалық әдістерді біріктіру білім беру сапасымен тиімділігін арттырады, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларының бірі болып саналатын білім беру жүйесінің білімалушылардың деңгейімен даму ерекшеліктеріне сәйкестігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе нәтижесі көрсеткендей, инновациялық процес процедураларымен құралдардың жиынтығын танытады. Олардың көмегі арқылы ғылыми жаңалық, идея әлеуметтік, оның ішінде білім берудегі жаңа енгізілімге айналады. Сөйтіп, идеялардың жаңа енгізілімге айналуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы үрдісті басқару жүйесін қалыптастыратын іс әрекет инновациялық іс әрекет болып табылады.

Инновациялық іс - әрекет дәстүрлі іс әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид іс әрекеттерінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Іс әрекеттердің модельдері тиімсіз болса, ары қарай оның жетілдірілуі қажетті жәтиже бере қоймайды.

Инновация былай бөлінеді: білім беру мазмұнындағы инновациялар, оқыту технологиясындағы инновациялар, білім беру жүйесінің тәрбиелеу функциясы саласындағы инновациялар, педагогикалық құралдар жүйесіндегі инновациялар

Инновациялармен бастамшыл (орталықтандырылмаған) жаңа енгізілімдердің қалыптасуы тұрғысынан білім беру жүйесіне жасалған талдау көрсеткеніндей олардың пайда болу әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлердің неғұрлым жалпы заңдарына бағынады. Жаңа «салт-дәстүрлік» ауысым алдыңғы салт-дәстүрлерде жаңа салт-дәстүрлердің пайда болуына арналған барлық алғы шарттардың қалыптасу жағдайында ғана мүмкін болмақ.

Осыған орай инновациялық білім беру қызметін жобалаудың негізгі іәдіснамалық қағидасын құруға болады. Оның мәні мынада: ең алдымен білімді басқару жүйесіндегі сала элементтерінің пайда болу жағдайы, мүмкіндіктері және жүйелі қайшылықтары зерттеледі. Келесі кезекте инновациялық қатынас элементтерін талдау кезінде айқындалған тәжірибені пайдалану кезінде инновациялық білім беру жүйелерінің дамыту жолдары негізделген.

Білім беру саласындағы инновацияларды жобалау логикасы аймақта объективті түрде пайда болған инновациялық элементтерден білім беру кешені және эксперименттік алаңдардың бекітілген үрдісінде инновациялық саланы қалыптастыруды қарастырады.

Тұжырымдай келе айтатын болсақ, оқыту технологиясы мұғалімдердің эмперикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір – бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс әрекетін ұйымдастыру және білімгер тұлғасын дамытудағы жоғарғы нәтижеге қол жеткізуге бағытталған іс әрекетті бақылау. Бұл үрдістер өзара үздіксіз әрекетте болып, бақылыу нәтижесі басқарушы әрекеттердің мазмұнына әсер етеді, яғни о қу іс әрекетінің ары қарай ұйымдастырылуын өзгертеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.А.Тұрғынбаева. Ұстаздық шығармашылық.- Алматы, 2007.
2. Н.С.Сарсенова. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары. – Алматы, 2006
3. Тұрлұғыл Т.Т. Мектепте қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, «Ғылым», 2003.
4. Сейдуалиев М. «Инновациялық білім берудің мақсаты мен міндеті» // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.rusnauka.com/pdf/248106.pdf>
5. Білім берудегі инновациялық технологиялар - білім сапасын арттырудың негізі // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://alashainasy.kz:81/ustazdar_ustahanasy/blm-berudeg-innovatsiyalyik-tehnologiyalar--blm-sapasyin-arttyirudyin-negz-103706/

Аскарова Гаухар Аскаровна

С.Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі студенті

Жетекшісі аты жөні: Ергалиева Назгуль Муратовна

Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда цифрлық технологияларды дамытудың маңызы мен қажеттілігі.

Қазіргі кезде IT саласы дүниежүзінде үлкен сұранысқа ие. Расымен де бүгінгі күн санап қарыштап дамыған заманда ақпараттық технологияларды қолға алып, дамытпасақ, еліміздің өркениетті отыз елдің қатарына енуі жай арман болып қалар ма екен. Себебі, экономикасы дамыған, әлеуеті жоғары елдердің барлығы дерлік сандық жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуы мен халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді.

Бәсекеге қабілеттілік – бірнеше деңгейде қарастыруға болатын көп қырлы экономикалық категория. Бұл – мемлекеттің, тауардың, тауар өндірушілердің, салалардың бәсекеге қабілеттілігі. Осы деңгейлердің арасында тығыз байланыс бар: елдік және салалық бәсекеге қабілеттілік ақыр соңында белгілі бір өндірушілердің бәсекеге қабілетті тауарларды өндіре алу қабілетіне байланысты. Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру өте маңызды және уақытында ел назарына ұсынылып отырған асқақ мақсат. Өйткені, әлемдегі барынша өрбіп, қанатын жайған жаһандану үрдісінен тыс ешбір мемлекет болмайды. Соның ішінде ашық әрі демократиялық қоғам құрып жатқан Қазақстан одан шеткері қалмайды. Демек, әлемдік экономикада алатын орнымыз, экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты.

Цифрландыру – Қазақстанның озық ел атану жолындағы басты құралы. Қазақстан 2018-2022 жылдары «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асырады. Бағдарламада экономика саласын цифрландыру, сандық мемлекетке көшіру мақсаты айқын көрсетілген. Сонымен бірге, цифрлық Жібек жолын іске асыру, адами капиталды дамыту, инновациялық экожүйені құру бағытын қамтиды. Цифрлы технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары-ақ батыл енгізіле бастаған болатын. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынып, компьютерлер үйде де, жұмыста да негізгі ақпарат құралы ретінде танылды. Ақпараттық

жұмыстардың барлығы компьютердің көмегімен жасала бастады және ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – Қазақстан Республикасы тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, сонымен қатар ұлттық экономиканы цифрландыру. Сондай-ақ, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Елбасының «2050 Стратегиясы», «100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен «Нұрлы жол» сияқты маңызы зор құжаттарда тасқа жазған таңбадай көрсетілген мақсат-міндеттерді іске асыруға басымдық беретін қосымша күш десек те болады. Цифрландырудың стратегиялық мақсатына қол жеткізу үшін барлық билік органдары, бизнес, ғылыми-білім беру қоғамдастығы мен азаматтар жұмыла қимыл жасауы керек.

Цифрлық технологияларды жаппай енгізу, өнімділіктің өсуін қамтамасыз ету, олардың бәсекеге қабілеттілігін, соның ішінде халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолымен дәстүрлі базалық салаларды дамытуға серпін береді. Осылайша, цифрландыру нәтижесінде шикізат саласында да, агроөнеркәсіптік кешенде де сыртқы нарықтарға отандық экспорттың өсуі қамтамасыз етілетін болады

Экономика салаларын цифрландыру – озық технологиялар және мүмкіндіктерді пайдалана отырып, капиталдантырудың өсуі мен еңбек өтімділігін аттыратын ҚР экономикасының әртүрлі салаларын құру.

Міндеттері:

- 1)Өнеркәсіпті және электр энергетикасын цифрландыру.
- 2)Көлік пен логистиканы цифрландыру.
- 3)Ауылшаруашылығын цифрландыру.
- 4)Электронды сауданы дамыту
- 5)Қаржылық технологиялар мен қолма – қол ақшасыз төлемдер.

Өнеркәсіпте цифрлық технологияларды кеңінен қолдану өндіру процестерінің тиімділігін айтарлықтай дәрежеде арттыруды, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ компанияның бизнес-модельдерін өзгерту есебінен жаңа кіріс көздерін құруды мүмкін етеді. Өндіруші, өңдеуші өнеркәсіп және электр энергетикасы Қазақстанның нақты экономика секторының негізін құрайды. Өнеркәсіпті цифрландыруды ынталандыру үшін жағдай жасау өндірістік процестерді бақылауды жақсарту, шығынды азайту, өнімнің өзіндік құнын төмендету, еңбек өнімділігін арттыру, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру және т.б. арқылы оның бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік береді.

Келесі көлік пен логистиканы цифрландыру транзиттік жүк тасымалының көлемін арттырады және процестің барлық қатысушылары үшін қызметтердің сапасын арттырады. Сапалы көлік және логистикалық инфрақұрылым аумақтардың байланыстылығын арттыру мен тауарларды межелі жеріне жеткізудің үстеме шығындарын төмендету есебінен экономиканы дамытуға жақсы серпін береді. Көлік құралдарын, инфрақұрылымды, пайдаланушыларды және ақпараттық технологияларды жүйелі біріктіру үшін ЗКЖ әзірленеді, ол кезең-кезеңмен енгізудің кіші құрамдауыштарынан, соның ішінде автожолдарды пайдаланғаны үшін қаражат жинауды автоматтандыру үшін техникалық құралдар кешенінен, негізгі автомобильдік көліктік дәліздерде орнатылатын көлік құралдарын тоқтатпай өлшеудің қарқынды жүйесінен, жол қозғалысын

басқару жүйесінен тұрады. Бұның барлығы жүргізушіге жолдағы жағдай туралы хабарлауға, климаттық жағдайларды талдау және болжау жүйесін құруға, бейне мониторинг жүйесін пайдалануға және ЖҚЕ бұзуды анықтауға мүмкіндік береді және оның ішінде Қазақстан аумағы арқылы кедергісіз транзитті қамтамасыз ету.

Агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, яғни ауылшаруашылығын цифрландыру.

IT-технологиялардың арқасында мемлекет мал шаруашылығындағы асыл тұқымды малды есепке алу жүйесін, фитосанитарлық және ветеринарлық тәуекелдерді талдау жүйесін, сондай-ақ табиғи ресурстардың жай-күйіне автоматты түрде мониторинг жасауды енгізе алатын болады. Ауыл шарушылығының жалпы өнімінің оң динамикасына қарамастан, жалпы өндіріс көлемі тұтыну мен халық табысының өсу қарқынынан артта қалуда, ал еңбек өнімділігінің және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейде сақталуы өнім шығаруды өсіруге мүмкіндік бермейді, бұл ішкі тұтытуда импорттың жоғары үлесін негіздейді. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруімен сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті арттыруға талаптар да күшейтілді. Цифрлық технологиялардың көмегімен ауыл шаруашылығында түрлендірудің үлкен әлеуеті бар, және цифрландырудың ауқымды бағдарламасы жағдайында ауыл шарушылығы дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға және ел экономикасының драйвері болуға қабілетті. Ауыл шаруашылығын цифрландыру бағдарламасының іске асырылатын іс-шаралардың негізгі бағыттары шығымдылық пен еңбек өнімділігінің артуы, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау болып табылады.

Интернет-сауданы жалпы дамыту бойынша елдегі кедергілерді жоюға, сондай-ақ жергілікті ойыншылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған шаралардың кең кешенін іске асыруды ұсынады. Ұсынылатын шаралар электрондық сауданы реттеу, электрондық төлемдерді қабылдауды кеңейту, халықтың және кәсіпкерлердің цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыру, электрондық сауданы ілгерілету, сондай-ақ инфрақұрылымды және логистиканы дамыту саласында болып отыр. Электрондық сауданы жүргізуде сервистік қолдау орталықтарын құруды қоса алғанда, тікелей және жанама шараларды қамтыған қолдау инфрақұрылымын құру сондай-ақ басымдық болады. Электрондық төлемдерді қабылдауды арттыру аясында халықаралық тәжірибені ескере отырып, мобильдік төлемдерді жүзеге асырудың оңайлатылған механизмін енгізуді, кәсіпкерлерге қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыруды ынталандыруды дамыту, электрондық шот-фактураларды пайдалануға толық көшуді қамтамасыз ету.

Қорытындылай келе «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында шешуші ауқымды мақсат – инновациялық экономика қалыптастыру, 2050 жылға қарай бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу және қоғам мен өндірісті жаңарту, сол арқылы заманауи технологиялық әлемнен тысқары қалмау мақсатына қол жеткізуге қажетті бір-бірімен тығыз байланыстағы шаралар кешені қарастырылған. Бұл мақсаттың үдесінен көріну бүкіл қоғамның бас біріктіре отырып жедел әрекет етуін, аз уақыт ішінде серпінді түрде алға басуын қажет етеді. Уақыт күдік пен сенімсіздікті көтермейді, алға – цифрлы болашаққа қадам басу керек!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Информатика негіздері» журналдары.
- 2.Интернет ресурстары.
- 3.<https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/cifrllyq-qazaqstan-membaghdarlamasyng-baghyttary2106>

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ

Бүгінгі таңда отандық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін дамыту аясында білім мазмұнын жаңарту қажеттілігі туындап отыр. Бұл «алынған білім өмір бойына» түсінігінен «өмір бойы оқу» , «үздіксіз оқу» тұжырымдамаларына ауысуға бағытталғаны баршамызға анық. Білім мазмұнын жаңарту - білім берудің мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламасының мазмұнын мен құрылымын, оқыту әдістерін, сондай-ақ бағалау жүйесін қайта қарауды қажет етті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 04.09.2020 жылғы № 5-13-2/3231 - И хатымен берілген «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» талаптарына сәйкес педагогтарға жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқу нәтижесін бағалау қажеттілігі туындады. Осы орайда колледж педагогтары білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесін енгізді.

Бағалау – бұл бағала мен аяқталатын формальды немесе сараптамалық процесс. Сонымен қатар бағалау кешенді процесс болып табылады:

- Оқыту нәтижелерінің сапасы мен динамикасы туралы
- Ақпарат жинау бойынша,
- ақпаратты өңдеу және ұсыну бойынша
- Оқу нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесіне қатысты контекстік шешім қабылдау

Бағалаудың негізгі міндеттері:

- ✓ Оқытудың белгіленген нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін бағалау;
- ✓ Әдістемелік тәсілдерді іске асырудың ықтимал салдарын, нәтижелерін болжау;
- ✓ Кері байланысты қамтамасыз ету;
- ✓ Байқалған өзгерістер өткізілген оқу іс-шараларына қалай және қандай дәрежеде байланысты екенін бағалау;
- ✓ Оқу нәтижелеріне қол жеткізу туралы шешім қабылдау үшін дәлелді ақпарат беру. Осы орайда бағалау әдістерінде не өзгерді?

Бағалауда болды және бар	Бағалауда бар және кеңейеді
Ауызша, жабық емтихан	Ауызша, ашық емтихан
Оқытушының, тьютордың бағалауы	Білім алушылар мен сыртқы жақтардың қатысуымен бағалау
Бағалау критерийлері нақты белгіленбеген	Нақты белгіленген бағалау критерийлері
Бәсекелестік	Ынтымақтастық
Білімді бағалау	Білімді, іскерлікті және құзыреттілікті бағалау
Грамоталар, аралық бағалау	Портфолио, жобаны қорғау
Курсты бағалау	Нәтижені бағалау, оқыту нәтижелерінің

	блогы
Жадыны тестілеу	Таксономия бойынша бағалау (мысалы, Блум)

География пәні оқытушысы ретінде студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін енгізу үшін оқыту әдістерін қайта қарау қажеттілігі туды. Бағалау критерийлерін анықтау, ағымды бақылауды жүзеге асыру әдістері мен құралдары туралы пән бойынша мысалдарды ұсынамын:

«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша студенттердің оқыту нәтижелерін бағалау

ОН 1 (оқыту нәтижесі)

- Зерттеуге сәйкес географиялық мониторингілеу әдісінің элементтерін қолданады

Критерий	Ағымды бақылауды жүзеге асыру әдістері мен құралдары
1.«Географиялық сараптама» ұғымын және тұжырымдама мәнін түсіндіреді.	Ақпаратжинау Жағдайдыталдау
2. Сыныптағы көмірқышқыл газының мөлшерін анықтайды және қорытынды жасайды.	Зертханалық есепті дайындау Тәжірибені көрсету
3. Өз көзқарасын дәлелдейді	Дельфи әдісімен сараптама жасау Миға шабуыл

География сабағынан ағымды бақылау «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша тапсырма.

Пән	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері	Баға
География	РО 1.1. - Зерттеуге сәйкес географиялық мониторингілеу әдісінің	- «Географиялық сараптама» ұғымын және тұжырымдама мәнін түсіндіреді. -Сыныптағы көмірқышқыл газының мөлшерін анықтайды және қорытынды жасайды. - Өз көзқарасын дәлелдейді	100 - 94
		- «Географиялық сараптама» ұғымын және тұжырымдама мәнін түсіндіреді. - Сыныптағы көмірқышқыл газының мөлшерін анықтайды және қорытынды жасайды.	74-89

		- Өз көзқарасын ішінара дәлелдейді	
		2. «Географиялық сараптама» ұғымын және тұжырымдама мәнін түсіндіреді. - Сыныптағы көмірқышқыл газының мөлшерін анықтайды, бірақ қорытынды жасай алмайды. - Өз көзқарасын ішінара дәлелдейді	54-69
		«Географиялық сараптама» ұғымын және тұжырымдама мәнін түсіндіре алмайды.	0-49

География пәнінен тапсырмалар (БЛУМ таксономиясы негізінде)

-Тақырып мазмұнынан негізгісін белгілеп алып оқу.

-Географиялық терминдер сөздігінен және интернеттен терминдердің анықтамасын тауып, тақырып бойынша ұғымдар сөздігін жаз.

-Географиялық атласты және кесте көрсеткіштерін қолдана отырып, Қазақстан

Республикасының үш көмір бассейніне салыстырмалы талдау жүргіз.

- Қазақстанның көмір бассейні мен Ресей көмір бассейндеріне салыстырмалы сипаттама бер

- Көмір бассейндерінің отын өнеркәсібінің өзге салаларымен қарағандағы экономикалық,экологиялық тиімді немесе тиімсіз жақтарын анықта

- Отын өнеркәсібін пайдаланудың тиімді тәсілдерін ұсын.

Колледжде студенттердің білімін анықтаудың бағалау парағы жасалынды.

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Пәні: География

Мамандығы: Ветеринария,1 курс

Пән оқытушысы: Бағылбекова М.С.

Мерзімі:

Тақырыбы:

№	Студенттің аты-жөні	«Есте сақтаймы»	«Жіктеу»	«Зигзаг»	«Скрайбинг»	«Ой өрімі»	Кейс-технологиясы.	Барлығы
		10	10	10	20	20	30	100

1								
2								
3								

Бағалау механизмі оқу жылы бойында өз нәтижесін берді:

- Студенттер оқыту нәтижесімен алдын ала таныстырылып, өздігінен іздену жұмыстарымен айналысты.
- Білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері анықталып, тәжірибеде пайдаланылды.
- Педагогтар студенттерді 100 баллдық жүйемен бағалау үшін, сабақ құрылымын сол бағытта құрастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 04.09.2020 жылғы № 5-13-2/3231 - И хатымен берілген «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі» әдістемесі;

2. География. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы -10 сыныбына арналған оқулық. –Алматы: мектеп, 2019 жыл.

БАЙҒАЗЫ СӘНИЯ ҚАДЫРҚЫЗЫ

САЛАМАТ МҰҚАШЕВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖИ

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ МЕҢГЕРУ

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің тұжырымдамалған түрде негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру.

«Цифрландыру» термині ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Технология дегеніміз – оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы. Оқытудың ақпараттық технологиялары ретінде білім алушылардың білімін кеңейтетін және олардың мүмкіндіктерін дамытатын ақпаратты жинаудың, сақтаудың, өңдеудің, ұйымдастырудың, таратудың және ұсынудың әдістері мен техникалық құралдарының жиынтығы екенін түсінеміз.

Бәсекеге қабілетті мамандарды заманауи бұқаралық ақпарат құралдарын игеру және өзін-өзі оқып-үйрену мен өзін-өзі дамыту, қабілеттерін дамыту, содан кейін болашақ практикалық қызметте өзінің шығармашылық қабілетін іске асыру үшін әлеуметтік тапсырыстың өзгеруі қазіргі өркениеттің ақпараттық кеңістікке айналуымен байланысты, бұл мамандардың

ақпараттық-графикалық және электрондық мәдениетін қарқынды қалыптастыруды талап етеді. Түлектерден күрделі өндірісті түсінуге көмектесетін іргелі базалық дайындықтар ғана емес, сонымен қатар ақпараттық және технологиялық дайындық талап етіледі, атап айтқанда: ақпараттық және цифрлық технологияларды білу және оларды басқара білу, ақпаратты жинау, бағалау және пайдалану мүмкіндігі, жаңа еңбек жағдайларына бейімделу қабілетіндегі жоғары бейімділік, қарым-қатынас және топта жұмыс істеу қабілеті, өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті және жүйелі түрде кәсіби дамудың қажеттілігін талап етеді.

Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтамыз. Үй тапсырмаларын студенттер онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Оқу орын кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатынының маңыздылығы.

XXI ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар бастауыш мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталсақ. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың әлеуметтік тапсырысына байланысты өзгерген қазіргі заманғы түлектерге қойылатын мемлекеттің талаптарын зерттеуге арналған; маманның ақпараттық-графикалық және электрондық мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелері, жоғары білім берудің оқу үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен мемлекет жоғары білім беру алдына қойған міндеттерді ескере отырып, жоғары білімге қойылатын талаптар.

Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрлық сауаттылық – цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы. Мессенджерде сөйлесу, онлайн төлемдер, электрондық қызметтер – осының барлығы заманауи адамың қарапайым өмірінің бөлігіне айналып отыр. Қазақстандықтардың өмірлеріне интенсивті түрде кірген цифрландыру экономиканың жаңа моделін қалыптастырады. Осы жаңа модель шеңберінде негізгі салалар мен бизнес қана емес, сонымен қатар қоғамның бүкіл өмірі цифрланып отыр.

Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті

апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

Қазіргі қашықтықтан білім берудің ерекше құндылығы оқыту процесінде алатын қолайлылығы мен ыңғайлылығында емес, технологиялардың жаңашылдығы мен перспективалығында. Себебі, қазір оқудың осы түрі миллиондаған адамдар үшін, және студенттер мен ата-аналар және оқытушылар үшін көптеген жаңа жолдар мен мүмкіндіктерді ашты.

Цифрландыру – бұл түрлі қызмет салаларындағы ғаламдық өзгерістерді соның ішіндегі білім берудегі өзгерістерді түсіндіретін кең түсінік. Бизнес – процестерді модернизациялауға арналған компьютерлік құралдарды енгізу экономиканың ажырамас бөлігі болып табылады, бұл қазіргі өмір жағдайына бейімделген әр түрлі жүйелермен өзара әрекеттесу механизмін құруға мүмкіндік береді.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда бәсекеге қабілетті ел жастарын дайындау

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекеттік бағдарлама «Цифрлы Қазақстан» [Электронды ресурс]. – Кіру режимі : <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000082722>
2. Мемлекеттік бағдарлама «Цифрлы Қазақстан» [Электронды ресурс]. – Кіру режимі : <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprogrms/cifrovoi-kazahstan>
3. Жайлаубаева К.А., Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа негізгі бағыт// Edunews. – 2019ж
4. Жиёмбай М., Елбасы «Цифрлық Қазақстан» мақсатты бағдарламасын нақтылады // Kazinform. – 2017ж.

Бейсенбай Данагул Мұратбекқызы

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі студенті, Семей қаласы

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ БАРЫСЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

«Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту - оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» - деген болатын әдебиет зерттеуші - ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем 97 шығарманы қабылдау керек. Бұл - оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

Талдау (анализ) – көркем шығарманы тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиетер ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Айталық, шығарманы идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан, немесе, сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты жағынан талдауға болады. Сондай-ақ, кейіпкерлердің характерін бейнелеу принциптері тұрғысынан, сөздік, тілдік құралдарды пайдалануы, егер поэзиялық шығарма болса ырғақтық интонациялық өзгешеліктері, әртүрлі шумақ, тармақ, ұйкастарды қолдану жағынан талдауға болады.

Әдетте шығарманың ерекшеліктері, ірілі-ұсақты бөлшектері, олардың өз алдына оқшау тұрғандар сипат-белгілері көбірек көзге түседі, оларды байқау жеңілрек болады. Ал енді сол бөлшектердің шиеленісе байланысуынан, жалғастық үйлестігінен туатын шексіз мол жаңа сапалы өзгешеліктерді, үндестік, бірлестік белгілерін, жаңаша мағына әсерлерді каншама тебіреніп сезінсек те талдап көрсету, танып білу, айтып жеткізу қиынға соғады. Өйткені қандай да жеке айшық, бөлшектің өзіндік бастапқы тұрақты сипат белгісін байқау бірнәрсе де, ал олардың біте қайнасып бірігуі, өзара жанасып байланысуы негізінде пайда болатын туынды сипат белгілерді көріп білу екінші нәрсе. Ол үшін сансыз бөлшектердің бір-біріне сәуле беріп. Әсер етіп, мағыналық, көркемдік сапасы құбылып, өзгеріп шығатын қалпын жақсы сезініп, ұтып түсіну керек. Әдеби шығарманы талдау үшін, көркемдік қасиет-белгілерін нақтылы сипаттап беру үшін қалай да оның өзгешелік-ерекшеліктерін түгелдей де, жекелеп те ашып қарау керек. Әдеби шығарманы қай тұрғыдан алып талдағанда да (айталық тақырып. Сюжеттік желі. Композициялық құрылысы. тіл кестесі) оның жеке бөлім-бөлшектерін (компоненттерін, сипат ерекшеліктерін) айырып ажырату үшін жүйесін тауып, бір-бірімен қабыстырып жалғастырып бөлшекті бүтін мен ұштастыра қарастыру шарт. Әдеби шығарманың көркемдік, тілдік нақтылы ерекшеліктерін зерттегенде, ұсақ, көзге түсе бермейтін сипат белгілерге зер салғанда, соларқылы көркем шығарманың бойындағы, құрылыс-бітіміндегі зор мәні бар қасиеттерін айқынырақ бағдарлауға ұмтыламыз, әлгі көркем туындыны немесе оның қомақты бөлшектерін түгелдей сипаттайтын өзгешеліктерді аңғаруға ұмтыламыз. Жеке белгі-сипаттарды ажыратып талдағанда, бөлшектердің қоспа жігінеппен ашып жүйесін тауып, саралап, айшығы көп өрнектің арқау жібін үзіп, ыдыратып алмау керек. Шығарманы талдағанда оның көркемдік қуатынан толық әсер алатын өткір сезімталдық қандай қажет болса, шығарманың құрылысындағы мазмұн мен түрдің біріккен тұтас бітім-тұлғасындағы қат-қабат байланыстарды, сипат белгілерді көре білу де сондай қажет. Сонда ғана Талдау қисынды, ұтымды болады және тексеріп отырған шығарма жүйесінің біртұтастығын көріп-білуге, сезінуге, түсінуге яғни синтез жасауға толық мүмкіндік туады.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан

қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. (1,37-б) Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio- кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда енгізген. «Рефлексия- адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне- өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар.

1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау)

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН, 2-ші баспалдағы Мен ТҮСІНЕМІН, 3-ші баспалдағы Мен ЖАСАЙ АЛАМЫН.

3. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: «Плюс, Минус, Қызықты». «Плюс»-оң әсер еткен фактілерді, алған білімдер іжайлы жазады. «Минус»-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады.

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл -XXI ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін-өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат (8,22 -б)

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқу мен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру үдерісінде кері байланыс ұсыну оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында табысқа жету критерийлерінің бірі ретінде кеңінен қолданылуда. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың жетістікке жетудегі тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Кері байланыс түрлерінің ішінде танымдық кері байланыс жан-жақты қарастырылған. Хэтти және Тимперли зерттеулеріне сүйене отыра танымға бағытталған кері байланыстың оқушылар біліміне әсерін айқын көруге болады. Әдістемелік құрал кері байланыстың тиімді жолдарына жан-жақты тоқтала отыра, мұғалімге пайдалы кеңестер ұсынады. Төменде берілген сабақ жоспарында кері байланыс түрлері үлгі ретінде егжей –тегжейлі көрсетілген. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде құрылған сабақ үзінділерінен тиімді кері байланыс орнату жолдарын қарастырамыз. Кері байланыс беру барысында пайдалануға болатын тіркестер мен ұсыныстар мысал ретінде беріледі. Оқушымен байланыс орнату кезінде мұғалімнің кері байланысына қойылатын талаптар және алгоритмдер ұсынылады.

Ең алдымен, тиімді кері байланыс ұйымдастыруда барлық оқушыларды қамтамасыз ету. ОЛ оқушыға не береді? Оқушы өз әрекетін реттей алады, сабақта не үшін әрекеттер жасалғанын түсінеді, өз оқуына жауапкершілік алады, болған жағдайға рефлексия жасап үйренеді, өзін-өзі реттеуге машықтанады. Мен іс-тәжірибе барысында үйренген, білгендерім көп болды.

Меніңше, жалпы, сабақта жүргізілетін кері байланыс қаншалықты маңызды болса, оны жүзеге асырудың ережелері мен әдістерін түрлендіріп отыру да соншалықты маңызды. Осы негізде кері байланыс оқушы эмоциясына ғана негізделіп қоймай, танымға бағытталуы керек. Оқушының сабақтан алған біліміне үңіліп, бағыт беру кері байланыстың түрлерін шығармашылықпен қолдана білуге үйретеді. Сонымен қатар оқушымен жұмыс жасауда кері байланыстың мақсатын нақты айқындап, түрлендіріп отыру нәтижеге жету жолы. Мысалы, оқушыларды мадақтау тәсілдері арқылы ойын жинақтауға үйрету, сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарым-қатынасқа тарту, мінез-құлық ерекшеліктерімен жұмыс жасау, сенімділікті нығайту, зерттеуге бағыт беру, өзіндік жұмысты дамыту. Яғни, мұғалім оқушымен жұмыс жасау барысында ең басты кезекте кері байланысты оқушылардан ғана талап етпей, оқушыға өзі де үлгі бола білуі керек -, деп ойлаймын.

Атап кеткен қағидаларды сабақ кезінде назарға ұстап отырсақ қана оқушы өзінің білімін көрсетеді деп ойлаймын. Сонда барлық оқушы сабаққа жақсы қатысып, өздерінің алған білімдерін көрсетеді. 5 сынып оқушыларына Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы бойынша ашық сабақ өткіздім. Ең алдымен «Кім тапқыр» әдісін қолдандым. Оқушылар бұл тапсырмада шығарма бойынша сұрақтарға жауап берді. Оқушыларға карта берілді. Әлемді аралау үшін көптеген қалаларды және Бердібек Соқпақбаевтың туған ауылына саяхатқа барады. Оқушылар әлемді шарлап саяхат жасай алады. «Біз барлығына жете аламыз» деген ұранмен саяхат жасады. Ол үшін бәріміз сұрақтарға жауап береді. Шығарманы қалай меңгергенін білу мақсатында қолдандым. Ал одан кейін, «Фишбоун» әдісінде оқушыларға А4 форматындағы қима-қағаздар бердім. Оқушылар балықтың қаңқасының суретін салып, басына тақырып жазды. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазды. Түйінді ой құйрығына жазылды. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады. Бұл әдіс оқушылардың кейіпкерді (шеберлікпен) автордың қалай суреттегеніне анализ жасауға ынталандырады. Олар кейіпкерлерді сомдағанда шығармадан дәлелдемелер, мысалдар ала отырып бергені қадағаланады. Осындай түрлі тапсырмалар арқылы жүзеге асырылды. Оқушылар берген тапсырма бойынша толық дайындалумен қатар, өзіндік пайымдауларын да айта алады. Осы тапсырма үлгісін әр сыныпта қолданып көрдім. Нәтижесі айтарлықтай десем де болады. Тиімді әрі, шығармада алған ойларын нақты жаза алады.

Іс-тәжірибе кезінде мен өзімнің АКТ құзыреттілігімді арттыра алдым деп ойлаймын. Және іс-тәжірибе барысында сабағымды тиімді өткізу кезінде жиі пайдаланып отырдым. 5 сынып қазақ әдебиеті пәнінен Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» өткенде оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында Еркін Рақышевтың «Менің де атым Қожа» фильмі мен «Менің атым Қожа» фильмдерінен үзінді көрсеттімтыңдалады. Оқушылардың бәрі тыңдап, бәрі қызыға қарап отырды. Онда екі Қоджаның іс-әрекеттерін салыстырды. Оқушылар шығармадан оқыған бір бөлек, көздерімен көргендері бөлек. Мейлінше, көзімен көргендерін жақсы есте сақтай алады. Сауалнама жүргізу арқылы да білдім. Көбінесе АКТ-мен жұмыс жасауға тырыстым. Абдулла Нұртас есімді оқушым Қожаның бойындағы жақсы қасиеттерді айтып, ал Ермахан Мерей есімді оқушым Қожаның тентектігіне сәл өкпелеп қалғандай болды. Осылайша, фильмнен үзінді көрсету арқылы салыстыра алды. Бұндай жұмыстар оқушының бойындағы заманауи технологияларды игере алу қабілеттерінің жоғарылататынын байқауға болады. Болашақта өз өмірінде дұрыс пайдалана алса құба-құп болар еді деп ойлаймын. Оқушылар сабақ үстінде басқа тапсырмалар беріп, бала білімін шыңдаған дұрыс. Қосымша ақпараттар, тапсырмалар берсе, олардың да, өзгенің де жиғаны көп болмақ.

Мемлекеттік іс-тәжірибе барысында 7- сыныпқазақ әдебиеті пәнінде «Көксеректің ауылдан кетуі.Көксеректің жаралануы» тақырыбы бойынша, тапсырмалар беріп, жұмыс жасаттым. Оқу мақсаты: А/ІІ.Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру болды. Ең алдымен «FILA толтыру» әдісін қолдандым. Бұл әдіс көркем шығармадағы кейіпкердің образдық тұлғасын ашуға бағытталады. Топ құрамында төрт адам болады. Әрқайсысы «FILA толтыру» әдісі бойынша тапсырма түрлерін бөліп алады, қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырды. Бұл тапсырмада шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау, кейіпкер туралы өзінің ой- пікірі, кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар, автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілін анықтау болды.

Біріншіден, уақытты тиімді пайдалана алдым. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты. Сабақ соңында оқушылар тақырыпты тез меңгергені, олардың сабаққа деген білімі арта түсті. Тапсырма бойынша барлық оқушы кері байланыс жасай алды. Барлығы өзіндік ойларын айтты.

Мен үшін маңыздысы, оқушыларды білім шыңына шығару. Барлық оқушыларды сабақта алған білімді күнделікті өмірде пайдалануға жаттықтырдым. Оны үйде, мектепте т.б. жерлерде жасауға мүмкіндік табуға болады. Мәселен, мемлекеттік іс-тәжірибеде, өзім жетекшілік еткен оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болдым. Оқушылармен жұмыс жүргізу мен үшін маңызды. Ата-аналармен күнделікті хабарласып, сабақтарын үйде қадағуларын айттым. Бүгінгі сабақты қалай меңгерді және нақты есте сақтай алғандарын біліп отырдым. Оқушыларға мақтау, мадақтау сөздерін айту арқылы жұмыс жасау керек. Әрине «ЖАРАЙСЫҢ!» деген сөз керемет. Бірақ, оқушының нені біліп неге үйрену керек екенін көрсете алмайды. Білімнің оқушы танымына қалай әсер еткенін өлшеу маңызды.

Қорытындылай келе, тиімді жүргізілген кері байланыстың оқушылардың танымына әсерін айқын көруге болады. Яғни, оқушының сабақта жетістікке жетуі, өз-өзін реттеп, метатанымына әсер етуі. Кері байланыс арқылы оқушы өзінің қай деңгейде екенін біліп қана қоймай, қалай дамуға болатынын көре алады

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://blog.madeniportal.kz/>
2. Т. Ақшолақов, «Шығарманың көркем айшықтарын таныту», «жазушы», 1998.

3. Алимов.А. «Оқытудағы интер белсенді әдістер» оқу құралы. Астана 2014 жыл
4. Т.Д. Каирова. «Қалыптастырушы танымдық кері байланысты ұйымдастырудың тиімді жолдары» Әдіст. құрал. /– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
5. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «жазушы», 1990.
6. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Ғылыми - білім беру журналы. Көкшетау, АМКУ, 2017. - 162 б.
7. <https://baribar.kz/student/12453/koerkem-matindi-taldau-zhumystary/>
8. Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың өзекті мәселелері «Ақиқат» газеті, 25 қараша, 2019ж.
9. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013.
- 10.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл
- 11.Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Астана. 2013.
12. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ. ПШО. 2016.
- 13.Сайфуллақызы Б. «Рефлексиялық біліктілік – педагогикалық шеберлікті арттырудың қажетті шарты». «Қазақстан мектебі» журналы. №12(1091). Желтоқсан. 2016.
- 14.«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері», Әдістемелік құрал, Атырау 2019 жыл.

Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімді әдіс-тәсілдері

Кіріспе бөлімі

1Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімді әдіс-тәсілдері

Негізгі бөлім

2Ғылыми жұмыстың қашықтан оқытудың мақсаттары

3.Қорытынды

Жұмыстың мақсаты: Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтан оқыту формасын 21 ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогресстің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтықтан оқытудың маңыздылығын арттырды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы. Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек.

Жұмыстың міндеті:Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азаматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға ...) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту 21 ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады.

Түрлі статистикаларды салыстыра отырып, қашықтан оқыту – бұл әдеттегі күндіз немесе сырттай оқудан көп айырмашылығы мен артықшылығы бар оқытудың жаңа, арнайы формасы. Ол оқушы мен мұғалімнің, оқушылардың өзара қарым-қатынасының өзгеше формасын, өзгеше оқу құралы мен әдістемені, оқытуды ұйымдастырудың өзгеше түрін ұсынады. Сонымен қатар оның құрамы кез-келген оқыту формасында, кез-келген оқыту жүйесінде бар компоненттерден; оқытудың барлық түрінде, әлеуметтік қажеттілікті өтейтін мақсаттардан; оқу орнының түріне

қарай қолданыстағы программаларды қамтитын мазмұнынан; әдістемелерден, ұйымдастыру формасынан, оқу құралдарынан тұрады.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйелік және жүйелілік, белсенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифференциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқуыдағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкіндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады. Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек.

Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағыналы студі ұсынады. Бұдан шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендерін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау.

Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағдай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білмісіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қашықтан оқыту курсының маңызды бір бөлігі. Оны көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Қашықтан оқыту курстарын ұйымдастырғанда қосалқы компоненттерді (инвариантты) де қарастыру керек.

2Ғылыми жұмыс авторлары қашықтан оқытудың мынандай мақсаттарын бөліп көрсетеді:

1. Кадрларды кәсіби дайындау және қайта даярлау;
2. Белгілі мамандық бойынша педагогикалық кадрлардың квалификациясын көтеру;
3. Кейбір жеке оқу пәндерінен оқушыларды экстерн-емтихан тапсыруға дайындау;
4. Белгілі профил бойынша оқушыны жоғары оқуға түсуге дайындау;
5. Мектеп немесе мектептен тыс курс бағдарламысының бөлімін, кейбір жеке пәндер мен тақырыптарды тереңдете оқыту;
6. Мектепте кейбір жеке пәндер бойынша оқушы біліміндегі, білігіндегі, дағдысындағы жетіспеушіліктерді жою;
7. Түрлі себептермен мектепке мүлдем немесе белгілі бір уақыт аралығында келе алмайтын оқушыға мектептің базалық курсты оқыту;
8. Қызығушылығы бойынша қосымша білім алу.

Орындалған талданымдар негізінде қашықтан оқытудың кең тараған түрлері мыналарға негізделген:

1. инетрактивтік теледидар;
2. компьютерлік телекоммуникациялық желі (аймақтық, ғаламдық), қолданыстағы конфигурацияның (мәтіндік файлдар, мультмедиялық технология, видеоконференция, телепікір, онлайн-сабақ...) әртүрлі дидактикалық мүмкіндіктеріне қарай;
3. Интернет желісі мен компакт-диск бірлігі технологиясы.

Интерактивті теледидар арқылы жүргізілетін оқытудың артықшылығы, ондағы оқытушыдан әртүрлі қашықтықтағы аудиториямен тікелей бейнелік жанасу мүмкіндігінде. Оның кемшілігі сонда, осылай оқытқанда кәдімгі сабақ па, әлде қазіргі заманғы педагогикалық технология қолданылған ба, оған қарамастан сабақтың тиражы көбейтіле береді. Мұғалімдер мен оқушылар жаңа білім игерудің, өзіне қажет әдістердің, жаңа ақпараттық технологияының, куәгері немесе қатысушысы боларда, дискуссияға қатысарда, тамаша бір әдістеме немесе лабораториялық

жұмыс көрерде осы интерактивтік теледидардың пайдасы зор. Қашықтан оқытудың осы формасы интерактивті және мамандар дайындау мен квалификациясын көтеруде болашағы зор. Бірақ, қазіргі мезетте бұл әте қымбат технология болып отыр.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың келесі тәсілі компьютерлік телекоммуникацияны электрондық почта, телеконференция, аймақтық Интернет желісінің ақпараттық қорлары тәртібінде пайдалануды ұсынады. Бұл қашықтан оқытудың кең тараған және арзан түрі. Оны ұйымдастыруда телекоммуникациялық технологияның жаңа құралдарын қолдану қарастырылған.

Үшінші тәсілде базалық электрондық оқулық ретінде компакт-дискілерді пайдалану ұсынылады. Ол ЖОО-ры мен мектепте білім беруге және мамандардың білімін көтеруге арналған зор дидактикалық мүмкіншіліктерге ие. Компакт-дискілердің артықшылығы мынады;

- инетрактивтік;

- мультмедиялық;

- ақпараттың үлкен көлемін қамтиды және осының есебінен қашықтан оқытуды елеулі түрде оңтайландырады.

Зерттеу әдістері:Зерттеушілердің айтуынша, қашықтан оқытудың даусыз артықшылықтары мыналар:

1. Білім беру қызметінің арзандығына қарамай, кешкі немесе сырттай оқу түріне қарағанда әлдеқайда жоғары кәсіби дайындық ;

2. Оқу мерзімін қысқарту;

3. Қазақстан мен шет ел ЖОО-нда қатар оқу мүмкіндігі;

Студенттің ЖОО-ның географиялық орнына тәуелсіздігі.

Оқу курстарының сапасы мен құрылымы қашықтан оқыту мен дәстүрлі оқытуда бірдей немесе кейбір жағдайларда қашықтан оқыту сапасы жоғары болғанын тәжірибелер дәлелдеп отыр.

Дәстүрлі оқыту орталарына қарағанда жаңа электрондық технология оқушыны оқу процесіне белсенді қатыстырып қана қоймайды, сонымен қатар осы процесті басқаруға рұқсат етеді.

Қазіргі заманғы компьютерлік телекоммуникация білім және түрлі оқулық ақпарат беруде, дәстүрлі оқу құралдарымен бірдей, ал кейде одан да әсерлі.

Қорытынды Қашықтан оқыту формасы туралы айтқанда, құрамына; барынша мүмкін болатын ақпараттың электрондық көздері (желілікті қоса алғанда): виртаулды кітапханалар, деректер базасы, консультациялық қызметтер, электрондық оқу құралдары, киберсыныптар, т.б. кіретін бір ыңғай ақпараттық-білім кеңістігін жасау туралы айту керек. Әңгіме қашықтан оқыту туралы болып отырғанда, ол жүйеде мұғалім, оқушы және оқулық бар деп түсіну керек. Бұл оқушы мен оқытушының өзара әсері. Осыдан шығатыны, қашықтан оқыту формасын ұйымдастыруда ең бастысы электрондық курстар, қашықтан оқытудың диактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Қашықтан оқытуды сырттай оқуға ұқсатудың қажеті жоқ, себебі, бұл жерде мұғаліммен және киберсыныптағы басқа оқушылармен тұрақты байланыс бар, күндізгі оқудың барлық жағы, оқудың ерекше формасы ескеріле отырып қамтылған. Бұдан шығатыны, теориялық талдаулар, эксперименттік тексеру, жауапты ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі. Өкінішке қарай, біздің интернетте көріп жүргендеріміз, компакт-дисклердегі электрондық оқулықтар педагогикалық талаптарға жауап бере алмайды. Осыдан барып, қашықтан оқыту курсатырын жасақтаумен және оны әртүрлі базалық, тереңдетілген, қосымша білім беру мақсаттарындағы әдістемелер қолданумен байланысты проблемаларды шешудің мәні зор.

Жоғарыда келтірілген фактілер мен мысалдар, Қазақстанда қашықтан оқыту жүйесін құруды және оны аймақтарда кеңейту қажеттігін көрсетеді. Бұл квалификациясы жоғары, интеллектуалдық сапасы күшті, кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық деңгейдегі конкуренцияға төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. -С. 50-56.

2. Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. -С. 29-34.

3. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. -С. 7

Бопасова Гаухар Борановна
Әдіскер
Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі КМКҚ
Атырау облысы Индер ауданы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезендері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдету мен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Сондықтанда оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыру да тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің өндірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновациялатын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді .

Қазіргі оқу орындарымен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұнымен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибе де сынап, қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқада көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өзбетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғамдарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтанда қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Инновацияның өмірге енуі білім беру мекемесінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептерменде анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, оқушыларыдың білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алуға жеке тұлғаның дамуы

Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Бұған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері: мақсат → мазмұн → форма → әдіс → оқыту көрнекілігі болса, бүгінде жаңа технология бойынша оқып үйрену → меңгеру → өмірге ендіру → дамыту болып өзгерген.

Егемен еліміздің экономикасымен саясатының, біліммен ғылымның тұтқасын өзге емес, өз еліміздің азаматтары ұстауы керек. Оның негізі бүгін қалануы тиіс. Бұл міндетті шешетін — болашақ қазақ мектебі. Құрғақ қиялдан болашаққа нақты ұсыныс керек. Инновациялық оқыту білімді тереңдету мен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға бері кеніп келеді.

Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Әдістемелік ізденіс — жаңалыққа жол ашу. Мұғалімдер әдістемелік ізденістерді басшылыққа ала отырып, еңбекті сабақ үрдісінде білулері керек. Қазіргі кезде көп айтылып, талқыланып жүрген жаңалықтарды оқыту үрдісіне енгізу, яғни, инновациялау инновациялық үш бөлімнен тұрады:

- 1 бөлім. Кәсіби шеберлік
- 2 бөлім. Біліктілік дағдылары
- 3 бөлім. Жүзеге асыру, қолдану.

Қазіргі заманғы білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы – оқытудың негізгі мақсаты. Оқушылардың танымдық ой белсенділігін қалыптастыруда ойын сабақтарын өткізу оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды. Сондықтан оқушылар сұрақтармен сөз жұмбақтарды шешу үшін өтілген материалды үнемі қайталап отыруды әдетке айналдырады. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, олардың шығармашылық ой-өрістерін, түсінік-танымдарын еселеп, арттыра түседі

Өз қызметімнің бір саласы бойынша колледж бойынша өткізілетін ашық сабақтар мен күнделікті сабақтарға жоспар бойынша қатысып, талдау жұмыстарын жүргізіп отырамын. Ол қатысқан сабақтарымның бірнешеуіне тоқталып өтсем.

Электронды оқулықтарды тиімді пайдалану да инновациялық технологияның жүзеге асырылуын жетілдіретін мүмкіндік деп ойлаймын. Жаратылыстану пәндері бойынша математика, физика және химия пәндерінде электронды оқулықтарды пайдаланып, сол арқылы салыстыру жұмыстары, сәйкестендіру тапсырмалары, зертханалық жұмыстар және бақылау жұмысы тапсырмаларын орындау мүмкіндіктері қарастырылған.

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім алатын II курсына өткізілген «Алкогольсіз сусындар» тақырыбында өткізген арнаулы пән оқытушысы Гүлмиза Асхатқызының ашық сабағында CLIL әдістемесінің элементтерін тиімді қолдана отырып, үй тапсырмасы кезеңінде Kahoot бағдарламасы бойынша алкогольді ішімдіктер тақырыбын тексеру мақсатында тест жұмысы орындалды. Kahoot программасы студенттердің пәнге қызығушылығын арттырады, қолдарындағы смартфон арқылы кіруге мүмкіндіктері бар, тест жұмысын тез әрі,

қызықты өткізеді, қолжетімді және студент өз қатесін тексеріп отырады, студенттердің бір-бірімен жарыса жұмыс жасауларына мүмкіндік береді.

Сабақ барысында тілдік мақсаттарды жүзеге асыруда топтық әдіспен жаңа сөздерді «TRUE OR FALSE» активиті бойынша қайталату жұмысы жүргізілді. Жұмыс барысында берілген термин сөздерді 3 тілде өзара байланыстырып алады, кейін интерактивті тақта көмегімен осы жұмысты тексереді. Бұл активиті 3 тілде сөздерді жаттауға тиімді және жоғары пән аралық байланыс орнату болды.

Тағы бір қатысқан сабақтарымның бірі «Фермер шаруашылығы» мамандығының «Электр жабдықтарына қызмет көрсету электромонтері» біліктілігінде оқитын I курс студенттеріне өткізген арнаулы пән оқытушысы Сағидолла Сайынұлының «Слесарлық жұмыстарды орындауға арналған қол аспабы мен құралдары» тақырыбындағы сабағында білім мен қызмет тәсілдерін меңгеруді бақылау және өзіндік бақылау кезеңінде Quizizz бағдарламасы арқылы тест сұрақтарына жауап берді. Quizizz бағдарламасын қолдану барысында тест сұрақтарын жасауда әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалануға болады. Тек сөзбен берілген сұрақтар ғана емес, салыстыру, сәйкестендіру, графикалық үлгідегі тест сұрақтарын жасай алуға болады. Сұрақтардың жауаптарын сол сәтте шығара алады. Quizizz бағдарламасы Блум таксономиясы бойынша бағалаудың жетістіктеріне жетуге мүмкіндік бере алады.

Ең бастысы ойындар оқушылардың көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Элькониннің сөзімен айтсақ: "Ойын - ол адамдардың арасындағы әлеуметтік ара-қатынас, практикалық білімдері және қызметі". Оқу ойындарын қолданудың жағымды жақтарына тоқталсақ:

- ойындар абстрактілі оқытуға қарағанда өз тәжірибесімен оқытуға мүмкіндік береді;
- ойындар ойын басшысының тәжірибесіне немесе дағдысына тәуелсіз;
- ойындар интуицияны жаттықтырады, мәселені шешу қабілеттілігін және қажетті әлеуметтік мінезқұлықтың түрін таңдауға, үрдістер мен құбылыстардың деректерін түсінуге, стратегиялық баламалы шешім қабылдауға, тәуекелге бел байлауға үйретеді.

Ойындар жеке мәселелерді оқуда және шешуде қабілетті әрі қарай арттыруда, ойынға қатысушылар оқытушының ролін ойнап, бірін-бірі белгілі бір деңгейде оқытады, бірақ әрқайсысы бір ойында өздерінің қабілеттілігі мен қажеттілігіне қарамай көп нәрсеге үйренеді. Оқушылар әрбір сабақтан мол білімділік, тәрбиелік, дамушылық алу керек. Сондықтан пәнаралық байланыс арқылы сабақтың білімі, ғылыми сипатымен қатар оның тәрбиелік танымдық, адамгершілік мазмұнда ұйымдастырылуын ойластырған абзал. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушының болуы. Білім беру саласындағы қазіргі оңды өзгерістер әрбір мұғалімнен өз ісіне мұқияттылықты талап етеді. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

6. Назарбаев Н. "Қазақстан - 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. -176б.
7. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы», - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлігі орталығы, 2015
8. Жошыбаева Г. Ұлттық мектеп-ел еңсесі. "Қазақстан мектебі", №12, 2003.- 13 б.
9. Қоянбаева С. Танымдық қызығуды белсендіру. "Қазақстан мектебі", №6, 2003
10. Границкая А.С. Научить думать и действовать. Адаптивная система обучения в школе. - Просвещение, 1991.

Дастан Жанарыс Дастанұлы

Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі, Атырау қаласы

1 курс, «Мұнай және газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу»

Кулумбетова Шынар Маратовна, білім магистры, информатика пәнінің оқытушысы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазір 21 ғасыр уақыт өткен сайын жана технологиялар пайда болып жатыр, солардың бірі заманга сай нано-инновациялық технологиялар.

Мен Дастан Жанарыс Дастанұлы қазіргі таңда С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің 1-курс студентімін. Біздің колледжде «Жас маман» жобасы бойынша Робототехника, Фаб-лаб үйірмелері жұмыс жасайды. Біз ол үйірмеде сабақтан тыс уақытымызды тиімді әрі пайдалы өткіземіз, яғни айтқанда инновациялық технологияларды меңгереміз. Солардың бірі 3D принтерлер және лазерлік станоктар. Қазір мен сіздерге бұл технологияларға жеке-жеке тоқталып шығатын боламын. 3D-Принтер қазір көпшілігі түсінбеуі мүмкін, бірақ қарапайым тілде түсіндіретін болсам, мысалы кәдімгі баспа құралын алсақ біз ол арқылы интернеттегі әдемі суреттерді, көзартарлық мүсіндер, бұйымдар шығара аламыз, әрине тек фото түрінде. Ал, 3D принтер арқылы сол заттардың сызбасын сызу арқылы бұйымдарды қолға ұстай алатындай прототиптерін (мүсіндерін) шығара аламыз, яғни айтқанда 3D принтерге басып шығаруға команда береміз. Ал лазерлік станок дееніміз ағаш фанерларынан әртүрлі мүсіндер жасаймыз, менің алғашқы жұмыстарымның бірі ол Эйфель мұнарасы, біз осы үйірмеде Inventor, Autocad секілді бағдарламамен жұмыс жасаймыз. Заман дамыған сайын жаңа технологиялар шығып жатырғандығын жоғарыда айтып өткен болатынымын. Алдағы 10-15 жылда біз үсті-басы май болып жүрген мұнайшыларды көрмейміз, себебі жұмыстың барлығы тетікпен (кнопка) басқарылатын болады. Иә, көбісі ойлайды мұнайдың қоры таусылады деп, бірақ мұнай қоры бітпейді, себебі бізден 30 жыл алға дамып кеткен Американың өзі әлі күнге дейін мұнай шығарып келеді. Технологиялары дамып кетсе де, неге? Себебі, токпен жүретін машина шығарсада ол ток ұзаққа жетпейді бұл бір, екіншіден ток пен жүріп кетуі үшін бірінші жанармай арқылы қыздырады, ал жанармайды қайдан алады? Әрине, мұнайдан! Мұнайдан тек жанармай, жағармай, дизель отыны алынады деп ойлайды, ол қате пікір. Біз күнделікті пайдаланып жүрген заттардың көпшілігі мұнайдан жасалған, мысалы, тіске арналған протез, смартфон, косметикалық заттар, әр түрлі хош иісті әтірлер, күнделікті киетін киімдер және т.б. Егер де әлем мұнайдан бас тартатын болса, онда өміріміздің бір бөлігіне арналған маңызды дүниелерден бас тартуға тура келеді. Сондықтан да мұнайсыз өмірді елестету қиын.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар 8-ге бөлінеді:

- **Жобалау технологиясы;**
- **Саралап даралап оқыту;**
- **Дамыта оқыту технологиясы;**

- **Модульдік оқыту технологиясы;**
- **Сын тұрғысынан ойлауды дамыту;**
- **Сатылай комплексті талдау;**
- **VTS бағдарламасы;**
- **Деңгейлеп оқыту технологиясы;**

Адам күнделікті дамуда болуы керек, себебі заман дамып жаңа технологиялар шығып жатыр. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті айтып кеткендей «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» Н.Ә. Назарбаев.

Өмірде қолданылатын жаңа технологиялардың өзі әрбір адамның шеберлігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан өзінің кәсіби іс - тәжірибемде инновациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдану, пайдалану туралы айтқым келеді.

Кереева Альбина Тулегеновна

*Атырау көлік және коммуникация колледжінің 1- санатты, экономикалық пәндер оқытушысы.
«Қазақстан Республикасы Үздік ғылыми жоба 2021» төсбелгі иегері, «Қазақстанның білім беру ісінің қайраткері» төсбелгі иегері.*

«Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт»

«Білімді ұсынуға болады, бірақ оны әркім өз бетімен меңгеруі және қолдануы қажет».

А.Дистерверг


Бүгінгі күні Қазақстан әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру міндетін қойып отыр, ол жаңа инновациялық дамуды және жеделдетілген технологиялық жаңаруды талап етеді. Экономика дамып, студенттер жақсы үйреніп, білім сапасы бұрын-соңды болмаған биіктікке дейін көтерілді. Цифрландыру түрлі салаларға еніп, қоғамның маңызды қажеттілігіне айналуға. Қазіргі таңда цифрлық трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие.

Цифрлы жүйеге көшу - жаһандық бәсекеге қабілеттілік негізі. Оқыту – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол студенттердің оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық әдіс-тәсілдердің біртұтас кешені деп айқындалған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев білім беру жүйесі еліміздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру ісінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасында білім беру ісіне зор мән берілген. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыруға, сондай-ақ, білім мен ақпарат алмасу ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.


Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді цифрландыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген. Осыған орай, бүгінгі оқытушының алдында студентке білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр.

Елбасы Қазақстан халқына жолдауында: "Біз бүкіл ел бойынша білімнің сапалы қызмет етуін әлемдік стандарттар деңгейінде ұсынуға қол жеткізуге тиіспіз. Онлайн режимінде оқыту

практикасын дамыту, жаратылыстану - ғылыми бағдарлы арнайы дәрісханалар жүйелерін қарастыру қажет", - деген болатын. Білім және ғылым министрлігі білім саласын компьютерлендіру, оларды ғаламторға қосу мен телефондандыру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Цифрландыруға қол жеткізу соның айқын дәлелі. Цифрландырудың болашағы зор. Қашықтықтан оқыту, онлайн жүйесінде телекөпірлер арқылы сұхбаттасу да цифрландырудың жемісі болып табылады. Цифрлық оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді. Мақсатым: пән мұғалімі ретінде менің алдыма қойған мақсатым-студенттердің пәнге деген сүйіспеншілікті ояту, терең білім беру, өз елін сүйер патриоты болуға тәрбиелеу. Әр студенттің бойына жаңа, тың серпіліс туғызатындай әдістер арқылы олардың ақыл-ойын ұштау, жетілдіру, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін дамыту жолдарын іздестіру. Міндетім: жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, білім беруде қабілетті мамандарды даярлау. Қазіргі кезеңдегі онлайн түрінде сабақ өткізіп келеміз. Ашық сабақ та өткіздім. Оның дәлелі мынадай:



Онлайн сабақтар өткізіуім:



Студенттердің білімін, ізденімпаздылығын жетілдіру мақсатында бірнеше студенттерге ғылыми жетекшілік етіп келдім, республикалық Жылдың үздік ғылыми жобасы байқауына Жайықбаева Назеркеге жетекшілік етіп, және өзімде қатысып 1- кезеңнен жеңімпаз атанып, 2- ші кезеңге қатысып, жүлделі 1- ші дәрежелі диплом және оқушыма «Жылдың үздік ғылыми жобасы» атты төсбелгі, маған «Қазақстан Республикасы Үздік ғылыми жоба 2021» атты төсбелгі, 1- ші дәрежелі диплом иелендім. Төлеуіш Пауеденовичтың 70- жылдығына арналған мұнай саласы бойынша ұйымдастырылған халықаралық конференцияда «Жас ізденімпаз» атты үздік дипломды жеңіп алдым. Халықаралық байқауда ашық сабақ өткізіп, дипломмен марапатталдым. Көптеген байқаулар, олимпиадаларда студенттерге жетекшілік жасап түрлі орындарды иеленіп, диплом, алғыс хат, құрмет грамоталар, сертификаттармен марапатталған болатынбыз.







Сонымен қатар, халықаралық, республикалық, облыстық деңгейлерде жүлделі орындар, алғыс хаттар, сертификаттар тағы басқада көптеген жетістіктерімізмен марапатталдым.



Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады. Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Барлық пәндердің онлайн білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтатын болсам, үй тапсырмаларын студенттер онлайн режимінде бірге жұмыс істей

алады. Кітапханалар ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды. Халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын цифрлық платформа құру мақсаты Цифрлік Қазақстан -2020 Елбасымен ұсынылған бағдарламаны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады.

XXI ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келетін болсам, олар барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталсам, соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Мен өз білімімді жетілдіру мақсатында онлайн курстарға қатысып, сертификат, алғыс хаттар алдым.



Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, студенттерге, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің студенттеріміз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Қысқасын айтқанда, цифрландырудың сиқырлы әлеміне ену жөніндегі Қазақстанның қазіргі ынта-жігері және ұмтылысы көптеген бағалаулар бойынша жаман емес. Яғни, үдерісті одан әрі үдете түсу қажет.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мен әркімнің цифрландыру мақсат емес екенін түсінуін қалаймын, ол жаһандық бәсекелестікке әкелетін біздің абсолюттік артықшылығымызға қол жеткізудің құралы. Онсыз өзін құрметтейтін ел қалыпты өмір сүре алмайды. Бәсекелестік болмаса, біз артта қаламыз және алда келе жатқан мемлекеттердің шаңын жұтатын боламыз. Пайданың, өнімділіктің және капиталдандырудың күрт артуы – мәселе осында. Цифрлы экономика осыны береді», деп ескертті. Демек, тәуелсіз еліміз болып, Үкіметіміз болып, алға қарай талпынған жастарымыз болып, заманның қайда, қалай бет алғандығын ұқтық, осы жолда басты бәйгеге тіктік. Өйткені стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру тұрғысынан алғанда әлемде бейбіт және бәсекелестік жағдайда дамудың бұдан ауқымды басқадай басты бағыты да

жоқ. Халықтар мен елдер және олардың дәстүрі әртүрлі болғанымен, прогрестің бағыты – біреу және ол айқындалып отыр. Цифрландыру қазіргі әлеуметтік-экономикалық салалардың барлығына ортақ. Демек алдағы бес-он жылдың ішінде әлемнің барлық елдері осы жолға түсетін болады.

Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Қорытындылай келе, барша оқытушыларға ортақ міндет – заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Шәкірттерімізді заманауи қоғамға ілесе алатындай етіп цифрландырудың игілігін пайдаланудамыз. Теориялық ақпараттық технологиямен қаруланған жастар еңбек майданында еркін көсілетініне сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылым дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016
2. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. 2018-2022 жылдар
3. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.-Астана 2010.

Кзылбасова Жанаргуль Бурабаевна

*преподаватель специальных дисциплин
г. Актобе*

РОЛЬ И СУЩНОСТЬ ПРОЕКТНОГО ПОДХОДА НА УРОКАХ ЭКОНОМИКИ

Проектный подход – это способ обучения и получения знаний, который реализуется в процессе работы над проектом.

Воспитание учащихся обогащается новыми процессуальными умениями, развитием способностей оперирования информацией, творческим решением проблем с акцентом на индивидуализацию. Особая роль отводится духовному воспитанию личности, становлению нравственного облика. Метод проектов – это не новое явление в педагогике. Он применялся (с переменным успехом) в зарубежной и отечественной дидактике ещё в 30-годы. В последнее время этот метод получил широкое распространение в зарубежной школе, особенно в США, Франции, Великобритании. Считаю, что основная цель проектов – способствовать развитию творческой, активно действующей личности и формированию системы интеллектуальных и общетрудовых знаний и умений обучающихся. Суть метода проектов заключается в выборе и выполнении какого-либо объекта труда, посильного и доступного учащемуся и разработке необходимой для этого документации. Проект – это самостоятельная творчески завершённая работа, соответствующая возрастным возможностям учащихся, во время выполнения которой они продолжают пополнять свои знания и умения. [1] Проекты, как правило, включают в себя глубокое изучение отдельной темы, выполняются небольшой группой учащихся, работающих совместно. Они собирают информацию и ищут ответы на вопросы самостоятельно. Студентам нужно помочь выбрать проект, который соответствует их интересам. Учащиеся имеют право предложить свой собственный проект, если ни один из предложенных им не интересен. Работа над проектом может вестись или индивидуально, или в группах. В последнем случае участникам совместного проекта следует помочь распределить роли и объяснить, что общий успех зависит от вклада каждого учащегося. Особое внимание следует уделить презентации проекта, которая создается с применением мультимедийных средств. Работа над проектом ведется под руководством преподавателя, продолжается дома, а презентация осуществляется на зачете или экзамене. Метод проектов в экономической подготовке учащихся это дидактический инструмент, который создает уникальные предпосылки

для развития целеустремленности и самостоятельности учащегося в постижении нового, стимулируя его природную любознательность и творческий потенциал. Центральным принципом проектной работы является совместная деятельность учителя и ученика, то есть учащиеся вместе с учителем формулируют тему, определяют задачи, разрабатывают план, контролируют этапы выполнения работы и оценивают полученный результат. [2] Эффективность проектной работы во многом зависит от того, насколько преподаватель уважает выбор студента при определении темы. Организация итоговой аттестации по экономике с использованием проектирования неизменно вызывает у учащихся энтузиазм и высокий интерес к содержанию курса и выполнению самой работы. Целями проведения промежуточной аттестации в группах по дисциплине «Экономика организации» с применением метода проекта является: - реализация и совершенствование информационно-коммуникативной компетенции студентов повысить активность на уроках экономики. - формирование информационно-коммуникационной грамотности: умений самостоятельно искать, собирать, анализировать, оценивать, организовывать, представлять, передавать информацию, моделировать и проектировать объекты и процессы, квалифицированно используя доступные современные средства информационных и коммуникационных технологий. - совершенствование технических знаний и навыков: умение отсканировать документ, преобразовать его из изображения в текст, внести заданные исправления, разместить в Интернете и распечатать; создать и обработать графические объекты, анимационные ролики, кроссворды в среде Excel; мультимедийные презентации. - воспитание значимых общечеловеческих ценностей (социальное партнерство, толерантность, диалог); чувство ответственности; самодисциплины; способности к методической работе и самоорганизации. - развитие исследовательских и творческих способностей личности. Основной задачей является - изучение и анализ существующей литературы по данной теме, разработка авторского проекта по выбранной теме, создание презентации проекта с использованием мультимедийных средств. [3] Для решения задач исследования и проверки гипотезы был использован комплекс методов: -теоретический метод анализа проблемы, методы синтеза, сравнение, систематизация, классификация. Метод проектов в преподавании экономики - это разноуровневое обучение, отражающее специфику дифференциации обучения, а также способ достижения дидактической цели через детальную проработку проблемы. В основу метода проектов положены: идея, составляющая суть понятия проект, его прагматическая направленность на результат, который можно получить при решении той или иной практически или теоретически значимой проблемы. Этот результат можно увидеть, осмыслить, применить в реальной практической деятельности. Чтобы добиться такого результата, необходимо научить учащихся самостоятельно мыслить; находить и решать проблемы, привлекая для этой цели знания из разных областей; прогнозировать результаты и возможные последствия разных вариантов решения. Проектный подход в преподавании экономики дает дополнительные направления и возможности для обучения. Знания, полученные по другим наукам, могут быть использованы в проектах по гуманитарным дисциплинам. В основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, умений ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического мышления. [4] Ключевым фактором формирования успешной социализации личности является информационно-коммуникативная компетенция. Поэтому при реализации какого-либо социально-образовательного проекта предполагается не только стимулирование развития личностного потенциала учащегося, но и создание условий становления информационно коммуникативной компетенции. Группа учащихся под руководством преподавателя – координатора (руководителя) проекта исследуют актуальные экономические вопросы, оформляют портфолио проектов, разрабатывают электронные презентации проектов с использованием информационно коммуникационных технологий. Сроки реализации проектов – в течении учебного года. Современное образование характеризуется переходом от установленных норм «ребенок – субъект воспитания» к системе саморазвития личности, как помощи студентам в самостоятельном решении своих жизненных проблем. Участь в техникуме, студенты должны овладеть умениями, которые будут помогать успешной самореализации личности, ее социализации. Сегодня от выпускника требуется умение использовать все постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения, навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений. Цель современного образования – формирование ключевых

компетенций – останеца на словах, еси не будут созданы механизмы их формирования. Учебные проекты сочетаются с традиционной системой предметного классно-урочного обучения, дополняют ее, позволяют отрабатывать межпредметные связи и вместе с этим работают на повышение качества образования

Список использованной литературы:

1. Гузеев А. Методы и организационные формы обучения. М.: Народное образование, 2001.
2. Ермакова И.В., Протасевич Т.А. Начала экономики. – М.: Вита-Пресс, 2002.
3. Загвязинский В.И., Поташник М.М. Как учителю подготовить и провести эксперимент. Методическое пособие. – М.: Педагогическое общество России, 2006
4. Перова В. И. Проектный метод обучения: эффективность научной и учебной деятельности студентов // Вестник Нижегородского университета имени Н. И. Лобачевского. 2015. № 3. –С. 252-257.

Кикбай Ернұр Карнатұлы

Қызылорда «Өркениет» медициналық колледжінің 4-курс студенті

Жетекші: Каусова Сауле Исмагуловна

Қызылорда облыстық Жастар денсаулық орталығының жалпы тәжірибелі дәрігері

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ (ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ МЫСАЛЫНДА)

Қазіргі таңда Үкімет денсаулық сақтау ұйымдарының жаңартылуына, ауруханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге, олардың заманауи құралдармен жабдықталуына, білікті мамандар даярлауға ерекше мән беріп отыр. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 қаулысы шыққаны белгілі. Осы қаулы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік [бағдарламасын](#) іске асыру бойынша жоспарлар қарастырылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: - «Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды. Алаңдаумен өткен соңғы айларда еңбек етудің баға жетпес қадір-қасиетін жете түсіндік. Кіші медицина қызметкерлері, коммуналдық және қызмет көрсету саласында еңбек ететін азаматтар қыруар жұмыс атқарды. Бұл – нағыз еңбектегі ерліктің жарқын үлгісі. Мұндай адамдар мемлекет назарынан тыс қалмайды. Пандемия туындатқан дағдарыс бізді көп нәрсеге үйретті. Мәселен, дәрігердің еңбегін бағалай білетін болдық. Бір кезде медицина қызметкерлерінің мемлекет назарынан тыс қалғаны рас еді. Дәрігер мамандығын материалдық тұрғыдан да нығайта түсу маңызды болып отыр. Бюджетті таяудағы нақтылау кезінде екінші жартыжылдықта медицина қызметкерлерін ынталандыратын қосымша төлем үшін 150 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Барлық негізгі дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар Қазақстанда өндірілуге тиіс. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Келесі жылдан бастап осы бағытта нақты нәтиже күтемін. Тағы бір мәселе – медициналық инфрақұрылымды дамыту. Жыл соңына дейін еліміздің аймақтарында 13 жаңа жұқпалы аурулар ауруханасы салынады. Ал 2025 жылға қарай денсаулық сақтау саласына арналған 20 заманауи көпсалалы нысан пайдалануға беріледі. Бұл – осы мақсатқа орай 1,5 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылады деген сөз» - деген болатын.

Осы орайда Үкімет тарапынан жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда 2020-2022 жылдарға денсаулық сақтау жүйесіне арналған шығыстар 4,7 трлн. теңге, оның ішінде 2020 жылы - 1,5 трлн. теңге немесе ағымдағы жылдың деңгейіне 319,7 млрд. теңгеге өсіммен. Аталған өсім негізінен

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға көшумен және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медицина қызметкерлерінің еңбекақысының ұлғаюымен байланысты.

Жалпы, 2020-2022 жылдарға арналған медициналық көмек көрсетуге арналған шығыстар көлемі 4,1 трлн. теңгені құрайды, оның ішінде 2020 жылы – 1,3 трлн. теңге, бұл ағымдағы жылдың деңгейінен 216,6 млрд. теңгеге жоғары. 2020 жылдан бастап жаңа Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жоспарлануда. Мәселен, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға 2020-2022 жылдарға 336,5 млрд. теңге сомасында қаражат көзделген, оның ішінде 2020 жылға – 71,8 млрд. теңге:

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметкерлердің еңбекақысын арттыру – 66,6 млрд. теңге;

- Қазақстан Республикасында дербестендірілген және превентивті медицинаны енгізу - 5,1 млрд. теңге.

Нұр-Сұлтан қаласында онкологиялық орталықтың құрылысын жалғастыруға бюджет жобасында 56,9 млрд. теңге көзделген, оның ішінде 2020 жылға – 45,2 млрд. теңге.

Стационарлық медициналық көмек көрсету үшін, елімізде барлық ауруханалар бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесімен жұмыс атқаруда. Қазақстан Республикасының бірінші президенті, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «XXI – ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деп айтқанындай, заман талабына сәйкес, бәсекеге қабілетті, сапалы медициналық көмек көрсету үшін, ауруханамыз жыл сайын Республикалық және жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражат арқасында және демеушілік көмекпен қажетті медициналық құрал-жабдықтар, аппараттармен жабдықталады деген болатын. Осы орайда, Республикалық бюджеттен 11 088 800 теңге, жергілікті бюджеттен 34 115 880 теңге, демеушілік көмектен 21 549 070 теңгеге медициналық құрал-жабдықтар, аппараттар алынды.

Медицина саласында әрбір ауруға дәрігердің көмегі міндетті түрде қажет. Болашақ еліміздің экономикасын көтеретін, шаруашылығын дамытатын қазіргі жас бүлдіршіндер. Сондықтан, ересектермен қатар, балалардың денсаулығының дұрыстығы өте маңызды. Осы орайда, Қызылорда облыстық балалар ауруханасы 2002 жылдан бастап, облыс балаларына медициналық көмек көрсетіп келді. Бір жылда ауруханадан 7500-нан астам науқас бала ем қабылдап шығатын. Олардың 25 пайызы ауыл тұрғындары, 70 пайыздан астамы қала тұрғындары. Жас өлшеміне қарай, 39 пайызы 1 жасқа толмаған балалар.

Жалпы алғанда, Педиатрия Қызылорда облысында алғаш 1926 жылы құрылды. Облыстық ауруханада 10 төсек орынды балалар бөлімі ашылды. Сол жылы Арал орталығында және Жосалыда балаларға кеңес беру орталығыңіретасы құрылған. Соғыстан кейінгі кезең педиатрия үшін даму жылдары болды. Қызылорда қаласында және басқа да аудан орталықтарында балалар емханалары мен ауруханаларда балалар бөлімшелері ашыла бастады. 1959 жылы Қызылорда облысында 102 төсек орынға арналған ауруханасы ашылып, 40 педиатр жұмыс істеді.

Алғашқы облыстық бас педиатр мамандығына медицина ғылымдарының кандидаты Алимхан Абишев тағайындалды. Осы лауызымды 1965 жылдан 1974 жылға дейін басқарып келді. Бұл кезеңге дейін денсаулық сақтау саласында бас маман болмаған.

Ал, 1961 жылы Қызылорда қалалық балалар ауруханасынан облыстық аурухана жеке бөлініп шықты. Ауруханада 100 төсек орнымен қатар кеңес беру бөлімі ашылған. Отандық медицинаның ең білікті мамандары: Ким Е.Ф., Волкова К.Я., Есова С.Е., Даутбаева С.Т және тағы да көптеген өз мамандығынын кәсібі деңгейі жоғары дәрігерлер жұмыс атқарды. Жалпы, ауруханада мыңдаған балалардың өміріне араша болып, мыңдаған ота мен манипуляциялар жүргізілді. Балалар ауруханасының алғашқы бас дәрігері Ким Е. Ф болды. Ауруханада ішінен 2 бөлімше ашылды. 60 төсек орынды инфекциялық бөлім басшысы - Валиева И.Г және соматиялық 40 төсек орын бөлім басшысы-ҚР еңбек сіңірген дәрігері – Волкова К.Я, кеңес беру бөлімінің басшысы Есова С.Е басқарды. 1962 жылдың қазан айынан бастап Есова С.Е балалар ауруханасын 30 жыл адал еңбегімен, абыроймен басқарып, зейнетке шықты. Кейінен 1992-2002 ж аралығында Беисов М.Б басқарды. 2002 жылдың қаңтар айында облыс әкімінің шешімімен Қызылорда облыстық балалар ауруханасы консультативті-диагностикалық кеңес беру емханасымен бірігіп ашылды, 2002-2003 жылдар аралығында аурухананың тізгінін Альназарова А.Ш адал және абыроймен атқарып келді, 2003-2004 жылдар аралығында Мусафирова А.Б., 2004 - 2017 жылдың маусым айына дейін Рысмұхамедова К.Р басқарды.

2017 жылдың шілде айынан бастап қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы жоғары

категориялы дәрігер Кушенова Зоя Рахатовна облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері қызметіне тағайындалып, жұмыс атқаруда. Аурухана ашылғаннан бері қыркүйек айына дейін бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарының лауазымын белсенді Ержанова Г.Е. қызмет атқарып келді. 04.09.2017 жылдан бастап медициналық қызметтің сапа бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалып, жұмыс атқаруда.

Көптеген жылдар бойы біздің әріптестеріміз көп салалы типтік аурухананың болмауына карамастан белсенді жұмыс атқарды. Бірақ бүгінде біздің елімізде Елбасының дана саясатының арқасында, «Жол картасы», «Жүз аурухана, жүз мектеп», «Жүз нық қадам» бағдарламасы бойынша көп профилді аурухана салынды.

Облыстық балалар ауруханасының құрылыстың 2014 жылы басталды. Жобаның құны 6 374 445,8 тг. құрады. Жалпы көлемі 25 744 кв м. тең. Қазіргі таңда заманауи медициналық құралмен жабдықталған ауруханада жұмыс жасауға мүмкіндік туып отыр.

2016 ж. 13 қарашасында Қызылорда Облыстық балалар ауруханасы 305 төсек орынды типтік ғимаратқа көшті. 8 клиникалық және 8 қосымша жаңа бөлімшелер ашылды. Оның ішінде 3 хирургиялық бөлімше 75 төсек орынды, оталық блок 5 операциялық бөлімшеден тұрады. Сәулелік диагностика бөлімі заманауи диагностикалық құрылғылармен КТ, МРТ, ангиография, УДЗ, ренгенмен жабдықталған.

90 жылдан аса тарихы бар Қызылорда облыстық балалар ауруханасы облыс бойынша балаларға жоғарғы деңгейде мамандандырылған медициналық көмек көрсететін жалғыз аурухана. Ауруханада жоғары мамандандырылған және мамандандырылған кепілдендірілген тегін медициналық көмек аясында облыс көлемінде 0-18 жас аралығындағы балаларға стационарлық және күндізгі стационарлық негізінде қызмет көрсетіледі. Ауруханада жылына 10 мыңға жуық бала сауықтырылады.

Аурухананың ұжымы Жаңа әлемдегі, Жаңа Қазақстанның талабына сай, қоғамның белсенді азаматының денсаулығын нығайтуда, серпінді жұмыс жасауда.

2021 жылдың 17 наурызында «Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі, ұлттық даму жоспары, жалпыұлттық басымдықтар және мемлекеттік басқарудың концепциясы» өтіп, онда «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» жалпыұлттық басымдығы адамдардың денсаулығын жақсартуға, қолдауға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігіне ықпал ететін тұрақты денсаулық сақтау жүйесі тұжырымдамасын дамытуды көздейтіндігі, медициналық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, кадр әлеуетін және ғылыми медицинаны дамытуға, денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық кеңістігін құруға, сондай-ақ саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған батыл шаралар іске асырылатындығы атап көрсетілді. ҚР Ұлттық экономика министрі Әсет Арманұлы Ерғалиев: «Соның нәтижесінде дәрігерлердің жалақысы 2023 жылға қарай 2,5 есе өседі. 2025 жылға қарай азаматтардың денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға бағдарлана отырып, пациент-орталық медицинасына көшу жүзеге асырылады, сондай-ақ ауылдар мен қалаларда сапалы медициналық қызмет көрсетуге кепілдік беріледі. Барлық өңірде 20 заманауи медициналық орталық, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 2 ғылыми-инновациялық көпбейінді клиника салынады» деп нақты атап өтті.

Қорыта айтқанда, денсаулықтың 53% өмір сүру салтына байланысты, 18% сыртқы ортаның әсерлеріне байланысты, тағы 18-20% әр адамның өзінің генетикасына, яки тұқым қуалаушылығына байланысты. Сонда қалған 5-10% ғана медицина мамандарына байланысты (денсаулық сақтау саласында қазіргі кезде оң өзгерістер көп, кемшіліктер де жоқ емес). Сондықтан, адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керек, өзін-өзі күте білуі керек, өзін-өзі жақсы көруі керек. Денсаулық, салауаттылық санадан бастау алады.

Денсаулық кепілі – спорт деп бекер айтылмаған. Денсаулық — тек жеке бастың ғана емес, ұлтымыздың да ұлы игілігі. Ұлттың игілігі үшін, әрқайсымыз өз денсаулығымызды күту арқылы салауатты өмір салтын ұстануға ұмтылайық!

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан 2030 стратегиясы». Н.Ә. Назарбаев. 1997ж.
2. «Қазақстан халқының әл ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». Ел басының халыққа жолдауы. 2008 жыл.
3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 қаулысы.

4. Парламент Мәжілісіндегі таныстырылымда 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы бойынша Қаржы Бірінші Вице-министрі Б.Ш. Шолпанқұловтың баяндамасы. 2019 жылғы 12 қыркүйек.

5. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасының» ресми сайты.

6. Қазақстан дамуының ұлттық жоспары: әлеуметтік әл-ауқат, мықты экономика және қолжетімді денсаулық сақтау саласы. Концепция. 17 наурыз 2021ж.

*К.Т.Құдайбергенова – Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжі,
Қызылорда қаласы
гуманитарлық ғылымдарының магистрі, орыс тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы*

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – саркылмайтын рухани қазына. Абайдың шешендігін айтсақ, халқымыздың тарихында, табиғатында ақынсыз елестету мүмкін емес. Ол – ұлттық рухымыздың мәңгілік өшпейтін алауы.

Заман, қоғам өзгерсе де Абай шығармаларының өміршендігі, өзектілігі өшкен емес. Себебі Абай болмыс, парасат, даналық, сезім шындығын жан тәнімен суреттеген.

Ұлттық санадағы ұлы құбылысты Абайдан асырып кім айтқан. Қазақ халқының біртұтас бір дәуірінің ақыл ойы мен мәдениетінің асқар шыңын бейнелейтін Абай – қазақ үшін ұлы құбылыс.

ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абай шығармаларындағы ұлттық болмыс, бітім, тіршілік, тұрмыс, дүниетаным, мінез, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген құбылыс болған», - деп [1.4] терең ойдың, үлкен парасаттылықтың, шешендік өнердің шебері бүкіл рухани өмірдің келешегіне жол сілтеп кеткен Абайға осылайша баға береді.

Абайдың шешендігін сөз еткенде, шешен сөйлеу грекше риторика, латынша әдемі сөйлей білу қабілеті деген ұғым ойымызға оралады. Қазақтың белгілі шешендерінде табиғи дарын, тума талант, білім, қабілет болған. Абайдың бойында осы қасиеттермен қатар, атаның қаны, ананың сүтімен берілген шешендік шиырлары да қатар жүрген.

Ғұлама ғалым А.Байтұрсынов: «Шешендік сөз дегеніміз – белгілі бір мәселені баяндау, сипаттау, белгілі бір ойдың ақиқаттығын түсіндіру, сөйтіп, ақылға қону жағын көздеу», - [2] деген. Ғалымның осы пікіріне орай Абай да ақылға ақыл қосып, жүректі тербейтінін түсіндіріп, оята отырып, толқытып тербететін шешендік сөздерді қолдана білгендігін байқаймыз.

Абай өзіне дейінгі көркем сөз, шешендік сұрау, шешендік дау, шешендік арнауларды өзіне азық етті. Ел ішіндегі әлеуметтік ой-сана Абайға үлкен ой салды. Сөйтіп шешендік өнерге бой ұрған ақын өзінің қарасөздерінің бастауын шешендік сөздерден бастады. Ой мен сезімді білдірудің басты тәсілі риторикалық сұрақтармен сөйлеу Абай шығармаларынан анық аңғарылады.

Абай бойындағы шешендік, ділмарлық аталары Кеңірбай, Ырғызбай, Өскенбай мен қазақта қарасөзге дес бермеген өз әкесі Құнанбайдан берілгені сөзсіз. Аналары Зере әже Абайға қазақтың бай ауыз әдебиетін таныстырса, анасы Ұлжан - Арғын ішінде шешендікпен аты шыққан Шаншар тобының қызы. Арғы аталары Битен мен Шетен атты шешен билер, бергісі эзілқой шешендер Қонтай, Тонтай, Жонтайлар. Бабалары Шаншар, еңсегей бойлы Есімханның беделді билері болғаны (XVIII ғасыр) тарихтан мәлім.

Бертіс бидің Тұрпан деген баласынан Ұлжан туған. Демек, Абай ата анасынан жалғасқан осы қасиет рухани сабақтастықпен табысып жатыр.

Абай бойындағы шешендік, сөзтапқырлық қасиет жас күнінен байқалған. Нағашылары әрі қайын жұрты Алшынбайға сәлем бере барғанда 6-7 қарт оны күтіп отырады. Даусын соза «Әссалам – аға-лей-күм!» - деп есіктен кірген Абайға бір қарт:

- Пай-пай-пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағын-ай, сәлемнің өзін әндете бастауын- ай! –дегенде, екінші қарт іле:

- Е, әкесі Құнанбайға ұқсамай, өзін тіл мен сұқтан Құдайым сақтасын! – деп қалады.

Үшінші қарт жұлып алғандай:

- Әлден-ақ жүндес тоқты қошқардай бүкіл денесін қалың түктің қаптауын-ай, - дейді. Сол кезде Абай басқаларға сөз кезегін бермей, тосыннан кейіп кетіп, әлгі үшеуіне тесіле қарап тұрып:

- Әй, әттеген-ай! Әуелде қыздарынды ұзатқанда, бәрің бірдей жамыла жамырап: «Түкті бала таппа», - деп айтпауын -ай! – деп төрге барып отыра кетіпті. Әуелден кесек сөйлеп дағдыланған Абай атасы Алшынбайдың бергісі келмей, батамды берейін дегенде, «Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар», - деп қайырмай кеткені бар ғой. Мұндай ұрымтал тұста сөз табу Абайдың жас кезінен бойына біткен ерекшелігі боп, есейіп, қартайғанда да бір толастамаған.

Абай бойындағы шешендік, биік парасаттылықты М.Әуезовтің: «Абайдың сөзіндегі салқын ақыл әкеден, ащы тілді мысқыл, шеше жағынан деуге де болады ма дейміз» - [5] деген пікіріне толық қосыламыз.

Шешен тілді, сөзі шаншудай қадалар нағашы жұртының бұл қасиеті, сөз жоқ Абайға дарыды, ананың сүтімен бойға сіңген ерекшелік оның шешендік өнерінде де бой көрсеткен. Абайдың шешендік өнерге бой бұруы әкесі Құнанбай мен айналасындағы би шешендер ықпалынан болса керек.

Қ.Жұмалиевтің: «Құнанбайдың тек өз қара басы ғана емес, оның достасқан адамдарының қайсысы болсын өзімен деңгейлес түскен, сол кездің сөз баққан адамдары болды. Талай дау, талай тартыстардың жуан ортасында болуы болашақ ұлы ақын жас Абайдың шешендік тілге жаттығуына әсер етпеуі мүмкін емес еді», - [3] деген пікірі дәлел болады.

Абай да жастайынан сөз додасына түседі. Ел арасында дауды шешетін келелі сөз бен келісті билік айтқан шешендерді тыңдап өскен, сөз сайысына түскен.

Абай тобықтының белгілі шешені Қаратаймен де талай сөз жарыстырған екен. Бірде Қаратай жастарға келіп: «менің заманым пайғамбарға жақын» - депті. Сонда Абай: «Сіз пайғамбарға Әзірет әлінің әкесінен жақын емессіз», - депті. Осы жауаптан ақ Абайдың ой тереңдігін, сөз саптаудағы шешендігін аңғарамыз.

Зерттеуші ғалым Б.Ердембеков: «Құнанбай үміт еткен баласын бірде билік айтар дауға салса, бірде өзімен бірге ерте жүріп, ел игі жақсыларының есті сөз, биліктегі әділ шешімдерін тыңдатып, жас Абайды шираттыра жарата берген», - [4] деп ой түйген.

Мәселен, Абай: «Меңаяқ өзінің атының басын алып жүретін адам еді», - дейді. Сонда бір үлкен кісі: - Абай-ау, бұл не дегенің, Меңаяқ өз атының ғана емес, рулы елді билеген адам емес пе?– дейді. Сонда Абай: «Ел билеуден өзін өзі билеу қиын» - депті. Сондықтан Абайдың шешендігінде ұлттық болмыс, ұлттық мінез, діл мен тіл рухы көрініс тапқан.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов шешендік өнерде Абайдың алатын орнына алғашқылардың бірі болып баға берген.

Қазіргі Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан бізге елдің ертеңіне көз жіберіп, ұлт болмысын ойласақ Ахмет бас иген Абайға қатысты шешендік туралы зерделеуді жөн көрдік. Осы төңіректе қазақтың бүкіл шешендік өнерін қайталамай-ақ бір ғана Құнанбайдың досы Жанқұтты шешеннің Абайға бата беруі мен сұрақ қойғанын мысалға алсақ болады.

Жанқұтты шешен Құнанбай үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Абайдың шешендігін сынамақ болып:

- Шырағым, дүние неге сүйенеді? –деп сұрайды.

Абай: - Дүние үмітке сүйенеді.

- Көздің көрмесі бола ма?

- Көз қабағын көрмейді.

- Шам жарығының түспесі бола ма?

- Шам жарығы табанына түспейді.

- Болат пышақ кеспесі бола ма?

- Болат пышақ өз сабын кеспейді.

- Тамағына тартпайтын мақұлқат бола ма?

- Өз тамағына тартпайтын мақұлқат болмайды, - деген екен.
Абайдың тапқырлығы мен шешендігіне риза болған шешен оған өлеңмен жауап беруін сұрапты.
Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиялдағы,
Талпынған мен балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табағына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес
Мақұлқат тартпай қалмас тамағына, - депті.

Содан соң Абай Жанқұттыға : «Арзан не, қымбат не?» деп сұрақ қояды.

Жанқұтты: - Арзан - өтірік, қымбат – шындық, - депті де, былай бата беріпті: «Жанарыңның оты бар екен, ойлылығың шығар, халқыңның қалаулысы бол», -[6,7] депті.

Замана шамшырағының бірегейі, ақыл мен ойдың телегейі, ұлтымыздың данагөйі Абай Құнанбаев ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты істерге араласып, билік айтқан.

Ғалым Н.Мыңжан «би» деген сөздің мағынасын былайша түсіндірген: «Үйсін мемлекетінің ең басты мәртебелі билеушісін – Күнби деп атаған. Қазақ елі тайпа жетекшілеріне «би»деген құрметті атақ берген [7.25].

Шаршы топта айбаты мен айбыны асқан, ділмар, шешен Абай да билік айтып, кемеңгерлік көрсеткен. Мәселен, Абайдың Салиха қыздың дауында билік айтуын М.Әуезов (Абай жолында) шешен ділмар екенін былайша береді: «Бұл қыз болса тағдыры бір жазалаған қыз. Теңінен айырылып, тілегінен кесілген қыз. Ата-ана, қайын-жұрты бір атаған орнынан жас көңілін тапжылтпай табылған-ды. Бірақ бір өмірге екі өлім бұйырған тәңір тағдырда жоқ. Сыбандар тілегі сол қыз басына екінші өлімді қанды нокта қып ұсынып отыр. Бұл ақ нокта емес, қайта айтамын, «қан нокта». Қыз өлімге бар, бұл өмірге жоқ. Жиында отырған жұрт, бәрінің апа-қарындас, қыз-қырқындарың бар. Төрт арыстың жиыны, жора болсын деймін кейінгіге. Бір жанға екі күймек – әділет емес. Бір қыздың екі сатылғаны жол емес. Алғашқыда саған берген еркін, халық енді қыздың өзіне берсін. Қыз басы Сыбаннан азат. Бұл - менің бірінші байлауым, - [8] деп Абай соңғы сөздер тұсында үнін қатайтып, зілмен құлшына түйді. Абайдың билік айту өнеріндегі шеберлік сырларын М.Әуезов осылайша шынайы жеткізген.

Абай қара сөздерінде риторикалық сұрақпен сөйлей отырып, шешендік түйін түйеді.

Тоғызыншы қара сөзінде: «Осы мен өзім қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?»

Бірінші қара сөзінде: «Ел бағу? Мал бағу? Балаларды бағу? Ғылым бағу? – деген сияқты қара сұрақтарды қойып, шешендік толғанысқа түседі». [9]

Абайдың шешендігіндегі тағы бір ерекшелік мақал-мәтелдерді қосып сөйлеу арқылы шешен сөйлеудің амалын көрсеткен.

Мәселен, «Би екеу болса, дау төртеу болады. Ырыс баққан, дау бақпас, бас-басына би болған өңкей қиқым», «Ағайынның азары болса да безері болмайды», - тәрізді мақалдарды көп қолданады. Абай мақалды қолдана отырып, айтар ойын дәл шешендікке құрады. Ойына дәлел ретінде мақалдарды қолдана отырып, тауып айтып, ақылға-ақыл қосқан. Отыз тоғызыншы қара сөзінде адамға тән екі мінез, соның ішінде намысқорлық жайында айтқан.

«Өзіне ар тұтқан жаттан, зар тұтады, аз арыздықты қуған көп пайдасын келтірер» - дейді. Сол сияқты «Ағайынның азары болса да безері болмайды. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген ойда, халықтың бірлігі, татулық, береке, мінез-құлықты жөндеу туралы даналық сөздерімен ойын бекітеді. Халық мақалдарын жаңа мазмұнға негіздеп, шешендік афоризмге айналдыра қолдануы ақынның өзіндік ерекшелігі екенін көрсетеді.

Мысалы, «Бір тойған шала байлық», - деген қазақ мақалын «Ет көрінсе қайтеді, күйсей бермей», - деп қолданады.

Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,
Өзіңді-өзің күзет, кел, шырағым,

- осы жолдардан «көптің аузына қақпақ болма» - деген мақалды айтып отыр.

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын байлап,

Жүрер әр қайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап, -

Міне, Абай қазақтың «Талапты ерге нұр жауар» - дейтін мақалын осылайша таратып береді.

Ұлтымыздың ой-санасындағы айтылып жүрген мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, өзінше жаңа шешендік тілмен жеткізеді.

Абай шаршы топта айбаты мен айдынын асырып, ақылы мен ұшқырлығын ұштастыра біледі.

Мағауия дүниеден өткен соң, Оразбайлар 90 кісімен Абайға келіп көңіл айтады. Олар кеткеннен кейін, туыстары дереу Абайға бір сөзді дұшпандарың тұрсын, достарыңа екі рет айтпаушы едің, қартайған екенсің сабазым, - деген екен. Сонда Абай: - Ез күнде өледі, өлсе де өлмейді, ер бір-ақ рет өледі, өлсе келмейді. Абайларың өлген, - деп кесек-кесек ой өрбітіп, билік айтып, тапқырлығы мен алғырлығын танытады. С. Негимов: «Сөз тыңдаушыларды иландыру, имандай сендіруі керек деген Абай лебізі шынайылыққа ие», - деп баға береді. Міне, Абай сөз мәдениетінің үлгісін осылай көрсеткен.

Шешендік өнер – қазіргі әдебиеттану ғылымында кейінгі жылдары қолға алына бастаған, келешегі зор қызықты да , қажетті саланың бірі.

Шешендік өнердің зерттеу нысаны – халықтың, көсем, шешен, билері мен сөз сөйлеу өнерінің өкілдерін таныту. Ұлтымыздың шешендік мұрасын көркем сөз ретінде бағалау.

Еліміздің тәуелсіздік алып, еңсесін көтерген тұста шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Сөз сөйлеу еркіндігі, Абай қалдырған үлгіні пайдалана сөйлеу мүмкіндігі туды. Абайдың жалпы азаматтық мәселелерді сөз етуі, тапқырлығы, даналығы бізге рухани азық болады.

Ұлттық мәдениет тарихында Абай мұрасы қасиетті де, киелі болып саналады. Абайдың шешендік өнерге қосқан үлесі – біз үшін адамгершілік пен имандылықтың асыл қазыналары жазылған ортаймас рухани қазына. Онан үлкен - кіші, кәрі - жас өмірлік азық алады, адамдыққа ұмтылады. Сондықтан Абайдың әрбір сөзі ұлағаты мол өсиетке айналған. Ақынның өзі айтқандай адамзаттың бәрімен дос – мәңгілік тірі тұлға.

Қорыта айтқанда, ұлы Абай – ұлттық поэзия тілін көркейткен көсем, ғайыпты болжаған шешендіктің үлгісін жасап берді.

Сөз өнерінде шешен сөйлеп, кемел суреткер атанған Абай – қазақ өмірінің айнасы.

Абай жайлы оның шешендігін ашу үшін жаңа ұрпақтың сөзі керек. Оның заманы, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдай тұрғысынан қарау бүгінгі күнде ақынның шешендік сөздерін ұрпаққа жеткізе отырып, еркін ойлап, дербес пікір білдіре аламын деген кез – келген адам Абайдың шешендік сөздерінен үйреніп, үлгі алу керек. Абайдың кемеңгерлік үлгісін тани түсу келешектің үлесінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақала. «Қазақ әдебиеті» газеті. 10.01.2020 4- бет.
2. Байтұрсынов А. шығармалары - Алматы: Жазушы,1989,304б.
3. Жұмалиев Қ. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі». - Алматы: ҚМК7Б, 1960, 364б.
4. Ердембеков Б. Абайтану. 1 – кітап – Семей: Интелект,2009,179б.
5. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат,1995, 320б.
6. Қосымова Г. Шешендік өнер. – Алматы: Мектеп, 2007, 192б.
7. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Мектеп, 1996 ж, 263б.
8. Абайдың қара сөздері – Алматы: Жазушы, 1993 ж, 325 б.
9. Негимов С. Шешендік өнер. 1 – том, Астана: Фолиант 2018, 400б.
10. Әуезов М. «Абай жолы». 1- кітап, Алматы: Жазушы, 1990- 606б.

*Куценко Дмитрий Викторович студент
ГККП «Высший технический колледж г.Кокшетау»*

Что такое ELECTUDE? Это больше, чем ведущая мировая система удаленного интерактивного обучения специалистов в сфере транспортных технологий. Это комплексный инструмент для структурированной проверки знаний в форме онлайн-тестирования. А это значит, LearningManagementSystem (LMS) ELECTUDE идеальна для организации учебного процесса, аудита без отрыва от производства.



ELECTUDE - это электронное обучение, которое базируется на облачных технологиях. Получать знания и проверять их комфортно с любого устройства: вне зависимости, что это ПК, ноутбук или смартфон. При этом период продуктивной эксплуатации составляет 99.9%. Дистанционное обучение сегодня - это удобство, практичность, а главное - эффективность. В технической сфере трудность дистанционной формы обучения заключается в том, что кроме знаний, в процессе обучения необходимо формировать навыки и умения. Качественное дистанционное обучение техническим профессиям в SENSYS стало доступным благодаря специализированной системе управления обучением и реалистичным симуляторам.

ТОП причины для дистанционного обучения:

1. Учиться легко без отрыва от производства. Даже, если речь идёт о единственном сотруднике на предприятии, который занимается ремонтом авто, или предпринимателе, у которого нет напарников для замены, нет необходимости думать о графике. Обучение проводится в свободное от работы время.
2. Знания доступны с любого устройства и в тех временных рамках, которые комфортны именно вам. Интенсив или многомесячное обучение – свободный индивидуальный выбор.
3. Не нужно перемещаться в другую часть города (или даже город, страну) на обучение. Находясь в Москве, Минске, Киеве, Нурсултане - любом другом месте можно получать современные знания в области механики, мехатроники, электрики или других областей в сфере транспортных технологий.

«Тот, кто держит в руках своё время, держит в руках свою жизнь...»

Алан Лэкейн, эксперт по тайм-менеджменту, к которому прислушивался сам Билл Клинтон.

С 16 февраля 2021г. НАО «Talap» – Национальный оператор движения WorldSkillsKazakhstan совместно с Компанией SENSYSEngineeringKazakhstan реализует проект бесплатного обучения преподавателей специальных дисциплин и мастеров производственного обучения, развивающих движение WorldskillsKazakhstan по компетенции "Ремонт и обслуживание легковых автомобилей".

Международный инжиниринговый центр SENSYS основан в 2015 году. Центр занимается разработками программ обучения технических и сервисных специалистов – мехатроников (диагностов), электриков, механиков, преподавателей (тренеров), технических консультантов и управляющего персонала. Также предлагают отдельные образовательные программы, модульную и многоступенчатую систему мотивации и развития персонала.

Система включает пять основных разделов:

Автомобильные основы.

Электрический привод.


Автомобильные основы и электрический привод.

Грузовой транспорт.

Симулятор.

Основы автомобильной техники.

Полный учебный курс, который заменяет или дополняет традиционные учебники по автомобилям. Включает систему управления обучением (LMS) и симулятор ДВС. Соответствует NATEF, IM, City&Guilds, Lernfelder, TESDA, GradoSuperior и другим национальным квалификационным стандартам.



Правые положения для освещения

ЕLECTUDE

Передние фары

Наличие передних фар обязательно по закону. Существуют фары ближнего и дальнего света. Свет должен быть ярко-белым или ярко-желтым. Кроме того, освещение обеих фар должно быть одинаковым, в отражатели не должны быть выцветшими.

Транспортные средства, у которых более 2 колес, должны быть оснащены двумя фарами. Световой пучок ближнего света должен опускаться по меньшей мере на 5 см и до 40 см на 10 метров. На автомобилях правильная регулировка часто находится на корпусе фары, а значение выражается в процентах. Стандартное значение составляет 1%, при этом световой пучок уменьшается на 10 см на каждые 10 метров.

У автомобиля должно быть два белых или желтых габаритных фонаря. Габаритные фонари и ближний свет фар можно использовать в любое время. Когда требуется освещение, необходимо включить ближний свет фар. Габаритные фонари должны быть хорошо видны на расстоянии до 200 м.

Передние стояночные фонари должны быть белого или желтого цвета, задние - красного. Часто они могут загораться отдельно слева и справа.

Используйте выключатели освещения.


Какие фары есть в блок-фаре?

- Фары ближнего света.
- Габаритные фонари.
- Стояночные фонари.
- Фары дальнего света.

Активация
Чтобы активировать

Электрический привод

Полный учебный курс по системам и компонентам гибридных или чисто электрических транспортных средств. Более 100 уроков и квестов.



Storing

De stator werkt niet meer goed, als een statorspoel contact maakt met de stator kern (massasluiting) of als één van de spoelen onderbroken is (draadbreek).

Met een multimeter kun je dit controleren. De weerstand van de spoelen moet klein zijn (ongeveer 0,05 Ω). De weerstand tussen de statorspoelen en de stator kern moet oneindig groot zijn.

De stator werkt goed.

Meet de weerstand van een spoel.

Hoe groot is de weerstand van een spoel?

- Oneindig groot.
- Zeer klein, ongeveer 0,05 Ω.
- 2000 Ω.

Electude Beheer B.V. - laatste wijziging: 2011-06-03

Симулятор системы управления двигателем.

Приобретение реальных навыков диагностики в виртуальной среде.

Тысячи всевозможных упражнений для индивидуальных, командных или групповых занятий.

Поддержка мобильных устройств.



Каждый раздел содержит обширное количество тематических подразделов, которые позволяют шаг за шагом освоить данные направления. LMS позволяет организовать эффективное модульное обучение

Для того, чтобы процесс обучения стал более эффективным, актуальным и содержательным, а в отношении каждого студента был применен индивидуальный подход, преподаватели нашего колледжа были заинтересованы в использовании инструментов электронного интерактивного обучения.

Платформа ELECTUDE используется при обучении студентов на специализации «Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобилей». Кроме того, ELECTUDE можно использовать в качестве дополнения при изучении общих образовательных дисциплин. В период карантина и перехода на дистанционное обучение ELECTUDE является оптимальным вариантом, по сравнению с другими платформами для дистанционного обучения.

Литература

<https://pro-sensys.com/services/obrazovatelnye-uslugi/distsionnoe-obuchenie>

*Қайырғалиева Әсел Қуанышқалиқызы, Ақтөбе көпсалалы АГУ Тарлан колледжі
«Негізгі орта білім беру» мамандығы, 2 курс
Ғылыми жетекшілері: Ахметова Нургуль Темирбаевна,
Нысанкуатова Дамели Ерқожаевна, философия пәнінің оқытушылары*

СҰХБАТ, СҰРАУ ЖӘНЕ ЖАУАП БЕРУ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Тақырыптың өзектілігі: Түсінік туралы ғылым ретінде герменевтикадағы сұхбат, сұрау және жауап берудің алатын орнының маңыздылығын ашу.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Сұхбат, сұрау және жауап берудің герменевтикадағы өзектілігін талдап, нақты маңызын белгілеу.

Мақсатқа жету үшін алға қойған міндеттер:

- Сұхбат, сұрау және жауап беру мәселелерін герменевтикалық әдіспен қарастыру;
- Сұхбаттағы тіл, сөйлеу мәселесінің маңызын көрсету.

Зерттеу объектісі: Герменевтикадағы сұхбат, сұрау және жауап беру мәселесі.

Диалектиканың негізгі идеясы, түпкі принципі - даму заңдылығы. Диалектика даму жөніндегі, жалпыға бірдей байланыс жөніндегі ілім ретінде сонау ертеде-ақ пайда болды. Ертедегі барлық грек философтары, - деп көрсетті Ф.Энгельс, туа біткен диалектиктер еді, ал солардың ішінде Аристотель жан-жақты білімдар, кемеңгер ойшыл болды, ол диалектиканың ерекше белгілерін зерттеді. Ертеде диалектиканы қарсылас адамның пікірлеріндегі қарама-қайшылықты табу және оны жою арқылы ақиқатқа жету, яғни айтыса білудің әдісі деп түсінді. Кейіннен даму жөніндегі философиялық екі көзқарастың бірі таным әдісі мен болмыстың

өзгеруін диалектика деп атады. [1]. Сонымен қатар ежелгі Антикалық дәуірде диалектика деп пікір айту, сұрақ-жауап арқылы сұхбат жүргізу өнері деп түсінілді.

Герменевтика - бұл мәтінді түсіндіру теориясы және қазіргі батыс ғылымында кең таралған мағынаны түсіну туралы ғылым. Жаңа әдебиет теориясының құрылуы герменевтика қағидасында негізделеді. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы жан-жақты әдіс туралы ұғымы дәстүрлі түрде герменевтикамен байланысты.

Зерттеудің барысы: Герменевтика негізінен бір ғана мәселемен - түсінік мәселесімен айналысады, түсінудің жолдарын, тәсілдерін қарастырады. Оны кейде «түсінік философиясы» деп те атайды. Герменевтика өкілдерінің пікірінше, түсінік, түсіну деген басқа адамның, философиялық, әдеби, діни, өнер, туындыларының, классикалық дүниелердің «ішіне кіріп шығу», мазмұнына терең бойлау.

Осы тұрғыдан қарағанда сұхбат, сұрақ қою және оған жауап беру диалектикасының герменевтикада алатын орыны ерекше болып табылады.

Қойылған сұрақты түсіне отырып, оған жауап беру жолымен біз берілген мәтінді түсінеміз.

Мәтінді түсінгісі келген адам, сұрақ қоя отырып, айтылғандардың астарына көңіл бөлуі керек. Ал мәтінді түсіну үшін сұрау керек. Ол мәтінді осы сұраққа өзінің көзқарасын білдіре отырып, жауап беріп, түсінеді. Бірақ біздер кей кездері айтылғандардың шегіне көңіл аударғанымызбен, осы шектерден шығып кетеміз. Біздер мәтіннің мағынасын керекті жауаптармен қамтылған сұрақ бағытымен түсіне аламыз. Қандай да болмасын мәтіннің мағынасы бір сұрақтың аясында берілсе, сол берілген сөйлемде айтылған сұрақтың шегінен шығып кетпеуіміз қажет.

Түсініктің ұғымнан басты айырмашылығы - ол заттың бір жағын, бір бөлігін ғана бейнелеп қоймайды, оны жан-жағынан тұтас күйінде бейнелейді. Соның өзінде, түсінік, кез келген затты емес, адамға қатысы бар, адам мәнін аша түсетін, адам қолынан шыққан затты бейнелейді. Танымның басты мақсаты, міндет - объектіні сол күйінде, аудармай, өзгертпей бейнелеу, адамды, қоғамды, объективтік біліммен қаруландыру болып табылады. Танымның негізгі мақсаты - әрине, ақиқатты ашу. Ал, ақиқат - әрқашанда да, объективтік ақиқат болуы керек, яғни, Ленин айтқандай, адамға да, адамзатқа да, тәуелсіз, субъективтік белгілерден біржола арылған білім болуы керек. [2].

Біздер берілген түсініктің мағынасына жауап табылатын сұрақты құрастыруға ұмтыламыз. Мәтін жауабы бар сұрақты құрастыру, сұраққа жауап іздеу арқылы құрастыру нәтижесінде жүзеге асады. Құрастырылатын сұрақ өзінің бастапқы бағытында қала алмайды. Себебі, бір ғана сұрақ арқылы мәтіннің мағынасын ашып, оған тиісінше түсінік беру мүмкін емес. Сондықтан герменевтика әрқашанда қарапайым реконструкциядан жоғары болуы керек. Осы жағдайда герменевтикалық әдістен шығатын сұрақ қою және жауап алудың маңыздылығы арта түседі.

Сұрау мен түсіну арасындағы тығыз байланыс шынайы өлшеудің герменевтикалық тәжірибесін ұсынады. Герменевтикалық тәжірибе құрамындағы ашылған сұрақ пен жауап диалектикасы шындық - тарихи танымды нақтырақ анықтауға мүмкіндік береді. Сұрақ пен жауап диалектикасы түсінік пен түсіндіретін қатынастарды арақатынас ретінде ашады. Шындығында, текст бізге "сен" сияқты көңіл аудармайды.

Біздер, түсінушілер, оны сөйлеткізуіміз керек. Бірақ біздер жауапқа шақыруды өздігінен және жасалатын іс-әрекеттер деп түсінбеуіміз керек, бірақ сұрақтың мағынасына байланысты жауаппен сәйкестеледі. Жауапты күту сұраушыны толғандырады. Шындық – тарихи танымның шындығы болып табылады.

Сұрақ қою, жауап алу немесе сұхбаттасу негізінен адамның сөйлеуі, сөз құрастыруы арқылы немесе жалпы айтқанда тіл арқылы жүзеге асады.

Диалогтың (сұхбаттың) өрбуіне ықпал ететін тілдік тәсілдер бар. Олардың ішіндегі ең жиі қолданылатыны және ең маңыздысы – сұрақ-жауап кешені. Сұрақ-жауап тілдік қатынас пен адам танымының дамуында үлкен рөл атқарады. Сұрақ - танымның кілті. Сұрақ туғанда ғана адам сол нәрсені білуге ұмтылып, сырын шешуге қызығады. Ал тілдік қатынаста сұрақ-жауап арқылы адамдар бір-бірімен ой алмасады, білім алады, бір-бірінің пікірін, көзқарасын біледі.

Сұрақ - өтініш немесе нақты бір ақпарат алу мақсатында айтылатын, жауап беруді талап ететін сөз. Сұрақтың дұрыс қойылуының критерийлері:

1) сұрақтың ойлы, мәнді болуы; сұрақ шындыққа жанаспаса, ешқандай мән-мағынаны білдірмейтін болса, оған жауап берілмейді. Мысалы, «Адамдар Марста қанша уақыттан бері тұрып жатыр? - деген сұрақтың ешбір мәні жоқ, өйткені, Марста адамның өмір сүріп жатпағаны анық.

2) сұрақтың анық болуы; сұрақ беруші адамның не туралы сұрап отырғаны нақты айтылуы керек. Мысалы: «Сізге біздің университет ұнай ма?» деген сұрақ жалпылама қойылған. Оған берілетін жауапта университеттің қай жағын айту керектігі айқын емес. Университеттің ғимараты ма, оның оқу жүйесі ме, студенттері ме, не туралы сұрап отырғаны белгісіз.

3) сұрақтың нақты қойылуы. Орағытып, алыстан шалып қойылатын сұрақтардың жауабы да дұрыс болмайды. «Өткендегілеріңіз не болды?» «Барғандағы ойларыңыз жүзеге асты ма?» деген сұрақтарда нақтылық жоқ.

4) сұрақтың ашық болуы. Сұрақ ауқымды ойлардың тиегін ағытатындай неғұрлым маңызды болса, оған берілер жауап та соғұрлым толық, мәнді болмақ. Ал ол жауаптың қандай болмағы оның жанрларына, қамтитын аудиторияға қатысты. «Тәуелсіз Қазақстан бағындырған асулар қандай?» деген сұраққа алуан түрлі сипатта (дәріс, баяндама, телесұхбат, және т.б.) жауап беріледі. Ал «иә», «жоқ» деген жауапты қанағат ететін сұрақтар жабық сұрақ деп аталады, ол тек бір нәрсені анықтау жағдайында ғана қойылады да, ақпараттың шындығын нақтылауды көздейді. Онда ешқандай пайымдауға я талдауға орын жоқ. Мысалы, «Далада жаңбыр жауып тұр ма?» деген сұраққа одан басқа қалай жауап беруге болады?

Жауап - сұралып отырған ақпаратқа қатысты қайтарылатын сөз. Жауаптың түрі мен мазмұны сұрақ қойылған жағдаятқа, сұрақтың мазмұнына, оның қойылу мәдениетіне байланысты болып келеді. Ғылыми әдебиеттерде жауаптың түрлері былайша жіктеледі:

Дұрыс жауап - шындыққа негізделген жауап, ал өтірік жауап шындыққа жанасымсыз, жалғандыққа құрылған жауап.

Қорытынды

Тіл дегеніміз - анық еместерге жататын нәрселерді сұрап, анықтау құралы. Әрбір түсініксіз нәрсені түсіну тіл арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан біздер әңгіменің барысында мәтіннің негізі болып табылатын нәрсе төңірегінде сұрақ-жауап аламыз. Сөйлесудің жалпы тілі болады немесе ол осы ортақ тіл арқылы біз өзара қарым-қатынасқа түсеміз, түсінісеміз. Гректердің айтуы бойынша, әңгімелесушілердің арасында екеуіне де қатысты олардың арасында алмасу сөз алмасу жүреді.

Себебі өзара түсінісу әңгіме-сұхбат кезінде жүзеге асады, әңгіме арасында жалпы ортақ тіл табысамыз. Шындығында әңгіме кезінде олар өздері талқылайтын жұмысты шындық күшіне еніп, олар ортақ жаңа қатынасқа түседі. Әңгіме кезінде өзара түсіну үшін өзіндік көзқарасты көрсету жеткіліксіз, бірақ өзара түсіну әңгімелесушілерді ортақтастырады.

Міне, герменевтика ғылымында сұхбат, сұрау және жауап алудың маңыздылығы тіл арқылы одан сайын арта түседі. Герменевтика түсінік туралы ғылым ретінде қарастырылатындықтан, сұхбаттасудың түсіндіру процесіндегі орны ерекшеленіп, қарастырылатын мәселенің өзектілігін анықтауда маңызды құрал болатыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бекбосынова Ж.Б. Проблемы герменевтики. М. Луч,1992. 178б.
2. А.Қасабек, С.Қасабек. Ақиқатты іздеу. А.: Ғылым,1998. - 311б.
3. Табиғат және рух: философскийлық мәселелер әлемі. /Под общ. ред. В.Л.Обухова/. – СПб.,1995. – 209б.
4. Кузнецов М.М. Язык как среда - средство как игра в философской герменевтике. М. 1990. 203б.
5. Рыскалиев Т.Х. Даналық пен түсінік үлгерімі. А. Ақыл кітабы. /192-б/.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. ХХІ ғасыр оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды талап етеді. Бұл тәсіл оқытудың мазмұнын жетілдіреді, олардың әдістері мен құралдарының бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл заңды процесс, себебі елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да өзгерістер білім жүйесін сол өзгерістер тұрғысында дамытуды талап етеді. [1]

Өмірімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамымызға жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда. Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогика мен психологияның соңғы жаңалықтарын қолдану негізінде жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарында дамытудың мемлекеттік бағдарламасы ауқымында білім алушылардың оқуды аяқтағанда қандай құзыреттіліктерді меңгеруі қажет екендігін былайша көрсетуге болады [2]:

- ✓ Қазақстандық идея мен өзіндікті қалыптастыру негізінде өз Отаны үшін жауапкершілікті жүктеу дайындылығы;
- ✓ Өзіндік тұрғыдан танымдық әрекеттерге дайын болуы;
- ✓ Проблемаларды шешуге дайын болуы;
- ✓ Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұтынушы деңгейінде тиімді қолдану дайындығы;
- ✓ Тұлға аралық қарым-қатынасқа ауызша және жазбаша түрде дайын болуы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде);
- ✓ Әлеуметтік өзара әрекеттесуге дайындық;
- ✓ Өзін-өзі дамыту, өркендету, жүзеге асыруға дайындық.

Зерттеу жұмысының болжамы: егер, музыка сабақтарында интербелсенді әдістерді қолданатын болсақ, ақпараттық технологияларды қолданудың педагогикалық шарттарын айқындайтын болсақ, онда балаға музыка сабағын үйрену қызығырақ болар еді. Музыка сабағында интербелсенді әдістерді пайдаланып, оқытуды үйретсек көптеген нәтижеге жете аламыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Оқушыларды интербелсенді әдістермен оқыту арқылы білімін дамыту шарттарын айқындау

Зерттеу міндеттері:

- Музыка сабағында интербелсенді әдістерді педагогикалық даму арқылы танысып зерттеу;
- Музыка сабағында интербелсенді әдістер туралы ой- пікірлерін қалыптастыру;
- Интербелсенді әдістерді білдірген үйретудің негізгі әдістерін ұсыну;
- АКТ-ны оқу процесіне енгізу жағдайында тұжырымдамалық негізін жасақтау және оны жүйелеу.

Зерттеу пәні: Интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: тұлға дамуының жалпы диалектикалық теориясы; таным теориясы; біртұтас педагогикалық процесс теориясы; аксиологиялық және жүйелілік қатынас теориясы; зерттеу проблемасы бойынша философиялық, психологиялық-

педагогикалық ілімдер, педагогикалық технология, педагогикалық эксперимент жүргізу және математикалық статистика тұжырымдамалары.

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы қажет. Интербелсенді оқыту бірінші мезетте білім игеру процесінде қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді «inter» дегеніміз - «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз- диалог арқылы үйрену. Интербелсенді оқуда оқушылар мынандай білім, білік, дағды, құзырлылық, машықтарды иемденеді: терең және жүйелі ойлану, ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу, ақпаратты жан-жақты талдау және бағалау, өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру, пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу, шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу, өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті терең сезіну, басқалармен тиімді қарым-қатынас құру. Бұл дағдылар мен құзыреттіліктер болашақта білім алушыларды мәселелердің шешімін табуға жетелейді.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Музыка сабағында интербелсенді оқу технологиясын пайдалану рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырып, әр оқушының іс-әрекетін сабақтастыруға, танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді.

Музыка сабағында интербелсенді оқыту мынадай жұмыс түрлерін қамтиды: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен), оқу, рөлдік ойындар, пікірталастар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, шығармашылық жұмыстар, презентациялар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, тренингтер, интервью, сауалнама өткізіп, оның қорытындыларын талқылау мен талдау, кез-келген оқу әрекеттерін сауалнамамен аяқтау. Музыка сабағында интербелсенді оқыту әдіс-тәсілдерін қолданғанда оқушылар төмендегі іс-әрекетті жүзеге асырады:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, ішінен керектісін таңдап алу;
- ақпаратты жан-жақты талдау;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу;

Музыка пәнін оқытудың жаңа инновациялық әдістерін тиімді ұйымдастырудың жолдары

Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын, техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын информациялық қоғамға, тасымалдау, тарату және пайдалану қызметтерін атқаратын жаңа қоғамға көшу процесі жүріп жатыр. [3] Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімімен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Мен осы бағытарда сабақты түрлендіруде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырып келемін. Интерактивтік тақтамен жұмыс, мультимедиялық көрніспен, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді

дәстүрге айналдырды. Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру, жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты, музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыка саласындағы белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы әлем елдеріндегі композиторлармен, музыка жұлдыздары тағы басқа, музыка туралы толық мәліметтер беріп отыруымыз керек. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі. [4].

Ұлы неміс педагогы А. Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - дегенді. Содықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңа инновациялық әдіс тәсілдері болып табылады. Бұл-мұғаліммен оқушыға арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, музыкаға деген бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру.

Музыка сабағында интербелсенді әдістерді қолданудың маңызы

Қазіргі таңда жалпы білім беру кешендерінде музыка сабағын жоғарғы дәрежеде өткізу көзделіп отыр. Музыка пәні көптеген ізденіс, шығармашылық, іскерлік, тапқырлықты қажет етеді, яғни – шығармашылық пән. Мектептегі музыка пәнінің мақсаты халқымыздың және де басқа ұлт-халық өкілдерінің байырғы сазын терең мазмұнда кейінгі ұрпаққа жеткізу, насихаттау болып табылады. Сондықтан да мектептегі музыка пәні мұғалімдерінің алдында үлкен міндет тұр. Жас өспірім бойына музыкалық білімді игерту үшін музыка пәні мұғалімінің кәсіби шеберлігі жоғарғы деңгейде болу керек деп ойлаймын. Ал ол үшін пән мұғалімі қазіргі таңда қолданысқа берілген жаңа технология әдіс-тәсілдерін, түрлі бағдарламалар элементтерін дұрыс және ұтымды қолдануы қажет. Өйткені ең алдымен музыка шығармашылық, өнер сабағы екенін үнемі жадымызда ұстап, берілген тақырып мазмұнын шеберлікпен ашып көрсетіп, жас шәкірт бойына музыкалық білімді құнарлы сіңдіруіміз абзал. Оқушылардың музыка пәніне қызығушылығын арттыруда дидактикалық ойындарды қолданудың өзіндік ерекшелігі бар деуге болады. Дидактикалық ойындар арқылы оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарын төрт жақты жүргізген дұрыс:

- Бірінші бағыт – дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын тәрбиелеу;
- Екінші бағыт – оқушыларға ізгілік — оқыту үрдісінде халық педагогикасының мол мұрағаттарын пайдалана отырып, оқушыларға ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру;
- Үшінші бағыт-түрлі музыкалық шығармаларды пайдалана отырып, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру арқылы олардың жеке тұлғалық қабілеттерін, жат нәрседен бойын аулақ салуға тәрбиелеу;
- Төртінші бағыт-оқушылардың сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіре отырып, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.

Жоғарыда аталған төрт бағыт өзара бірлікте жұмсалып, тұтас күйінде дидактикалық ойындар арқылы оқушыларды тәрбиелеу негіздерін құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының « Білім туралы » Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ. ПШО. 2016.
4. «Әдіскер жаршысы» №5, 2006 ж 44, 45 бет

Қазақстандағы экологиялық проблемалар

Кіріспе бөлімі

1 Қазақстандағы экологиялық проблемалары

Негізгі бөлім

2 Қазақстандағы проблемалар мақсаттары

Қорытынды

1. Экологиялық жағдай қазіргі уақыттағы күрделі мәселенің бірі болып отыр. Ол біздің елімізде де, әсіресе индустриялы, дамыған орталықтарда, соның ішінде ауыл шаруашылық аймақтарында да өткір түрде қойылуда. Табиғи қорларды тиімді пайдалануда, қалаларды, елді мекендерді көгалдандыруда, ұлттық парктер, көгалды аймақтар жасауда көптеген шаралар іске асырылса да, айналадағы ортаны қорғаудағы жауапсыздық, болашақты ескермеушілік орын алып отыр. Ауаның, судың, жердің ластануы салдарынан адамдардың өміріне және олардың өмір сүру ортасына зор қауіп төніп келеді. Көптеген индустриялы аудандарда

айналадағы ортаның ластануы қажетті нормалардан асып түскен. Қазіргі уақытта табиғат және биологиялық орта тұтас алғанда бүкіл адамзат алдына күрделі талап қойып отыр.

Біздің планетамызды барлық тіршіліктің өмір сүруіне тиімді етіп сақтау үшін табиғатты, оның байлығын тұтыну тәсілдерін түгелдей өзгерту қажет. Кезінде белгілі жазушы

Л.Леонов: “Адам баласының алдында бүгінде бірінші кезектегі екі мәселе тұр: бейбітшілікті және табиғатты қорғау, екеуі де болашақ өмір сүрудің шарты” деген. Ал Ш.Айтматов:

“Біз бүгінде өркениеттің шыңына жеттік, онда адам табиғатты тұтынушы ғана емес, сонымен қатар бағындырушы, жасаушы болады. Біз бүгінде оған тәуелді ғана емеспіз, ол да бізге

тәуелді” – деп жазады.

Біздің республикамыздың табиғи байлық қоры мол. Бізде 48 мың көл, 85022 өзен бар. Өсімдік және жануарлар әлемі бай. Қазақстан жерінде 6

мыңға жуық өсімдіктің түрлері, сүтқоректілердің 172, құстардың 490 түрі бар. Осы байлықты тиімді түрде, аса зор қамқорлықпен пайдалануымыз қажет.

Су қорларын, қоймаларды сақтау –

экологиялық проблеманың ең күрделі саласы болып табылады. Бұл әсіресе Арал теңізінің тағдырымен байланысты. Соңғы отыз бес жылдың көлемінде Арал теңізі 700 км³ су қорынан айырылды.

Теңіз суының тұздылығы бір литрге шаққанда 20 грамнан асып түсті. Теңіз деңгейі 17 метрге төмендеп, жиектен жүздеген километрге қашықтап кетті.

Жыл сайын 75 миллион тонна топырақ пен тұзды шаң ұшады. Ол барлық тіршілікті түбірінен құртуда. Арал экологиялық апатты аймаққа айналды. Шаң мен топырақ

Арал қаласын тұншықтырды. Оның халқының жартысынан астамы көшіп кетуге мәжбүр болды. 1960 жылға қарай Арал қандай болды? Ол КСРО –

ның құрлықтық көлдері ішінде төртінші орын алған. Аралдың су қорын толтыратын Орт Азияның екі ірі өзені – Амудария және Сырдария еді. Олардың суы өте нәрлі, егістікке пайдалы болатын.

Арал теңізінен жыл сайын 450 мың тонна бағалы балықтар ауланды, миллион ондатра терісі алынды. Балықшылар қайығы мен жол қатынас кемелері –

теңіздің көркі еді. Арал теңізі сол аймақтың ауа райына жағымды әсер еткен табиғатты реттеуші болды.

Алпысыншы жылдардан бастап, екі өзеннің суын егістікке пайдалану өлшеусіз, шамадан тыс қарқын алып, соның салдарынан теңіз суы тартыла бастады. Қазіргі уақытта олардың

суы теңізге құймайды.

Теңіз суының сапасы нашарлап, көлемінің күрт кемуі өсімдік әлеміне кері әсерін тигізді. Бағалы ормандар, мал жайылымдары мен көгалды аймақтар жоғала бастады. Олардың ор

нын зиянды тұзды сорлар басты. Өңірді мекендеген 57 жабайы аңдардың 13-ақ түрі қалды. Арал теңізінен балық мүлде ауланбайтын болды. Жер тұзданып, оның өнім беруі тоқтады.

2Бүкіл Арал аумағында іш ауруы етек алды. Балалардың өлімі Жапониядан 20 есе асып түсті. Қарын, бүйрек, бауыр аурулары адамдарды өмірлік мүгедекке айналдырды. Балалар ауруы болып тууда.Чернобыль апаты 8 миллиардтан астам шығынға түсті, ал Арал – “үнсіз Чернобыль” зардабының шығыны одан әлдеқайда асып түседі. Семейаймағындағы ядролық сынақ халықтың қайғысына айналды. Бұл аймақта бірінші рет 1949 жылы тамыз айында 16 мың км2 кеңістікті қамтыған жарылыс басталды. Ашық аудағы ядролық сынақ 14 жылға жалғасты. Осы кезкңде 500 ядролық жарылыс өткізілді. Ядролық техниканы сынау дың салдары: рак, катаракта, туберкулез, аллергия, екі басты, қолы жоқ, бүйрексіз балалар дың өмірге келуі. Мұндай аурулар әрбір отбасын дерлік қамтыды. Тек 1991 жылы тамыздың 29-ында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлық жариялаған соң, ядролық сынақ тоқтатылды. 1967 жылы Іле өзенінде Қапшағай су электр станциясы салынды. Қапшағай қойнауы суға толтырылды. Соның салдарынан Іле өзенінен Балқашқа құятын су мөлшері азайды. Кішігірім көлдерге су келмейтін болды, көбі құрғап кетті. Бұл аймақ түгелдей сортаңға айнала бастады. Балық аулау көлемі қысқарды. Үлкен Алматы каналының салынуына байланысты, химиялық тыңайтқыштарды есепсіз пайдаланудың нәтижесінде егістік жерлер тұзданды. Арал тағдыры қайта басталды. Балқаш – Іле аймағының экологиялық жағдайы күрделі мәселеге айналды. Республикамызда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды тазалау қондырғыларының сапасы мен тиімділігі 30%дан аспайды. Өндіріс сарқынды, шайма және қолданылған суларының әсерінен, Ертіс, Орал, т.б. өзендерінің суы, зияндылығы жөнінен нормативтік көрсеткіштерден әлдеқайда асып түседі. Өзендердегі судың өздігінен тазаруы, тек 300 километрлік жол жүріп өткен соңғана турбулентті және ламинарлы араласулар әсерінен жүзеге аса алады. Тіпті, бұл су көздерінің есте сақтау қабілеті де зақымданған. Қазіргі экожүйені қалыптастыру, ғылым мен техника жетістіктерін ендіру, осы мақсаттарға қаржы жұмсау мөлшері теңізге тамған тамшыдай... Жер және минералды шикізат ресурстары, ауыл шаруашылық алқаптары, тозудың азақ алдында десе де болады. Бұл айтылғандарға, үлкен аумақтардағы жер дефляциясы дәлел болады. Суармалы жерлердегі құнарлылықтың төмендеуі, топырақ қабатындағы гумус қабатының көз алдымызда жұқалануы, Қазақстан далаларының егіс алқаптарында жиі байқалып отыратын құбылыс. Ал, табиғатта қалыңдығы 5 см гумус қабатын жинау үшін жүздеген жылдар қажет болса, аридті климатты аймақтар үшін бұл мақсатқа мыңдаған жылдар кететіні анық. Топыраққа рекультивация жасау да қымбатқа түсетін іс-шара: 1га үшін 300мың теңгеге дейін, кейде одан да көп шығын жұмсалады. Мұның тағы бір зиянды, экожүйенің микроклиматы енді қайтып орнына келмейтін күй кешеді. Пайдалы қазбалардың ішінен, республикаға, әсіресе ең максималды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік зиян шектіріп отырғаны полиметалл кендері, түсті металлургия, ал микроэлементтерден қорғасын, хром оксиді, марганец және уран. Олардың басым көпшілігі, шикізат күйінде басқа елдерге жөнгелтіліп, дайын өнім мен қымбат бұйымның тиімділігін солар көріп отыр. Біздің маңдайымызға әзірше жазғаны, шикізат өндіретін орындардың маңындағы зиянды қалдықтар мен бүлінген су, ауа, топырақ әсерлері. Қоршаған ортаның, Республикамыздағы халықтың науқастануына тигізер әсері 60 пайыз шамасында. Ол әсіресе, тау-кен өнеркәсібі орналасқан қалаларда жоғары. Қалаларда экологиялық ахуал, соматикалық ауру түрлерінің өршуіне ықпал етуде. Қоғам мен табиғат арасындағы қатынас шиеленісе түсті. Осылайша экологиялық апат адамдардың денсаулығына, оның болашағына қауіп төндірді. Теңіз кенішінде тау болып үйілген күкірт мәселесі облыстық әкімдіктегі үлкенді – кішілі басқосуларда талай мәрте талқыланды. Әрине, одан күкірт көлемі кеміп кетпегеніме

н, расын айту керек, шешімді шаралар алынып жатыр, бастапқы қадамдар жасалуда. Алай да, Қазақстандағы ең ірі мұнай өндіру компаниясы ауқымды экологиялық проблемаларға тап болып отыр. Мысалы, облыста атмосфералық ауаға шығарылатын барлық залалды қалдықтардың жартысынан астамы бірлескен кәсіпорын үлесінде. Теңіз кеніші аумағында 9 млн тоннадан астам күкірт ашық аспан астында жатыр. Бұл дүние жүзі бойынша осындай әдіспен сақталған күкірттің 40 пайызын құрайды. Табиғатпен қайшылықтың шиеленісуіне техника, өндіріс қана кінәлә емес, кінә адамдардың іс-әрекетін дұрыс басқармаудан, қабілетсіздіктен, қоршаған ортаны сақтауға ынтаның жоқтығынан болып отыр. Табиғатпен тиімді қатынасты қалыптастыруда адам шешуші фактор. Табиғатты қорғаудағы басты стратегиялық бағыт – мүмкіндігінше қалдықсыз технологиялық процестерді енгізу. Бұл қоршаған ортаның ластануын азайтады немесе түгелдей жояды, шикізаттың бастапқы түрлерін өңдеуге мүмкіндік береді және қосымша өнім алуға да жағдай жасайды.

3
Айналадағы ортаны, негізінен табиғатты адамның пайдалану сипатындағы қалыптасқан қайшылықты өзгертудің үлкен маңызы бар. Табиғат қорықтары, парктер өсімдіктер және жануарлар әлемін сақтауға мүмкіндік береді, сирек кездесетін немесе жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғайды. Табиғатты қалпына келтіріп, байытудың маңызы өте үлкен. Ол үшін көгалдандару, бау-бақша өсіру, суқоймаларын жасау жұмыстарын үздіксіз жүргізу керек. Ағаш отырғызу жұмыстың жартысы ғана, істің нәтижесі – оны өсіруде. Табиғатты қорғау саласының бірі – экологиялық бақылау. Бұл бағытта бірсыпыра жұмыстар іске асырылуда. Республика блысша облыс, аудан, қалаларда айналадағы ортаны қорғау, экологиялық бақылау мекемелері құрылды.

Адам мен табиғат арасындағы қайшылықты шешуді қоғам реттейді, оның қызметі – адамдардың санасын тәрбиелеу және олардың өзін қоршаған әлемді қорғауға бағытталған ынталы жігерін қолдау.

Қазіргі уақытта барған сайын көптеген елдер оны шешу үшін өздерінің күш-жігерін біріктіре бастады. Ұзаққа созылатын экологиялық қауіпті жоюмен қатар, төтенше экологиялық жағдайларда көмек көрсетілуде. Осының бәрі БҰҰ-ның ұсынған “Жер біреу ғана!” деген ұранын жүзеге асыруды көздейді. Дүниежүзілік қауымдастық мынадай жағдайды басшылыққа алады: экологиялық проблеманы шешудің басты жолы – адамдардың өндірістік және өндірістік емес іс-әрекетін қалыпты экологиялық дамуды – айналадағы ортаны бүкіл адамзаттың және әрбір адамның мүддесіне сай өзгертуді қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру.

Мінеки енді осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады? Табиғатты қалай сауықтыруға болады. Бұл өте күрделі мәселе. Бұл үшін ең алдымен, адамдардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, дұрыстау керек, тәрбиелеу керек. Ол үшін балалар бақшасынан бастап, мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, адамдардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, қалыптастыру керек. Қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Егер біз, жас ұрпақты кішкентай кезінен бастап табиғатты сүйуге тәрбиелемесек көп нәрседен ұтылатынымыз хақ. Әрбір тәрбиеші, мұғалім, маман, басшы, экология негіздерін жақсы білуі қажет. Сонда ғана, әрбір адамның миында, қанында, көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Адамдар сонда ғана туған өңір табиғатын қорғауға белсенділік көрсете алады.

1. Биология: Жалпы білім беретін мектептің, 9-сыныбына арналған оқулық, 2-басылымы, өңделген/ М. Гильманов, А. Соловьева, Л. Әбшенова. - Алматы: Атамұра, 2009.
2. Н.Ә. Назарбаев «Бейбітшілік кіндігі». – Астана «Елорда», 2001
3. О. Жанайдаров «Менің елім - Қазақстан». – Алматы: «Балауса баспасы», 2003

4. Журнал «Арай» 1988 жыл № 10

5. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008. ISBN 9965-34-809-X

*Қитым Айым Әділгерейқызы, «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»
Ғылыми жетекшісі – Сербурина Нургуль Абылхасимовна*

Қазақ тілі сабақтарында АКТ-ны тиімді пайдалану

XXI ғасыр – білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Кезінде Абылай ханның өзі: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмейік», – деп болашақ ұрпақ үшін білім алудың маңызын ескеріп өткен. Шынымен де, қазіргі уақытта дамыған әлем елдері бір-бірімен күш таластырып емес, ғылыми жетістіктерімен бәсекеге түсуде. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде: «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» – деп, жастарды білім жолына шақырады. Осыған орай мектеп мұғалімдері, орта арнаулы және жоғары оқу орындары оқытушыларының алдында тұрған үлкен міндет – өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, олардың бойында заман талабына сай құзыреттерді қалыптастыру.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады».

«Ақпараттық-коммуникативті технологиялар» дегенімізде ойымызға бірден компьютер және интербелсенді тақта түседі. Шын мәнінде бұл дұрыс емес. Ақпаратты жеткізу мен қабылдауды жеңілдету әрі соған сай тиісті қарым-қатынас орнатуда пайдаланылатын құралдардың саны анағұрлым көп. Тарихқа үңілетін болсақ, сонау тайпалық-рулық кезеңде адамдардың үнгірлердің қабырғаларына түрлі белгілерді салып, не қағазға (тақтайға) сурет салу арқылы өзара хабар алмаса бастауы, кейінгі кезеңдерде радио, теледидар, электронды есептеуіш машиналардың пайда болуы, бертін келе ұялы телефон, ғаламтор, электронды оқулықтардың таралуы сынды жаңа өнертабыстардың барлығы біздің бүгінгі зерттеу жұмысымыздың нысаны – АКТ қатарына жатады.

Демек, оқыту үдерісінде өзімізге үйреншікті компьютер, презентация, интербелсенді тақтадан басқа электронды оқулықтар, үлестірмелі карточкалар, тақырыптар бойынша сараланған суреттер топтамасы, аудиожазбалар, «сөйлейтін кітаптар» және тағы басқалардың барлығы да оқушыларға тақырыпты түсіндіруде АКТ ретінде көмекші құрал қызметін атқарады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны заманауи талаптарға сай ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білім кеңістігіне енуде қолдану бүгінгі таңда үлкен өзектілікке ие болып отыр. Сол себепті де оқытудың ақпараттық-коммуникативті технологиясы білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін ашу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам – ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-

өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс. Қазіргі уақытта «ақпараттық сауаттылық», «ақпараттық құзыреттілік» деген түсініктердің қалыптасып, кең таралуының өзі аталмыш мәселенің қаншалықты өзекті екендігін айғақтайды, әрі өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беретін педагогтар үшін ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдаланудың маңызын дәлеледейді.

Ақпараттық әдістемелік материалдар қарым-қатынастық байланыс құралдарын қолдану арқылы білім беруді жетілдіруді мақсат етеді. Мультимедиялық оқулықтар, біріншіден, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіншілік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Білім мен ғылымның дамуын басты назарға алған қазіргі заманның талаптарына сай қоғамды ақпараттандыруда мұғалімдердің ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану бойынша біліктілігін көтеру – білім беру саласындағы негізгі міндеттердің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Жалпы алғанда, қандай болмасын пәнді не пәндер тоғысын оқытқанда ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдалану келесідей мүмкіндіктер мен артықшылықтарды береді:

- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- Жаңа материалды қабылдау және игеру үрдісін жеңілдетеді;
- Оқушылардың танымдық, ізденімпаздық әрекеттерін белсендендіреді;
- Мұғалімнің уақытын үнемдейді;
- Оқушылар мен оқытушылардың бойында ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық құзыреттілік дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тілі пәні тұрғысынан қарайтын болсақ, мұндағы АКТ рөлі орасан зор. Қазақ тілі әлемдегі бай әрі әдемі тілдердің бірі болумен қатар, өз ішінде тіл үндестігі, дыбыс үндестігі сынды түрлі заңдылықтарға бағынған күрделі жүйе болып табылады. Мұғалімдер үшін қанша оқушылардың ішінде әрқайсысына осындай екпін, ықпал, грамматикалық мағына, сингармонизм сияқты күрделі тақырыптарды және фонетикалық, лексикалық, грамматикалық талдау үлгілерін түсіндіру қиынға соғады. Міне, осындайда ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдалану мәселенің таптырмас шешімі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгілерінің бірі – интербелсенді тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтар. Қазіргі кезде ғаламтор желісінде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мұғалімдер арнайы сайттар мен парақшаларды ашып, онда өздерінің тәжірибелерімен бөліседі, әсіресе білікті ұстаздардың онлайн сабақтары жас мамандарға және жалпы мұғалімдерге үлкен көмекші құрал қызметін атқарады. Интербелсенді тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

- мультимедиялық құралдар (аудио, бейне-материалдар мен теледидар, радио, электрондық оқулықтарды);
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интербелсенді тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздіктер, энциклопедиялар, ғылыми еңбектер, электронды жаттығулар жинақтары);
- ғаламтор және басқа да көрнекі ақпараттық материалдарды сабақта қолдану айтарлықтай оң нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, үлкен зейінмен тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылай бекітуге мүмкіндік береді.

«Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланып білім берудің әр түрлі аспектілерін дамытуға болады. Олар: ақпаратты өндеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері және оқытудың коммуникациялық аспектілері және танымдық

аспектілері. Мәселен, электронды оқулықпен жұмыс жасағанда, компьютерлік бағдарламада таңдап алған тараудың барлық тақырыптардың теориялық материалдары, есеп шығару үлгілері, өз беттерімен жұмыс істеуге арналған жаттығулар, әр тақырып бойынша орындалатын зертханалық жұмыс тапсырмалары, оқушылардың білім сапасын тексеруге арналған тест тапсырмалары беріледі және сынып оқушыларының әрқайсысына жеке-жеке нұсқаулар бойынша жұмыс жүргізуге қолайлы. Бұндай бағдарламалардың ерекшелігі сол – әрі уақытты да үнемдейді, әрі мұғалімнің де жұмысын жеңілдетеді».

Қазақ тілі сабағында берілген материалды ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты мынадай оқу әрекетінің түрлерін бөліп қарастыруға болады:

1) эмпирикалық әрекет:

– интербелсенді тақтада слайд арқылы көрсетілген не шынайы суретті иллюстрацияларға назар аударып, «миға шабуыл» жасау;

– жекеленген жаттығуларды презентация не басқа да қызықты формада ұсыну арқылы зейінін аудару;

– тақырыпқа сай белгілі бір мәтінді ұсынып, мағынасына ерекше назар аударуды/талдауды/сөздікпен жұмыс жасауды және т.б. қажет ететін сөздерді айрықша белгілеу арқылы ой қозғау;

– нақты сөйлемдерді кешенді бейнелеу;

2) жаттығуды/ережені/қосымша материалды танытуға бағытталған эвристикалық әрекет:

– жаттығуды абстрактілі ойлау;

– жаттығуды түрлендіру жолдарын іздеу;

– ережені оқып, өз сөздерімен түрлендіріп жеткізу;

– қосымша материалдармен танысып, танымдық әрекетін белсендендіру;

3) жаттығуды түрлендіру мен жаңа білім алуға бағытталған репродуктивтік әрекет:

– таңдалған жаттығу бойынша сөйлемді түрлендіру;

– бұрыннан таныс жаттығу түрлерін жасау;

– берілген жаттығуды бағалау;

– жаңа тақырып бойынша өздеріне бұрыннан белгілі мәліметтерді сызбаға түсіру;

4) белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға арналған практикалық әрекет:

– дағдыны таныс жағдайда қолдану;

– жаңа, үйреншікті емес жағдайда дағды қалыптастыру.

Сонымен қатар дәл осы ақпараттық құралдардың көмегімен қазақ тілі сабақтарында «Ойлан, тап», «Кім жүйрік?», «Не? Қайда? Қашан?», «XXI ғасыр көшбасшысы» сынды танымдық зияткерлік ойындарды өткізу арқылы да оқушыларды қазақ тілі грамматикасы бойынша алған білімдерін сынап қана қоймай, олардың пәнге деген сүйіспеншілігін, оны әрі қарай терең зерделеуге деген ынтасын да арттыруға болары хақ. Ал қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және басқа да пәндермен сабақтастыра отыра кіріктірілген сабақтарды өткізу арқылы мұғалім оқушылардың ізденімпаздық әрекетін арттырады әрі өзінің кәсіби-шеберлігін шыңдайды. Сондай-ақ түрлі тақырыптарға пікірталас өткізу, дөңгелек үстел, «квест» сабағы, саяхат не ойын сабақтары кезінде оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым сынды төрт маңызды әрекетін белсендендіріп, тақырып бойынша тиісті арнаға «бұруға» болады.

АКТ-ны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда, әсіресе топпен жұмыс жасағанда маңызы зор.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияларды педогогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын оятады, өз бетімен жұмыс істеуге, пікірталас ұйымдастыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға ықпал тигізеді. Ал оқытушы үшін ол келесідей артықшылықтармен ерекшеленеді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі артады, жас мамандардың қызығушылығын арттырады, ғаламтор жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін игеруге қол жеткізеді, оқытушы сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Елбасымыз: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп, атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдаланудың практикалық маңызы

өте зор және бұл технология жылдан-жылға әрі қарай дамып, болашақта да үлкен сұранысқа ие болатындығы сөзсіз.

АКТ-ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ-ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ-ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш-карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Видео-сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған (конструктивтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау секілді белсенді әрекеттерді талап етеді. Қайталау емес, өздігімен білім құрастыру қажет бұл күнде. Ал бұл мақсатқа әр сабақта интербелсенді әдістемені қолдану арқылы ғана жетуге болады.

Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатысына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «interactive» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасын, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді, яғни интербелсенді әдістер – үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқу/оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынасқа болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші – өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін мынандай ұйымдастыруға болады:

1. Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.
2. Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.
3. Үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру.

Интербелсенді оқытуда білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- Терең ойлау, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- Өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- Ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- Ақпаратты жан-жақты талдау;
- Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- Оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- Пікірталастарға қатысып, өз ойымен пікірін дәлелдеу;
- Басқа да балама пікірлерді ескеру;
- Шешім қабылдау жіне қиын мәселелерді шешу;
- Ортақ жұмысқа жұмыла білу;
- Басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;
- Үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс асаудың рухани және моральды ережелерді қабылдау;
- Оқушы топты ұжым ретінде қабылдайды.

Мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігімен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Олай болса Әлімовтің «Интербелсенді әдістерді мектепте қолдану» еңбегі бойынша мынандай әдістер осы Фонетиканы оқытуда тиімді іске асады деп ойлаймын:

Кең ауқымды лекция – сабақты 6-15 минуттық бірнеше бөлімге бөліп, олардың арасындағы үзілістерді (2-5 минут) оқушылардың жаңа ақпарат жайлы ойлану, пікірлесу, талқылау сияқты белсенді әрекеттерімен толықтыратын дәріс оқу тәсілі.

Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға жұп (немесе шағын топ) ішінде бір-біріне немесе өзге де оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі.

Бірін бірі оқыту (Мұғалім рөлінде) – «Үйрете отырып, үйренемін» қағидасын жүзеге асыратын тәсіл.

Қос жазба күнделігі – мәтін мазмұнына оқушылардың зейінін аударып, өз қатысын, қабылдауы мен түсінігін келтіре алатын кесте.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияларды педогогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын оятады, өз бетімен жұмыс істеуге, пікірталас ұйымдастыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға ықпал тигізеді.

Елбасымыз: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - деп, атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдаланудың практикалық маңызы өте зор және бұл технология жылдан-жылға әрі қарай дамып, болашақта да үлкен сұранысқа ие болатындығы сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.БҒМ 2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаты
- 2.Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. 2014ж.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Оқу құралы. - Алматы. – 2013.
- 4.Жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасы. 2017ж. (5-9 сыныптар)
- 5.Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. – А., 2009.

6. Әмірғалина Н. Білім берудің инновациялық технологияларының бірі — тірек конспектілері // Білім.- 2009. №2.

7. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім. – 2011. № 5.

Махсат Данагүл Талғатқызы

Жалпы білім беретін № 21 Жамбыл атындағы орта мектебінің оқытушысы

Заманауи цифрлық технология озық білім дамуының кепілі

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады.

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры. Қазіргі таңда білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер бар. Оларды шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген, білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жаңа мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары туралы баяндамасында «Бағдарлама жобасы педагогикалық ұжымдарда мұғалімдермен, Президент жанындағы Ұлттық кеңестің өкілдерімен, сарапшылармен және Парламент депутаттарымен талқыланды. Бұл жобаның ерекшелігі – PISA, TALIS, PIAAC, PIRLS, ISILS секілді 5 халықаралық зерттеудің нәтижелері бізге негізгі проблемаларды анықтауға және олардың шешімдерін табуға мүмкіндік берді. Жалпы, жаңа Мемлекеттік бағдарлама жобасында 2 мақсат, 11 міндет, 8 индикатор, 39 көрсеткіш қарастырылған, – деді. **Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет. Мектеп бойынша білім беруді цифрландыруды жүзеге асырудың жоспары әзірленіп, ауқымды жұмыстар атқарылуда, инфрақұрылымы дамуда.**

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлік» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Кейбір адамдар әлі күнге дейін цифрлау үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастарда. Цифрландыру процесі және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.

Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуі тиіс.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту өзектілігі әлеуметтік функциясының маңыздылығы – білімді өндіру және түрлендірумен негізделеді, олар қазіргі қоғамдағы еңбек бөлінісінде шешуші рөлді атқарады. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы барынша табыстылыққа тек егер білім беру саясатына негізделген барлық бағдарламалық қондырғылар әлем тәжірибесімен жиналған оң әлеуеттен барлық мүмкін болатынды өзіне жинай алса ғана қол жеткізуге болады.

Қазақ мектептерін цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық ойыншыларға: оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру,

адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;

- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;

- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. **Бірінші бағыт** тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал **екінші бағыт** тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Электрондық оқыту жүйесі ең алдымен оқытушы мен оқушыға үлкен еркіндік береді. Бұл екеуінің де тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы. Тұлға болып қалыптасуына қолайлы. Тұлға деген өз-өзіне нақты мақсат қойып, өздігінен жүйелі әрекет ете алатын, өз тірлігіне өзі жауап бере алатын адам. Тұлға деген адами да, кәсіби де деңгейі өте жоғары, толыққанды өмір сүретін адам.

Электрондық оқыту оқу процесіне ешқандай шектеу қоймайды. Бұл процесс оқытушы мен оқушының кеңістіктегі орнына да, уақыттық мүмкіндіктеріне де, көңіл-күйіне де байланысты емес. Оқу барынша объективті құбылыс ретінде өтеді. Қазіргідей мұғалімнің оқушыларды қорғаштап, басқарып, жетектеп, ізін кесіп жүруі қажет емес. Олармен тек адам сияқты қарым-қатынас жасау керек. Бала сияқты емес, кәдімгі ақыл-есі бүтін адам сияқты құрметпен және тең сөйлесу керек. Оқу-тәрбие жауапкершілігін ең алдымен оқушының өзіне жүктеу керек. "Қалаған уақытыңда, қалаған жерден, қалағаныңша оқы, өз әрекеттеріңе өзің ғана жауап бер". Ал оқытушы бағыт-бағдар береді, қажет кезінде кеңес береді, қажет кезінде сүйеу болады. Күнделікті сенің өміріңді басқармайды, тірішілігіңе жөнсіз араласпайды. Өз мүмкіндіктеріңмен өмір сүр, ішкі мүмкіндіктеріңді және өз мінез-құлқыңды жүзеге асыр. Міне, осындай қағида.

Оқу үрдісі барысында цифрлық білім беру ресурстарының көптеген түрлері қолданылады: анимациялар, инетраактивті суреттер мен схемалар, интерактивті тапсырмалар. Сабақ кезінде әрқайсысы жан – жақты пайдаланылады. Цифрлық білім беру ресурстары табиғи объектілер мен көрнекі құралдарды толықтырып отырады. Бұл кезде мұғалімнің оқыту барысында белгілі бір

жағдайға бейімделуге, оқушылардың дайындық деңгейін ескеріп, олардың жеке шығармашылық потенциалын ашуға мүмкіндігі мол.

Қазіргі кездегі сабақтардың көрнекі құралдарына оқу видеофильмдері ерекше орын алады. Видеофильмдер көрсетілмес бұрын оқушыларға сұрақтар қойылып тақырыпты айқындап аламыз. Бұл оқушылардың бойында алдына мақсат қойып, сабақтың тақырыбына деген қызығушылығын туғызады.

Қазір білім жүйесіндегі кез келген мәселе арнайы зерттеу арқылы, әлемдік тәжірибемен салыстыру арқылы жүзеге асады. Заманауи ақпараттық жүйе заманында білім мен ақпаратты оқулықпен ғана емес, интернетпен де игеруге болады. Бір мезетте жан-жақтан келген ақпарат ағыны қарапайым оқушыға да әсер етуі мүмкін. Ақпараттың агрессивті түрінен қорқу керек. Сондықтан да оқушының виртуалды кеңістікте де білім алуына жағдай жасау үшін жұмыс істеп келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы
2. Садуов Ш.Р. Ақпараттық технология. Алматы 2009 [2266]
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы || Қазақстан мектебі, 2004

*Маңғыстау туризм колледжінің 3 курс студенті
Маматкәрім Мақсат Қанатұлы
Ғылыми жетекшісі: Сдыкова Гулишат Габиденовна*

«Қолма-қолсыз төлем жүйесінің халық арасындағы маңызы»

Мақсаты: Халық арасындағы экономикалық сауаттылығын дамыту. Қолма-қолсыз төлем жүйесінің теориялық мағынасын біле отырып, күнделікті өмірдегі қажеттілігімен маңыздылығын жеткізу.

Міндеттер:

1. Қолма-қолсыз төлем жүйесі туралы теориялық білімдерін тереңдету.
2. Сауалнама жүргізу арқылы, қолма-қолсыз төлемнің халық арасындағы маңыздылығын білу.

Тақырыбының өзектілігі.

Қазақстанның егемендігін жариялау, елдің экономикасы мен банк жүйесін реформалау сенімділігі, қауіпсіздігі мен тиімділігімен ерекшеленетін, жедел және көп тәуекелсіз төлемдер жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолма-қолсыз төлем жүйелерін жетілдіру қажеттілігін тудырды.

Бұрынғы орталықтандырылған жоспарлы жүйеден қалған Қазақстандағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі нарықтық экономиканың жаңа жағдайларына қолайлы емес еді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстанның банк жүйесін реформалау барысында жаңа төлем жүйелерін жасау бойынша жұмыстар бастаған болатын. Қазақстанның төлем жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты ел аумағында қолма-қолсыз төлемдер мен ақша аударымдарын өңдеудің жылдамдығы мен қауіпсіздігін ұлғайту болып табылады. Банк жүйесі арқылы 60 % -дан астам көтерме ақша айналымы және 1% бөлшек айналымы жүргізілді. Банктік есепшоттар бойынша анықталатын қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар міндетті түрде құжаттарды дайындауды талап етеді.

Қолма-қол есеп айырысуға құжат дайындау объективті түрде тән емес, ол мемлекеттік нормалармен анықталған. Қолма-қол есеп айырысу басым болған жағдайда экономика біршама айқын, әрі оны басқару жеңіл болады. Сондықтан салық әкімшілігі мен бюджеттік қаржыны тиімді жұмсауда дұрыс ұйымдастырылған төлем айналымының артықшылығы айқын байқалады. Экономикадағы ақшалардың айналым жылдамдығының азаюы ұзақ мерзімді депозиттердің және ұзақ мерзімді инвестициялық несие салымдарының өсуін көрсетеді, бұл тек қана, жалпы экономиканың тұрақтылығы және ұлттық валютаға деген сенім болғанда ғана мүмкін. Керісінше, төлем айналымындағы ақша айналымының жоғары жылдамдығы ұлттық валютаға деген сенімнің көрсеткіші болып, ақша массасындағы қолма-қол ақша үлесінің өсуімен, ұзақ мерзімді

жинақтардың төменгі үлес салмағымен, шаруашылық субъектерінің ұлттық валютасын сенімді активтерге аударумен бірге жүреді .

Төлем айналымында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үлесінің артуы айналымдағы шығынның төмендеуі мен айналым құралдарына сұраныстың азаюы есебінде экономика жалпы ішкі өнімнің 2% -ға дейін өсуін қамтамасыз етеді. Қолма-қолсыз төлемдер жүйесі технологияларының жетілуіне байланысты бухгалтерлік есеп пен салық әкімшілігін автоматтандыру саласында, бюджеттік қаржыны жұмсауда, мемлекеттік статистикалық бақылауда, орташа топтың қор нарығына жаппай шығуында электрондық коммерцияның инфрақұрылымы мен т.б. түбегейлі жаңа шешімдерге қол жеткізуге болады.

Төлем айналымын қалыптастыруда қолма - қолсыз есеп айырудың ерекшелігі айқын, алайда тақырыптың өзектілігі тек осы ерекшеліктердің теориялық аспектісінде ғана қалып қоймайды. Қазақстан банктері клиенттер арасында төлем қызметіне сұраныстың аздығынан немесе салық әкімшілігіне байланысты төлем қызметінен түскен табысты толығымен ала алмайды. Көп жағдайда төлем қызметіне деген сұраныстың аздығы төлем жүйелерінің технологиялық деңгейінің төмендігі және сапасының нашарлығымен түсіндіріледі.

Жұмысты орындаудағы мақсат:

қолма-қолсыз есеп айыруларды ұлттық төлем жүйесінің есеп айырысулар нарығындағы орны мен ролінің маңыздылығы арқылы анықтау. Күнделікті өмірдегі қажеттілігімен маңыздылығын жеткізу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше міндеттер қойылды:

- қолма-қолсыз төлемдер айналымының тарихи және теориялық негізін ашып көрсету;
- қолма-қолсыз есеп айырулардың төлемдер айналымындағы орнын ашу, қатысушылары мен түрлерін анықтау;
- Сауалнама жүргізу арқылы, қолма-қолсыз төлемнің халық арасындағы маңыздылығын білу.
- Білімгерлердің іс – тәжірибе теориялық білімі арқылы тәжірибеде қолдана білуі.

Зерттеу объектісі: ҚР-ның ұлттық төлем жүйесі және АҚ «ХалықБанк»

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі.

Жұмыс тақырыбының оқу және ғылыми әдебиеттерде қарастырылу дәрежесі кең. Ақшасыз есеп айырысуларды қолдану ыңғайлы және қауіпсіз болуымен қатар қолма-қол ақша жиынының азаюына ықпал етеді, мұның өзі экономиканы басқару ісін жеңілдетеді. Ақшасыз есеп айырысулар саласы үнемі түрде кеңею және жетілдірілу беталысына ие.

Дәл осы ақшасыз есеп айырысу немесе төлем айналымы жүйесін мемлекеттің төлемдік жүйесі деп атайды. Қолма-қолсыз төлем айналымына анықтама жасамас бұрын, жалпы төлем айналымының қалыптасуына қандай тарихи жағдайлардың әсер еткендігін және төлем айналымының бүгінгі күнгі сатыға жеткенге дейін қандай сатылардан өткендігін анықтап алған дұрыс. Өйткені банктегі есеп айыру, несие және т.с.с. операциялардың және банк жүйесінің жетілуі төлем айналымының қалыптасуына қызмет етті деуге болады.

Сонымен, ежелгі ғасырлар тарихы кейінгі ұрпаққа банктердің қашан пайда болғаны туралы ғана емес, сондай-ақ олардың қандай операцияларды орындағандығы туралы да толық мәліметтер қалдырмаған секілді. Кейбір ғалымдардың пікірінше, алғашқы банктер капитализмнің мануфактура тұсында және ең бастысы, Италияның жекелеген қалаларында (Венеция, Генуе) XIV-XV ғғ. пайда болған.

Олардың еңбектерінде банк тауар шаруашылығының ерекше институты ретінде тауар шаруашылығының ерте кезеңінде, яғни тауар-ақша қатынастарының дамуына байланыссыз, ақша айналымын реттеу үшін пайда болған делінеді.

Сонымен қатар, жұмыстың мазмұнын ашуда теориялық әдіс ретінде төлем жүйесін жетілдіру мәселелерін зерттеуші шетел және отандық экономист ғалымдарының еңбектері пайдаланылды, оның ішінде, ресейлік ғалымдар: В.А. Пономарев, Г.Г. Коробова, Х. Грюнинг және отандық зерттеуші ғалымдар: С.Б. Мақыш, А.Ә. Илияс, М.Н. Аманбаев, В.М. Ютиш сонымен қатар ғылыми әдебиет, кезеңдік басылым материалдары мен жинақтары қолданылды. Сонымен қатар төлем жүйесінде жүргізілетін операцияларға теориялық, әдістемелік және тәжірибелік зерттеулерге біраз ғалымдардың еңбектері арналғаны көрініс тапты.

Зерттеу жұмысының критерилері.

Экономикадағы ақша айналымының жылдамдығы Ұлттық банк арқылы тікелей реттелмейді, бірақ оның мөлшері инфляция деңгейіне әсер етеді және ақша-несие саясаты үшін үлкен мәні бар. Төлем жүйесінің нарықтық экономикадағы орны төмен. Осыған байланысты жоғарыда аталған тақырыпты зерттеу жұмысын іске асыруда келесідей критерилерді анықтадым:

- Күнделікті өмірде қарапайым халықтың коммерциялық банктердің орындайтын операцияларына деген сенімділігі;
- Банкте орындалатын дәстүрлі және дәстүрлі емес операцияларының орындалу сауаттылығы;
- төлемдердің алгоритімі;
- Күнделікті өмірдегі экономикалық жаңалықтармен заңды актілердің еркін түрде қолдануы;
- Банктік несиелердің терминал құрылғысы арқылы пайдаланылуы.

Жоғарыда аталған критерилерді негізге ала отырып 1-3 курс студенттері және олардың ата-аналарымен оқытушылар арасында сауалнама жүргіздім.

Сауалнама сұрақтары:

- 1. Қолма- қолсыз төлем жүйесі дегеніміз не?**
 - А) ақшасыз есеп айырысу түрі
 - Б) нақты ақшамен есеп айырысу
 - В) білмеймін
- 2. ҚР «Төлемдер және ақша аударымдары туралы» заңы қашан қабылданды?**
 - А) 2000 жылы
 - Б) 2006 жылы
 - В) білмеймін
- 3. Қолма – қолсыз төлем түрлері?**
 - А) төлем карточкасы, бағалы қағаз, вексель
 - Б) төлем тапсырысы, төлем талап тапсырысы, төлем карточкасы, чек.
 - В) хабарламаға қолма- қол жарна, өтініш, жеке куәлік.
- 4. Резиденттік белгісі ҚР – ның валюталық заңдылықтарына сәйкес анықталады және былай белгіленеді:**
 - А) 2
 - Б) 1
 - В) 3
- 5. Жеке дербес код дегеніміз не?**
 - А) жеке адамға берілетін код
 - Б) жасырын сөз
 - В) келісім шарт
- 6. Терминал дегеніміз не?**
 - А) электрондық құрылғы
 - Б) төлем құралы
 - В) депозит
- 7. Ақшалай чек дегеніміз не?**
 - А) клиенттің өз шотынан ақша алуы үшін толтырылатын құжат
 - Б) клиент өз шотына ақша салу үшін толтырылатын құжат
 - В) клиент өз шотынан ақша аудару үшін толтырылатын құжат
- 8. Карточкалық шот ашу үшін қажетті құжаттар?**
 - А) жеке бас куәлігі, шот ашуға өтініш.
 - Б) шот ашуға өтініш.
 - В) тұратын жерінен анықтама, жеке бас куәлігі.
- 9. Оқу ақысын қолма – қолсыз төлеу қалай жүзеге асырылады?**
 - А) менюға кіру, ақша аударушының шотын теру, ақшаны алушының дербес жеке нөмерін теру, ақша салу.
 - Б) ақша салу, ақша аударушының шотын теру, менюға кіру.
 - В) ақшаны алушының дербес жеке нөмерін теру, менюға кіру, ақша салу.
- 10. Үй шаруашылық коммуналдық төлемдердің алгоритімі?**

А) менюға кіріу, керек батырманы таңдау, жеке дербес шот нөмірін теру, комуналдық төлем түрін таңдау, ақшаны терминалға салу.

Б) жеке дербес шотын теру, менюға кіріу, ақша салу.

В) менюға кіріу, комуналдық төлем түрін таңдау, ақшаны терминалға салу.

МКТ 1-3 курс студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі.

Сауалнамаға колледждің 45 студенті және 60 ата-ана, 22 колледж оқытушылары қатысты.

1. сұраққа «Қолма- қолсыз төлем жүйесі дегеніміз не?» 45 студент жауап берді. 78 пайызы дұрыс жауап берді, оның ішінде 20 пайыз 1 курс студенттері құрады.

2. сұраққа «Төлемдер және ақша аударымдары туралызаңы қашан қабылданды?» жағымды жауап бергені 39 пайыз қанағаттанарлық жауап берді. 1 курс почти никто не знает.

3. сұраққа «Қолма – қолсыз төлем түрлері?» 1 курстан - 3 студент 56 % пайыз жағымды жауап берді.

4. сұраққа «Резиденттік белгісі ҚР – ның валюталық заңдылықтарына сәйкес анықталады және былай белгіленеді:» 69 пайыз дұрыс жауап берді.

5. сұраққа «Жеке дербес код дегеніміз не?» 85 пайызы дұрыс жауап берді.

6. сұраққа. «Терминал дегеніміз не?» 90 пайыз дұрыс жауап берді.

7. сұраққа. «Ақшалай чек дегеніміз не?» 76 пайыз дұрыс жауап берді.


8. сұраққа «Карточкалық шот ашу үшін қажетті құжаттар?» 93 пайыз дұрыс жауап берді.

9. сұраққа «Оқу ақысын қолма – қолсыз төлеу қалай жүзеге асырылады?» 55 пайызы дұрыс жауап берді.

10. сұраққа «Үй шаруашылық комуналдық төлемдердің алгоритімі?» 74 пайызы дұрыс жауап берді. Оның ішінде дұрыс жауапты 2-3 курс студенттері құрап отыр.

Студенттер арасындағы сауалнама нәтижесі

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
78%	39%	56%	69%	85%	90%	76%	93%	55%	74%



Ата – аналарға сауалнама сұрақтары:

1. Банкте карточкалық шот ашу үшін қажетті құжаттар?

А) жеке бас куәлігі, шот ашуға өтініш.

- Б) шот ашуға өтініш.
- В) тұратын жерінен анықтама, жеке бас қуәлігі.

2. Оқу ақысын қолма – қолсыз төлеу қалай жүзеге асырылады?

- А) менюға кіру, ақша аударушының шотын теру, ақшаны алушының дербес жеке нөмерін теру, ақша салу.
- Б) ақша салу, ақша аударушының шотын теру, менюға кіру.
- В) ақшаны алушының дербес жеке нөмерін теру, менюға кіру, ақша салу.

3. Үй шаруашылық қомуналдық төлемдердің алгоритімі?

- А) менюға кіріу, керек батырманы таңдау, жеке дербес шот нөмірін теру, қомуналдық төлем түрін таңдау, ақшаны терминалға салу.
- Б) жеке дербес шотын теру, менюға кіру, ақша салу.
- В) менюға кіріу, қомуналдық төлем түрін таңдау, ақшаны терминалға салу.

4. Банктік несиені банктік терминал арқылы төлем жүргізе аласызба?

- А) Ия білем.
- Б) Төлем жүргізе алмаймын.
- В) Банк қызметкерінің көмегімен төлей аламын.

5. Сіз мемлекетке төленетін төлемдерді қандай тәсіл арқылы төлеген ыңғайлы деп ойлайсыз?

- А) банк кассасы арқылы;
- Б) терминал арқылы;
- В) интернет банкинг арқылы.

Ата-аналар және оқытушылар арасындағы сауалнама нәтижесі.


			1 сұрақ			
А	Б	В				
30%	20%	50%				

			2 сұрақ			
А	Б	В				
38	24	38				

			3 сұрақ			
А	Б	В				
30	38	32				

			4 сұрақ			
А	Б	В				
40	35	25				

			5 сұрақ			
А	Б	В				
10	30	60				





Сауалнаманың қорытындысы:

1. 1 курс студенттерінің дұрыс жауап бермеуі анық. Сауалнама жүргізу барысында 1 курс студенттері арнайы тақырыптарды өтілмеген, ал күнделікті өмірлік сұрақтарға дұрыс жауап берді.
2. Ең төмен жауап көрсеткішке 2 сұрақ бойынша оқытушы студенттермен заңды нормативтік актілер бойынша қосымша сабақ жүргізу қажеттілігін анықтады.
3. Төлем терминалдарымен дұрыс қолдану тәсілін халық арасында жоғарлату қажеттілін ескеріп жұмыс жүргізу.

Ендіше менің ұсынысым:

Экономикалық жаңалықтардың еркін түрде таратылуы, заң актілерінің қол жетімді болуы, халықтың экономикалық сауаттылығының жоғары деңгейде болса екен деймін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ілияс А.Ә., Сәулембекова Ә.Қ. «Төлем жүйесі: теория және тәжірибесі». Оқу құралы. А: 2007
2. Көшенова Б.А. «Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары». Оқу құралы. Алматы, Экономика.2000 ж
3. «Ақша, несие, банктер». Оқу құралы.Ғ.С.Сейтқасымовжетекшілігімен. Алматы, Экономика. 2001ж
4. Омарова М.Ж. Экономическаяэффективностьбезналичныхплатежейна примере пластиковыхкарт :Дис. канд.экон.наук:08.00.10 / М. Ж. Омарова . - Алматы, 2005. - 159 с.
5. Ютиш В.М. БанкиКазахстанана рубеже веков. - Алматы: Экономика, 2007. - 832 с. - (85-летию банковскойсистемыКазахстанапосвящается)
6. www.kase.kz
7. ҚазақстанРеспубликасындабанкаралықклирингтіжүзегеасыруережесі 2000 жылғы 3 тамыз (2007.28.05. берілгенөзгерістер мен толықтырулар)
8. «Ақшалайтөлемдер мен аударымдартуралы» ҚР заңы. www.nationalbank.kz
9. ҚР Ұлттықбанкіэкономикалықшолю. № 5. 2012 ж. 35 б.
10. Төлем жүйесіндегі оверсайт. 2011ж. ҚҰБ ресми сайты.
11. ҚР Ұлттықбанктіңжылдықесепі, 2009-2013 ж.ж.

12. www.kaznewz.kz
13. www.kisc.kz
14. www.coogle.kz
15. www.bnews.kz
16. www.profinanse.kz
17. ҚР төлемжүйесін қадағалау ережесі, 2008 ж.
18. «ҚР Ұлттық банкі туралы» ҚР заңы. 30.03. 1995 ж. (08.02.2012 ж. өзгерістер мен толықтырулар)
19. Мақыш С.Б. «Банкісі». Оқулық.- Алматы, Экономика. 2007 ж.
20. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік-құқықтық актілеріне ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 205 қаулысы
21. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 108 қаулысымен бекітілген Төлем жүйелеріне қадағалауды (оверсайтты) жүзеге асыру ережесі
22. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 169-бабы
23. Халықаралық есеп айырысулар банкінің Төлемдік және есеп айырысу жүйелері жөніндегі комитетінің төлемдік жүйелерінің басты принциптері, 2007 жж.
24. ҚҰБ ресми сайтындағы «Төлем жүйесі» блогы
25. Төлем жүйесінің қызыл кітабы. Электронды кітап, 2005 ж.
26. Төлем құралдарын пайдалану. Экономикалық шолу. 2012 ж. сәуір
27. Төлем карточкалары нарығы, 2013 ж., ақпан
28. Самойлов Е.В. Подход к стресс-тестированию платежной позиции банка// Управление и кредитные организации – 2006, №1 (29)-316.
29. Төлем карточкалары бойынша мәліметтерді жасау және ұсыну жөніндегі нұсқаулық 2012 жылғы 3 ақпан

Маханбетова Гульмира Сыргатаевна
КГКП «Куланский агротехнический высший колледж» управления образования акимата
Жамбылской области, район Т. Рыскулова, село Кулан

МЕЖЭТНИЧЕСКАЯ И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

Республика Казахстан в процессе исторического развития состоялась как полиэтническое государство. На разных этапах истории наша республика стала родиной для представителей многих национальностей и народностей. Разнородность в половом, возрастном, конфессиональном и этническом плане несомненно влияет на межличностные взаимоотношения. Иногда это может привести к открытому противостоянию. Все это обуславливает поиск механизма направленного на предупреждение такого противостояния и толерантность в данном случае выступает как одна из путей предупреждения социальных противоречий в обществе.

Толерантность во все времена считалась человеческой добродетелью, которая подразумевала терпимость к различиям среди людей, умение жить, не мешая другим, способность иметь права и свободы, не нарушая права и свобод других. Толерантность также является основой демократии и прав человека, нетерпимость в полиэтническом, поликонфессиональном либо в поликультурном обществе приводит к нарушению прав человека, насилию и вооруженным конфликтам.

В «Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы», в Законе «Об образовании» Республики Казахстан ставится задача воспитания казахстанского патриотизма, толерантности, высокой культуры, уважения к правам и свободам человека, приоритетного развития государственного языка.

Содержание образования и воспитания должно способствовать взаимопониманию и сотрудничеству между людьми независимо от расы и национальности, культурной и конфессиональной принадлежности, к формированию общечеловеческой культуры личности.

В настоящее время особенно актуальной стала проблема терпимого отношения к людям иной национальности, культуры. Не секрет, что сегодня все большее распространение среди молодёжи получили недоброжелательность, озлобленность, агрессивность. Взаимная нетерпимость и культурный эгоизм через средства массовой информации проникают в семью, школу. Поэтому, необходимо активизировать процесс поиска эффективных механизмов воспитания в духе толерантности.

Толерантность – терпимость по отношению к инакомыслию, чужим взглядам, верованиям, поведению, к критике другими своих идей, позиций и действий и т.д. Толерантность – это то, что делает возможным достижение мира и ведет от культуры войны к культуре согласия. Толерантность – это человеческая добродетель: искусство жить в мире разных людей и идей, способность иметь права свободы, при этом, не нарушая прав и свобод других людей. В то же время, толерантность- это не уступка, снисхождение или потворство, а активная жизненная позиция на основе признания иного. Толерантность также требует предоставления каждому человеку возможностей для социального развития без какой-либо дискриминации. Это качество личности и определяется ее ценностным отношением к окружающим.

Общепризнанно, что человеку не хватает толерантности, а проще говоря, взаимоуважительного, доброжелательно–терпимого отношения друг к другу. Из-за такого дефицита происходит много бед. Казалось бы, так просто – живи и давай жить другим, имей свой образ жизни, веруй, выражай частным образом и публично свое мировоззрение, признай право других на то же самое, и все будет хорошо. Но почему-то не получается. Очевидно, проблема терпимости затрагивает какой-то глубокий уровень подсознания, и никакие рационалистические доводы разума часто не действуют. Поэтому огромную важность сегодня для нашей страны имеет теоритическая и практическая разработка принципов, методов, форм и содержания нового, культурного образования, воспитания.

В то же время толерантность вовсе не означает безразличие к любым взглядам и действиям. Так, например, аморально и преступно мириться с насилием, унижением достоинства, ущемлением интересов и прав человека. Можно рассматривать как социальную норму, в которую входят следующие компоненты:

- Социальная восприимчивость взаимодействующих субъектов, интерес к особенностям друг друга;
- Признание равенства партнеров;
- Отказ от доминирования и насилия;
- Готовность принять другого таким, какой есть;
- Доверие, умение слушать и выслушивать другого.

Важную роль в приобщении к культурам, решения проблем взаимопонимания и взаимообогащения, повышения культуры межнационального общества играет язык. Развитие национальных языков является сегодня одной из приоритетных задач государственной политики Республики Казахстан. В развитых регионах страны к ее решению подходят по разному, но общим для всех является сохранение языков как основы жизнедеятельности и культуры этносов, гармонизации межнациональных отношений .

Изучение языков представляет собой один из наиболее действенных путей воспитания в духе терпимости и взаимопонимания. Ведь лишь владение языком иной культуры открывает возможность для ее всестороннего и достоверного понимания. Язык отражает особенности этнического мышления и поведения, что необходимо в межэтнической коммуникации в сохранении этнической толерантности.

Взаимодействие языка, мышления и культур различных этносов становится все больше востребованным в условиях современных мировых интеграций. Разность языка и поведение людей определяется разностью культур мышления. Актуальность изучения межкультурных этнических отношений объясняется и тем, что в последние годы все чаще говорят о войне культур и цивилизации и что «социальные, политические и экономические потрясения мирового масштаба привели к небывалой миграции народов, их переселению, расселению, столкновению, смешению, что, разумеется, приводит к конфликту культур». Поэтому одной из основных задач межкультурной коммуникации является познание духа, мира, языка и культуры другого народа

для осуществления успешных политических, экономических, образовательных, культурных и иных связей.

Мысль человеческая имеет всеобщий характер, мысль универсальна, «мысль совершается в слове» (Л.С.Выготский), но это свершение имеет этнический характер. Вот почему язык раскрывает различные представления, ассоциируемые с тем или иным народом. Для иллюстрации обратимся к некоторым примерам, которые приводятся С.Г.Тер-Минасовой:

- Венгрия- красный перец, Кальман, токай, жаренный гусь, странный язык;
- Италия – спагетти, пицца, Возрождение, Рим, Папа Римский, Венецианский карнавал, опера, макароны, каналы, католицизм, сыр;
- Германия- пиво и сосиски, пунктуальность, Гитлер, «мерседес», качество, точность, превосходство нордической расы, прусские солдаты, романтизм, три К (Kinde, Kuche, Kirche- дети, кухня, церковь), Берлинская стена, университеты, Гете, современное искусство;
- Испания- коррида, фламенко, Гойя, быки, солнце, темперамент, фиеста, сиеста, отдых, оливки, Сальвадор Дали;
- Чехия- славяне, Ян Гус, Кафка, люстры, холмы, башни, целебные источники;
- Россия- русские, открытость, щедрость, прекрасная страна с множеством людей, которые никак не могут найти здравомыслящего и мудрого правителя, большая и непредсказуемая, русский язык, снег, братья, «утомленные солнцем», зима, береза, романс, матрешка, мишка, сказка, водка, икра, калина, хоккей, балет, янтарь, Андрей Рублев, непревзойденное богатство культуры.

В рамках сказанного Республика Казахстан может ассоциироваться как страна, для которой ключевыми понятиями являются: открытость и гостеприимство, степь и горы, обширное пространство и целина, Алматы и апорт, кумыс и бешбармак, Нурсултан Назарбаев, Астана, Ак-орда, Байтерек , Пирамида, новый город, нефть, Ассамблея народов Казахстана.

Таким образом, для каждого этноса устанавливается в нашем сознании реальный мир этого народа, связанный с его историко-социальными, экономическими, культурно-нравственными представлениями и понятиями, проводником последних является язык. Язык является ключом к пониманию культурных представлений этноса.

Государственным языком является казахский язык, а в государственных структурах, органах местного самоуправления, согласно Конституции РК, можно официально использовать русский язык наравне с казахским. Но в то же время бесспорным является факт того, что осознание государственного языка неказахами является основным каналом интеграции в казахское общество и казахстанское государство, а кто считает себя гражданином Казахстана, должен стремиться к освоению госязыка. Но при этом имеет место описание, что русскоязычные, оставшись проживать в Казахстане, и, освоив государственный язык, могут утратить русскую лингвистическую культуру. Но данное опасение несостоятельно.

В Казахстанском обществе нет языковой проблемы, что подтверждается следующим: во-первых, данными последней переписи населения, согласно которым более 65% казахстанцев владеют государственным языком. Представители 18 этносов владеют казахским языком от 60% до 80%, уровень знания государственного языка 45 этносами значительно выше знания их собственного языка. Причем в их числе не только представители тюркоязычных народов. К примеру, в среде болгарской диаспоры владеющих казахским языком – 29%, корейской – 28,8%, еврейской-17,6%, польской- 9,9% .Некоторые представители славянских этносов также уже овладели не только на бытовом, но и на профессиональном уровне государственным языком. Этому свидетельствует привлечение рядом телевизионных каналов славян в качестве дикторов казахских программ. Данный шаг представляется нами правильным и должен поощряться редакторами телеканалов; во-вторых, принятый 22июня 2006 г. Президентом России В.Путиным Указ «О мерах по оказанию содействия добровольному переселению в Российскую Федерацию соотечественников, проживающих за рубежом», не вызвал «очередную волну» русской эмиграции.

В обществе крепнет понимание установления межэтнической толерантности в Казахстане. Идёт разговор об идее формирования Казахстанского патриотизма и создания Кодекса межэтнических отношений. Думаю эти идеи нужно поддерживать.

В то же время владение языком другого этноса не означает того, что коммуникант, сводно владея другим языком, думая на нем, считая даже его родным, будет проживать свою жизнь в

рамках этнокультуры данного языка. Можно привести много примеров сказанному в истории взаимодействия языков и культур. Так, русскоязычные казахи, несмотря на низкий уровень владения казахским языком, живут по традициям, обычаям, культуре казахского народа. Известно, что подобно организуют свою жизнь этнические диаспоры, живущие в иной социокультурной среде: русские, греки, итальянцы, японцы и другие в Штатах, французы, англичане, испанцы в Японии, турки, алжирцы в Германии и т.д. Этнические диаспоры, следуя традициям своей культуры, в то же время стремятся правильно воспринимать этнокультурные контакты инокультурной среды. К примеру, русские, проживающие в Казахстане, в ритуалах казахского народа (празднование Наурыза, свадебные обычаи, выражение соболезнования и поминальные асы), в которых им приходится участвовать, следуют традициям этого народа. Поэтому владение языком другого этноса, это не только знание языка, языковой системы, коммуникативных навыков в целях осуществления межкультурной коммуникации, но и знание норм поведения, этикета, ментального мира этого народа.

В современном Казахстане расширяется и пополняется словарный фонд русскоязычных коммуникантов, что, безусловно, объясняется не коммуникативными нарушениями, а конвергентным влиянием казахского языка на языковую систему русского языка. Поэтому широко используемые в социокультурном пространстве лексемы (типа Байтерек, Мажилис, аким, Астана, «Хабар» (телевизионная программа), Ак орда, отан, наурыз, нан, кумыс, айран, бауырсақ и т.д.) не являются экзотизмами и варваризмами для русскоязычного жителя Казахстана.

Межэтническая коммуникация направлена на познание духовой и материальной культуры иного этноса для осуществления политических, экономических, образовательных, культурных связей. В межкультурной коммуникации раскрывается связь языка с мышлением и этносом. Мысль человеческая имеет всеобщий характер. Мысль, будучи универсальной, выражается словом, но это выражение имеет этнический характер. Вот почему язык рассматривает различные представления, ассоциируемые с тем или иным народом. Успешность осуществления этих связей зависит от знания ментального мира, норм поведения, этикета, традиций, обычаев, языка народа, с которым осуществляется межкультурная коммуникация. Незнание или желание знать этнокультурные константы ведут к коммуникативным нарушениям вербального характера и ставят под угрозу этническую толерантность.

Использованная литература:

1. Шаймердинова Н.Г. Проблемы межэтнической и межкультурной коммуникации. – Астана, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
2. Бельгибаева Г.К., Айтжанова Р.М. Формирование этнической толерантности у учащейся молодежи в Республике Казахстан - Международный журнал экспериментального образования, №11, 2013
3. Воробьева О.Я. Педагогические технологии воспитания толерантности учащихся. - М., 2007
4. Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. - «Казахстанская правда», 28 февраля 2007 г.
5. Биекенов К. Язык как средство воспитания толерантного поведения молодежи. - К идеалам мира- через преемственность поколений: Материалы Республиканской научно-практической конференции. - Алматы, 2006

*Мухсиев Жалғас
О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің
Збух1 оқу тобының студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Сәлімгереева Ақмарал Әділшеқызы
О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің оқытушысы*

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЦИФРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында былай деп жазылған: (2018 жылғы 10 қаңтар, Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері)

Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс.

Еліміздің бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорнын цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырып, бұл тәжірибені кеңінен тарату керек.

«Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі.

Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек. Біз егін егіп, дәнді дақылдарды өсіруді үйрендік. Оны мақтан тұтамыз. Алайда, қазір ол жеткіліксіз.

Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет. Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды. Мысалы, егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе арттыруға болады. Жүргізушісі жоқ техника адами факторды азайтып, егіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Еліміздің экономикасы үшін үлкен маңызға ие саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Қазақстан халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған маңызды секторлардың бірі де осы – ауыл шаруашылығы. Бүгінде саланы ілгерілету үшін «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында бірқатар жұмыстар жасалуда. Бағдарлама Қазақстан ауыл шаруашылығына кешенді жаңғыру мен оң өзгерістер әкелуі үшін, бұл салаға цифрландыру жүйесі енгізілуі керек. Жоғарыда атап өткен бағдарлама мезгілінде, яғни 5 жылдың аралығында агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігі мен қайта өңделген ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорты 2,5 есеге дейін өсуі керек. Сонымен, цифрландыру жүйесі ауыл шаруашылығы саласына қандай өзгерістер алып келмек? Аталған бағдарлама аясында, агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру мақсатында елімізде ең аз дегенін өзінде 20 цифрлық, 4000 ілгері ферма құрылады. Бұл фермалардағы барлық процестер 100 пайыз автоматтандырылмақ. Бұл жүйенің артықшылықтарының бірі, ол фермердің және оның қызметін жеңілдетуі түседі.

Бүгінгі таңда әкімдіктердің ақпаратына сүйеніп, «ілгері» және «цифрлы» фермаларға бөле тұра нақты егін шаруашылығын енгізудің ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде, 114 ілгері және 10 цифрлы ферманың бар екендігі анықталды. Бұл жақсы нәтиже, алайда әкімдіктер мемлекеттік қолдау шаралары арқылы шаруашылықтардың цифрлық дамуына ықпал жасауы тиіс, сондай-ақ 2022 жылға дейін кемінде бір цифрлы ферманы құруы және республика бойынша жалпы саны 200 ілгері ферма құру көрсеткішіне жетуі тиіс. Цифрландыру жүйесінің көмегімен жылдам онлайн-қарыз беруге, ауа-райын талдап және болжауға, өсімдік өнімдерін жоспарлап, мониторинг көрсеткіштерін электронды форматқа көшіруге болады. Қазіргі уақытта цифрландыру жүйесінің аясында қолға алынып жатқан жобалардың ішінде егістік алқабын цифрландыру жұмысын айтып өтуге болады. Бұл қызметті пайдалану үшін дрондардың және жер серігінің көмегі қажет. Дрон фермерге егістік алқабында енді пайда болып келе жатқан мәселенің суреттерін сол мезетте көрсетеді. Бұл фермердің бірден ұтымды шешім шығаруына көмегін тигізеді және қаржы шығынын қасқартуға қолайлы. Мысал ретінде алайық, бүгінгі уақытта бірнеше гектар жерге ие фермер сол алқапты өзі аралап, жұмысшылардың қол еңбегін пайдалануға мәжбүр. Осы мәселені шешу үшін дрондардың көмегі ауадай қайжет. Өуеден түсіріліп, өңделіп, кәсіпкер назарына ұсынылатын суреттер сонша гектар аймақты аралаудың азабынан құтқарады. Бүгінде Алматы облысында су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған арнайы жоба қолға алынып жатыр. Бір гектарға қанша су кететіні нақты есептелуде және бұл есеп Голландиялық ғалымдардың су балансын есептеу әдістемесі бойынша жүргізіліп жатыр.

Қазақстандық ауыл шаруашылығы мамандарының айтуынша, Қазақстанға әкелінетін технологиялар батыс елдерінің ауыл шаруашылығы саласында үздік деп танылған құрылғылар. Жаңа технология ел шекарасына кірмес бұрын, мамандар жабдықтың отандық шаруалардың қиындықтарын шешуге қабілеттілігін тексеріп, толықтай сараптаудан өткізеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілінің деректері бойынша, осы уақытқа дейін танаптардың электронды карталарын құру аясында 23,7 миллион гектар жер немесе егістіктің жалпы ауданының 98,8 пайызы цифрландырылған. Жылдың соңына дейін егістік жерлерді толық цифрландыруды аяқтау жоспарға енген. Қарағанды мен Ақмола облыстарында америкалық Data Transmission Network жасаған ауа райын дәл болжау пилоттық жобасының қорытындысы бойынша, 2 шаруашылықта метеостансалар көмегімен жауын-шашынның ықтималдылығы, шық нүктесі сияқты оннан астам параметрлерді өлшеу қолға алынып отыр. Жалпы Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК-ті ауқымды цифрландыру үшін екі үлкен тапсырма қойып отыр. Олар:

- АӨК-ті мемлекеттік реттеу жүйесін цифрландыру;
- Өндірістік саланы технологиялық қайта жарақтандыру.

Цифрландыру АӨК-ті мемлекеттік реттеудің төрт бағытын дамытудың маңызды құралы болып табылады, олар: АӨК субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігі, өткізу нарығын және экспортты дамыту, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың тиімділігі, су және биоресурстарды тиімді басқару. Аталған бағыттар бойынша АӨК-тегі 101 мемлекеттік қызмет көрсету мен оған байланысты процестер автоматтандырылатын болады.

Экономиканың тірегі саналатын агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру арқылы ел табысын еселей түсу – маңызды міндет. Себебі бүгінде көптеген дамыған елдер бұл салада әлдеқайда алға озып, цифрлы технологияның игілігін барынша көріп отыр.

Бірақ біздің елде бұл саланы цифрландыру әлі де кемшін. Әсіресе ең байлығымыз – ауылшаруашылық жерлерін өз деңгейінде игере алмай отырғанымыз рас. Сондықтан бұл бағытқа барынша көңіл бөліп, арнайы цифрландыру бағдарламасын қабылдаудың мәні зор. Алдымен, Қазақстандағы КСРО дәуірінен қалған техника мен оның агроөнеркәсіпке тиімділігі мәселесі. Мысалы, жаңа техниканың тапшылығынан ескіріп кеткен техника тұқым себу және егін жинау кезінде дәнді және майлы дақылдардың 14 пайызы шығынға ұшырайды. Сонымен бірге бұл бағыт қол еңбегін өте көп қажет етіп, өнім көлемінің артуында мәселе туындайды.

Екіншіден, мал шаруашылығындағы азықтандыру, өнімділігін арттыру, мал басының жоғалуы сияқты мәселелер. Мал шаруашылығы жыл сайын мемлекет бюджетіне 2 трлн теңге пайда әкеледі. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы 3 жыл ішінде мал басының жоғалуының 70 пайызы бақылаудың дұрыс болмауынан орын алған. Бұл мақсатқа жетудің тура жолы – еліміздегі ауылшаруашылығы саласын автоматтандырып, саланы толықтай цифрландыру.

Үшіншіден, егін шаруашылығындағы ауа-райын болжау, егіннің өсу қарқының анықтау және бақылау жүргізу. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар Қазақстандағы егін шаруашылығының өнімділігін арттырып қана қоймай, сапасының жоғарылауына себепкер болады.

Төртіншіден, ауыл шаруашылығының өнімдерін сату және тұтынушыларға қосымша шығындарсыз және қолайлы бағамен жеткізу.

Қазіргі таңда ел экономикасының аграрлық секторы дамыған елдерден әлдеқайда артта қалғаны жасырын емес. Мәселен, дерекке сүйенсек, табиғи-климаттық жағдайы Солтүстік Қазақстан өңірінен де қатал болып табылатын Аустралияда астық дақылдарының өнімділігі бізге қарағанда 2 есе жоғары. Ал табиғи-климаттық жағдайы бізбен ұқсас келетін Канадада өсімдік шаруашылығының өнімділігі 14 есе артық. Жер көлемі Қазақстаннан 66 есе кіші Голландияда ауылшаруашылық өнімдерінің әр жыл сайынғы экспорты 100 млрд АҚШ долларын құрайды немесе бізден 50 есе көп екен. Ал біздің елде егістік жерлердің 93%-ы ауа райына тәуелді аймақтарда орналасқан, яғни егіншіліктің өнімділігі толықтай жауын-шашынның көлеміне тікелей байланысты.

Сондықтан да ғылыми тәсілдерге жүгінбесек, заманауи агротехнологияларды қолданбасақ, әлемдік дамудың көшіне ілесе алмай қалуымыз әбден мүмкін. Осыны ескерген еліміз қазіргі таңда бірінші кезекте агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу жүйесін цифрландыруды көздеп отыр. Одан соң салаға жаңа технология тартып, қайта жарақтандыру мақсатында жұмыс атқарылады. Министрлік басымдық беріп отырған екі бағыттың алғашқысында АӨК субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігі, өткізу нарығын және экспортты дамыту,

мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың тиімділігі, су және биоресурстарды тиімді басқару бағытында қызметтер атқарылып жатыр.

Осылайша, агроөнеркәсіп кешеніне қатысты мемлекеттік қызмет көрсетудің 101 түрі түгел автоматтандырылмақ. Одан бөлек, ауыл-шаруашылық өнімдерін қадағалау жүйесін енгізу де жоспарланған. Сондай-ақ саладағы конкурстық рәсімдердің барлығы электронды форматқа көшуде. Элеваторлардағы орындарды, ондағы ас-тық көлемін де электронды түрде бақылап отыруға болады. Түрлі құжаттар да электронды түрде толтырылады. Ауылшаруашылық техникаларының да электронды есебі жасалады. Қысқасы, министрліктің саланы цифрландыруға бағытталған жұмыстарының бірінші бөлігі көбіне мемлекеттік қызмет пен есеп-қисап, электронды сауда бағытында болып отыр. Ал екінші бағыт тікелей агроөнеркәсіп кешеніне цифрлы технологияларды тарту мақсатын көздейді.

Бұл жоспардың жүйелілігін неміс ғалымдары да құптап отыр. Мәселен, Германияның азық-түлік және ауылшаруашылық министрлігінің цифрлы жүйеге көшіру бөлімінің жетекшісі, доктор Бернхард Қазақстанға алдымен «түгендеу» жұмыстарын жүргізуді ұсынады. Ол дегеніміз, бірінші кезекте ресурстың электронды базасын жасау деген сөз, бұл ретте, әсіресе ауыл-шаруашылық жерлерінің әрбір гектары, метр-сантиметріне дейінгі толық мәліметті анықтау, себебі жерді игеру үшін бұл аса маңызды мәселе. Ал оны осы цифрландыру жағдайында жеңіл жүзеге асыруға болады. Сондай-ақ DLG қауымдастығының Шығыс Еуропа бойынша аймақтық директоры Ольга Хунгердің айтуынша, әр елдің ауылшаруашылық кешеніне әрқалай тәсілдер қолданылуы тиіс. Мәселен, Германия мен Қазақстанның топырақ құрамы жер мен көктей, сондықтан ондағы мәселенің де айырмасы зор. Тіпті климаттың өзі технологиялардың әр елдің өзіне сай бейімделуін қажет етеді. Бұл тұрғыда цифрлы технологияны енгізуде зерделі зерттеулер, арнайы сынақ алаңдары болуы керек.

Жалпы, Қазақстанның ең үлкен байлығы – ауылшаруашылық жерлері. Сол жерді тиімді игеріп, дұрыс қолданудың бірден-бір жолы оны ғарыштық басқару. Иә, осыдан 2-3 жыл бұрын Жер кодексі талқыланғанда жер мәселесі үлкен резонанс тудыруының бір себебі де осы бақылаудың кемшіндігінен еді. Яғни жер қалай игеріліп жатқанын шаруалар толық білмеді. Ал оны ғарыштық технологиямен мониторинг арқылы бақылау мүмкіндігі бар, дамыған елдер соны пайдаланып отыр. Ғалымдар дабыл қағатын тағы бір жайт – Қазақстанның ауыл-шаруашылық дақылдарының өнімділігі бүгінде өзіндік қуатымен салыстырғанда екі есеге төмен. Ал бұдан шығудың қандай жолы бар? Біріншіден, заманауи негізде нүктелі жер өңдеуді қолға алу керек. Алқаптардың электронды карталары, нақты метеодеректер, сенсорлар және датчиктер, ғарыш мониторингі және басқа да шешімдерді пайдалана отырып, дәлме-дәл егіншілік элементтерін енгізу аясында агроқұрылымдарда нақты технологияларды енгізудің экономикалық моделін әзірлеу, оны субсидиялаудың жаңа жүйесін енгізуді жоспарлау, қанатқақты шаруашылықтарды анықтап, фермерлерді ауылшаруашылық университеттерімен, ғылыми-зерттеу институттарымен және ауыл шаруашылығын цифрландыру, технологиялар әзірлеумен айналысатын әлемдік компаниялармен бірлесе оқыту.

Екінші – шаруашылықтарда нүктелі жер өңдеу технологиясының экономикалық моделін әзірлеп, оларға үйрету және кеңінен тарату, ауылшаруашылық техникасын жедел жаңарту. Үшінші – мал шаруашылығын дамыту. Мал басының 57-60 пайызы үй шаруашылығында шоғырланғандықтан, өнімнің 72 пайызы да осы жерде өндіріледі. Сондықтан ұсақ фермерлердің ірі бордақылау алаңдары бар шаруашылықтармен кооперациясын ынталандыру арқылы мал өнімінің сапасы мен тауарлық көрсеткіштерін жақсартып, ет экспортының көлемін арттыру. Төртінші – суармалы жерлерді үдемелі игеру. Қазір суармалы жер көлемі 2,5 млн-нан 1,1 млн гектарға қысқарды.

Оны шартты түрде алқапқа айналдыратын болсақ, 7,0-8,0 млн гек-тар жер айналымнан шыққанын көрсетеді. Егер кем дегенде 1 га суармалы жерден 15 центнер өнім алатын болсақ, жыл сайын 1 млн тоннадан астам астық алынбай қалады. Сондықтан 65 мың гектарға су беруді қайта қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру жоспарланған. Ал бұл межелі міндеттерді ойдағыдай орындауға Қазақ ұлттық агротехникалық университеті базасында жұмыс істейтін Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру орталығы мүдделі. Бұл ретте Астанада өткен алқалы жиын – алғашқы «Германия-Қазақстан аграрлық форумы» сияқты мазмұнды шаралардың да өзіндік үлесі бар.

АӨК-ті цифрландыру климаттың өзгеруіне бейімделу сын-қатерін азайтады, егінді арттырып, мал басын көбейтеді, бизнес-процестерді дер кезінде жоспарлауға мүмкіндік береді. «Ақылды» басқару шешімін қабылдау үшін фермер спутникпен түсірілген суреттер, жер өңдеу

алгоритмдері, жоғары технологиялы датчиктер, мобильді қосымшалар мен GPS жүйе сынды цифрлық технологияларды меңгеруі тиіс», - деп атап өтті министр елордада өткен биылғы XII Астана экономикалық форумында.

Оның айтуынша, өткен жылы бекітілген е-АӨК бағдарламасы мемлекеттік қолдау шараларын автоматтандыруға, дәлме-дәл ауыл шаруашылығы жобаларын жүзеге асыруға және бизнес пен АӨК өкілінің өзара ынтымақтасуына бағытталған.

«Ауыл шаруашылығы субсидияларын алу процедурасы толық автоматтандырылған. Субсидиялау процесін автоматтандыру мен фермер жұмысын жеңілдету үшін егістік жері 100% цифрландырылды. Осы арқылы фермер өз алқабын үйден шықпай-ақ басқару мүмкіндігін алды. Көктемгі, суару, жинау жұмыстары үшін жеңілдікпен берілетін дизельді отынды да электронды түрде бөлу жұмыстары жүруде. Өсімдік және мал шаруашылығы бағытында дәлме-дәл ауыл шаруашылығы жүйесі енгізіледі. Агрономияның жаңа технологиялары мен техникасын қолдану арқылы пилоттық нысандарда астық 2,5 есе көбірек жиналды және шығын 20% азайған».

Мал шаруашылығында заманауи смарт жүйелерді қолдану оң нәтижесін берген. Пилоттық жобада сүт сауу жұмыстары 20% көбейіп, төл өсіру - 30% артқан.

«Ауыл шаруашылығы өнімін құжаттық бақылау жүйесі де енгізу сатысында тұр. Бұл арқылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін, экспорт-импорттың ашықтығын қамтамасыз етуге болады. Тауарларға үнемі бақылау жасалып, Қазақстан нарығы инвестициялық тұрғыда тартымды бола түседі. Ұлттық кеңістіктегі деректер инфрақұрылымы жобасы аясында координат нақтылығын арттыру, кеңістіктегі деректер ашықтығын қамтамасыз ету жоспарланған. Бірыңғай мемлекеттік координалар жүйесі орнатылып, республиканың барлық аумағын қамтиды».

Цифрландыру арқылы шешілетін мәселелер

1. TELEMATICS жүйесі

Агроөнеркәсіп кешені өте жақсы дамыған мемлекеттер тәжірибесіне көз салсақ, олардың технологиялық төңкерісті басынан өткергенін байқаймыз. Мысалы, бүгінде егіннің өнімділігін арттыру үшін спутниктік және компьютерлік технологиялардың ақпараттары арқылы жұмыс істейтін Telematics жүйесі қолданыста. Германия, Ұлыбритания сияқты елдерде зерттеулер нәтижесінде өзінің тиімділігін дәлелдеген бұл жүйе техникаға орнатылады. Оның көмегімен комбайн, не трактордың егістіктің қай алқабында жүргені, қандай жылдамдықта, не жұмыс жасап жүргенін бақылау мүмкіндігі бар. Тағы, техника қанша жанар жағар май қолданып, қанша түсім жинағанын көруге болады.

Сонымен бірге заманауи тракторларға орнатылған арнайы тетікшелер егістік алқабының сапасын анықтайды. Бұл өз кезегінде астық тұқымның біркелкі егілуін қадағалап, тұқымның бір уақытта өнім беруін жүзеге асырады. Осындай техникалар көмегімен бүгінгі күні жер шаруашылығын цифрландыру процесі жүзеге асып отыр.

Ұшқышсыз ұшатын аппараттар – аналитикалық талдама жасау барысында мағлұмат жинаудың ең тиімді әдісі. Бұл техника спутниктік техниканың мүмкіндігі жетпейтін анық түсірілімдерді алуға мүмкіндік береді. Ұшатын аппараттардың спекторлы сенсорлық қызметін пайдалана отырып, аграрлық сипаттың тек визуалды спектрлерін ғана емес, вегетациялық спектрлер диапозондарының барлық шамаларын анықтай алады және топырақ картасын жасайды. Бұл технологияны Америкада, Еуропа мен Азияның бірнеше елдері тәжірибеде байқап, органикалық өнімдерді өсіруде ұтымды пайдалануда.

Дрондар егіс алқаптарына барлау, талдау жүргізу үшін пайдаланылады. Мәселен, қашықтықтан зондпен тексеру жұмыстарын жүргізу, бақылау, 3D-моделдеу. Сондай-ақ 10-300 метр биіктікте фото-видео түсіріп, аумақтың шеткі және ең кіші бөліктерін де бақылай алады. Қазір осы техника арқылы алқаптың өсімдік өсіру мүмкіндіктерін, жердің құнарлылығын және ауру ошақтарын анықтауға болады. Сонымен бірге дрондар егіс алқаптарына талдау жүргізу мүмкіндігін береді. Бұл алқаптарға тұқым отырғызу жоспарларын жасау үшін өте маңызды.

2. GSM/GPS навигаторлары

Бұл - арнайы ақпарат тарататын технология. Сонымен қатар мал басын бақылайды. Бұл технологияны мал басын бақылауға арналған «виртуалды қоршау» деп айтсақ болады. Нақты айтқанда, жайылымның қай жерінде, қанша км қашықтықта екенін көре алады. Сонымен бірге ет өнімдерін өндіруде де пайдасын көрсетіп отыр. Себебі, жануардың жағдайын, денсаулығын және бойындағы өзгерістер жайында ақпарат береді.

3. Цифрландыру науқанының келесі сатысы – ауылшаруашылық саласындағы Е-коммерция

Электрондық коммерцияның аумақтық шекаралары жоқ. Сондықтан біздің отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілер үшін бұл жаңа нарықты иемденіп, сатып алушыны табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар интернет-сауда ауылдық жерлердегі сауданы дамыту үшін таптырмас құрал. Бүгінгі таңдағы көрсеткіш бойынша Қазақстанда азық-түліктегі е-коммерция көлемі – 15,4 млрд.теңге және ол тауарлардағы барлық

е-коммерцияның 4%-ын құрайды.Қазіргі уақытта электронды коммерция рәсімдері бидай сату және сатып алу үшін электрондық астық қолхаттарының цифрлық платформасында жүзеге асырылады. 2019 жылдың 4 тоқсанында ауыл шаруашылығы өнімдері үшін де электрондық сауда алаңын құру да жоспарға қойылған.

Саланы цифрландыру жұмыстары жүйелі аяқталар болса, 2021 жылы процестер мен мемлекеттік қызметтер 100% автоматтандырылып, Республика бойынша кем дегенде 20 цифрлық ферма және 4000 ферма құрылатын болады. Сондай-ақ, 2022 жылға қарай ауылшаруашылық өнімдерінің электронды коммерциясының үлесі 3%-ға дейін тікелей сатуды 20%-ға арттырады деген болжам бар. Сонымен қатар 2020 жылдан бастап ІТ-компаниялардың ықпалымен фермерлерге кәсіпкерлік, фермерлік шаруашылық, агрономия, тұқым шаруашылығы, мал шаруашылығы бойынша онлайн оқыту жүйесін жүзеге асыру жоспарланып отыр. Нәтижесінде 2025 жылға қарай цифрландырудан күтілетін экономикалық пайда көлемі 40 млрд теңгеге дейін өседі деген болжам бар.

Әлемдік тәжірибеде агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру кеңінен қолданылып келеді. Қорытындылай келе, АӨК саласында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану астық көлемін арттырып қана қоймай, көптеген мәселелердің алдын-алуға мүмкіндік беріп отыр. Саланың цифрлануы өз кезегінде жалпы ішкі өнімдегі ауылшаруашылық саласының үлесін арттырады. Азық-түліктің түсім көлемі өсіп қана қоймай, құнары артатын болады. Мал басы көбейіп, ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы төмендейді. Экономикалық тиімділіктің артуына, қол еңбегінің және шығын көлемінің азаюына әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы,Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктер, 10.01.2018ж

2.Казинформ мәліметтері,2019жыл

*Нуракаева Шырын Куатовна,«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
4 курс, 402 топ, 0111000 «Негізгі орта білім беру»
п.ғ.м, педагогика пәнінің оқытушы Кабимолдина Айгуль Кайырбековна
Шығыс қазақстан облысы, Семей қаласы*

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ НЕГІЗІ

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазіргі таңда білім беру жүйесінде көшбасшылық қасиеттерді оқушы бойына сіңіру тұлғаны дамыту мен әлеуметтендірудің үдерісінің маңызды кезеңі және оларды дамытуға ықпал ету тұлғаны тәрбиелеудің негізгі міндеті.

Зерттеу жұмысының болжамы:Егер, оқушылардың бойындағы тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ететін көшбасшылық қасиеттерді білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дамытсақонда,біз әлеуметтік-белсенді, жан-жақты дамыған мамандарды даярлап шығар едік.

«Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт- дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық». *Елбасы Н.Ә.Назарбаев.*

«Жастар болашақтың тұтқасы» демекші, Қазақстан қазір өз жастарының білімі мен тәрбиесіне көп көңіл бөлуде. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында өзіне деген сенімі мол, ерік

жігері мықты, патриот, жан-жақты дамыған, сауатты, саналы адамзат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Қазіргі мектеп алдында қоғамдық бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қарым-қатынас жасай білетін жастарды жаңа әлеуметтік ортаға дайын тұлға қалыптастыруды міндеттейді. Сондықтан жастарды әлеуметтендіру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының ең көкейкесті мәселесінің бірі.

I. ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

1.1 Тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендіру мәселесі

Тұлға – әлеуметтік-демографиялық топ, өйткені олар әлеуметтік қалыптасу кезеңімен жетілуді бастарынан өткізеді, болашақта қиын және күрделі өзгерістер арқылы үлкендер әлеміне бейімделеді.

“Әлеуметтендіру” сөзі “әлеуметтік” сөзімен төркіндес яғни (латынша “socialis”) әлеуметтік, қоғамдық деген ұғымдарды білдіреді.

Әлеуметтену дегеніміз – жеке тұлғаның қалыптасу үрдісі: адам өмірден, ең алдымен, әлеуметтік және психологиялық білім мен тәжірибе алады, әдептілік ережелерін, үлгілерін меңгереді, моральдік нормалар мен құндылықтарды қабылдайды. Тұлға ерекше қасиеттерімен өз алдына әлеуметтік-демографиялық топ ретінде танылады. Алексей Николаевич Леонтьев айтқандай «Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады». Жеке тұлғаның әлеуметтік топқа, қоғам өміріне араласуы, әлеуметтік тәжірибені меңгере дамуының әлеуметтік кезеңдерін қамтитын және әрбір кезеңі белгілі бір анық талғау мәселелерді шешу мақсатына жауап беретін, өмір бойы созылатын үздіксіз процесс. Бұл тәрбие, білім және өзін-өзі тәрбиелеу жағдайында, адам өздігінен алдына мақсаттар белгілеп, оған жетуде өзінің бедел-сезімін түсінеді, қоғамдағы өз орнына сенімді.

Әлеуметтендіру – тұлғаның белгілі бір бейнесін дәріптейді, оның негізгі белгілері: адамның әлеуметтік қарым-қатынасы, достық, сүйіспеншілік, отбасы, өндірістік, саяси т.б. көрінеді. «Адамның адам болып қалыптасуы жалғыздықта өмір сүрмейді, бірліктердің арқасында адам болып қалыптасады, өзін қоршаған басқа субъектілерімен бірдей жағдайда тұрмайды, бірақ әркім-әрқайсысының жан-жақты ықпалынан осы жерлерге үздіксіз жауап қайтаруынан.

Әлеуметтендіру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік кемелденуі.

1.2 Жаңартылған білім беру мазмұнындағы көшбасшылықтың мәні

Жаңартылған білім беру бағдарламасының алға қойған мақсаты – оқу бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұны және мақсаттарымен танысып, педагогикалық тәсілдерді түсіне отырып қолдану, оқу мақсаттарына қол жеткізуде критериалды бағалау жүйесін тиімді пайдалану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру. Бүгінгі күні Қазақстандық білім беру жүйесіндегі жаңғырту мен инновациялық үдерістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі – мұғалімнің кәсіби шеберлігі. «Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Мұғалім шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау [13.2<http://goo.kz/loader/load/23088>]. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек[19.28].

Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. Ол оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген. Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Спиральді білім берудің негізгі ерекшелігі : әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады; оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; оқушыларды соңғы оқу мақсатына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларындағы өзгерістер: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Коммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту. Төрт дағдыны ескере отырып Ж. Аймауытовтың «..бала әуелі тәжірибеге талпынып , нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген сөзін еріксіз еске түсіреді

II. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҰҒЫМЫ

2.1 Көшбасшылықтың теориялық- әдіснамалық негізі

Көшбасшылар адамзат тарихының барысында барлық мәдениетте орын алған. Египет иероглифінің арқасында «көшбасшыны» білдіретін символдың бес мың жыл бұрын болғанын біле аламыз.

«*Көшбасшы*» (*leader*) сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жетекші, бірінші, алда жүруші» деген мағынаны білдіреді. Бұл мойындалған үлкен беделге ие және ықпал ете алатын әрекеті басқаруда көрінетін қандай-да бір топтың (ұйымның) бет бейнесі (субъектісі) [<http://ru-wiki.ru/wiki/%D0%9B%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D1%80>].

Бұл маңызды жағдаяттарда жауапты шешім қабылдауға құқығы бар топ мүшесі. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам. Басшы, жетекші. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Әлеуметтік психологияда мұндай адамды «көшбасшы» деп атайды.

2.3. Көшбасшылыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері

Көшбасшылыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері: пәнаралық байланыс пен үштілділік болып отыр. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Мен шет тілі пәнінен сабақ беремін. Бүгінгі таңда жаңа оқыту бағдарламасына сай ағылшын тілін бірнеше пәнаралық байланыста оқытамыз. Жаңа бағдарламаның ерекшелігі ережелерді меңгере отырып тарихи, заманауи мағлұматтардан мәліметтер алып, өткен шақ пен бүгінгі шақты салыстырып болашаққа бағдар саламыз. Кейбір балалар үшін Астанаға бару арман. Кейбір жаттығуларды орындай отырып Астанада орналасқан әсем де әдемі ғимараттар туралы толықтай мағлұмат ала алады. Тапсырмаларды орындау барысында күнделікті өмірде кездесетін сөздер де жиі талданады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында ата-ананың да балаларымен бірге жұмыс істеулеріне тура келеді. Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды оқушыларға ата-анасымен бірге диалог ретінде, эссе ретінде талдап құрау тапсырмасы беріледі. Мұндай тапсырмалар көбінесе өмірде сөздерді орынмен қолдана алу, ойын ашық жеткізе алуына көмектеседі. Яғни , бұл оқушының көшбасшылық демократиялық стилін жүзеге асыра алуында үлкен рөл атқарады.

Іс-тәжірибе бөліміне тоқталып өтсем, сыныпта мұғалімдер оқушылардың барлығының бірдей көшбасшылық қабілетін көрсетуіне мән беріп, байқай бермейді. Бастапқыда өз көшбасшылығымен көзге көрінген оқушыны ғана дамыта беруілері осы тақырып төңірегінде ізденуіме, жалпы сабақтарда оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін топтық жұмыстар жүргізу арқылы анықтау мақсатында жұмыс жасауыма түрткі болды. Сондықтан дипломалды іс-

тәжірибеден өту кезінде осы тақырып төңірегінде алған теориялық білімді практикамен ұштастару арқылы ойымды жинақтап, тұжырым жасау үшін зерттеудің мақсатын, мақсатқа сай міндетін, мақсат пен міндетке жету арқылы қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынын анықтадым.

Сыныптағы көшбасшылық қасиеттердің қалыптасу деңгейін анықтау үшін екі әдіс қолданылды. «Мен көшбасшымын» бірінші әдістемесі (Е.С. Федоров; О.В. Еремін, Т.А. Миронова) [1, 11-қосымша], оның мақсаты көшбасшылық қасиеттердің даму деңгейін анықтау ғана емес, сонымен қатар коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттер, сонымен қатар топ басында тұру және оны басқара білу, оны басқару және топ алдына қойылған мәселелерді шешу қабілеті. Бұл техника фронтальды түрде жүзеге асырылады.

Осы мақсатпен ең бірінші сынып жетекшілік атқарған 5- сынып оқушыларын эксперимент топ ретінде алып, сол сыныпқа қарама – қарсы 4-сыныпты бақылау тобы ретінде алдым. Ең бірінші сыныпты зерттеу жұмыстарын жүргіздім. «Социометрия» әдістемесін жүргізу арқылы, оқшауланған оқушы мен «көшбасшы» деп «оқушылар есептейтін» оқушыларды анықтап алдым. Мектеп мұғалімінің алдында тұрған проблемалардың бірі - мектеп оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту.

Эксперименттік зерттеулер Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Доланалы ауылындағы «Доланалы негізгі мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ базасында жүргізілді. Диагностикаға 4-сынып оқушылары қатысты. Анықтау кезеңінде 7 бала осы тестілеуден өтті. Мәлімдемелер мен жауаптар жазылған парақтар алдын-ала дайындалған, онда балалар ойлана отырып, ұпайларын қояды. Жұмыс әр оқушы өз қарқынында жұмыс жасайтындай етіп ұйымдастырылды, басқалардың артынан қумай және біреудің жауабын алуға тырыспады. Балалар жауап бергеннен кейін барлық жұмыстар жинақталды, содан кейін әдістеме сипатталғаннан кейін берілген кілтке сәйкес өңделді. Келесі қадам ұпайларды арнайы жиынтық кестеге енгізу болды (2- кесте). Жалпы балл шеберлік деңгейлерінің орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі.

«Шағын топтардағы функционалды көшбасшылық диагностикасы» деп аталатын екінші диагнозға [2 -қосымша] 8 адам қатысты. Бұл әдіс топтың әр мүшесінің мәртебесін, сонымен қатар оның тұлғааралық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Осы техниканы орындау барысында балалардан сыныптастарының аттарын атап бірнеше сұрақтарға жауап беру сұралды. Әр сұрақ әр түрлі іс-шараларда серіктес таңдауын білдірді (жинау, оқу, демалу және т.б.). Бұл диагноз орта мектеп жасындағы балаларға бейімделген. Оқушыларға сұрақтар қойылған бланкілер келді, онда олардың әрқайсысына қарама-қарсы сыныптастарының аты-жөндері жазылды. Жұмыс әр балаға қажет болғанша сұрақ қоя алатындай етіп әрқайсысына жеке-жеке ұйымдастырылды. Әр сұраққа таңдалатын сыныптастар шектеулі болды. Жұмыс тапсырылғаннан кейін жауаптар арнайы кестеге енгізілді.

Алынған нәтижелер 2-кестеде көрсетілген, сыныптың көп бөлігі «таңдаулы» мәртебеге ие оқушылар - 4адам, бұл 50% құрайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сыныпта 3 жетекші бар, бұл оқушылардың жалпы санының 37,5% құрайды. Сыныптағы аутсайдер 1 адам, бұл 12,5% құрайды. Бұл көрсеткіштер (2-суретті қараңыз) сыныптағы көшбасшылық қасиеттердің даму деңгейінің орташа екендігін көрсетеді.

Мен жүргізген орта мектеп оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін эксперименттік зерттеу нәтижесінде бесінші сынып оқушыларының көпшілігі (62,5%) көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін қосымша жұмыс қажет екенін көрсетті. Төмен деңгейдегі балалар (12,5%) көшбасшылық қасиеттердің қалыптасу позитивті деңгейде жұмыстарды жүргізуді қажет етеді, өйткені қазіргі әлемде барлық адамдар бос болмайтындай етіп топтың қызметін басқару және ұйымдастыру қабілеті үлкен сұранысқа ие.

Зерттеу деректері негізінде көшбасшылық қасиеттердің даму деңгейін арттыруға бағытталған жаттығулар кешені жасалды.

Педагогикалық диагностиканы қолдана отырып, әр түрлі ақпарат ала алдым, мысалы, мектеп оқушылары арасындағы көшбасшылықтың даму деңгейі, сонымен қатар кейіннен көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жұмысын түзете алу мүмкіндігі туды. Біраз уақыттан кейін бастауыш сынып оқушыларының даму динамикасы мен көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасуын болжай алдым; диагностика барысында оқушыларға тәрбиелік ықпал ете алдым.

Өзімнің педагогикалық іс – тәжірибемде оқушыларымның көшбасшылық, топтық, ұжымдық жұмыстарына, іс – әрекеттеріне ұдайы көңіл бөліп, бағыт беріп, жетелеп отыруыма

тура келді. Алғашқы сабақтарымда оқушыларымның көшбасшылық қабілеттерін толық танып біле алмасам да, уақыт өте келе, көшбасшыға лайықты балалардың саны арта түсті. Диагностикалық мәліметтер бастауыш мектеп жасындағы балалардың жас ерекшеліктеріне, сондай-ақ бұрын анықталған деңгейлерге байланысты таңдалған деп айта аламыз. Параграфта сипатталған әдістемелер іс жүзінде қолданылды, өйткені олар бастауыш сынып оқушылары үшін түсінікті, жеңіл, түсінікті түрде түсіндіріледі. Алынған нәтижелерді талдау қиын болған жоқ.

Диагностика кезінде алынған барлық нәтижелерді талдай келе, осы сыныптағы көшбасшылық қасиеттер деңгейі орташа дамыған деген қорытындыға келдім. **Сондықтан келесі абзацта мен мектеп оқушыларының көшбасшылық қасиеттерінің даму деңгейін арттыруға бағытталған жаттығулар жиынтығын ұсынамыз.**

Мен және сіз

Балаларға өз құрдастарымен де, ақсақалдармен де қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керектігін түсіндіруден бастау керек. Ол үшін «Мен және сіз» деп аталатын сынып сағатын өткізу ұсынылады, оның барысында балаларға тұлғааралық қарым-қатынастың маңыздылығы мен маңызы түсіндіріледі. Оқушылардың қарым-қатынасы жемісті болуы керек.

Ұжымдағы балалардың қарым-қатынасын ұйымдастыру және реттеу - тәсілдердің бірі оны тәрбиенің объектісі мен құралы ретінде педагогикалық басқару. Қарым-қатынастың бәрі бірдей емес, оқушылардың әлеуметтік тәжірибесін байытуға және олардың дұрыс өзін-өзі тануына ықпал етеді. Оқушылары арасындағы қарым-қатынас мәселелерінің ерекшелігі олардың көпшілігінде өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіз жоғары бағалануында (бұл жас нормасына сәйкес келеді). Оқушылар өздерін жақсы оқулары керек, соның ішінде сыныптастарымен қарым-қатынасты да сенімді. Сондықтан, олар өздерінің сәтсіздіктерін көп сезінеді.

Сондықтан мұғалім жұмысты студенттердің бір-бірімен қарым-қатынас жасау кезінде сәтсіздіктер аз болатындай етіп үйренуге болатындай етіп құруы қажет. Егер мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынаста қиындықтар туындайтын болса, бұл қиындықтарды шешуге барлық күш-жігерді жұмсау керек [23].

Сондай-ақ, «Мен және сіз» атты бағдарламаны жүзеге асыруға болады, оның барысында балалар топ ішінде тұлғааралық қатынастарды құруға үйренеді. Бағдарламаның негізгі міндеті - қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Балаларға бір-бірінің пікірін тыңдауды үйрену керек, топта жұмысты өздері ғана емес, сонымен қатар қалған топ мүшелері ұйымдастыра білуі керек. Бағдарлама бастауыш мектеп оқушылары қызметінің түрлері мен формаларын кең таңдауды қарастырады, тәрбиенің әр жылының нәтижелерін нақтылайды, оқушылардың қабілеттерін, бейімділіктерін, даралығын ашуға мүмкіндік береді [24].

Көшбасшы - бұл кім?

Келесі сынып сағатын «көшбасшы деген кім?» - деген тақырыпта өткізуге болады? Оның бойында қандай қасиеттер бар? Бұл жұмысты ойын барысында жасауға болады, мұнда балалар тапсырмаларды орындай отырып, команданың нақты көшбасшысы кім екенін біртіндеп біледі. Бастау үшін балалар бірнеше командаға бөлінеді. Әр командаға «көшбасшы» ұғымының анықтамасын жазу қажет қағаздар келеді. Бұл тапсырмаға 3 минут уақыт беріледі. Осыдан кейін барлық анықтамалар оқылады, салыстырылады және бірлескен күш-жігермен толық анықтайтын бір анықтама жасалады.

«Көшбасшы» ұғымы.

Келесі кезекте балалар «Мұнара» деп аталатын жаттығуды орындайды. Мұғалім берген материалдардан биік мұнара салу керек. Бұған дейін бір ереже жарияланады: топта 1 адам ғана сөйлей алады. Студенттер барлық топ мүшелерінің іс-әрекеттерін ұйымдастыра алатын біреуді таңдауы керек. Тек 1 адам сөйлеген және мұнарасы биік және тұрақты болып шыққан команда жеңімпаз болып табылады.

Келесі қадам - нағыз көшбасшының қасиеттерін көрсету. Сабақ нағыз көшбасшы кім екендігі туралы рефлексиямен аяқталады.

Зерттеу барысында басында қойылған міндеттер шешіліп, келесі нәтижелер алынды:

1. Әлеуметтік-белсенді тұлға қалыптастыруға ықпал ететін көшбасшылық қасиеттерді білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында және тәрбиелеу ортасын құруда өзіндік тәжірибесінде қолданудың теориялық негіздері анықталды.

2. Орта мектеп жасындағы балалар бойындағы көшбасшылық қасиеттерді анықтауға бағытталған диагностика жүргізілді, сонымен қатар сыныпта кімнің нақты көшбасшылық позицияны алатындығы туралы қорытынды жасалды.

3. Сабақ шеңберінде де, сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде де бастауыш мектеп жасындағы балаларда көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға көмектесетін бірнеше түрлі әдістер мен формалар анықталды.

4. Мұғалімдерге арналған оқушылардың көшбасшылық қасиеттерінің деңгейлерін көтеру үшін сынып сағаттары, жаттығулар мен тақырыптық жоспарлау жиынтығы әзірленді.

5. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында көшбасшылық қасиеттерді оқушылардың бойына сіңірудің әдістемелік жүйесі даярланды.

Сонымен, қазіргі жағдайда мұғалім оқушылардың әрқайсысына жеке тәсіл іздеуі керек. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес мұғалім сыныпта оқитын балалардың әрқайсысының жеке тұлғалық дамуына ықпал етуі керек. Оқушылардың әрқайсысында белгілі бір әлеует пен қасиеттер бар, оларды дұрыс дамыту керек және ешбір жағдайда жойып жібермей, барлық балаларда бірдей дүниетанымды қалыптастырады. Ал көшбасшылық қасиеттер - баланың жеке басының ажырамас бөлігі.

Мұғалімнің алдында сыныптағы балалардың әрқайсысын өзін көшбасшы рөлінде сынап көруі үшін жағдай жасау, тіпті мұғалімнің өзі кіші оқушылардың қайсысы туа біткен көшбасшы екенін, ал кім жақсы болатынын анықтай алатындай етіп, бүкіл команданы басқарудан гөрі күшті тұлғаға ерту міндеті тұр.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бағдарлама: үшінші (негізгі) деңгей. Programme: Third (basic) level / Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. - үшінші басылым. - Астана, 2012. - 120 б.

2. Ворсина, Н.Н. Системно-деятельностный подход в обучении и воспитании младших школьников [Текст] / Н.Н. Ворсина // Начальная школа. – 2014. -№6.

3. Гоулман Д. Что делает человека лидером? Harvard Business Review; Jan 2004, Vol. 82 Issue 1, p. 82-91.

4. Гоулман Дэниел, Бояцис Ричард, Макки Энни. Эмоциональнолидерство: Искусствоуправления людьми наосновеэмоциональногоинтеллекта. Пер.сангл. – 8-изд. – М.: АльпинаПаблицер, 2015. – 301 с

5. Демина, Е.В. Влияние личности педагога на успешность школьника [Текст] / Е.В. Демина // Начальная школа. – 2014. – №12

4. Теории лидерства.

*Нургалиева Алия Джолдыбаевна
Экономика пәнінің жоғарғы санатты оқытушысы .
Атырау Бизнес және Құқық колледжі.*

ҚР ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Батыс елдеріндегі қалыптасқан экономикалық жүйе шеңберінде экономикалық өсу мәселесі жетекші нақтылы мақсат болып саналады.

Экономикалық өсу ұлғаймалы ұдайы өндірістің болуымен түсіндіріледі: бұл жыл сайынғы өндіріс көлемінің сандық әрі сапалық артуы. Яғни, экономикалық өсу деп, өндіргіш күштердің ұзақ мерзімдік дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімді өзгерістерін атайды. Басқаша айтқанда, ЖҰӨ-нің нақты көлемінің өсу қарқынымен өлшенетін немесе осы көрсеткіштің жан басына шаққандағы өсуінің қарқынымен өлшенетін қағидат кең тараған.

Экономикалық өсудің мәні-экономиканың негізгі қайшылығын жаңа дәрежеде шешу және ұдайы өндіру б.т: өндірістік ресурстардың шектелуі мен қоғамдық қажеттердің шексіз болуының арасындағы осы қайшылықты шешудің негізгі екі түрі бар:

Біріншіден, өндірістік мүмкіндіктерді көбейту арқылы.

Екіншіден, бар болған өндірістік мүмкіндіктерді пайдалану тиімділігін жоғарылату және қоғамдық қажеттіктерді дамыту арқылы. Бірақ осымен процесс бітпейді: дамудың әрбір жаңа

кезеңінде өндірістік мүмкіндіктердің молаюымен байланысты қоғамдық қажеттердің барлығы қамтамасыз етілмейді.

Қоғамдық қажеттіктер, оларды қамтамасыз ететін өнімдердің өндірісін осы елдің өндірушілері немесе импорт жасалған өнімдердің жеткізушілері игергеннен кейін пайда болады. Бірақ осыған қарамастан, қоғамдық қажеттіктер өндірістік ресурстарға қарағанда біріншілік, жетекші болып табылады. Өйткені, пайда болған қажеттілік бірте-бірте жаппайлыққа айналады, ал бұл жағдай өндірістің үздіксіз дамуын талап етеді.

Экономикалық саясат – мемлекеттің [экономикалық саласындағы шараларының](#) жүйесі, яғни мемлекет, үкімет жүргізетін іс-қимылдардың, экономиканы басқару саласындағы шаралар жүйесі, елдің мақсаттарына, міндеттеріне, мүдделеріне сәйкес экономикалық үдерістерге белгілі бір бағыттылық беру.

Экономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдары қоғамдық құрылыстың сипатымен, елдің дамуының ішкі және халықаралық жағдайларымен айқындалады.

Экономикалық саясат белгілері тән: мемлекет ұдайы өндіріске белсене араласады, халық шаруашылығындағы секторды дамытады, экономиканы бағдармалайды, дағдарысқа, инфляцияға қарсы шараларды жүзеге асырады, фирмалардың, соның ішінде [халықаралық монополистік ұйымдардың](#) сыртқы экономикалық қызметін реттейді.

Экономикалық саясаттың нысандары мен әдістері көбінесе экономиканың жай-күйіне, нарықтық экономиканың ұдайы өндіріс үдерісін мемлекеттік реттеумен ұштастырылуына байланысты.

Қазақстанның Экономикалық саясаты нарықтық қатынастарды батыл енгізе отырып, мемлекеттің рөлін арттыруға, барлық деңгейде экономиканың басқарылуын қалпына келтіруге негізделді. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысында әлемдік тәжірибе ескерілді, экономиканы нарықтың өзін-өзі реттеуі мен мемлекеттік реттеудің өркениеттік тетіктері оңтайлы түрде ұштастырылды. Нәтижесінде Қазақстанның Экономикалық саясат ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып өтпелі кезеңдегі экономиканың дағдарысын еңсеріп, экономиканың қарқынды өрлеуі жолына түсті, қоғам дамуының толғағы жеткен міндеттерін дәйектілікпен шеше бастады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экономикалық өсу шараларынан мемлекеттің экономикалық даму деңгейін анықтауға болады.

Экономикалық даму деңгейі- [елдер](#) тобының (елдің, ауданның) экономикалық даму процесінде қол жеткен [дәрежесін](#) және оларды салыстырылатын [аумақтар](#) иерархиясының [қатарынан](#) алатын орнын анықтауға [мүмкіндік](#) беретін жалпылама экономикалық сипаттама.

Экономикалық даму деңгейі бір жыл ішінде өндірілген ұлттық табыстың немесе түпкі қоғамдық өнімнің халықтың жан басына шаққандағы [көлемі](#) ретінде анықталады. Бұл көрсеткіштердің сырт сипаты

Экономикалық даму деңгейін анықтау үшін [өнеркәсіп](#) пен [ауыл шаруашылығының](#), ауыр және жеңіл өнеркәсіптердің арақатынастарын, техникалық прогрестің деңгейін анықтайтын қазіргі кездегі өнеркәсіп салаларының (аспаптар жасау, [радиоэлектроника](#), [мұнай-химия](#) және т.б.) үлесін; ғылыми-зерттеу мен [тәжірибе](#) - конструкторлық жұмыстардың даму деңгейін; бір тұрғынға шаққандағы электр энергиясын тұтыну, табиғи ресурстарды пайдалану деңгейін, қоғамдық өндірістің ұйымдастырылуы мен оның тиімділігі сияқты кешенді экономикалық сипаттамаларды [талап](#) етеді. Экономикалық даму деңгейін экономикалық әлеуеттен айыра білу керек, мысалы, ел экономикалық әлеуеті аз бола тұрып, жоғары деңгейде дамуы мүмкін және керісінше. Батыс елдеріндегі қалыптасқан экономикалық жүйе шеңберінде экономикалық өсу мәселесі жетекші нақтылы мақсат болып саналады. Экономикалық өсу ұлғаймалы ұдайы өндірістің болуымен түсіндіріледі: бұл жыл сайынғы өндіріс көлемінің сандық әрі сапалық артуы. Яғни, экономикалық өсу деп, өндіргіш күштердің ұзақ мерзімдік дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімді өзгерістерін атайды. Басқаша айтқанда, ЖҰӨ-нің нақты көлемінің өсу қарқынымен өлшенетін немесе осы көрсеткіштің жан басына шаққандағы өсуінің қарқынымен өлшенетін қағидат кең тараған. Экономикалық өсудің мәні-экономиканың негізгі қайшылығын жаңа дәрежеде шешу және ұдайы өндіру б.т: өндірістік ресурстардың шектелуі мен қоғамдық қажеттердің шексіз болуының арасындағы осы қайшылықты шешудің негізгі екі түрі бар:

Біріншіден, өндірістік мүмкіндіктерді көбейту арқылы.

Екіншіден, бар болған өндірістік мүмкіндіктерді пайдалану тиімділігін жоғарылату және қоғамдық қажеттіктерді дамыту арқылы. Бірақ осымен процесс бітпейді: дамудың әрбір жаңа кезеңінде өндірістік мүмкіндіктердің молаюымен байланысты қоғамдық қажеттердің барлығы қамтамасыз етілмейді. Қоғамдық қажеттіктер, оларды қамтамасыз ететін өнімдердің өндірісін осы елдің өндірушілері немесе импорт жасалған өнімдердің жеткізушілері игергеннен кейін пайда болады. Бірақ осыған қарамастан, қоғамдық қажеттіктер өндірістік ресурстарға қарағанда біріншілік, жетекші болып табылады. Өйткені, пайда болған қажеттілік бірте-бірте жаппайлыққа айналады, ал бұл жағдай өндірістің үздіксіз дамуын талап етеді.

Экономикалық теорияда маңызды сұрақтардың бірі ол экономикалық өсу. Экономикалық өсу дегеніміз ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуі. Экономикалық өсу деп өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаттары – халықтың әл-ауқатын көтеру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Экономикалық өсудің негізгі мақсаты материалдық әл-ауқаттың жоғарлауы болып табылады, осының құрамына кіретіндер:

- Орта есеппен бір адамға келетін ұлттық табыстың өсуі. бұл мақсатқа жетуді ұлттық табыстың жан басына шаққанда келетін өсу шапшандығы көрсетеді.
- Бос уақыттың көбеюі. Бұл елдің нақты жалпы ұлттық өнім немесе ұлттық табыс көрсеткіштерінде орын алмаған. Сондықтан, осы мақсатқа жету дәрежесін бағалағанда, байқалып отырған мерзімде жұмыс аптасы мен жұмыс жылы қысқарғанына, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек әрекеттерінің жалпы ұзақтығына назар аудары керек.
- Ұлттық табыстың халықтың әр топтараның арасында бөлінуін жақсарту.
- Шығарылған тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартып, түрлерін көбейту.

Экономикалық өсудің тиімділігі көпсалалы «өндірістің тиімділігі» деген түсінікті құратын жағдайлардың барлығының жақсартылуы. Осыған жататындар:

- тауарлар мен қызметтердің сапасының жақсаруы, олардың отандық және әлемдік нарықта бәсекелік қабілетінің жоғарылауы;
- бұрын қанағаттандырылмаған қажеттерді қамтуға мүмкіндік беретін, немесе оларды тым жақсы қамтуға мүмкіндік әкелетін жаңа тауарлар өндірісін игеру;
- халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіндегі елдің территориялық артықшылығымен есептесе отырып, өндірістің мамандану мен кооперациялануын жетілдіру;
- басқару шеберлігін жоғарылату арқылы және фирманың ішіндегі еңбек өнімділігін ынталандыру үшін тиімді мотивация қолдану арқылы, «Х-тиімді еместігін» жою;
- өндірістік ресурстардың салалық және елдің аймақтары бойынша аллокациясын жақсарту;
- жаңа технологиялар игеру.

Қазақстан Республикасының экономикалық өсудің сапасы оның әлеуметтік бағытталуының күшеюімен байланыстырылады. Экономикалық өсудің сапасын құрушылар:

- халықтың материалдық әл-ауқатының жақсаруы;
- адамның гармониялық даму негізі деп қаралатын бос уақыттың көбеюі;
- әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;
- адам капиталына инвестицияны өсіру;
- адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жұмыссыздар мен жұмысқа қабілеті жоқтарды әлеуметтік қорғау;
- еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамтуды қолдау.

Экономиканың өсуі көбінесе тұтынудың жаңа түрлерін қанағаттандыру қабілеті болып табылады. Сонымен қатар ірі әлеуметтік экономикалық мәселелерді шешуге бағытталады. Сондықтан экономикалық теория «экономикалық өсу» категориясына теориялық және практикалық тұрғыдан ерекше мән береді.

Еліміздегі экономикалық өсу ерекшелігі ұлғаймалы ұдайы өндірістің болуымен түсіндіріледі: бұл жыл сайынғы, қоғамдық өнімнің сандық әрі сапалық артуы және олар екі топтан: өндіріс құралдары мен тұтыну құралдарынан тұрады. Жыл сайынғы қоғамдық өнім көлемінің өсуі ұлғаймалы ұдайы өндірістің экстенсивті типіне немесе ұлғаймалы ұдайы өндірістің интенсивті типіне негізделі дамиды.

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің экстенсивті типінде өнім шығаруды екі есеге арттыру үшін, жұмыскер саны және өндірістік қорлар екі есе ұлғаюы қажет.

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің интенсивті типінде осындай нәтижеге жұмыс күші және өндіріс қорларын дұрыс қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Практикада бұл ұлғаймалы өндірістің типтері белгілі арақатынаста немесе бірін-бірі толықтыратын жағдайда. Қазіргі жағдайда, ФТР жағдайында, өндірісті интенсифтендіру негізінде барлық дамыған елдерде экономикалық өсудің жаңа сапасы қалыптасты: ал техникалық жарақтандыру мен еңбек өнімділігінің өсуі, ресурстарды қамтамасыз ету, қаржы қайтарымының көтерілуі негізінде жүзеге асады.

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің қайнар көзі қосымша құн болып табылады, осы мақсатқа ол күрделі қаржы ретінде жұмсалады. Алайда нарық тетігінің сұранымы мен ұсынымы жағдайында мұның өзі жеткіліксіз.

Сұранымның қалыпты жағдайындағы экономикалық өсудің экстенсивті типін алатын болсақ мұнда ерекше қиындық туа қоймайды. Экономиканың жеткілікті қарқынды дамуы сол кезге дейін жүзеге асуы мүмкін: қоғам экстенсивті өсудің шектеулі кедергілерімен жолыққанша. Ондай кедергілерге табиғи ресурстардың қосымша жетіспеушілігін жатқызамыз. Әдетте, бұл жағдайда туындаған кедергілер шаруашылық айналымына жекелеген, қолайлы емес пайдалы қазбаларды қосу есебінен жабылады және бұл ресурстарды қымбаттатады. Оның тиімділігінің төмендегенінде экономикадағы пропорция өзгереді және экономикалық өсу қарқыны төмендей бастайды.

Қазақстандағы сұранымның өсу жағдайында табиғи ресурстар мүмкіндігі мәселесі одан әрі қиындай түседі, сондықтан экономикалық өсу бірқатар факторларға байланысты:

1. табиғатресурстарының саны мен сапасына;
2. еңбекресурстарының саны мен сапасына;
3. капитал ресурстарына;
4. қолда бар технологияға.

Бір сөзбен айтатын болсақ, экстенсивті дамудың өзіндік экономикалық шектеулері бар. Мұндай жағдайға тап болған қоғам өзінің бағыт-бағдарын өзгертуге тырысады. Экстенсивті дамудың қайнар көзінің жойылуы қоғамды интенсивті өсу мүмкіндіктерін қарастыруға итермелейді. Демек техникалық процестің ресурсты сақтау түрлеріне бағыт-бағдар жасау: оларға — материалды сақтау, энергияны сақтау және қорды сақтау жатады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның экономикалық өсуі жоғары қарқынмен дамып отыр. Экономиканы шикізаттың бағдарынан, өңдеушілік бағдарға қарай диверсификациялау жолдарын айқындап қарастырылуда. Қазақстанның кен байлығы – минералдық шикізаттың қайтып қалпына келмейтіні белгілі, сонымен қатар кен орындары уақыт өте келе сарқылатыны белгілі. Мұның өзі болашақта әуелі экономикалық, содан кейін саяси тәуелсіздігімізге әсер етуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қорыта келе, экономикалық өсу деп халықтың санының өсу шапшаңдығынан нақты ұлттық табыстың өсу шапшаңдығының артық болуына әкелетін, ұлттық экономиканың дамуы деп түсініледі.

Экономикалық өсуді өндірістің нақты көлемінің өсуі шапшаңдығы жағынан қарағанда, әдетте экономикада күрделі құрылымдық немесе институционалдық өзгерістер орын алмайды деп тұжырымдалады. Өндірістің құрылымы мен институционалдық орта қалыптасып болған және өзгерістер жоқ, тұрақты деп есептеледі. Дамудың осындай сипаты, тұтастық қасиеттері бар және сыртқы ортамен үйлесімді өзара әсер ететін экономикалық жүйелерге тән болады. Ұзақ мерзімді уақыт деп әдетте негізгі капиталдың өмірлік циклына тең уақыт түсініледі.

Экономикалық өсу қарқыны бойынша, өмір сапасы мен құрылымдық реформалардың нақты қайтарымы бойынша Қазақстан бұрынғы одақтық мемлекеттегі өзінің жуырдағы серіктестерінен, бастапқы тең мүмкіндіктері болғандарын ғана емес, сонымен бірге, бір кездері өзі кейіндеп қалғандарын да қоса алғандағыдан, көп алға кетті. Еліміз кеңестік кеңістіктегі көшбастаушы елдер қатарына қосылды және бүгінде әлемде ең ырғақты дамып келе жатқан елдердің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С. Әкімбеков, А.С. Баймұхаметова, У.А. Жанайдаров. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. – Астана: 2002. - 464 б.
2. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Ө.Қ. Шеденов, Е.Н. Сағындықов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Б.И. Комягин. /Жалпы редакциясын басқарған Ө.Қ. Шеденов – Ақтөбе, «А-Полиграфия», 2004 – 455 бет.
3. Нарматов С.Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы. (Оқу құралы). – Алматы: «Эверо», 2009. – 516 бет.
4. Қазақстан Республикасы Экономика және Бюджеттік Жоспарлау Министрлігі сайты <http://www.minplan.gov.kz>
5. Қазақстан Республикасы статистика агенттігі www.stat.kz
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің сайты <http://www.nationalbank.kz>
7. ҚР-ның Ұлттық банк статистикалық-есептемелер жинағы
8. «Қазақстанның қазіргі жағдайы» Л.А. Разакулова // Жетісу
9. Ақша-несие саясаты. Ілияс А.Ә. 2008 ж.

*Нуркашев Мағзом, «Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК-ы, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз селосы
I санатты арнайы пән оқытушысы және аға өндірістік оқыту шебері*

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.

Елбасының биылғы Жолдауындағы басты идеялардың бірі-Қазақстан әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық дамудың жаңа моделін құру деді. Бұл дегеніміз –цифрлық технологияларға аса көп көңіл бөлінетін көрсетеді. Алайда, Жолдауда айтылған жаңа модель Қазақстан экономикасының дәстүрлі салаларын дамытуға негізделетіні белгілі. Жаңа Қазақстан жай ғана экономикалық өсу емес, сапалы экономикалық даму қажет. Қай салада болмасын кең ауқымды ақпараттық технологияларды енгізу және көшу нәтижесінде жаңа революция басталуда. Мұндай жағдайда Қазақстан үшін дамудың жаңа моделіне көшу маңыздылығын арттыратыны сөзсіз. Сонымен қатар еңбек тиімділігін арттыру ұтымдылыққа апаратыны белгілі. Көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, еңбек өнімділігін арттыру тұрақты және қарқынды экономикалық өсудің кепілі болып табылады. Өнімділік көрсеткішін арттырмай, экономиканың сапалы жаңа даму деңгейіне шығу мүмкін емес. Еңбек өнімділігін арттыру үшін өндірістік үдерістерді автоматтандыру және роботтандыру жоспарлану жолға қойылуда. Сонымен бірге, мемлекет негізгі капиталға инвестициялар тартуды көздеп отыр. Осыған байланысты Елбасы Үкіметке негізгі салаларды техникалық қайта жарықтандыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Жолдаудағы экономикалық дамудың жаңа драйвері ауыл шаруашылық саласында аграрлық секторға да көңіл бөлінетіндігін атап көрсетті. Шын мәнінде, ауыл шаруашылығы Қазақстанның дәстүрлі бәсекелік артықшылықтарының бірі ретінде қарастырылатыны белгілі. Ауыл шаруашылық саласын дамыту және оны ірілендірудің маңыздылығы туралы пікірлер бірнеше жылдардан бері айтылып келеді. Сондықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңделу деңгейін арттыру мақсатында Үкіметке фермерлік шаруашылықтарды жаңартуға жағдай жасау тапсырылды. Сонымен бірге, әрбір фермерлік шаруашылықтың оңтайлы көлемі бар екенін ескерту қажеттігі ескерілді. Мысалы, егер құс өсіруде ірі шаруашылықтар құру тиімділік үшін басты шарт болса, мал шаруашылығында шағын, отбасылық үлгідегі фермалар да табысты жұмыс атқара алады. Сайып келгенде, агроөнеркәсіп кешеніне жаңа қарқын беру Қазақстанның әлемдік нарыққа ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау бойынша әлеуетін ашу тиіс. Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі және қоғамның экономикалық және қоғамдық саяси тұрақтылығын анықтайтын фактор болып табылады. Сондықтан да аграрлық сектордың дамуы мемлекет үшін экономикалық және ең бастысы әлеуметтік негізінде стратегиялық жағынан маңызды. Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының, тиімділігін тұрақты арттыру қажет. Қазіргі уақытта агроөнеркәсіп кәсіпорындары шаруашылық механизмнің жетілмеуінен, коммерциялық

ақпараттың жеткіліксіздігінен, сыртқы орта факторларының әлсіз талдауынан және нарықта тәжірибенің жоқтығынан тұрақсыз шарт әрекет етіп келеді. Сондықтан ауыл шаруашылық өнімдерін тұтынушыға дейін тиімді жеткізуге бағытталған ғылыми зерттеулер өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Сол себепті экономиканың ауыл шаруашылық секторын мемлекеттік реттеу қажеттілігін екі топқа бөлуге болады, ауыл шаруашылығы өндірісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Басқа салаларға қарағанда тәуекелдік сипаттың (құрғақшылық, су тасқыны және т.б.) болуымен, ауыл шаруашылығына деген сұраныс пен ұсыныстың ауытқымалығымен, техникалық үдерістің жылдамдығымен ілесе алмауы сипатталады;

Ауыл шаруашылығы нарығы қызметін реттеу механизмінің жетілмеуі. Ауыл шаруашылығы өндірісіне үстемдік бағаны енгізді бақылаумен, қоршаған ортаны қорғаумен, табиғи ресурстарды тиімді қолданумен ерекшеленеді. Сонымен қатар ауыл шаруашылық секторын мемлекеттік реттеу экономикалық құралдар мен ынталардың жүйесінен тұрады, олардың көмегі арқылы мемлекет еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономиканың ауыл шаруашылық секторының дамуына әсер ете алады. Қазіргі замандағы агробизнесе агроөнеркәсіптік өндірушілерінің өңдеу компаниялармен және агроөнеркәсіптік өнімдерін өткізу жөніндегі компаниялармен тікелей ұзақ мерзімдік келісім-шарттық қарым-қатынас кең етек жаюда. Бұл жағдайда фермерлік өндіріс жалпы алғанда рынокке емес, нақты әріптес тұтынушыға бағдар ұстайды. Әрине, сұраныс пен ұсыныс келімдік баға деңгейіне әсер етеді, алайда контрактілер өндірушінің нақты тұтынушыға мақсаткерлік бағдарын білдіретін болғандықтан, келісім-шарттық қарым-қатынастың іс-қимыл сферасы еркін бәсекелестік нарығының аймағынан шығып қалады. Шаруашылық бір мезгілде өндірістің саласы және адамдардың тіршілік сферасы болып табылады. Фермерлік шаруашылық-техникасы, өндірістік үйлері, малы және басқа өндіріс құралдары бар кәсіпорын ғана емес, сонымен бірге фермердің мекен жайы болып табылады. Ферманы сату немесе сатып алу тұрғылықты жерін немесе өмір салтын ауыстыруды білдіреді. Осымен бәрі агроөнеркәсіптік ресурстарының салыстырмалы түрде имобильдігін, белгілі бір дәрежеде рыноктік барьер мен жеткіліксіз бәсекелестің белгісін танытатындай. Агробизнесінің және жалпы экономиканың басқа сфераларынан ерекшелендіретін бірқатар мәнді факторларды байқауға болады. Мұндай фактор фермердің жұмыс істеуі мен тағдырын анықтайды. Агроөнеркәсіптік үшін ерекше көкейтесті мәселе сатып алатын ресурстар мен шығарылатын өнім арасындағы бағалардың қатынасы-баға паритеті проблемасы болып табылады. Баға паритетін қолдау үшін күрес-фермерлердің экономикалық саясат саласындағы талабының басты элементі. Фермерлерге көрсетілетін қызмет сферасының нарығы дилерлік, жөндеу-техникалық, агрохимиялық қызмет көрсетулер ресурстар нарығымен тығыз байланысты. «Даму-, Ожегов талдама сөздігінде-бір жағдайдан екінші жағдайға, яғни жетілген жағдайға,... қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға өту деп берілген». «Өсуге қатысты; Өсу-күшейту, нығайту. Даму процесіндегі жетілдіру». Ендеше, бұл екі маңызды түсініктерді өзара айыру мүмкіндігін беретін, маңызды айырма белгілері көрініп тұр. Егер өсу-сандық өзгеруінің арту процесі болса, ал даму – сапалық. Ендеше бұл процестердің әрқайсысы өздерінің ерекше заңдарына бағаланып және бірі-бірімен сәйкес келмейтін нәтижелерге ие болады. Мысалы, өзінің физикалық мүмкіндік шегіне жеткен, цивилизацияның биосфераға әрдайым артып отыратын ықпалы-табиғи шектеулер мен кедергілерді бұзатын, экономикалық өсімнің бейнесі болып табылады. Әрине, ауыл шаруашылығы өндірісі мамандарын дайындау барысында дүние жүзілік ең озық тәжірибені ескере отырып, үнемі оқытуды және қайта оқытуды қалыптастыру қажет деп атап көрсетті. Қоғамның экономикалық өмірдегі болып жатқан құбылыстарды көріп, білумен қатар жастардың бойында уақыт өткен сайын өзгермейтін базалық бағдармен қатар өз өмірін жоспарлай білуін және жаңа көзқарастарын қалыптастыру керек.

Президент әлемдегі әртүрлі жағдайларды ескере отырып, нақты есептелген, елдің макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығын сақтау жөнінде кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының қазіргі кезеңде іске асуы тиіс міндеттемелерін орындау қажет екенін айтты.

Президент мемлекеттік шешімдер қабылдағанда сараптамалық жұмыстарды түбегейлі күшейту керек екенін атап өтті.

Президент шағын және орта бизнес экономиканы әртараптандыру ісінде тірек күшке айналу керек деп санайды. Мемлекет басшысы индустрияландыру бағдарламасы өнеркәсіп өндірісі мен өңдеу секторындағы құлдырауды тоқтатып, жаңа өнімдерді шығаруға мүмкіндік ашқанымен, экономика саласында түпкілікті серпіліс болған жоқ деп есептейді.

– Еңбек өнімділігін кемінде 1,7 есеге арттыруға және өңделген қазақстандық өнімнің экспортын едәуір өсіруге басымдық берілуі тиіс. Үкімет дайын өнімнің экспортын 2022 жылы – 1,5 есеге, 2025 жылы – 2 есеге арттыруы қажет, – деп тапсырды Президент.

Мемлекет басшысы өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті технологиялық дамыған ең кемінде 3-5 саланы қалыптастыру керек екенін айтты.

– Индустрияландыру барысын жергілікті және шетелдік сарапшылар жіті бақылап отыр. Бұған дейінгі бағдарламаларға олар байсалды қараған еді. Бізге индустрияландыру идеясының беделіне нұқсан келтіруге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ЕАЭО аясындағы экономикалық интеграция еліміздің экономикалық әлеуетін дамытуға септігін тигізеді. Президент ЕАЭО ұйымында біздің елдің мүддесін нығайту мақсатында сараптамалық жұмыстарды күшейтіп, өнімдерін еуразиялық нарыққа экспорттайтын отандық тауар өндірушілерді қорғау қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ ол инвестиция тарту ел экономикасын жаңғыртудың аса маңызды міндеті болып саналатынын айтты.

– Біз инвестициялық ахуалды үнемі жақсартып келеміз. Бірақ мұндай жағдай инвестиция көлеміне қаншалықты әсер етіп отыр? Неге айтарлықтай серпін байқалмайды? Шетел инвестициясын тартуда тек фискалды ынталандырулар ғана маңызды емес. Ішкі нарық ауқымының тарлығы, тауарды экспортқа шығарудың қиындығы, орталық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік органдар іс-әрекеттерін үйлестірудің жеткіліксіздігі жүйелі проблемалар болып саналады, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бүкіл өңірлерінде өнімді сөрелерге дейін жеткізудің тетіктерін дамытуды қамтамасыз етуді, сондай-ақ, экономиканың барлық салаларында ұлттық тауарларды жеткізу жүйесін қалыптастырып, оны дамыту үшін кешенді қадамдар жасауды тапсырды.

– Бізде экспортқа қолдау көрсететін негізгі 3 оператордың, атап айтқанда, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «KazakhExport» ұлттық компаниясы және QazTrade компаниясының көптеген тетіктері бар. Экспортқа қолдау көрсетудің барлық шараларын «бірыңғай терезеге» біріктірудің қажеттілігі жөнінде айтып жүрміз. Мен Үкіметке шетелге тауар шығарушылар арасында кәсіби сауалнама жүргізіп, проблемалық тұстары мен қордаланған мәселелерді анықтауды, осының негізінде мемлекеттік қолдаудың тетіктерін қалыптастыруды тапсырдым. Сіздер ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдайды деп сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы фискалды саясат жөнінде айта келе, Ұлттық қордан бөлінетін трансферттерді біртіндеп азайту қажет деген пікір білдірді. Дегенмен оған аса қажеттілік туындаған жағдайда ғана жүгіну керек екенін айтты.

– Үкімет бірінші кезекте республикалық бюджеттің кіріс бөлігіне назар аударуы қажет. Ұлттық банк Ұлттық қордағы инвестициялық табыстың түсімін арттыру мақсатында қаражатты басқару жолдарын қайта қарастыруға міндетті. Активтерді дұрыс басқару Ұлттық қордың көлемін айтарлықтай арттыра алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөз соңында Президент негізгі басымдықтар мен қабылданған шешімдер өз дәрежесінде іске асса, экономикалық өсімнің қарқыны мен сапасын арттыруға, сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға мүмкіндік беретінін айтты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Тоқаев: Экономиканы дамытуға жаңа ойлар, жаңа әрекеттер қажет. 2019 жылғы 15 қазан;
2. Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
3. Б.Жүнісов. Оқулық. Нарық экономика негіздері, 15 б;
4. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары «Қазақстан-2025» 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы;
5. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан тұрақты экономикалық даму кеңістігіне шықты. /Егемен Қазақстан, 28 маусым (№123), 2003 ж, 1 бет.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы білім сапасын арттыру.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында»
Н.Ә.Назарбаев

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде. Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеуіміз керек. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ыбырай Алтынсары бекерден бекер айтпаған. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білуі керек. Білімді және тәрбиелі, дүниетанымы кең, ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшін - сындарлы оқыту теориясын сабақ үдерісінің негізгі көзіне айналдыру қажет. Осы бағытта білім беру ұйымдарының алдындағы мақсат - мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру және бағалау. Жаңа әдіс –тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту, дамыту болып табылады. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын азамат тәрбиелеу оның өзін белсенді жағдайға қоятын жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты.

Қазіргі инновациялық технологиялар-білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдаланудың оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін біз, мұғалімдер қауымы әр сабақта жаңа технологияларды қолдануымыз қажет. Себебі жаңа технологиялардың ерекшелігі-оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі дамыту, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді. Жалпы орта білім беру жүйесінің қазіргі талаптары білім беру үдерісін үнемі дамытып отыруды қажет етеді. Сапаны арттырудың және білім беруді дамытудың негізгі белгілерінің бірі-әдістемелік деңгейді арттыру болып табылады. Әрбір мұғалім үшін өз қорында топқа және кіші топтарға бөлу ережелерінің болуы қажет. Топтарға бөлу тренинг динамикасына зор әсер етеді. Кейде топқа бөлудің түрлері жаттығу орындауға немесе оның мазмұны, өту жолы қызу талдауға жағдай жасайды. Топтық оқыту –үлгісі педагогикалық үдерістің бір элементі болып табылады. Топтық жұмыс оқушылардың ұжымдық іс-әрекеттерінің көрінісі болып табылады. Топтық жұмыста әркім өзі үшін және басқалар үшін жауапкершілікті сезінеді. Топқа бөлудің негізгі түрлері:

- Пазлдар мен бөлу: «Әлемнің жеті кереметі», «Әлемдегі ең биік мұнаралар», «Астана арман қала» және т.б тақырыптар бойынша фото құрастыру арқылы топтарға бөлу.

- Түстер арқылы бөлу: түстермен бөлу арқылы Э.Бононың «Ақылдың 6 қалпағы», «Деңгейлік тапсырмалар» бойынша жұмыс жасаған уақытта тиімді.

- Сандармен, әріптермен, доппен бөлу: тақырыпты меңгерту мақсатында қолдануға болатын ең қарапайым топқа бөлу формалары. Доппен бөлуде – топбасшысы бір біріне допты беру арқылы өздерінің топ мүшелерін жинақтаса, әріптер арқылы бөлудің «Қарлы кесек» немесе «Джек-со» тренингтерін өткізуге өте тиімді. Мозайка құрастыру арқылы: жаңа сабақтың мағынасына қарай қималарды құрастырады. Жаңа сабақтың тақырыбын ашуға мүмкіндік береді. Тарих сабағында үнемі қолданып отыратын өзіме тиімді әдіс – тәсілдерге тоқталып өтсем: оқушылардан үй тапсырмасын сұрау кезінде «Қарлы кесек», «Шынжырдағы үзбелер», «Өрмекші», «Автор орны», «Ақыл қалпағы», «Даналық ағашы» әдіс- тәсілдерін қолдана отырып сұраймын. Жаңа тақырыпты меңгеруде «Джексо» «Әңгіме құрастыру», «Мәтін бөліктері»,

«Шеңбер бойымен әңгімелеу», «Идеялар тоғыстыру» («Не? Қайда? Қашан?»), «Тұлғаны танып-біл» әдістерін қолдану арқылы жаңа сабақты түсіндіру ыңғайлы. Соның ішінде «Джексо» әдісін қолдану арқылы оқушылар сабақты өздері топ басшының көмегімен түсініп іздейді, ойларымен бөліседі. Бұл әдісті қолдану кезінде екі топ өздеріне берілген тапсырмаларды зор қызығушылықпен орындайды, постермен жұмыс жасап қорғады. Оқушылар топпен жұмыс жасай отырып бір-бірін тындады, оқып үйренді. Жаңа сабақты түсінгенін тексеру мақсатында «Ойлан.Жұптас.Бөліс» әдісі арқылы топтық, жұптық, жеке жұмысты ұйымдастыра отырып бұл әдістің тиімділігіне көз жеткіздім. Бұл әдіске ерекше тоқталғаным қабілеті жоғары және уәжі төмен оқушылармен яғни деңгейлік тапсырмалар орындауда уақытты үнемдеуге септігін тигізеді. Бағалау кезінде «Баланс дөңгелегін» қолданған өте тиімді. Сабақ соңында топтарға әр топтың сабақ барысындағы іс-әрекетіне «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісін қолданамын. Кері байланысқа түсе отырып сабақтың ұнаған жақтары мен ұсыныстарын оқушылардың өздері дәлелдейді. Яғни бұл келесі сабақта алдыңғы сабақта кездескен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік туғызады. Ұлттық құндылықтарымыздың бір тармағы – дәстүр. Дәстүр – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Осы орайда, «Дәстүрлі қазақ мәдениеті» тақырыбындағы танымдық сабағымды сахналандырылған той сабақ деп алдым. Бұл сабақта мен тікелей эфир әдісін қолдана отырып, Дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі туралы студенттерге түсінік бердім.

Студенттерді алдын ала топқа ауылдарға бөліп қойдым, алдын-ала тапсырма беру әдісі бойынша студенттер, өздері ізденіп, сахналық көріністер қойды. Әр топта тілшілер өз ауылдарынан репортаж көрсетіп, баяндап отырды.

1-топ **«Қазақ ауылы»** қазақ халқының ұмыт қалған дәстүрлерін, біз шаншар, құда түсу, құйрық-бауыр, сыңсу, жар-жар, аушадияр, босаға майлау салттарын көрсетті.

2-топ **«Халық ауыз әдебиеті ауылы»** Халық ауыз әдебиеті туралы мәлімет берді, Қозы-Көрпеш Баян сұлу жырындағы Баянның монологы оқылды, Алтын сақа ертегісінен үзінді қойды, мақал-мәтелден жарысты, жұмбақ шешті, осылайша халық ауыз әдебиетін көрсетіп шықты.

3-топ **«Шешендік өнер ауылы»** Шешендік өнер туралы мәлімет, Төле, Әйтеке, Қазыбек билердің көрінісі, Біржан мен Сара айтысы, Бұқар жырау туралы қысқаша мәлімет берді.

Сабағымның тағы бір әдісі **«Тікелей радиоэфир»** телефон арқылы және көрерменнен сұрақ, студенттер сұраққа жауап береді, пікірталасты. Мысалы, мынадай сұрақтар қойылды. "Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар" деген сөз бар емес пе?! Жастар осы дәстүрлердің барлығы керек пе, әлде сіздердің ойларыңызша керек емес пе?

«Суреттермен жұмыс» сергіту сәтінде тақтада берілген суреттерді қазақтың қай ұлттық ойыны екенін тауып, айтады және қазақтың ұлттық ойыны ханталапай ойнады.

Сабақты бекітуде "Стоп кадр" әдісін қолдандым, тақтада слайдтар жүрді, мұғалім «Стоп кадр» дегенде тоқтайды, әр топ берілген тапсырмаға жауап берді.

Кері байланыс немесе рефлексияда «Ұшақ» стратегиясы пайдаланылады. Студенттер топпен жұмыс жасап, ортақ қағазға 5 сөйлемнен тұратын тілек, ұсыныс жазды. Жазып болған соң, қағаздан ұшақ жасап, басқа топқа ұшырып жібереді. Топтар бір – бірінің тілек-ұшағын оқып, бір – бірін бас бармақ арқылы бағалайды. Мысалы, 1-топтың ұшағында мына тілек-ұсыныстар жазылған:

- Ұлы Қазақ ұрпағы екендіктеріне сүйсінеміз!
- Бүгінгі сабаққа белсене атсалыстыңдар!

«Мәдени жаңалықтар» бұрышын жабдықтау, материалдар толықтырып отыру, стендтер жасақтау, мәдени жаңалықтарға байланысты бейнебаяндарды жинақтау. Бұл әдіс-тісілдерді өз іс тәжірибеме енгізу, білім сапасының артуына септігін тигізді. Қорытынды. Колледждегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол-оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен енгізу. Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшелігіне қарай таңдап алу қажет. Сабақта қолданылған жаңа әдіс-тәсілдердің өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауының жүзеге асуы бүгінгі біз тәрбиелеп отырған білімді ұрпақтың

КОЛЫНДА.

*Нигметова Эльмира Куатовна
Атырау энергетика және құрылыс колледжі*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі таңда Қазақстандағы басты өзекті мәселелердің біріне девальвация айналып отыр. Ақшаның құнсыздануы елімізде көптеген өзгерістерге әкелді. Бұл тек біздің елімізге емес, бүкіл елге елеулі әсерін тигізді.

Жемқорлық қазіргі заманда жиі кездесетін мәселе. Бұл әрекеттер тек жеке адамға, жеке мемлекетке ғана емес, халықаралық деңгейде қауіпті. Қазіргі кезде жемқорлықпен күресу үшін көптеген мәселелер талқыланып жатыр. Келесі маңызды мәселелердің бірі – экологиялық проблемалар. Қазақстан Республикасы үшін экологиялық қауіпсіздік мәселелері мен жағдайлары бүгінгі таңда маңызды орын алып тұр. Дұрыс басқару қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік саясатын уағыздап, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану үшін өте қажет. Өкінішке орай Қазақстанда көптеген жылдар бойы өндірісте табиғи шикізаттарды өндіргенде, қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды шығару көп мөлшерде болды. Адамзат қоғамының алдында тұрған экологиялық қауіпсіздік мәселелері оның дамуының барлық тарихи кезеңдерінде орын алып отырды. Себебі, өндірістік қоғамның табиғатқа теріс әсерінің нәтижелері ғаламдық сипатқа ие болды.

Инновациялық жобалар мәселелесіне көп көңіл бөлінуде Ауру түрлері де елімізде көбейіп бара жатыр. Бұрын байқалмаған аурулардың саны артып бара жатыр. Бірақ, мемлекетімізде осыған байланысты көптеген шаралар жүргізілуде. Дағдарыс кезінде денсаулық сақтау саласын тиімді пайдалану, жаңа технологияларды енгізу, жұмыс берушінің, әр азаматтың өзінің денсаулық сақтау саласына жауапкершілігін арттыру жөнінде жұмыстар атқарылып жатыр.

Одан басқа, Қазақстанда көбінесе жастар арасында ішімдікке, нашақорлыққа құштарлық бар. Жастар еліміздің болашағы, сондықтан бұл мәселеге, менің ойымша, ерекше мән берілуі керек. Осы қоғамдық дерттің алдын алу, оның шырмауына жастардың түсіп қалмауы үшін қазіргі күні түрлі алдын алу шаралары кеңінен қолға алынуда.

Бұрыннан келе жатқан мәселелердің бірі - бала-бақша тапшылығы. Елімізде туылым деңгейі өсіп жатыр, алайда бала-бақшалардың саны әлі де жеткіліксіз.

Жыл сайын заңсыз мигранттардың саны артып келеді. Тұтастай алғанда бақылаусыз көші-қон болашақта қабылдап алушы тұрғындардың жекелеп және жалпылай алғанда қауіпсіздігіне қатер төндіреді, бұл - жергілікті еңбек нарығында және тұрғын үй мәселесіндегі, мигранттар монополиялап алған белсенді бірқатар экономикалық салалардағы бәсекелестік.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасында қоғамның кең ауқымды өзгеруі және ұлттық экономиканың әлемдік экономикаға интеграциясы, оның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы, елдің саяси және экономикалық жүйесінде түбегейлі өзгеріс орын алды.

Жаһандану жағдайында реформалар мен Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялану барысын қарастыру орталықтандырылған, жоспарланған экономиканы ашық демократиялық нарықтық жүйеге айналдыру жолындағы елеулі прогрестің дәлеліне көрсетеді. Ашық экономикаға көшудің экономикалық және әлеуметтік шығындары әлде қайда жоғары болды. Сонымен бірге, ұлттық экономикасын әлемдік экономикаға интеграциялау бойынша жүргізілген елеулі күш-жігер сыртқы сауданың көп бөлігі дамыған нарық елдеріне бағытталуына әкелді. Шетелдік инвестициялардың тартылуына байланысты, сыртқы экономикалық байланыстар тереңдей түсті, жаға нарықтық институттар, банктік және сақтандыру құрылымдары, қор биржалары, монополияға қарсы реттеу, сыртқы экономикалық қызмет және банкроттық туралы заңдар және т. Б пайда болды. Бұл институттар қалыптасып келе жатқан виртуалды модельге негіз болды, экономиканың нақты секторының деградациясы және елден капиталды көптеп шығару үшін жағдай жасады. Ұлттық экономиканың ашықтық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, оның өндіргіш күштері неғұрлым дамыған болса, оның салалық құрылымында терең технологиялық еңбек бөлінісі бар салалар соғұрлым көп болуы керек. Керісінше, оның жалпы экономикалық әлеуетті, және өзінің табиғи ресурстарымен қамтамасыз етілуі аз болады. Экономикалық интеграция бірқатар объективті факторларға ие. Олардың ішінде ең

маңыздылары: экономикалық өмірдің жаһандануы, халықаралық еңбек бөлінісін тереңдету, әлемдік ғылыми –техникалық революция, ұлттық экономиканың ашықтығын арттыру. Қазақстан үшін ТМД кеңестігінде дамыған интеграциялық процестердің маңызы өте зор, мұнда экономикалық интеграцияның көрсетілген объективті факторлары посткеңестік мемлекеттердің дүниежүзілік экономикаға ашылуымен және интеграциялануымен жұмыс істей бастады. Реформалардың басына қарай Қазақстанның ұлттық экономикасында қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті экономиканы құрудың сенімді негізіне айнала алатын әулет болды. Оның артықшылығы мыналар болды: маңызды өндірістік, маңызды әскери-өндірістік және ғылыми техникалық әлеует халықтың жоғары білім деңгейі, табиғи ресурстың үлкен қорлары, үлкен транзиттік әлеует.

Қазақстанның экономикалық қатынастарының жаңа жүйесін құру және оны ТМД елдерімен интеграциялау үстемдік етуші шындықтардан басталуы керек, олардың арасындағы өзара тиімді экономикалық қатынастардың жаңа жүйесін анықтайтын факторлар мен тенденцияларды ескеру қажет. Тек осы негізде ғана тиімді интеграциялық байланыстар қалыптасуы мүмкін, бұл дағдарыстан тез шығуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және Қазақстанның және басқа ТМД елдерінің әлемдік экономикаға енуін жеделдетуге мүмкіндік береді. Аймақты біріздендіру процестерін күшейту Қазақстанның тұңғыш Президенті ұсынған жоба негізінде жүзеге асқан болатын. Кедендік одақ негізінде пайда болған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (ЕурАз ЭҚ) құрылуы бес елдің көшбасшылары ұлттық экономикалық мүдделерді қорғауға және отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған нақты саясат жүргізе бастаған кезеңді білдірді. ЕурАз ЭҚ аясындағы экономикалық интеграцияның негізгі ынталандырушысы бір-бірінің тұрақты және өте сыйымды жиынтықты ашық нарығын ұстап тұру қажеттілігі болу керек, өйткені теорияға сәйкес кеден одағын құрудан түскен пайда сауда ағындарының артуымен, ал шығындар- олардың азаюымен байланысты. Осы елдердің барлық халықтарының мүдделерінің тепе-теңдігі сақталса, экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму үшін тең жауапкершілік, сондай-ақ әр серіктес мемлекеттің жалпы еуразиялық ынтымақтастықтың жұмыс істеуі мен өркендеуіне тең экономикалық үлесі сақталған жағдайда ғана Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сұранысқа ие және тұрақты болды. Келісімге қол қойылғаннан кейінгі бірнеше жыл ішінде ТМД-дағы жағдай өте қарқынды дамыды, құқықтық және ұйымдастырушылық қатынастарда белгілі бір өзгерістер болды. Қазақстанның ТМД-ның экономикалық кеңестігіне қосылуы ішкі нарықтың бір уақытта интеграциялануымен сыртқы нарыққа шығуға қолайлы жағдай жасайды.

Экономикалық қайта құрулардың нәтижелері, олардың табыстары көбіне мемлекеттің реформалау қызметімен, оның іздену қабілетімен және халықтың негізгі қабаттарының басым шындықтары мен мүдделеріне сәйкес келетін қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа моделін табу қабілетімен және өндіріс тиімділігі мен тұрмыс деңгейінің жоғарлауын қамтамасыз ететін жаңа экономикалық жүйеге көшу арқылы алдын-ала анықталады. Өтпелі кезеңдегі еңбек, капитал, табиғи ресурстар, ғылыми-техникалық прогресс және кәсіпкерлік қабілеттер сияқты мемлекеттің де реформалау қабілеті шешуші рөл атқарады, макроэкономикалық және нарықтық механизмдердің барлық элементтерінің өзара сәйкестігін, олардың қажетті арақатынасы мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін өндірістің негізгі факторларының бірі ретінде әрекет етеді.

Қазіргі экономикалық саясаттың негізгі бағыты-елдің ішкі нарығын қалпына келтіру және интеграциялау. Бұл жағдайда инвестицияның негізгі көзі халықтың тиімді сұранысы бола алады. Оның кеңюімен экономикалық жаңғыру басталады. Ол үшін жұмыс орындарын кезең-кезеңімен құру, отандық өндірушіні жан-жақты қолдау қажет. Сұранысты анықтайтын халықтың сатып алу қабілетін ақылға қонымды реттеу материалдық және әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы мемлекеттік капиталдық салымдардың өтемдік өсуін талап етеді.

Қазақстанның экспортқа бағытталған стратегиясы ағымдағы импортты алмастыру саясатының икемді үйлесімі бар ұзақ мерзімді экспорттық бағдардың симбиозы болуы керек. Демек сыртқы экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі экспорт-импорт стратегиясын Қазақстан экономикасын қайта құру стратегиясымен және міндеттерімен мұқият байланыстыру болып табылады. Мұндай өзара байланыс белгілі бір технологиялардан бастап өндіріс пен ғылыми-техникалық инвестициялық және иновациялық саясаттан, салааралық қатынастарды аралық және соңғы тұтыну сатыларынан және жалпы алғанда экспорттық, импорттық және сыртқы сауда саясатының динамикасынан бастап ұдайы өндіріс процесінің барлық кезеңдері мен аспектілерін үйлестіру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Бәсекеге қабілетті экономика» және «Бәсекеге қабілетті халық» деген Қазақстан халқына жолдауы
2. К.Б. Блеутаева «Кәсіпкерліктің жаңа формаларын ынталандырудағы мемлекеттің ролі»
- 3.Ә. Сапарбаев «Иновация –негізгі қозғаушы күш»

*Тарих пәнінің оқытушысы
Омарова Айша Бейсеновна
Нұр-Сұлтан қ.
Сервис және туризм колледжі.*

Конституция тарихы

Қазақ ерте кезден ел болып қалыптасқаннан бері заң аясында тіршілік етіп келеді. Тарихымызға көз жіберсек, ұлт болып қалыптасқаннан бастап ханның маңайында «Хан кеңесі» болды. Ол кеңестің заң шығару, сот билігін жүргізу құқы болғаны белгілі. Бертін келе хатқа түскен «Қасымханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» жасалынып, Күлтөбенің басында кеңес өткізіп отырған. Бұл қазақ хандығының тарихи әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының туындысы болды. Қазақ хандығы заңдарының түп-төркіні қазақ халқында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген әдет-ғұрыптың ережелерінен шыққан. Алғашқы қазақ билеушілері Жәнібек пен Керей хандар мен олардың мирасқорлары Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан және басқа қазақ хандарының іс-қимылдарындағы негізгі бағыт, жаңадан пайда болған мемлекетті нығайту, саяси біртұтастығын сақтау, сонымен қатар территориясын қорғау міндеттерін түрды. Осы айтылған мәселелерді шешуде, әсіресе Қасым хан, Есім хан, Тәукехан үлкен қажырлық танытып, саяси көрегенділік көрсетті. Яғни, қазақ халқының ынтымағын, бірлігін, салт-дәстүрін бір жүйеге келтіріп, мемлекеттің саяси әл-ауқатын нығайтып отырған ұлы хандарымыз “Қасымханның қасқа жолы”, “Есімханның ескі жолы”, Тәуке ханның “Жеті жарғысы” – қазақ хандығы тарихының негізгі дерек көзі болып табылатындығына талас жоқ. Демек, ұлы хандарымыздың шығарған қоғамдық қатынастарды реттейтін, бүкіл халықтың дау-дамайын шешіп ауыз біршілікке шақыратын, қазақ хандығы тарихының құнды дерегі болып табылатын заңдар - елді тұтас біріктіру жолында табысқа жетудің кілті болды. Қазақ хандығының нығаюы, оның құрамында этникалық аумақтың бірігуі ХҮІ-ХҮІІІ ғасырдың басындағы қазақ хандарының билік ету кезеңімен байланысты. Бұл кезең біршама зерттелгенімен, қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдық жүйелері толық зерттелмеген. Яғни, “Есімханның ескі жолы”, “Қасымханның қасқа жолы” заңдары түп нұсқасы анықталмай, тек ауызша тараған. Бұл заңдар зерттеуді қажет етіп, өз зерттеушісін күтіп отырған мәселелер болса, ал Тәуке ханның жарғы заңы тек заңгерлер заңдық тұрғыда зерттеген. Демек, қазақ хандығы тарихының негізгі дерек көзі болып табылатын қазақ хандарының негізгі заңдарын деректік тұрғыда зерттеу бүгінгі таңның аса маңызды мәселесі. “Өткен өміріміздің тарихын білмей тұрып, қазіргіні болжау мүмкін емес”, - деген екен ұлы ғалым әл-Фараби. Құқықтық жүйенің қалыптаса келіп, конституцияға ұласу тарихын әрбір ұлтжанды азамат білуі тиіс. «Қасқа жол» — деп аталатын заң, қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар: -Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді; -Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді; -Хандық билік этникалық территорияға толық тарап, ролі артты; -Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейді.

"Есім ханның ескі жолы" - дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдардың жиынтығы. Қасымның заңы Есімнің арқасында сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірілді, соның нәтижесінде бұл заң халық арасында кеңінен тарады. Бұл заң ережелері жермен, малмен байланысты материалдық тарап-арыз, қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру және т.б.), әйелдердің жағдайы, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар, кедейлерге көмектесу және т.б. туралы мәселелерді қарады. «Жеті жарғыны» қазақ халқы XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып келді. Ал кейбір заңдар Қазан төңкерісіне дейін қолданылды. Сонымен бірге «Жеті жарғының» өз кезінде қағазға түсірілмегені де белгілі. Кеңестер дәуірінде «Жеті жарғыға» «феодалдық қатынастардың сарқыншығы» деген сипат тағылып, мүлдем зерттелінбеді. Бізге «Жеті жарғы» орыс ғалымдарының жазбалары негізінде белгілі. Алғаш рет орыс ғалымы Г.Спасский жаппас руының старшыны Күбек Шүкіралиевтің мәліметтері негізінде «Жеті жарғының» 11 үзіндісін 1820-шы жылы «Сибирский вестник» баспасөзінің бетінде жариялады. «Жеті жарғының» екінші нұсқасы (34 үзінді) А.Левшиннің зерттеулерінде беріледі.

Қазақстанда конституциялық құрылыс идеялары өз қайнар көзімен ғасырлар бойы жалғасын таба бермек. Олардың қалыптасуына «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты XV-XVIII ғасырлардың заңдар жинағы маңызды рөл атқарғанын білдік.

Конституция ең алғаш АҚШ-та, содан кейін Еуропаның кейбір елдерінде 18- ғасырдың аяғында өмірге келген. Ал Қазақстанда Кеңестер Одағы кезінде 3, ал тәуелсіздік алғалы бері 2 Конституция қабылданды. Яғни, Қазақстанның конституциялық құрылысының тарихында бес Конституция болған, соның ішінде қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция. Қазақстанда Конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдары қабылданды. 1925 жылы 18 ақпандағы ҚазАССР Орталық атқарушы комитеттің қаулысының нақты редакциясымен және 1925 жылғы РСФСР Конституциясының есебімен 1926 жылы Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды.

Алайда 1917-1919 жылдары қолданыста болған Алаш үкіметінің бағдарламалық құжаттарындағы атазандығы кеңестік барлық конституциялардан шынайы ұғымға ие болғандығын айтпайкетуге болмайды.

Алаштың бағдарламасында Ресей демократиялық Федеративті Республика болуы тиіс, сол кезде оның құрамына Қазақстан кірген, әр бөлек мемлекет автономды және біркелкі құқықта өзін-өзі басқарады деп анық тұжырымдалған. Заң шығарушы билікті мемлекеттік дума арқылы жүзеге асыруға жоспарланған, президент институты құрылып жатты. Тегінен, дін тұту және жынысына тәуелсіз, сайлау құқымен барлық азаматтар иелі болатын. Депутаттар сайлауы тура, бірдей және жасырын түрде дауыс беруі арқылы өтуі тиіс. Қазақстанда сол кезде конституциялық құрылыс идеялары пайда болды. Бірақ оларды іске асыруға мүмкіндік болмады. 1920 жылы қабылданған «Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілерінің құқық декларациясы» демократиялық нормалардан әлде қайда алыс болды. Сол құжат әлеуметтік төзімсіздікпен толып, «класстық көзқарасқа» негізделген.

1926 жылы қабылданған бірінші қазақстандық Конституцияда декларациядан ешқандай өзгешілігі болған жоқ. Ол мазмұны және нысанымен РКФСР Конституциясына сәйкес келіп, декларацияның барлық ережелерін енгізген болатын. Қазақстан Кеңес Федерациясының тура субъектісінің мәртебесін алсада, нақты, заңды түрде де тәуелсіздігімен атазандығына ие болған жоқ.

Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамында тең құқықты республика болды. 1937 жылғы 26 наурызда X бүкіл қазақтар құрылтай кеңесінде қабылданған Қазақ ССР Конституциясы 11 бөлім және 125 баптан құралды. Конституцияда азаматтардың негізгі міндеттері мен құқықтары анықталған: еңбектенуге құқылы болу (96 бап), демалысқа құқылы болу (97 бап), кәрілікте еңбекке жарамсыздық және ауруға шалдығу, жағдайында материалдық қамсыздандыру (98 бап), денсаулықты қорғау, сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс, митинг, көше шерулері және демонстрациялардың кепілдіктері, адамның жеке басына, баспанасына қол сұғылмаушылық, азаматтардың хат жазуына, шетелдік азаматтардың бас сауғалау құқығы. 1978 жылғы 20 ақпанда республиканың Жоғарғы Кеңесі шақырған кезектен тыс VII сессияда қабылданған Қазақ ССР Конституциясы преамбуладан, 10 тарау, 19 бөлім, 173 баптан тұрады. Соған сәйкес барлық билік халыққа тиесілі, онда халық жұмысшылар, шаруалар және еңбек интеллигенцияларының кластарына бөлінген. Билік және басқару органдарының үстінен Қазақ

ССР Коммунистік партиясы қойылды (6 бап). 1990 жылдардың басында Қазақ ССР-нде, содан кейін Қазақстанда бірнеше заң қабылданды.

Қазақстанның тәуелсіздігіне Алматы қаласындағы 1986 жылғы желтоқсандық оқиғалар алғашқы негізін жасады. 1985 жылы жарияланған жариялық халықтар арасында өз тарихына, өз дәстүріне сыйластық сезімін оятты. Адамдарда үлкен бір еуразиялық континентте бірге тұрып жатқан халықтар мен ұлыстарды иесіздіктен ажыратуға қарсы наразылық тудырды. 1986 жылғы желтоқсандық оқиғалар Қазақстан тарихында тәуелсіздік мемлекет құрудың басы, халық тағдырының бұрылыс кезеңі болды.

Қазақстанның өз мемлекеттік егемендігін нақты жүзеге асыруы Республикалық Жоғары Кеңесімен 1990 жылы 25 қазанда қабылданған тарихи үлкен маңыздылығы бар құжаты - Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясынан басталады.

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның тарихи маңызы республиканың мемлекеттік егемендігіне нақты мазмұнын бергені, көп ғасырлық тарихы, мәдениеті мен қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық дәстүрлері бар Қазақстанның өз мемлекеттігін белгіледі. Декларация Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетінің мәртебесін іске асырған елдің жаңа Конституциясы мен басқа да заңнамалық кесімдер әзірлеуге негіз болды.

1991 жылы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды, 1993 жылғы Қазақстан Конституцияны және қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Ата заңды қабылдауымен тәуелсіздік мемлекет ретінде біздің еліміздің конституциялық ресімдеуінің қалыптасуы аяқталды.

Қолданыстағы ҚР Конституциясы республикалық референдумда көрсеткен халықтың еркін білдіруі. Халық өз еркімен елді бірыңғай, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

1995 жылғы Конституцияны қабылданғаннан бастап елдің жаңа даму кезеңі басталды.

Біздің Конституция әлемдік қоғамдастықпен нарықтық экономикасын, азаматтық қоғамының барлық институттарын бекіту негізінде ел дамуының демократиялық жолын қамтамасыз ететін құжат ретінде бағаланды.

Конституция қолданыста болып, әр дәрежеде әлеуметтік қарым-қатынастар тізбегінің барлық заңды мәнісін қамтиды: «жеке тұлға – отбасы – меншік қатынастары – халық - егемендік – халықаралық құқықтық тәртіп».

Сонымен, Елбасы «Қазақстандық жол» атты кітабында: «1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек», — деген болатын. Барлық заңдар тек қана Ата заңға сүйеніп қабылданады. Бұл заңға болашақта жетілдірудер енгізілуі мүмкін, бірақ бүгінгі күні Конституция – қоғамда туындайтын талаптарға сай және болашаққа бағдарланған Ата заң болып табылады.

Қортындылай келе, мемлекеттік қызметінің сапасын көтеруге, азаматтық қоғаммен мемлекет арасындағы өзара ықпалдастығын нығайту, халықтың әлеуметтік және құқықтық қорғалуына бағытталған Қазақстандағы жүргізіліп жатқан реформалар қоғамдағы ішкі тұрақтылық пен келісімді сақтайды, бұған біздің Конституциямыз толық мүмкіндік туғызады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. “Атамұра” баспасы. Алматы, 1996 ж.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. I-том Алматы, 1996.
3. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы, 2000.
4. Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті жарғы Алматы, «Санат», 1994.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2007 .
6. Гаппар Маймақов. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы “Ғылым”, 2000.
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, 1992.
8. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы оның идеялық бірлігінде. Алматы , 1993.

*Орынтай Санжар Амангелдіұлы, Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі, Атырау қаласы
1 курс, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
Доцанова Қалығыз, мұғалім, химия және биология пәндерінің оқытушысы*

МЕН МҰНАЙЛЫ ДАЛАНЫҢ ПЕРЗЕНТІМІН

Атырау-не бір даңқты адамдар дүние есігін ашқан өлке. Қазақтың тұңғыш батыр ұшқыш қызы Хиуаз Доспанова, жазушы, қазақтың ерке қызы Фариза ақынның кіндігі тамған жер. Сонымен қатар 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлының туған жері. Мен өзім ежелден ерлік пен елдіктің нышаны болған Мұрат Мөңкеұлы, Ғабдол Сланов, алаш қозғалысының қайраткерлері Халел Досмұхамедов пен Жаһанша Досмұхамедов дүние есігін ашқан Қызылқоға ауданынан боламын. Сонымен қатар біздің ауданда әулие Мәтен қожаның зираты орналасқан, ол осыдан 250-300 жыл бұрын қазақ даласына Сауд Арабиясы елінен ислам дінін тарату үшін келген деседі. Даңқты мұнайшылар, қазақ мұнайына өз үлестерін қосқан Саламат Мұқашев пен Сафи Өтебаевта Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Осы аталарымыздың арқасында мұнай өндіру Батыс Қазақстан жерінде қарқынды дамыды. Атырау облысы шұрайлы болмаса да, мұнайға бай өлке. Қазақ экономикасының қуаты-әзірге мұнай болып отырғаны бәрімізге белгілі. Қара алтын саналған мұнай Қазақстанның Батыс өңірлерінде соның ішінде Атырау облысында кең тараған. Оған мысал бола алады республика бойынша мұнайдың 40 пайызы Атырау облысынан шығады. Осы мұнайдың есебінен Қазақстан елі күн көріп отыр. Бүкіл Қазақ елін асырап отырған мұнайлы мекеннің тұрмысы түзеу, бірақ мұңы да жоқ емес, басты мәселе шаһардың экологиясы болып тұр. Атырау қаласы-Республика үшін ең маңызды, қымбат қала, қазіргі Қазақстанды Атыраусыз елестету ауыр және қиын. Мұнайдан түскен қаржы республикалық бюджетке құйылады. Астана қаласын тұрғызуға батыс өңірлері көп көмектесті және сол өлкелерден шығатын қазба-байлық арқылы Қазақстанның басқа-да қалалары көркейіп, дамыды. Нұр-Сұлтан қаласының 20 жылдығы қарсаңында Есіл өзенінен өтетін көпірді Атырау облысы сиға тартқан болатын және ол “Атырау көпірі” деп аталды. Көпірдің жалпы құны 6 миллиард теңге болды. Бұл мұнайлы өлкенің Елордаға сыйлаған алғашқы тартуы емес.



Мен мақтанамын мұнайлы өлкенің перзенті екенімді,бірақ кұр мақтаныш неге керек,мені қынжылтаны мұнайлы шаһардың байлығын өзіне жұмсамайтыны.Атырау қаласы қанша жерден қара алтынға бай болса да,қалада көптеген мәдени орындар,сауда-ойын орталықтары аз,Атырау қаласында арабтардан көп мұнай өндіріледі енді арабтардың қаласы Дубаймен салыстырыңыз арасы жермен көктей.Әттең қазақ елінде жемқорлық болмай,бөлінген қаржы толығымен жұмсалса және әр облыстан шығатын қазба-байлық өз облыстырына жұмсалса қазіргі Атырау мен Қазақстанның келбеті басқаша болар еді.Мүмкін кім білер арабтардан асып түсер едік.Бәрі де ештеңе емес сіз Атырау облысының жолдарын көрсеңіз,ойыңызға мынадай сұрақ келері анықмынау шыныменде мұнайлы шаһарма?деген.Атыраудың жолының жағдайын мына видеодан-ақ аңғаруға болады:

<https://youtu.be/jTzIUoCtLN8>

*Оспан Жанат, ғылыми жетекшісі – Сербурина Н.А.
М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі, Семей қаласы*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН МЕНГЕРТУ

КІРІСПЕ

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға қадам басып, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерістерге толы өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін қос тілді болып қана қолмай, сонымен қатар көп тілді болуын басты қажеттіліктерге айналдыру.

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

- жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылыстарын арттыру.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Әрбір елдің қуатты күші байлығы эканомикалық даму деңгейі мен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өресімен де айқындалады. Ал мәдени өре, рухани талғам деген сол халықтың ақыл- ойының көрінісі- тілге тікелей тәуелді екені бізге белгілі.

Тіл- елтану мағлұматтарының қайнар көзі, өйткені белгілі бір елдің табиғат жағдайы, географиялық орны, қоғамдық идеологиясы, халық шаруашылығының деңгейімен мамандануы,

тарихи даму барысы, әлеуметтік құрылыс сипаты, ғылым мен өнердің даму деңгейі, қоғамдық ой- сана бағыты- яғни елдің өміріне тән барлық ерекшеліктер сол халықтың тілінде өз көрінісін табады.

Белгілі бір тілді меңгеру үшін лексиканы оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Адам қай тілде сөйлегісі келсе де, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын түсінбейді. Демек, адам сөйлесу, пікірлесу үшін тілдік олданысқа құралдарды үйренбесе тілдік қатынаста жүзеге аспайды. Өйткені адам сөйлей білу үшін айтайын деген ұғымға қатысты сөздерді және сол сөздерді дұрыс жұмсаудың амалдарын меңгеруі керек.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы:

Қай тіл болмасын оны оқып, меңгеру сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле алады. Ал тілдік осындай қырланын лексика саласы арқылы меңгертудің маңызы зор.

- оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу, жазылу нормасын саналы түсінеді;
- әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізеді;
- қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлілігін түсінуге дағды алады;
- лексиканы оқытудағы мұндай талаптар жастарды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері: жүйелеу, талдау, зерттеу жұмысы.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XXI ғасыр талабы- көптілділік. Қазақ тілін оқытуда лексика саласының маңызы

Қазіргі заманның талабы - көптілділік. Адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі- бәрі де тіл арқылы жетіледі. Жаһандық экономикаға ғылым, білім, медицина, озық технология саласындағы т.б. қатынастарға белсене қатысу үшін әлемдік тілдердің біріне иек артуы қажеттілікке айналды. Әр адамның сөздік қоры бай болуы үшін тілін, ой-өрісін жан-жақты дамытуы керек. Сол себепті болашақ ұрпағымызға үштілділікті қажетті деп ұғындыру - ұстаздың ең басты міндеті болып саналады. «Тіл бірдің- тілегі бір», «Тіл тағдыры- ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше, жас ұрпақтың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз.

Әрине, әр көтерілген мәселенің оң және теріс жағы болады, әр тұлғаның өзіндік жеке пікірі болады, бірақ анау айтты, мынау айтты деген негізсіз, дәлелсіз күдіктен арылып, бой көтеріп отырған мәселенің маңыздылығының қаншалықты қажет дәрежеде екенін айқындап, нақты зерттеп алғанымыз жөн сияқты. Егер біз, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе- тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ. Қазақ тілінің конституциялық мәртебе алса да, басқару, ақпарат, ғылым-білім саласы тәрізді әлеуметтік беделі аса жоғары міндеттерді атқару мемлекеттік тілдің еншісіне толық тимей отыр. Қазақ тілінің басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы үш тағаны түгенделмей, қоғам әлемінің қауымдастық алдындағы беделі көтерілмейді. Сондықтан болашақ қазақ тілі маманы болғандықтан, лексиканы оқыту мәселесін қарастырдым.

Әдіскер-ғалым А. Айғабылов лексиканы оқытудың маңызын былайша дәйектейді: "Ана тілінде сөйлей білген адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле береді деуге болмайды. Сондықтан лексиканы оқытудың практикалық маңызы зор. Оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу (орфоэпиялық), жазылу (орфографиялық) нормасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлілігін түсінуге дағды алады. Лексиканы оқытудағы мұндай талаптар жастарды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге

тәрбиелеу мақсатын қояды. Өйткені тіл заңдылықтарын, ережелер мен анықтамаларды үйрете отырып, тілдік фактіні меңгерту бар. Сондай-ақ, оның күнделікті қатынас құралы ретінде қажет болатын қыр-сырын түсіндіру керек". Демек лексиканы практикалық жолмен оқытумен қатар оның қыр-сырын, пайдалы жақтарын, қол жеткізетін жетістіктерін түсіндіруді мақсат қылуымыз керек.

Лексикалық ұғымдарды меңгертіп, оқушының білім дағдысын қалыптастыруда лексикалық талдаудың рөлі зор. Бұл жұмыс түрі арқылы оқушы жеке сөздердің мағыналарын жете, жақсы түсініп мәтінде олардың орынды қолданылып тұрғандығын байқайды. Өзі өмір сүріп отырған қоғам мен ана тілінің, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуде оқушыға тілдегі сөздердің мағынасы мен мәнін меңгертудің маңызы зор. Халықтың рухани мәдениеті мен салт-дәстүрін, халық педагогикасын сана-сезімдеріне сіңіруде де тілдің сөздік қоры мен сөздік құрамын практикалық жолмен үйретудің мәні айрықша. Қазақ лексикологиясын практикалық жолмен меңгеру арқылы оқушы тілдің не бір терең қабаттарындағы тылсым қырларын меңгеруге мүмкіндік алады. Сөз мағынасындағы түрлі мағыналық реңктерді меңгерген оқушының сөйлеу мәдениеті де жоғары болмақ.

Лексика бойынша берілетін білімнің мүмкіндік деңгейлері мынадай:

- лексикалық терминдерді дұрыс қолдану, лексиканың тіл білімі салаларымен байланысын, орнын ажырата алу
- ауыспалы мағыналы сөздерді дұрыс қолданып, олардың өзара қарым-қатынасын тани білу;
- синоним, антоним, омоним сөздердің ерекшеліктерін, өзара байланыстылығын түсіну, сөздерді мағыналық сипаттарына қарай ажыратып, топтай білу;
- синоним сөздердің эмоциялық-экспрессивтік мәнін ажыратып, олардың қолданыстағы орнына қарай синонимдес, антонимдес сыңараларын да ажырата білу;
- сөздік құрам тармақтарының өсу, толығу жолдарын саралап, тілдің қоғамдық-әлеуметтік сипатын тани білу;

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөздік қорды байыту мақсатын шешуде, біріншіден оқушылардың меңгерген сөзі, сөз байлығы қаншалықты дәрежеде екендігін, екіншіден оқушыда сөз байлығының, қорының аз болу себебін, өзіндік ерекшеліктерін, үшіншіден сөздік қорын байыту мен дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді алдын-ала анықтап, белгілеу керек.

Лексикалық білім беру арқылы балалар сөздігінде мына сияқты жолдармен байытуға болады: қоршаған ортаны байқату, аңғарту, сыныпта және сыныптан тыс оқу, ересектермен қарым-қатынас, грамматикамен емлені үйрету, арнаулы тілдік жаттығулар жүргізу т.б. Осылайша осы жұмыстар мен жаттығуларды орындаған оқушы өз ана тілінің заңдылықтарын, ерекшеліктерін, күнделікті қатынас құралы ретінде қажет болатын қыр-сырын толыққанды меңгереді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің лексикологиясы. А. Айғабылов. Алматы. 2013
2. Тілдік қатынастар негізі. Б. Хасанов, 2006ж
3. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Жолдауы. «Қазақстан- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»
4. К. Аханов. Қазақ лексикасының мәселелері. Алматы. 1999

*РАХИМЖАНОВ АЗАМАТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ ТАРИХ ПӘНІНІҢ ОҚЫТУШЫСЫ.
ЖОҒАРЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ, КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ.*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ТОЛЕРАНТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ – ОҚЫТУШЫНЫҢ БАСТЫ БОРЫШЫ.

Адам баласы өз ұрпағын Отанын сүюге, өз елі мен жерін құрметтеуге үйретуі адамзат қоғамымен жасасып келе жатқан тарихи процесс екені белгілі. Біздің халық, тіпті жазу мен сызуды білмеген, мәдениеті мешеу дәуірдің өзінде ұрпағын отаншылдыққа тәрбиелеу отбасы мен тайпа мүшелерінің ортақ ісі болған.

Дала тұрғындары өздерінің үлкен тарихында жас ұрпаққа саяси-патриоттық тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін туғызды. Олар өздерінің өмір сүрген ортақ әлеуметтік-экономикалық, мәдениеті мен тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің басқа жұртта қайталанбайтын талап-тілектерін дүниеге әкелді. Жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеудің жалпыға ортақ моральдық-психологиялық нормасы белгіленіп, дала тұрғындарына биік талап қойылды. Олардың ең бастылары – атамекенді, ел намысын қорғаудағы ержүректілік, жаудан беті қайпау, ата-тегін жадында, отаншылдық.

Кез келген көшпенді әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналады. Осыдан келе әрбір қазақ баласы өз халқын шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болған батырларды біліп, жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тәрбиелеп өскен.

Қазақ халқының бұрынғы дәстүрлі қоғамнан калған тарихи-рухани мұралардағы басты мәселе – қоғамның жағдайы адамның өзіне байланысты қарастырылған. Олай болса, бүгінгі Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәелсіздінің нығаюы мен дамуының объективті шарттарының бірі – патриотизм. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тың идеялары Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім қазағым» жинағында «Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды...» және «біз Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексыз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елінің тарихын құрмет тұту, бостандығы мен құқын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулыққа баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау» деп атап көрсетілген.

Ал мемлекеттік «Білім» бағдарламасының «Тәрбие жүйесін жетілдіру» бөлімінде «Мақсаты – Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру», деп айтылды.

Қазақстандық отаншылдықтың тарихы негізі бар: бірқатар түркі тілдес халықтар қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр т.б ежелден Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендесе, славян тілдес халықтар түрлі тарихи себептерге байланысты жерімізді мекендейді. Осындай ой түйіндей отырып, жердің де, елдің де түп негізі – қазақ халқы екендігіне студентердің көзін жеткізу ата-аналар мен әрбір шығармашыл ұстаздың міндеті. Қазақ халқы ұлттар арасындағы ынтымақтастыққа ерекше мән беріп отыруы тиіс, сонда ғана елімізде тыныштық, береке бірлік сақталады.

Ал болашақта қазақ халқының өркениетті идеологиясы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы берік орнығуы тиіс.

Қазақ халқы қазіргі жағдайда өзінің тәуелсіз мемлекетінде өмір сүре отырып, ұлттық қасиетінің негізі – тілін, дінін салт-дәстүрін дамытуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу, әрбір адамның өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру», деп жазған.

Көпұлтты Қазақстан халқы үшін отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтың негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух – қазақ елінің лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазақ тарихын зертеуші ғалым Ш.Уалиханов отансүйгіштік сезімінің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін» - деген еді.

«Патриотизм, дейді ұлтымыздың батыры Б. Момышұлы, - Отанға, мемлекетке деген сүйспешілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді».

С.Қалиев халықтық педагогика мен ғылыми педагогиканың қағидаларын салыстыра келе өзінің «Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты еңбегінде халықтық педагогикалық қағидаларын ұсынады. Олар:

— Келер ұрпақтың ақылды, арлы, намысқой, өміршең азамат болуын тілеуі.

- Баланы жастайынан еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу.
- Тән сұлулығы мен жан сұлулығын қатар қалыптастыру.
- Адамгершілік, ар-ождан, кішіпейіл, қайырымдылық пен ізгілікті арқау ету.

«Қазақстан-2050» жолдуында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, тәуелсіздігі мен егемендігін танытатын мемлекетіміздің ұзақ уақытты дамуын анықтады. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен азаматтылық» оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып табылады.

Көпұлтты Қазақстан жағдайында ұлттың патриоттық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке-бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор.

Осыған байланысты студентерді отансүйгіштікке, ерлікке, адамдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу қажет.

Тарих сабағында студентердің дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді, халықтар достастығын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиеленумен қатар қарт ұрпақтың еңбек және жауапкерлік дәстүріне, туған жерін сүйуге тәрбиеленеді.

Қазақстан Республикасының келешегі алда, болашақта дамыған гүлденген өркениетті елдер қатарына қосылады, мұны жүзеге асыратын Қазақстанның қазіргі жас азаматтары.

Қазақстанға жан-жақты білімді, осы республикадағы барлық халықтың тілін, тарихын, әдет-ғұрпын сыйлайтын, осы ел үшін, оның халықтарының бақытты келешегі үшін бар білімі мен күш жігерін аянбай жұмсайтын нағыз отаншыл азаматтар керек.

Жас азаматтарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ұстаздар алдына үлкен міндеттер жүктейді. Тарих сабағында халықтық педагогика қағидаларын ұстана отырып, оқушылардың өз елі мен жерін сүйуге баулу жүзеге асады.

Бүгінгі таңда халықтық педагогика негізінде оқушыларды тәрбиелеу мүмкіндіктеріне жол ашылуда, этнопедагогиканың қағидалары оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдаланудың жолдары ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ашып көрсетілуде.

Тарих сабағында Қазақстандық патриоттық сезімді оқушы бойында қалыптастырудың жолдары төмендегіндей:

- Халықтардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- Халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің орталығына назар аудару;
- Көрнекті қайраткерлердің, қарапайым халық өкілдерінің тарихтағы және алдындағы еңбегін көрсету;
- Ұлттық мәдени-тарихи құндылықтарымызды оқушылар бойына сіңіру;
- Тұған өлке материалдарын тиімді пайдалану;

Сондықтан тарихшы ұстазға отансүйгіштік, жауынгерлік дәстүрлерге байланысты тәрбие және оқыту жұмысында шығармашылық ізденіс, іскерлік, тиімді әдіс-тәсіл қолдану қажет.

Тұған ел тарихы – халықтың рухани санасын, ұлттық намысын оятатын бұлақ көзі. Төл тарихымыз мектептен бастап, жоғарғы оқу орындарының барлық мамандықтарда оқылуы игі іс. Қазақстан тарихын оқытуда көркем тарихи әдебиеттерді сабаққа пайдалану – студентердің білімінің тарихи ұғымының жүйелілігіне әсер етеді, ақыл-ойын, танымын, сезімін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақ жерінің ұлан байтақ кеңдігі мен жомарттығын сипаттап, артықшылықтарын студенттерге сезіндіре біліміз керек. Әрбір сабақта картадан жорық жолдары мен негізгі шайқас орындары көрсетіліп отырылуы тиіс.

Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Оның негізі имандылық пен ізгілікте. Сондықтан қазақ халқының жастарды баулыған кішіпейілділік, қарапайымдылық, толеранттылық пен достық тәрбиесін де естен шығармауымыз керек. Шын мәнінде адамгершілік, адамсүйгіштік, ізеттілік, толеранттылық, патриоттық қасиет алдымен ұстаз бойынан табылуы тиіс.

- Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. — 5-т. — Алматы: Қазақ энцикл., 1998. — 168-б.
[15:07, 20.05.2021] Алия Жумабековна: Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. — 10 қаңтар. — 1998. — 25-б.
- Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат. — 2000. — №89. — 8-б.
- Есенғараев Е.Ж. Плурализм и патриотизм // Индустриальная Караганда. — 2002. — № 183–185. — 25 окт.
- Белинский В.Г. Избранные педагогические сочинения. — М.: Педагогика, 1982. — 287 с.
- Чернышевский Н.Г. Полное собрание сочинений: В 15 т. Т. I–XVI. — М.: Госполитиздат, 1939–1953. — 575 с.
- Добролюбов Н.А. Избранные педагогические сочинения / АПН СССР. — М.: Педагогика, 1986. — С.
- Шевченко Т.Г. Собрание сочинений: В пяти томах // Под ред. М. Рыльского и Н. Ушакова. — М.: Гослитиздат, 1948–1949. — С.
- Ленин В.И. Полное собрание сочинений. — Т. 37. — М.: Госполитиздат, 1965–1975. — 738...

*Сағындық Теларыс Батырұлы-1 курс, Аиуб-20 - тобы,
Саламат Мұқашев атындағы
Атырау политехникалық жоғары колледжі
Жетекшісі: Матаева Гульбарам Мантубетовна - Саламат Мұқашев атындағы
Атырау политехникалық жоғары колледжінің информатика пәнінің оқытушысы*

Қазақстандағы сандық технологиялардың технологиялардың дамуы

Сандық технологиялардың біздің қоғамға берер артықшылықтары көп. Біріншіден, сандық технологияларды мемлекеттік органдардың қызметіне енгізсек, ол мемлекеттік органға тиімді болатыны және қызмет көрсету деңгейі жоғарлайтыны сөзсіз. Екіншіден, қарапайым тұрғындардың сандық технологияларды меңгеруі дамыған сайын қажетті ақпаратқа қол жеткізу және үкіметпен байланыс орнату барысында елеулі ілгерілеушілік пайда болады. Үшіншіден, ақпаратты алмасу мен сақтауда алға басарымызға да күмән жоқ.

Ақпараттық технологиялар немесе қысқаша айтқанда ІТ (*ағылшын тілінде - Information technology*) саласы мен цифрлы технологияларды дамыту қажеттігін Елбасы өзінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа арнаған жолдауында баяндаған болатын.

Мықты денсаулық, жақсы жұмыс, қамсыз тірлік, өмір сүруге қолайлы жағдайлар – бұл тізім ұзыннан-ұзақ жалғасуға бар, және жеке басымдықтарға байланысты қажетті аспектілермен толықтырылуы да мүмкін. Әйтсе де, мұндай қоғамның ажырамас бөлшегі мемлекет болып табылады. Азаматтарының қамын ойлайтын мемлекет. Әрбір азаматтың әлеуетін мейлінше жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын мемлекет. Азаматтардың заңды құқығының қорғалуы мен сақталуына кепілдік беретін мемлекет. Азаматтардың мұқтаждығы мен қажеттіліктеріне бағдарланған мемлекет. Арадағы өзара әрекеттестік қарапайым, ұғынықты және қолжетімді болатын, адамдар үшін құрылған мемлекет.

Қазақстандағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуы кем дегенде соңғы екі пікірдің жүзеге асуына кепілдік бере алады. Дәл осы азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электрондық үкімет тұжырымдамасы әзірленді.

Электрондық үкімет құру ісі билік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қолжетімді ету үшін қажет болды. Бұрындары әрбір мемлекеттік орган өзбетінше «оқшау өмірсүріп», басқаларымен байланысқа түсе қоймайтын, ал азаматтардың алуан түрлі анықтама, растамасекілді өзге де қағаздарды жинау үшін толып жатқан инстанциялардан өтуіне тура келетін. Осының барлығы бір ғана қызмет түрін пайдалану үшін толып жатқан мекемелертабалдырығын тоздыруға мәжбүрлейтін.

Бүгінде электрондық үкімет жобаларының арқасында ол заманкелмеске кетті.

Электрондық үкімет –

ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ,

мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі.

Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларына луды жеңілдетуге әрі жылдам датуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.

Басқаша айтқанда,

электрондық үкімет деп лицензияны рәсімдеу үшін [ЖСН](#) ғана керек болатын (басқа ақпараттың бәрі дағдылы сұранымдар арқылы алынады), коммуналдық қызмет ақылары мен айыппұлдарды онлайн жүйесінде төлеуге болатын, анықтама алу үшін [ХҚКО-да](#) жеке куәлік қанаталап етілетін, бизнесіңізді өзбетіңіз шетіркеуге, немесе [электрондық үкімет порталында](#) небәрі 10-15 минут ішінде анықтама алуға, күн-түндемей,

кез келген уақытта [баланың балабақшаға кезегін көруге](#), [мекенжай анықтамасын](#) ұялы телефонға алдыртуға болатын және осы секілді басқа да көптеген жағдайларды айтамыз.

Электрондық үкімет порталының мүмкіндіктерін қолдану үшін

- [e.gov.kz](#) – «Электрондық үкімет» порталын дәтіркелу қажет,
- электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу қажет

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) дегеніміз не?

ЭЦҚ – электрондық құжатқа қолы қойылып, мөр ібасылған қағаз тасығыштағы құжатпен теңзандық үшін пайдаланылатын да мның өз қолтаңбасының аналогы. ЭЦҚ электрондық құжаттың реквизиті болып саналады, ол электрондық тіркелу куәлігін және ЭЦҚ жабық кілтін пайдалану арқылы ақпаратты криптографиялық түрлендірудің нәтижесінде алынады.

Қарапайым тілмен айтқанда,

ЭЦҚ-ны пайдалану

өз қолымызбен қойылатын қолтаңбаны толыққұнды ауыстыру.

Электрондық цифрлық қолтаңбаны қалай алуға болады?

ЭЦҚ-ны екі тәсілмен алуға болады:

- ЭЦҚ жаңа үлгідегі жеке куәліктің чипіне жазу арқылы. Бұл үшін жақын маңында орналасқан ХҚКО барып, жеке куәлікті көрсетіңіз. Жеке куәлікке жазылған ЭЦҚ тек арнаулы карт-ридер болған кезде ғана жұмыс жасауға болады. Карт-ридер – бұл әртүрлі компьютерлерден ЭЦҚ құжаттарына қол қоюға және сол қолтаңба файлының сақталуы үшін алаңдамауға мүмкіндік беретін құрылғы.
- ЭЦҚ алу бөліміне өтінім беріп, ЭЦҚ-ны электрондық үкімет порталы арқылы алуға болады. Толтырылған деректерден кейін автоматты түрде іемденген нөмірімен толтырылған өтініш үлгісі құрылады. Бұл өтінішті шығарып және күнтізбелік 30 күн ішінде ХҚКО ұсыну керек. ЭЦҚ 16 жастан бастап беріледі. Қолданыс мерзімі 1 жыл.

Демек,

«Цифрлы Қазақстан»

мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Қазақстанның өлемнің неғұрлым бәсекеlestікке қабілетті 30 елдеріне кіруі бойынша мақсат қажетті факторы болуы тиіс.

Жолдауға сәйкес елімізде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылуы белгіленді. Ақпараттық технологиялар жедел дамып бара жатқан мына заманда ІТ сала-

сын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын болады. Себебі, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әлауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. *Н. Байтілесов*

Әскери сот әкімшісінің басшысы

<http://qaz.infozakon.kz/courts/5372-cifrl-tehnologiyalardy-oama-berer-artyshylytary-kp.html>

2. *Әліби Баяхов*

Қазақстанинновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің ректоры

<https://zhaikpress.kz/kk/news/cifrl-yk-texnologiya-damudyn-dangyly/>

*Сайын Ақниет Жоламанқызы, Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі,
Атырау қаласы, 3-курс, Құқықтану мамандығы
Шайдоллаева Айсулу Нургабыловна, 2-санатты Құқықтану мамандығының
арнайы пән оқытушысы*

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НАРЫҚҚА КӨШУІ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтың зор мүмкіндіктерін әлі де болса толыққанды жүзеге асыра алмай келеміз. Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды. Сапалық тұрғыдан мүлде жаңа ұлттық индустрияны дамыту үшін жаңғыртылған заңнамалық негіз қажет. Өнеркәсіпті реттеу және оған қолдау көрсету мәселелері түрлі заңнамалық актілерде көрініс тапқан. Бірақ, ортақ мақсат көрсетілмеген, жүзеге асырылатын саясат пен шаралардың арасында өзара байланыс жоқ. Сондай-ақ, жекелеген секторларды немесе салаларды реттейтін көптеген заң бар. Мысалы, «Электр энергетикасы туралы» заң, «Көлік туралы» заң. Өңдеу өнеркәсібін дамытудың қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін белгілейтін «Өнеркәсіп саясаты туралы» бірізді заң жыл соңына дейін әзірленуге тиіс. Өнеркәсіпке қолдау көрсетудің нақты шараларын да жетілдіру керек. Бізде жүйелі әрі біртұтас ұстаным жоқ. Соның салдарынан сансыз көп жобаға қаражатты ысырап етіп отырмыз.

Бұл ел президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылы халыққа жолдаған жолдауынан үзінді болатын. Әрбір жолдауда ел экономикасына басты назар салады. Тек қолдан келетіні, әрекет ету. Жолдаудағы әрбір қағидалар тиянақты түрде орындалса, экономиканың дамуы да қарқынды түрде болмақ.

Қорыта келгенде, 30 жыл ішінде елімізде жүргізілген біршама экономикалық шаралар өз нәтижесін беріп, қарқынды түрде даму үстіндеміз. Енді өткен қалеліктердің кемшілігін түзеп, дамыған 30 елдердің қатарына қосылу үшін дамыған мемлекеттер жүріп өткен жолдарды зерделеп, ұлттық экономикаға тиімді жағын саралап және соған жету үшін рыноктық қатынастардың заңдылықтарын, қызмет ету механизмін зерделеп оларды ұлттық экономика дамуына қолдана білсек, бұл біздің дамып келе жатқан еліміз үшін аса маңызды болып табылады.

Еліміздің рыноктық экономикаға өтуіне байланысты рынок құрылымдары күрделене түсті. Олардың ішінде ұлттық экономикамызды атап өтетін болсақ, соңғы он төрт жылда экономиканы жекешелендіру толық қанды жүргізілді, соның нәтижесінде рынокта қызмет ететін кәсіпкерлік қызмет даму үстінде және экономиканың тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз ететін шағын

бизнесінің дамуы да жаман емес. Сонымен қатар, елімізде бүгінгі таңда қаржы рыногы өте жақсы дамып, ол ТМД елдері арасында ең жақсы қалыптасқан және қызмет етіп отырған қаржы рыногы болып табылады.

Еліміз экономикасында ауыл шаруашылығын дамыту, оларды қолдау жұмыстары, еңбек рыногының қызметі, бағалы қағаздар рыногы, қор рыноктары тиімді даму үстінде. Сондай-ақ ұлттық экономиканың тұрақты дамуына және еліміздің әлем таныған дамыған елдер санатына қосылуына ең басты қажетті саясат ұлттық шаруашылық құрылымының тиімділігін арттыру болып саналады.

Экономиканың басты қуаты болып табылатын өнеркәсіпті қайта және жанама индустрияландыру қазіргі заман талабы болып отыр. Себебі, өнеркәсіп кез-келген мемлекеттің экономикасының негізін құрайды десек, оны жоғары деңгейге көтеру үшін инновациялық-инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету бәсекеге қабілетті тауар өндіруге мүмкіндік берері сөзсіз.

Сонда ғана экономикамыз қарқынды түрде дамып, нарықтағы дамыған елдермен тереземіз теңесері анық. Шикізат күйінде беріп, дайын өнімді 2 есе қымбат бағамен ала бергеніміз, еліміз үшін тек зиян келтіреді. Қазіргі таңда, экономика саласына нақты жанашыр білімді мамандарды дайындайтын болсақ еліміздің ертеңі де жарқын болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.primeminister.kz/kz/address/01092020>
2. Интернет материалдары

*Сансызбайұлы Ернұр 209 АС студенті
Медиев Нұрдаулетарнайы пән оқытушысы
Айтказиева Гүлшат арнайы пән оқытушысы
Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі*

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТЫ

**«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына
айналуы тиіс.»Н.Ә.Назарбаев**

Кілт сөздер: цифрлы технология, цифрлық экономика, экономиканы цифрландыру.

Ключевые слова: цифровая технология, цифровая экономика, цифровизация экономики.

Keywords: digital technology, digital economy, digitalization of the economy.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Экономикамыздың әр саласы әлемдік өсімінің лайықты деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді. Цифрлы технология – қысқа уақыт аралығынд көптеген түрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін кодтау және ақпаратты беру әдістеріне негізделген дискретті жүйе.

Қазіргі таңда еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты мәселелерінің бірі. Осы бағытта атқарылып жатқан белсенді жұмыстардың алғашқы бағыттарының бірі білім беру жүйесіндегі жаңа серпілістер. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде білім беруді басқару жүйесі білім алушылардың есебі мен қозғалысын, білім беру ұйымдарын ресурстармен қамтамасыз етуді, білім беру ұйымдарының қызметін бақылауды жоспарлау мен жүргізуді көздейді.

Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туып отыр. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыруға, сондай-ақ, білім мен ақпарат алмасу ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты - студенттердің материалдары толық меңгеруі үшін мүмкіндік беру. Осы мақсатқа жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты оқу бағдарламалары қолданылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде компьютер студент үшін оқу құралы, ал оқытушы үшін жұмысшы болып табылады. Оқытушының және студенттің алдына қойған мақсатына жету үшін және оның нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдармен толық түрде қамтамасыз етілуі керек.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандары даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Сондықтан, бүгінгі таңда заманауи, техникалық үдерістен қалыс қалмауға, білікті мамандары даярлау үшін оқытушының компьютерлік технологияларды меңгеруі, компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, смартфондар және АКТ- н сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолдану, оқыту процесінің сапасы мен тиімділігін арттырады. Әр оқытушының, қызметкердің, көптеген сандық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты тиімді және сыни іріктеп, талдап және құра білуі, сонымен қатар сол технологиялардың құрамдас бөліктері мен функцияларын білуі, яғни ақпараттық сауаттылығын дамыту – заманауи талаптардың бірі болып табылады. Цифрлық оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді болады.

Білім беру жүйесін цифрландыру – бұл жаңа технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді, сонымен қатар студенттердің интеллектуалдық іскерліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта көптеген әлем елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басым бағыттарының бірі болып табылады. Әлемдік жетекші сарапшылардың болжамдарына сәйкес, 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың төрттен бір бөлігі цифрлық болмақ және мемлекетке, бизнеске және қоғамға тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологияларын енгізу ауқымды және динамикалық үдеріске айналып келеді.

Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, оқыту процесіне түрлі ақпараттық технологияны ендіру қажеттілігі артуда. Ақпараттық технологияның түрлеріне интернет желісін, телекоммуникацияның түрлерін ,E-mail, Web-форумдар, электронды конференциялар, чатконференциялар және пайдалану жатады. Оқыту үрдісін ақпараттық технологиямен қамтамасыз ету жағдайларының өзгеруі оқулықтардың дамуының жаңа кезеңіне электронды оқулықтардың пайда болуына алып келді. Электрондық оқулықтың ерекшелігі - моделділікке сәйкестігі, жоғары мобильділігі мен оқуға, үйренуге икемділігі. Қазіргі уақытта электронды оқулық - оқытушы мен студенттің бірлескен іс- әрекетін ізгілендіру құралы деп танылуда. Электрондық оқулықты пайдаланудың маңызын атап көрсетсек:

- теориялық материалдарды өз бетімен оқып-үйренуге, зерттеуге мүмкіндік беруі;
- сабақты иллюстрациялық материалдар ретінде жабдықтауда көмектесуі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі,
- шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік беруі;
- емтиханға дайындық кезеңдерінде пайдалануға болатыны.

Ақпараттық компьютерлі технологияларды қолдану: оқыту үдерісінің аясын кеңейтеді, оның практикалық бағыттылығына себеп болады, студенттердің білім алуға, мамандықтарына және оқуға деген уәждемелерін көтереді. Білім беруді цифрландыру аясында елімізде мектептер компьютерлік техникамен қамтамасыз етілді. Оқушылар электронды күнделіктер мен журналдарды пайдаланады. Колледждердің 90%-ы жылдамдығы 4 Мбит/сек және одан жоғары Интернетпен қамтамасыз етілген.

Мектепке дейінгі балаларға білім беру мекемелерінің 78,5%-ында қабылдауға кезекті электронды қою енгізілген, мектептердің 70,3%-ы оқушыларды онлайн қабылдайды. Мемлекеттік білім беру қызметтерінің 74%-ы автоматтандырылған.

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, осы орайда біздің колледжімізде жаңа ақпараттық технология құралдарын тиімді пайдалануда. Бәсекеге қабілетті білімді жас мамандарды даярлауда инновациялық технологияны, компьютерді пайдалануға, модельдеуге,

электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларын оқу барысында қолдану колледждің басты мақсаты болып табылады. Сабақта және сабақтан тыс шараларда жаңа технологияларды пайдалануға мүмкіндік мол. Колледжімізде сабақтан тыс уақытта студенттердің дүниетанымын кеңейту мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырып өткізіледі. Дамыған шет мемлекеттердің озық жүйесін оқыту үрдісіне енгізіп, білімгерлердің заманауи білім алуына, білімді тәжірибемен ұштастыруына колледжде барлық жағдай жасалған. Оқу үрдісінде электрондық оқыту бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерді педагогикалық жаңашылдықпен ұштастыру арқылы жүйелі түрде қолдану дайындық деңгейлері әртүрлі білім алушыларды оқытудың тиімділігін арттырады.

Қазіргі уақыттағы бүкіл әлемде ушығып тұрған эпидемиялық төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту мәселесіне көшуге тура келді. Қашықтан оқыту – білім берудің ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын арнайы білім беру түрі. Компьютергенемесе интернетке қосылған басқага джетті пайдаланып білім мен дағдыларды игеру.

Қашықтықтан оқыту кезеңінде әр оқытушы өз шеберлігіне қарай түрлі платформаларды қолдану арқылы оқытуды жүргізіп келеді. Осы бағыттағни, қазіргі қашықтықтан білім беру барысында өз сабақтарымды тиімді және қызықты өткізудің үшін CANVAS, Moodle, ZOOM, Google Meet, Google Класс, видеосабақтарды жазуға арналған әртүрлі программалар Bandicam, CamStudio, Movavi Video Editor т.б. қолданамын. Жаңа әлемдегі, жаңа форматтағы білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту, онлайн жүйесінде телекөпірлер арқылы сұхбаттасу да цифрландырудың жемісі болып табылады.

Ұстаз үшін басты нәтижешәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алу және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі студент – ертенгі жас маман. Бүгінгі күні ақпарат тарағымы өте көп. Ақпаратты қортада жұмыс жасау үшін әроқытушы өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивті тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген ұстаз болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология Қазақстанның болашағы білімді жастардың қолында. Елдің болашағы жарқын болатынына сеніміміз өте мол. Әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – ол біз оқытушылармыз. Жаңа өнім, жаңа қызмет сапасы, жаңа құрылғылар – цифрлы технология жүйесінің жарқын үлгісі. Бұл сөзсіз ХХІ ғасыр жетістігі. Еліміз жылдан жылға қарқынды даму үстінде. Келешекте бұдан да жақсы жоспарлар қолға алынып отыр.

Әдебиеттерізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан».
2. Б.Б. Аккуланова «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру»
3. Н. Исабек «Компьютерлік технологиясы пайдаланудың нәтижелі шешімдері»

Автор: Седнев Антон Андреевич

*Куланский агротехнический высший колледж
Жамбылская область, Т. Рыскуловский район, село Кулан*

4 курс 1 группа Информационные системы

Руководитель: Ташыбаева Райхан Тулепбергеновна

ЗНАЧЕНИЕ И НЕОБХОДИМОСТЬ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЙ ЭКОНОМИКИ

Основные цели Программы «Цифровая экономика»

следующие:

- повышение конкурентоспособности экономики, предпринимательских структур и граждан за счет цифровых преобразований во всех сферах жизнедеятельности общества;
- рост включенности граждан и предпринимательских структур для работы в цифровом пространстве;
- создание инфраструктуры, обеспечивающей взаимодействие субъектов в цифровом пространстве;
- возникновение устойчивых цифровых предпринимательских экосистем для хозяйствующих субъектов;

Сегодня перед Казахстаном поставлена задача по вхождению в 30-ку самых развитых стран мира, которая требует нового инновационного развития и ускоренного технологического обновления. В своем Послании народу Казахстана Глава государства объявил о Третьей модернизации, стержнем которой является цифровизация.

Вопросы вхождения нашей страны в 30-ку международного рейтинга цифровой конкурентоспособности были обсуждены на республиканском совещании по вопросам цифровизации.

В заседании под председательством Президента РК Нурсултана Назарбаева приняли участие руководители государственных органов, национальных компаний, депутаты Парламента Республики Казахстан, представители крупных иностранных предприятий и организаций.

В рамках мероприятия Глава государства посетил специальную выставку, где было представлено более 30 IT-проектов в области индустрии, транспорта, финансов, образования, городской инфраструктуры и другим направлениям.

Главными целями программы «Цифровой Казахстан» являются цифровая экономика, которая должна расти темпами, значительно опережающими экономический рост в целом. Наряду с этим Казахстан должен войти в тридцатку международного рейтинга цифровой конкурентоспособности уже к 2025 году. При разработке Программы Правительством были учтены глобальные вызовы и возможности, которые несет цифровая эпоха для экономики Казахстана. В этой связи определено два направления. Во-первых, построение долгосрочных институтов инновационного развития для устойчивости процесса цифровизации. Во-вторых, обеспечение прагматичного старта программы, состоящего из конкретных проектов в реальном секторе.

В качестве стартового маневра Правительство выбрало стратегию ускоренной цифровизации десяти отраслей, среди которых - энергетика, агропромышленный комплекс, промышленность, логистика и сектор информационных технологий.

- Это позволит достигнуть стратегически важного показателя - создавать не менее трети экономического прироста ежегодно именно за счет секторов цифровой экономики. Казахстану за счет совместных усилий государства и бизнеса предстоит за десять лет построить цифровой сектор как новую отрасль экономики, пронизывающую все сферы жизнедеятельности страны.

- В основных мировых рейтингах цифровой конкурентоспособности именно отставание корпоративного сектора в области цифровых внедрений пока тянет Казахстан назад. Исправлять эту ситуацию предстоит через создание системы стимулов к внедрению цифровых технологий для предпринимателей. Приоритеты здесь - совершенствование нормативной базы и создание особых условий для привлечения инвестиций в цифровые проекты. Он также заверил, что все это повысит спрос на услуги, сервис IT-компаний. Акцент на отраслях при запуске программы цифровой трансформации позволит быстро сформировать не только отраслевой, но и пространственный каркас цифровой экономики.

Казахстан является одной из 15 стран мира, которая запускает комплексную программу и все четыре компонента успеха.

- Казахстан вступает в новую цифровую эру. Мы все живем в эпоху стремительных перемен. Цифровая революция - это основной фактор. 90 процентов всех глобальных данных были созданы всего за последние два года. 99 процентов данных в мире уже оцифрованы. 35 млрд. устройств по всему миру генерируют данные каждый день. Это в пять раз выше, чем общая численность населения мира, - подчеркнул он.

Есть высокие возможности Казахстана войти в 30-ку наиболее развитых стран в ближайшие десять лет. Казахстан видит преимущества цифровизации. По его словам, миру необходима комплексная стратегия цифровизации.

- Успех программ цифровизации, как правило, зависит от цифровой трансформации традиционных отраслей, развития человеческого капитала, цифровизации государственных услуг и развития цифровой инфраструктуры.

Однако программа может потерпеть неудачу, если участие частного сектора будет ограниченным, фокус будет нацелен только на быстрые результаты и на сегодняшние технологии, - считает эксперт.

Прежде всего он отметил, что ведомством уделяется большое значение развитию информационного транзитного потенциала страны.

Кроме того, было отмечено, что Министерством проводится работа по обеспечению строительства оптоволоконных сетей связи в 1872 сельских населенных пунктах, где проживают более двух миллионов человек. Полная реализация данного проекта была запланирована на 2019 год.

На сегодняшний день министерство прорабатывает вопрос полного обеспечения высокоскоростным Интернетом всех населенных пунктов посредством спутниковой связи.

По итогам презентации программы «Цифровой Казахстан» Глава государства отметил важность активного внедрения цифровых технологий для развития экономики страны. Президент Казахстана подчеркнул, что цифровизация необходима для повышения конкурентоспособности предприятий и страны в целом, а также улучшения качества жизни населения.

- За годы независимости нам удалось войти в число 50 конкурентоспособных стран мира. Сейчас стоит задача по вхождению в тридчатку, которая требует от Казахстана нового инновационного развития и ускоренного технологического обновления. Поэтому в начале года я объявил в своем Послании народу Казахстана о Третьей модернизации, стержнем которой является цифровизация, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Особое внимание Глава государства обратил на эффективность взаимодействия государства, частных предприятий и организаций по отдельным направлениям цифровизации.

В этой связи Глава государства поручил проработать нормативную правовую базу для решения поставленных задач и стимулирования научных исследований и разработок.

В целом Президент отметил необходимость изучения глобальных вызовов и технологических трендов будущего.

- Все, о чем мы сегодня говорили, является важными задачами в рамках Третьей модернизации страны. Правительству необходимо учесть их в Госпрограмме. Необходимо создать специальную Комиссию в ЕЭК для решения совместных проблем. Также поручаю создать специальную комиссию при Президенте для доработки программы, - сказал Президент Республики Казахстан.

- Нужно создавать условия для широкого внедрения бизнесом цифровых технологий, - сказал Нурсултан Назарбаев.

- Финансовый сектор как наиболее чувствительный к передовым технологиям уже широко применяет цифровые решения. Надо, чтобы он и далее оставался в авангарде этого процесса. Перед Международным финансовым центром «Астана» стоит задача по продвижению новых финансовых технологий и инструментов, - подчеркнул Нурсултан Назарбаев.

Современная экономика является постиндустриальной, при этом ее часто называют новой, инновационной, экономикой знаний, компетенций, сетевого взаимодействия. Начало XXI века принесло развитие цифровых технологий на основе информационной революции и процессов глобализации экономики. Информация в обществе и процессах хозяйствования стала основным ресурсом. В руках человека она преобразуется в знания, а социально-экономические отношения все больше переносятся в сетевое пространство.

Классические примеры - телемедицина, дистанционное обучение, продажа медиконтента (кино, ТВ, книги и пр.). Второй «расширенный» подход заключается в том, что цифровая экономика - это производственная деятельность с использованием цифровых технологий, в том числе интернета вещей, Индустрии 4.0 умная фабрика, сетей связи пятого поколения, инжиниринговых услуг прототипирования и др.

Миссия развития цифровой экономики в Казахстане - повысить качество жизни, обеспечить конкурентоспособность страны и национальную безопасность. Цель Казахстана в перспективе 10-15 лет - войти в группу лидирующих экономик мира за счет цифровых преобразований традиционных отраслей и развития самостоятельной и конкурентоспособной цифровой индустрии

Основными компонентами цифровой экономики для Казахстана сегодня являются потребление / электронная торговля, инвестиции на развитие, государственное управление, экспортно-импортная деятельность.

Наибольшую долю в совокупном объеме цифровой экономики составляет потребление как форма виртуальной коммерции. За последние годы доля электронной торговли выросла на 35-40 %, в общем объеме розничных продаж это около 5 %, но все еще очень мало по сравнению со странами

С каждым годом растут сферы реализации цифровой экономики и в настоящее время можно выделить наиболее развитые следующие: электронный бизнес; интернет-банкинг; социальная сфера; образование; телекоммуникации; информационные системы; промышленность.

- инфраструктуру, включающую технические средства, центры хранения, обработки и преобразования информации, центры передачи информации, программное обеспечение, средства телекоммуникаций и т.д.;
- электронные услуги органов законодательной и исполнительной государственной власти и управления;
- бизнес-процессы хозяйствующих субъектов посредством компьютерных сетей в условиях виртуальных взаимодействий между субъектами рынка;

В Казахстане благополучно работает интернет-магазин, Яндекс вышел на рынок такси и стал заниматься анализом больших массивов данных.

Таким образом, во многих отраслях предпринимательским структурам приходится постоянно осуществлять мониторинг рынка, анализируя при этом - нет ли угрозы появления активно развивающихся конкурентов, противодействовать этим угрозам, а также повышать свою конкурентоспособность за счет цифровизации.

Я выпускник Куланского агротехнического высшего колледжа хочу вкладывать свой труд на блага Родины с целью помочь в развитии экономики. Одна из вариантов поднимать предпринимательскую деятельность путем рекламирования, поэтому я интересуюсь программами которые делают рекламные агитации так же делаю ролки. Я использовал программу Corel Draw для разработки дизайн атак же я использовал программу Delphi 7 и HTML для написания кода самого сайта.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Я, как молодой специалист, буду развиваться в этой сфере для продвижения Казахстана к его цели развития экономики. По требованию нышней соврменности я уже изучил некоторые программы и буду продолжать изучать программы которые помогут в развитии.

- Владение цифровыми активами создает конкурентное преимущество. В ближайшее время уровень конкурентоспособности компаний будет определяться уровнем их цифровизации.
- Необходимо изучать зарубежный опыт и адаптировать его к нашим условиям, в том числе эффективные бизнес-модели, технологии, процессы, готовые продукты, методы управления. Кроме того, предпринимательским структурам необходимо развивать связи с отечественными образовательными и исследовательскими организациями, а также высокотехнологичными компаниями.
- Цифровая экономика меняет облик целых отраслей: телекоммуникационной, полиграфической, туристической, пассажирских перевозок и др.
- На потребительских рынках внедрение цифровых технологий позволяет снизить затраты на поиск и оформление заказов, способствует оптимальному подбору продуктов, соответствующих требованиям потребителей, обеспечивает повышение прозрачности.
- Цифровые торговые площадки создают интенсивную ценовую конкуренцию. Потребители могут дожидаться выгодных предложений. Публикуемые пользовательские отзывы содержат

информацию о товарах, стимулируя участников рынка обеспечивать высокое качество товаров и услуг.

- Некоторые инновационные компании предлагают бесплатные продукты и услуги, за которые раньше необходимо было платить, например услуги GPS-навигации.
- Благодаря цифровым технологиям, растет специализация предпринимательских структур.
- Цифровые предпринимательские структуры выходят на новые рынки. По мере занятия цифровыми компаниями ведущих позиций на одном рынке, они стремятся активнее развивать смежные направления, которые затем становятся основными.
- Цифровизация ведет к вытеснению владельцами цифровых платформ классических посредников с рынка.
- Внедрение цифровых технологий влечет за собой ужесточение конкуренции, создавая для существующих лидеров угрозы, исходящие от новых волн инноваций.

ЭТО ОДНА ИЗ МОИХ РАБОТ



Сейтова Ирина Сайфеденовна

Атырау көлікжәне
коммуникация колледжі, тарихжәнекәсіпкерлік негіздері пәндерінің оқытушысы

Атырау қаласы

«Кәсіпкер» жүребардым пайда болмайды немесе үйрену мүмкін емес, олар туылғаннан бастап беріледі немесе туа бітті дарындылық деген түсінік қазіргі уақытта барлығын көкейіндесақталып қалған. Бұл, «ескі түсінік» түсінігіне сай десек те болады.

Еліміз төртінші өнеркәсіптік революция жағдайының табылдырығын дәтүрған кезде, бұлай ойлаудың өзін біз бізге бекіткен.

Сол себептен де Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен «Кәсіпкерлік-әрекет негіздері» курсы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған кәсіпкерлік курстарына шауға бастама болды.

Бүлө текүптарлық жағдай. Кәсіпкер болу үшін, қазіргі кезде, өте жақсы «идея» қажет. Ал, идеяның барлығы ол жастарда.

Кәсіпкерлікті зерттеу саласында көрнекті ғалым, Индиана университетінің кәсіпкерлік профессоры, доктор Дональд Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика» еңбегінде келтірген бірнеше зерттеулердің алғы сөз студенттері назарына беруді жөн санадым:

1. Кәсіпкерлер ойды немесе істің аңамамы. Кәсіпкер болу үшін істің аңамамы деу жансақ пікір. Кәсіпкер болу үшін де ойлай білу керек.
2. Кәсіпкерлер әрқашан жасампаз. Кәсіпкер болу үшін мінез-құлықты толық түсіну керек.
3. Кәсіпкерлердің бар ойлайтын – ақша. Кейбір кәсіпкерлер үшін – ақша басты орында болуы мүмкін. Бірақ, ол сәтсіздікке апарды. Қазіргі кезде кәсіпкерлер венчур бастады. Ондай кәсіпкерлер үшін, ақша-мақсат емес, ресурс қана.
4. Кәсіпкерлер жолы болғыша адамдар. Шыңмәнінде, олар жайғана жағдайды жеңуге жәнетабысқа жетуге дайындалды. Сізде, өзіңгесен сенсіз және жақсы дайындалсаңыз олардан кем түспейсіз [1].

Қазіргі кезде пәндердің және курстардың оқытуда көптеген ойын түрлері қолданылып келеді. Десе те заманауи білім кеңестігінде «гейм» ойынарқылы жеткізу әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Геймификация – танымал бағыт. Геймификация – бұл түрлі сервистер мен мобильді қосымшалар өзөніміне бұқараны тарту, қызықтыру және басқа да мақсаттарда ойын индустриясы, механикасын пайдаланады. Жалпақ тілмен айтқанда «геймификация» – бұл әлемнің жаңа адамдар, олардың жаңа өмір салтына қарай бейімделудің бір әдісі. Адамды ойынарқылы еліктіру бәсекеге қабілеттілікті, тиімді, қызықты, назарда болуды қамтамасыз етеді. Ал назар аудару бүгінгі таңдағы қымбат "құндылық" қатарына қосылды. Былай қарағанда ойынарқылы жеткізу механизмдері түрлі салаларда жасырылған. Мәселен, ұялы телефонныңыздағы тіл үйрететін қосымшалар ойынға негізделіп әзірленген.

Курстар мен пәндердің оқыту барысында ағдеттерді пайдалану және оны жасақтау ісіне біздің білім беру саласында әлі қолданылу аясы өрістеген жоқ. Бүгінде әлемадами капиталға үлкен мән беруде [2]. Ол дұрыс та, қазіргі таңда мемлекеттің дамуы мен гүлденуі пайдалы қазба байлықтар мен емес, адамдардың білімі мен, ғылымдағы қарқынды мен өлшенеді. Сонымен білім алу үшін мотивация керек болып тұрады. Оқулықтар, бітпейтін жаттығулар алғылшың тілін үйренуге құлшынысты оятпайды, осы ретте көмекке ойынға құралған жаттығулар қолданылады. Адами капиталды дамыту бойынша елімізде қолға алынып отырған ірі бастамалар да геймификацияны қолдануда. Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі №4-13-2-1/3113-И хатына сәйкес 2017-2018 оқу жылынан бастап техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу үрдісіне «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» факультативтік курсы барлығы 36 сағат көлемінде өз жұмысын бастаса, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен мектеп бағдарламасына «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін енгізбек. Аталған пән геймификацияға негізделген, яғни балалар ойын түрлері арқылы кәсіпкерлік негіздерін үйренеді. Бұл жобаның басты мақсаты – оқушылар мен студенттердің кәсіпкерлік машықтарды дамыту, қаржылық сауаттылықты арттыру.

Кәсіпкерлік – тарих не математика пәні емес, кәсіпкерлік кетәжірибе мен еңбек, қимыл-қозғалыс арқылы баулуға болады. Пәнді оқытуда онлайн әрі офлайн режимінде ойын түрлерін пайдаланбасақ, олардың назарыңкітап, жазу, дәстүрлі дәріс оқуына аулақпын. Олардыңын тасыпарыз бен дұрыстыққа емес, жарысу мен марапатқа негізделген. Мұндай сана жаңа деңгей, жаңа машыққа икемді келеді, жаңа жаттығулар жасап, рекорд жаңартуға бейім. Сондықтан осы ерекшеліктерді ескере отырып, әлем бағдарла-машылары білім жобаларын, тіпті жұмыс түрлері ойынға негіздейді.

Сараптамажасасақ, ойынтүрлеріжан-жақтыдамып, жасбуыннанүлкен-дергеәсеретіпжатқанынбайқауғаболады.

Атырау көлік және коммуникация колледжінде «Кәсіпкерлік-әрекетнегіздері» факультативтіккурсыноқытуда , оқуүрдісігеймификацияғанегізделген.

«Бизнес бастама» арнайы сайты арқылыоқытужоспарланып, арнайыдайындалған бизнес орталықтыңкеңсесіарқылыстуденттербір-бірінеқызметкөрсетуарқылы, кәсіпкерлікнегіздерітуралыпрактикалықсабақпенұштасады.

Сонымен... Геймификация – бұл балаларға білім берудегі қосымшалар-ды әзірлеушілерге табыс әкелетін бағыт. Студенттер мен оқушылар геймификация арқылы жаңа заманның ағымына бейімделіп, жаңа көзқарастары қалыптасады.

Пайдаланылғанәдебиеттер:

1. Дональд Куратко, «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика», Ұлттықаудармаорталығы, Астана – 2018 жыл;
2. https://massaget.kz/men_kasipkermin/kasipker/52362

Сериккалиева Камажай Бактыгереевна Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің«Автоматтандыру және басқару»мамандығының арнаулы пән оқытушысы

«Еңбек өнімділігіне негізделген өндірісті жаңғырту мен әртараптандыру нәтижесіндегі тиімді экономика»

Бәсекеге қабілетті экономика – бұл ең алдымен жаңа техникалық жетістіктерге, қазіргі заманғы жоғары технологияға, адам капиталы мен жоғары еңбек өнімділігіне негізделген өндірісті жаңғырту мен әртараптандыру нәтижесіндегі тиімді экономика. Тиімді экономика өнімнің өсімін қамтамасыз етеді, демек, оған жұмыспен қамтылған тұрғындардың санын өсіру арқылы емес, еңбек өнімділігін арттыру арқылы жетеді.

Қазақстан экономикасы саяси, экономикалық-әлеуметтік және қоғамдық өмірінде жүріп жатқан өзгерістер экономикалық өсімнің жаңа тетіктерін іздеу мен қатар экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар алдына бірқатар маңызды экономикалық мәселелер қояды.

Автоматтандыру — бұл өндірісте адамдарды өндірістік процестерге тікелей қатысудан босататын техникалық құралдарды, әдіс-тәсілдер мен басқару жүйесін пайдалану. Бұл анықтамада өте маңызды ескеретін жағдай бар: әңгіме тікелей қатысудан босату жайлы, яғни, адам өзі жасаған өндірістік процесс құрайтын әрекеттерден босатылады.

Ақылды адам өзі үшін жұмыс жасайтын машина жасап шығаруға қабілетті және ол тек физикалық жұмыстарды ғана емес, ой еңбектерін де орындай алады. Автоматтандырудың мақсаты өндіруді жоғарылату мен еңбек тиімділігін арттырудан, өнім сапасы мен адам еңбегінің жағдайын жақсартудан тұрады.

Автоматтандыру — ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының бірі. Қазу және материалдарды өңдеу процестері, құрастырушы, энергетикалық, көліктік процестер және объектілер мен құрылыстарды жобалау, кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару мен жобалау, ғылыми зерттеулер, бағдарламалау мен инжинерлік есептеулер және т.б. автоматтандырылады.

Бұл процестегі және оның түрлі этаптарындағы адам рөлі әртүрлі. Адамның басты ерекшелігі – саналы түрде ойлау қабілеті.

Адам көтере алатын жүктен 1000 есе артық жүкті көтере алатын механизм ойлап шығаруға болады, немесе түймені 100 есе тез қадай алатын құрылғы жасап шығаруға болады, сондықтан адамның ойлау қабілеті аз пайдаланылатын жерлерде өндірістен адамдары босату анағұрлым тиімді, мысалы, ауыр дене еңбегінде және миды шаршатып жіберетін бірқалыпты және бірсарынды бағытта. Ол үзіліссіз жұмыс жасайтын өндірістерде де тиімді, себебі адамды алмастырушы машина түскі асқа үзіліс сұрамайды және демалыссыз тәулік бойы жұмыс жасай береді.

Ол адамдарға қауіп төндіретін орындарға, адамның қолы жетпейтін жылдам әрекеттерді қажет ететін жерлерге керек. Материалдық емес өндірістің мына түрлері: жобалау, бағдарламалау, кәсіпорындарды басқару мен ұйымдастыру, білім саласы, өнер көп ретте адамның ойлау қызметіне сүйенеді. Мұнда адамның тікелей қатысуынсыз ештеңе мүмкін емес.

Әрине, онда адамдарды босатуға болатын процесстер бар (мысалы мәліметтер базасын жасау, құжаттарды іздеу және т.б.), бірақ бұл адамды өндірістен шеттету емес, керісінше, осы саладағы еңбек қызметінен босамайтын адамдарға көмек деп қарастыруға болады. Әсіресе, бірінші кезекте, адамдарды материалдық өндіріс процестеріне тікелей қатысудан босату, яғни, технологиялық процестерден босату маңызды.

Бұл автоматтандыру бағыты, яғни, біз технологиялық процесстерді автоматтандыруды қарастыратын боламыз. Технологиялық процестер технологиялық деп аталатын жабдықтардың көмегімен жүзеге асады. Процестің жобаланғандай өтуі үшін ол жабдықты басқару керек, яғни, белгілі шарттары бойынша әсер ету қажет

Өндірісті комплексті түрде автоматтандыру, өнеркәсіп көлемі мен өндіріс қарқынының артуы және халық шаруашылығының әр түрлі салалары арасындағы өндірістік байланыстардың күрделенуі экономикалық мәліметтер мен статистикалық мәліметтер жинау және оларды өңдеу процестерін, документация түрлерін есепке алып, таратып отыру, жоспарлау және басқару міндеттерін шешу ісінде автоматтандыру қажеттігін туғызды.

Автоматтандыруды ұйымдастыру ісін жоспарлау ісін жоспарлау мен басқару Жалпы мемлекет көлемде басқару жұмыстарын автоматтандыруды ұйымдастыру ісін жоспарлау мен басқарудың қазіргі ғылыми әдістерін неғұрлым тиімді енгізуді қамтамасыз етеді. Сөйтіп, басқару жұмыстарын комплексті түрде автоматтандыру ісі адамды мәлімет жинақтау және оны өңдеудегі көптеген қиын жұмыстардан босатып, өндірісті басқаруда оның творчестволық ролін арттырады.

Соның ішінде біздің мамандығымыз өндірісті автоматтандыру болғандықтан, көбінесе біз күнделікті автоматты басқару, автоматты реттеу жүйелері деген сөздерді жиі қолданамыз.

Жалпы, техникалық үрдістерді автоматтандыру дегеніміз берілген нысанға, оның сапалы, тиімді, жақсы жұмыс жасауы үшін мақсатты түрде адамдардың қатысуынсыз немесе маңызды ерекше жағдайларда ғана араласып, әсер ету әрекеті негізінде құрылған жүйе. Автоматтандыру нәтижесінде ТҰАБЖ құрылады, ТҰАБЖ автоматтандырудың ең жоғарғы сатысы болып есептеледі.

Автоматтандыру жүйесінің негізгі мақсаты:

- Өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Өндіріс экономикасын көтеру;
- Өндірістің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Автоматтандырудың тапсырмасы және оның шешімдері:

- Реттеу сапасын жақсарту;
- Құрылғылардың дайын болу коэффициентін жақсарту;
- Технологиялық үрдістің және апатты жағдайларда ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету т.б.

Технологиялық үрдістің автоматтандырылуының тапсырмаларын шешу үшін:

Заман талабына сай автоматтандыру әдістерінен өткізу;

Заман талабына сай автоматтандыру құрылғыларынан өткізу.

Автоматтандырудың әртүрлі қолдануына байланысты келесі технологиялық үрдіске бөлінеді:

- Үздіксіз технологиялық үрдістерді автоматтандыру;
- Дискретті технологиялық үрдістерді автоматтандыру;
- Гибридті технологиялық үрдістерді автоматтандыру;

Осы аталғандардың ішіндегібіздіңқарастыратынымыз,
дискретті технологиялық үрдістердіавтоматтандыру...

Дискретті автоматтандырылған өндіріс ұғымы

Өндірістідискретті автоматтандырубізге өндірістіңөнімділігін жәнекәсіпорындағыэнергетикалықүрдістердіарттыратынтехникалықшешімдерді мен құрылғылардыұсынады, және де керектітехникалыққызметтерді де көрсетеді.

Қозғалтқыштар, генераторлар, микро бақылаушылар, электроника және роботтытехникаавтоматтандырудың әртүрлі саласында, электрэнергиясыменқамту үшін, қозғалысқа келтіру үшін, реттеу және бақылау үшін қолданылады.

Дискретті өндіріс саласы бірнеше технологиялық кезеңдерден тұрады. Мәселен, бөлшектерді құрастыру, соңғы сатылы өнімді құрастыру.

Дискретті өндіріс көптеген өндіріс орындарында тараған сала, әсіресе машина жасау саласында жақсы дамыған және көп қолданылады.

Мұндай компанияларда автоматтандыру, ақпараттық технология үрдісінде жобалау мен есеп беру мәселесінде маңызды орын алады.

Өндірістідискретті автоматтандыру қызметі жобалау сапасын жоғарылатуымен қатар, шикізаттың тапшылығын жоюды, және де ең бастысы өндірістің шығынын азайтады.

Өндірістік үрдісті сапалы басқару үшін:

- Бірыңғай ақпараттық база құру;
- Өнімнің және материалдың сапасын арттыру;
- Жаңа өнімдер мен технологияларды меңгеру.

Автоматтандыру — бұл өндірісте адамдарды өндірістік процестерге тікелей қатысудан босататын техникалық құралдарды, әдіс-тәсілдер мен басқару жүйесін пайдалану, өте маңызды ескеретін жағдай бар: әңгіме тікелей қатысудан босату жайлы, яғни, адам өзі жасаған өндірістік процесс құрайтын әрекеттерден босатылады. Ақылды адам өзі үшін жұмыс жасайтын машина жасап шығаруға қабілетті және ол тек физикалық жұмыстарды ғана емес, ой еңбектерін де орындай алады

Сонымен дискретті өндірісті автоматтандыру – өндірістің өнімділігін және кәсіпорындағы энергетикалық үрдістерді арттыратын техникалық шешімдерді мен құрылғыларды ұсынатынын, және де керекті техникалық қызметтерді де көрсететінін айттық.

Дискретті автоматтандыру өндіріс нақтылығы жөнінен, жылдамдық жағынан, сенімділігіне байланысты ең жоғарғы талаптарға жауап береді.

Бұл өндіріс саласы жұмыстардың сапалы және уақытында жылдам істелуімен ерекшеленеді. Осы қасиеттері арқылы тұтынушы қауымының көңілінен шығуда.

Біздің колледжі де 2020 жылы «Жас маман» жобасын жүзеге асырудағы жаңа бағыт жаңа мүмкіндіктер арқылы бекітілген жабдықтар тізбесі айқындалды.

Ақпараттық технологиялар бөлімінде Мехатрониканың оқу зертханалық кешенінде бір уақытта бірнеше студент жұмыс істей алады. Корпустан, сүмбіден серіппеден және қақпақтан тұратын пневматикалық цилиндрлердің үлгілерін құрастырып мехатронды желісімен жасалады. Желі он станциядан тұрады, олардың әр қайсысы өзінің технологиялық операциясын орындайды.

Колледжде 1013000 «Механикалық өңдеу, өлшеу бақылау құралдары және өндірістегі автоматика», 1302000 «Автоматтандыру және басқару» мамандықтарында «Мехатроника» пәні бойынша прибор құрастыруға датчиктерді қалпына келтіруге осы стенділерді қолдануға болады. Датчиктердің астындағы резвеси дұрыс жасалмаса соны кері қалпына келтіреді. Ол үшін Tia portal бағдарламасын дұрыстап алып, кері детальді іске қосқанда датчик жұмысы қалпына келеді. Мехатрониканың оқу зертханалық кешенінде WorldSkills чемпионаттарына мехатроника құзыреттілігі бойынша студенттерге дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, дискретті автоматтандырылған өндіріс – кешендік автоматтандыруда өндірістік үрдістерді қамтамасыз ететін тиімді жүйе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Автоматизированное управление технологическими процессами: Учеб. пособие / Н.С. Зотов, О.В. Назаров, Б.В. Петелин, В.Б. Яковлев.
2. Автоматтандыру негіздері және бақылау–өлшеу аспаптары Гуров А. М., Поченкин С. М., Технологиялық процестерді автоматтандыру. –М.: Жоғары мектеп, 2004- 732 бет. Адамбаев М. 2015
3. Автоматизация дискретного производства / Б.Е. Бонв, Г.И. Бохачев, И.К. Бояджиев и др.; Под общ. ред. Е.И. Семенова, Л.И. Волчкевича. М.: Машиностроение,
4. Бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу Алдияров Қ., Молдабаев М., Момынова Г. 2015 Бакалай А-2015ж

*Серік Махамбет Сембекұлы
«Көкшетау қаласы, Жоғары техникалық колледжі» МҚКК
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы.
Студент, 1-курс, МП-20 тобы, «Жиһаз өндірісі»
Тулесова Айгерим Ануаровна*

«Қазақ отбасы институты»

Қазақ отбасындағы тәрбие - ықылым заманнан бері әкеден балаға мұра болып келе жатқан үлкен институт. Отбасы қоғамдық институт, мемлекет ішіндегі «мемлекет», бала тәрбиесінің бастау-бұлағы, адам капиталының құрушы факторы екені анық. «Ұл өсіре отырып, жердің, елдің иесін, қыз өсіріп, ұлтты тәрбиелейтін анасы» - деп дана халқымыз отбасы мәселесін әрқашан бірінші орынға қойған. Ата-бабаларымыз балаларға жақсы тәрбие берген. Олар ең бірінші балаларға жеті атасын үйреткен. Қазақ халқы жеті атасын білмеген - жетесіз деп шыққан тегін жаттатқызып отырған. Тәрбиенің тағы бірі бір рудан қыз алмаған. Бұл балаларының қаны таза болу үшін жасалған. Ата-бабаларымыздың арқасында біз текті ұрпақпыз. Қазақ отбасы балаларына үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге кішкентай кезінен үйреткен. Қазақтар тәрбиеден бөлек атқа мінгізіп үйреткен. Балалар ат құлағында ойнаған шымыр, шабандоз болған. Қазақ халқы туғаннан тәрбие көріп өскен ұлт. Ең алғашқы баланың мектебі болатын жер ол - отбасысы. Қазақ халқы бекерден айтпайды: «Отан - отбасынан басталады» - деп. Аталарымыз ерте заманнан дұрыс тәрбие бере білген, бұлда келешек ұрпақ үшін жасалған жақсылық болатын. Қазақтар қаншама қиыншылық көрседе тектілігін сатпаған, себебі отбасында дұрыс тәрбие ала білген.

Алайда, бүгінгі таңда қазақ қоғамында отбасы мәдениеті, тәлім-тәрбиесі құлдырауға ұшырап бара жатқан секілді. – «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді халық даналығы. Сондықтан, отбасыдағы дұрыс тәрбие ұл мен қыздың болашақта ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасу қажеттігінен туындайды. Мұндай дәрежеге жетудің себебі жастар ата-анасын тыңдамаудан бастау алады. Ата-анасын тыңдамаған балалар көше тәрбиесіне ауысып кетеді. Тәрбиенің бұл түрі - қазіргі уақытта үлкен проблема болып тұр. Сонымен қатар ата-ана да қазіргі уақытта ата-бабамыздан келе жатқан тәрбиеге көңіл бөлмей кетті. Олар қазіргі заманда телефон мен гаджетке көп көңілдерін бөліп, бала тәрбиесін шетке ысырып қойғандай сезіледі. Гаджет пен телефонға үңіліп кеткен ата-ана балаларына дұрыс тәрбие бере алмай келе жатқандай. Батыс және де дала тәрбиесімен өскен балалар қоғамдағы үлкен проблеманың бірі болып саналады.

Жастардың барлығы осындай екен деп кереғар пікір айтуға

болмайды. Үйінде дұрыс тәрбие алған балаларда бар. Бойында Отанға деген сүйіспеншілігі мен махаббатын дарытып өсіп келе жатқан жастарымыз да, замандастырымыз да жетерлік. Елімізде ата-бабамыздан келе жатқан құндылықтарымызды көзінің қарашығындай, ту етіп ұстаған отбасылар да жоқ емес. Көп ата-ана балаларына дұрыс тәрбие бере біледі. Осы қазақ отбасы институтынан тәрбие алған әрбір бала текті адам болып шығады. Себебі бұл тәрбие ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Әлеуметтік институт болып табылатын жанұя әрқашан қоғаммен тығыз байланыста. Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ұрпаққа моральдік қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі. Жанұя тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Жанұя – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, ержетіп, бойжеткенше отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Өйткені ата-ананың тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. Сол үшін де "Ел боламын десең – бесігіңді түзе" деген ұлағатты сөзді ешқашан естен шығармауымыз абзал.

Социалқызы Мейірім
О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің оқытушысы,
Атырау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Ерболаева Ж.А

Еліміздің мұнайлы өлкесі - Атырау облысының экономикалық кешенді дамуы

Атырау облысы экономикалық көрсеткіштер бойынша еліміздегі көш бастаушы өңірлердің бірі болып табылады. Өлкенің басты байлығы, экономиканың негізгі тірегі — мұнай мен газ. Сонымен қатар, экономиканы әртараптандыру қажеттігі басқа да салаларды жүйелі дамытуды талап етеді.

Атырау экономикасы үшін мұнай өнеркәсіптерінің тигізетін әсері ол облыс экономикасында тарихи тұрғыдан басымдық орынды мұнай газ өндіру саласы алады, бұл қолда бар елеулі көмірсутек шикізатының қорына байланысты. Бұл салада басқа өнеркәсіп салаларына қарағанда көтеріңкі инвестициялық тартымдылық бар. Бұған дейін Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысында мұнай-химия, АЭА дамуына, жолдардың сапасы мен сумен қамтамасыз етілуіне наразы екенін айтқан болатын. Ол өңірде экономиканың дамуы мұнай-газ химиясымен байланысты екенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл сала облыстың және бүкіл елдің болашақ экономикасының негізі болып табылады. Өңіріміздің серпінді дамуының арқасында мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге салық және басқа да міндетті төлемдердің түсімі тұрақты ұлғайып келеді.

Сонымен бірге Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешені де өңірдегі экономиканың маңызды секторларының бірі болып есептеледі, ауылдық жерлерде облыс халқының жалпы санының 42,7% өмір сүреді. Облыстың ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі 9,8 млн. гектарды құрайды. Облыстың ауыл шаруашылығы мал өсіруге, әсіресе қой және ірі қара, жылқы, түйе өсіруге маманданған. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі ұлттық бағдарламаға сәйкес ауыл шаруашылығында түбегейлі экономикалық реформа жүзеге асырылды. Климат жағдайы мен топырағының құнарсыздығына байланысты облыста егін шаруашылығы өркендеген. Жайық өзенінің төменгі ағысымен Еділдің тарамдарында Махамбет, Құрманғазы, Индер ауданының шаруашылықтары картоп, көкөніс және бау-бақша өсірумен айналысады. Облыс ауыл шаруашылығында негізгі сала- мал шаруашылығы болып есептеледі. Мал шаруашылығымен облыста Исатай, Құрманғазы, Индер және Қызылқоға аудандары айналысады. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі - 19528,1 млн теңгені, нақты көлем индексі 99,7% құрады. Ет өндіру - 47,0 мың тоннаны немесе 102,1%, сүт өндіру - 54,2 мың тоннаны (100,5%), жұмыртқа өндіру - 1,84 млн дананы (100,2%) құрады. 2020 жылдың

қаңтар-желтоқсан айларында ірі қара мал - 182,3 мың басты немесе 102,8%, қой және ешкі - 619 мың басты (103,1%), түйе - 31,7 мың басты (102,5%), жылқы - 46 мың басты (103,9%) құрады. 2021 жылдың 1 қаңтарына ауыл шаруашылық құрылымдарының жалпы саны 2008 бірлік құрады, соның ішінде 79 өндірістік кооператив, 1929 шаруа қожалығы болды. Мұнайлы өңір шаруалары өткен төрт айда 13 мың 581 тонна ет, 14 мың тоннаға жуық сүт өнімдерін өндірді. Бұл – азық-түлік түрлерінің 70 пайызын сырттан тасымалдайтын өңір үшін үлкен көрсеткіш. Мемлекет қолдауына сүйенген шаруалар ет бағытындағы асылтұқымды мүйізді ірі қара басын көбейте бастаған. Бүгінде Атырауда 7 шаруашылық ет өндірумен айналысады. Алынған өнімдер мұнай өндіруші компаниялар мен облыс тұрғындарының ет және сүт өнімдеріне деген қажетін өтеуге бағытталған. Егін шаруашылығы облыстың аумағы шөл аймағында орналасқан. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге облыстың солтүстігіндегі өзен маңы-жайылмалық аймағының болмашы бөлігі (Индер, Махамбет аудандары) мен Атырау қаласының маңынан басқа жерлердегі топырақтың өнімділігі аз. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі бағдарламаға сәйкес ауыл шаруашылығында түбегейлі экономикалық реформа жүзеге асырылды.

Аймақтағы отандық және шетелдік инвесторларға сапалы және жедел көмек, ақпараттық-аналитикалық және сервистік қолдау көрсету мақсатында «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ, «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және «Atyrau Innovations» ЖШС секілді мекемелері тиісті қызмет атқарады. Сонымен қатар, бүгінде облыста бірқатар шетелдік визалық орталықтар жұмыс істейді. Аймақ экономикасының басым және аса мән беріліп жатырған бағыттарының бірі туризм саласын дамыту. Әлемнің 50-ден астам елінен 1000 астам шетелдік және бірлескен компаниялары қызмет етуі іскерлік туризмнің қарқынды дамуына ықпал етуде. Атырау облысында туризмді дамытудың орны ерекше. Каспий маңында орын тепкен Атырауда туризм саласын дамыту үшін қолайлы аудан ретінде толық қарастыруға мүмкіндік бар. Болашақта емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, спорттық, экологиялық, экстрималдық түрлерін дамытуға мүмкіндіктер бар. Өңірде 600-ден аса ірі және орта өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді. Тау-кен өндіру өнеркәсібі өңір экономикасының базалық саласына жатады.

Тәуелсіздік жылдары облыста Теңіз және Қашаған кен орындарын игеруге инвестициялар тартылды, мұнай өңдеу зауыттарын қайта құрып, жаңғырту жүргізілді.

Атырау мұнай өңдеу зауытына \$1,6 млрд инвестиция салынды, зауыттың қуаттылығы жылына 4,8 мың тонна өңделген мұнайды құрайды. Сондай-ақ, тәуелсіздік жылдары іске қосылатын тағы бір маңызды жоба – 814 млрд теңгеге газ-химия кешені. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2021 жылдың қазан айында, ал іске қосу – жөндеу жұмыстарын 2022 жылдың наурыз айында аяқтау жоспарланып отыр. Іске қосылғаннан кейін 586 адам жұмысқа орналастырылады. Екі жыл ішінде зауыт цифрландырылады. Сонымен қатар, жұмыс орындарын қысқарту күтілмейтіні белгілі болды. Атыраудың 28 мыңнан астам тұрғыны өнеркәсіп саласында жұмыс істейді. Соңғы бес жылда өңірдің өнеркәсіп көлемі қарқынды дамып келеді. 2021 жылдың қаңтар айында өнеркәсіп кәсіпорындары 661,5 млрд теңгеге өнім өндірді, оның ішінде тау-кен және өңдеу салаларында 601,9 млрд теңге және тиісінше 51,5 млрд теңге. Үшінші бесжылдық аясында 2020-2025 жылдарға 1705 жұмыс орнын құрумен 2,3 трлн теңге сомасына 7 жобаны іске асыру жоспарланған. Олардың ішінде 1290 жұмыс орнын құрумен Индустрияландыру картасы бойынша шамамен 2,3 трлн теңге сомасына 2 жоба бар. 2022 жылы 269 жұмыс орнын құрумен 10,7 млрд теңге сомасына 3 жобаны іске қосу жоспарлануда. 2023 жылы 146 жұмыс орнын құрумен жалпы құны 30 млрд теңге болатын 2 жобаны пайдалануға беруге жоспарда бар.

Ұлттық экономиканың жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастар негізіндегі экономикаға өтуіне байланысты еліміздің қысқа мерзімді кезеңде әлем тамыған дамыған елдер қатарына қосылуы үшін ұзақ мерзімді стратегиялармен жақсы жасалған мемлекеттік бағдарламалардың алатын орны, жалпы экономиканы жоспарлауда еліміз үшін қажет басым салаларды дамыту бүгіндегі маңызды қызметтің бірі. Экономика ұлттық дамуының басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің тұрақты дамуы және мемлекеттің әлемдік нарықтағы орны бүгінгі жаһандану заманында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі арқылы анықталады. Сондықтан ендігі жерде Қазақстан Республикасының және ұлттық экономика салаларының алдындағы негізгі міндеті бәсекеге қабілетті экономиканың қалыптастыру болып табылады. Атырау қаласы экономикасы да бүгінгі таңда даму сатысында және оның жақын болашақта индустриялық-сервистік, инновациялық, көліктік-логистикалық, ғылыми, қаржылық, мәдени

және туристік орталық болу әлеуеті зор.

Бекіре тұқымдас балықтар санының азаю үрдісі жағдайында кәсіпшіліктің баламасы ретінде тауарлы балық шаруашылығын дамыту көзделуде. Жайық-Каспий бассейніндегі тауарлы балық шаруашылығына біртіндеп қайта бағдарлану балық саласының экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған. Өңірде халық санының өсуіне байланысты тамақ өнімдеріне қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы бойынша агроөнеркәсіптік кешенді серпінді дамыту көзделуде. Халықты мал шаруашылығы өнімдерімен азық-түліктік қамтамасыз ету үшін болашақта бордақылау шаруашылығы базасында өнеркәсіптік мал шаруашылығы жүйелерін пайдалану дамиды. Ауыл шаруашылығындағы жылыжай-көшетханалық мамандану болашақта одан әрі дамиды деп күтілуде. Көкөністер мен жеміс-жидек дақылдарын өсіру бойынша жаңа технологияларды енгізу қала халқын жыл бойы экологиялық таза балғын көкөністермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобада алдағы жылдары жаңа объектілер салу есебінен әлеуметтік саланы дамыту ұсынылады, қолданыстағыларын мүмкіндігінше жөндеу, реконструкциялау және жаңғырту көзделіп отыр. Бас жоспарда облысқа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталығы ретінде дамытуды ескере отырып, қаланың әлеуметтік саласын нормативтік көрсеткіштерге дейін жеткізу ұсынылады. Перспективада Атырау қаласы Атырау облысының ірі әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы, Қазақстанның батыс өңірінің инженерлік-көліктік логистикалық торабы және өңіраралық орталығы ретінде қаралады.

Қазақстанда экономикалық реформалардың басымдықтарының бірі және жаңа әлеуметтік капиталдың дамуы шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Бұл «Қазақстан-2030» стратегиясының негізі. Бұл тапсырма биылғы жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа үндеуінде нақты белгіленген. Қазақстандағы шағын және орта бизнес нарықтың экономикалық жүйесін құруда ғана емес, қоғамның әлеуметтік трансформациясындағы ең маңызды элемент болып табылады. Атырау облысы қазіргі кезде инновациялар мен озық халықаралық тәжірибеге баса назар аудара отырып, жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес дамып келеді деп айтуға негіз бар. Өлкенің табиғи байлығы, тиімді географиялық орналасуы, дамыған инфрақұрылым, білікті кадрлар – осының барлығы біздің мақтанышымыз және артықшылығымыз! Болашақта осы шырайлы өлкенің перзенті ретінде өңіріміздің барлық жастары оның экономикалық-әлеуметтік әлеуетінің дамуына өз үлесімізді қосатын боламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның мұнай энциклопедиясы-Атырау "Мұнайшы қоғамдық қоры"
2. Атырау облысының географиялық даму мәселелері (табиғи-экономикалық-экологиялық аспект) /Ғылыми-тақырыптық жинақ/. -
3. Атырау энциклопедиясы. - Атырау: «Отандастар –
4. Ғалымов А.Ғ. Батыс Қазақстан облысының географиясы.

*Атырау энергетика және құрылыс колледжі
I санатты ағылшын тілі пәні оқытушысы
Сугурова Асел Нугмановна*

Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан-жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс - тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің, ағылшын тілін оқытудың басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Осыған орай жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған білім беру сапаларын арттыруға, стратегиялық міндеттерді

шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулер педагогикалық үрдіске жаңа талаптар жүктейді. Елбасы бекіткен Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған бағдарламасы ақпараттық технологиялар саласындағы ақпараттық теңсіздікті төмендетудің және білім деңгейін арттырудың шешуші тұтқасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану - басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық - коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады.

Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіңдіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс - тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Оқыту тілі өзге тілде жүргізілетін мектептерде тіл үйрету туралы жазылған әдістемелік және ғылыми материалдарды зерделей келе, ақпараттық технологияларды пайдалану туралы мәселеге тоқталуды жөн деп санап, осы тақырыпта жинақтаған іс - тәжірибемді ортаға салмақпын.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық - технологиялық құралдардың жиынтығы.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен - күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық - коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Орта мектептерде ағылшын тілін оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, ағылшын тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде оқыған тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға ағылшынша тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді. Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс - әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім - жолы қиында қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда. «Кәсіби құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс - әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігімен қабілеттілігінің бірлігі».

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»- деді.

Олай болса, оқушыны ағылшын пәніне қызығушылығын тудырып дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір мұғалім жолдауға жедел үн қосу керек деп білемін. Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан - жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық , коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек.

Ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі.

Біздің мемлекетімізде жаңа ақпараттық құралдардың дамып келе жатқаны сөзсіз. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барсында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді.

Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ағылшын тілі - ұлы әдебиет тілі

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және

интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде.

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр - түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Және мен өз сабағымда “Messages» электронды оқулықтарын жиі қолданамын.

Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Көбіне мен ағылшын пәнінде компьютерді жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын.

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технология құралдарын қолданудың басты мақсаты - оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттары:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.
2. Компьютер адамның зерттеу - танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді.
3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымды құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.
4. Құрал бітімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.
5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан - жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр.

Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек деймін. Мысалы: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдері бір тақырыпты бір уақытта бастап, пәндер арасында тым құрығанда атауларын бала үш тілде біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа әңгіме құра білсе бір оқу жылы ішінде біршама жетістікке жетер еді демекпін. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек.

Қорыта келгенде ағылшын тілі сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы. Жаңа замандағы - Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан

қадамында оқу процессіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді.

Білім саласындағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жастарды дайындай білуіміз керек. Қазіргі заман сабағы жаңа ақпараттық технологияны меңгерген мұғалімсіз болмайды. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім - мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болайық.

Сүндетова Айдана Қайратқызы

Жастарға цифрлық білім беру - заманауи технологияларды оқытудың кілті.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады. Әлемдік жетекші сарапшылардың болжамдарына сәйкес, әлемдік экономиканың төрттен бір бөлігі цифрлық болмақ, және мемлекетке, бизнеске және қоғамға тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологияларын енгізу ауқымды және динамикалық үдеріске айналып келеді.

Цифрландыру еңбек нарығында жұмыс істейтін кәсіптер құрамына қойылатын өндірістік талаптардың қазіргі жүйесінен айтарлықтай озық болып отыр. Цифрлық экономика халықтың оның өнімдерін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдыларға ие болуын талап етеді. Бүгінде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылық деңгейі 76,2%-ды құрайды — бұл жаман көрсеткіш емес. Алайда алға қойған мақсаттарға жету үшін оны тек сандық жағынан емес, сапалық тұрғысынан да жақсарту қажет.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама іспеттес мақаласында «Цифрлі Қазақстан» сияқты бағдарламаны жүзеге асырудың маңыздылығын «ұлттымызды, яғни барша Қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлау қамы» деп айқын түрде көрсеткен болатын.

«Рухани жаңғыру» жобасында көрініс тапқан ұлттық бірегейлік, ұлттық «Меннің» ішкі өзегі мен ұлттық рухтың сақталу мәселелеріне және студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм, прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған. сана жаңғыруындағы, қазіргі жаһандық міндеттерді шешудегі рөліне айрықша көңіл бөлінген.

Әлемдік нарықта ІТ саласы ауқымды орын алып отыр. Сондықтан, жастарды осы салаға мамандандырып бағыттайтын болсақ, әлемдік нарыққа кіретініміз анық. Себебі, заман талабы осындай. Бұл дегеніміз – үлкен орталық, статистикалық ақпараттарды жинау, оған дұрыс анализ жасау, қорытынды ретінде көрсету. Цифрлы технология өзін-өзі ақтайтын және экономиканы қарқынды дамытудың сенімді құралы болып табылмақ. Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы нақты әрі түйінді, еліміздің болашағы үшін маңызды мәселелерді көтерген болатын.

Біздің заманымыз жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеялар, заманауи технологиялардың қарыштаған кезеңі. Бұл дегеніміз ендігі кезекте біздің еліміздің тағдыры біздің тағдырымызбен айқындалады. Елдің бәсекеге қабілеттілігі, әрбір азаматтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы жағдайлардың жиынтығымен анықталады. Олардың әзірлік деңгейі, білімі мен жеке басының дамуы, ғылым мен технологияны ұтымды пайдалануы барлығы дерлік жастардың бәсекеге қабілеттілігін сипаттайды.

Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады» деген болатын. Ендеше жылдар бойы жасалынып келе жатқан өзгерістер мен заман ағымындағы технологиялар тікелей жастарға арналады және жастар өмірінде маңызы зор. Сондықтан мен заманауи технологиялардың жастар өміріндегі орнына тоқталғанды жөн көрдім.

Жалпы ауқымды және ғылыми техникалық прогресс процесі, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникация технологиялардың дамуы бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Бүгінде әлемде өте көп заманауи технологиялар пайда боды, тіпті он-он бес жыл бұрын елестете алмаған. Бұл элетрондық медицина және ғылымның барлық салаларындағы гаджеттер, бизнес, құрылыс және басқада көптеген нәрселер смартфондар, планшеттер т.б. Бұл технологиялардың ешқайсысы да Қазақстанды айналып өткен емес. Әр уақыттада өзгерістерден қалыс қалмай дамып келеміз. Мәселен, жиырма жыл бұрын адамдар аурулардан көп қайтыс болатын, ал қазір дамыған медицина арқылы көптеген мүмкіндіктерге қол жеткіздік. Заманауи технологиялар әрқайсысымызды айналамызда. Мысалы, компьютер, телефон, телевизор, кір жуғыш машина т.б. Ал бизнесте бұл жаңалықтар мүлде басқа сатыда. Әрбір 2-3 ай сайын әлемге әйгілі корпорация ретінде Samsung, Appie, Noto, Mkrosoft, Sony және де көптеген жаңа анағұрлым күрделі және көп функциялы өнімдер шығып тұрады. Дегенменде барлық заманауи технологиялардың үлкен пайдасы және үлкен зияны болады. Соның ішінде қазір ең озық қарыштап тұрған технология-компьютер және интернет желісі [1,216].

Интернеттің озық қолданушылары, үлкен мүмкіншіліктерді жүзеге асырушылары жастар болғандықтан, жастар өміріндегі маңызына тоқтала кетейік. Қазірге кезде заманауи тенологи жастар өміріне берік еніп, жыл сайын сұранысы артып келеді. Ия рас қазір барлығымыз үшін ең тиімді тұстары жұмысты мейлінше оңайлатып, өмірімізді жеңілдендіреді. Мысалы қашықтықтан онлайн оқу, қалаған тілдерінді меңгеру, әлемде болып жатқан соңғы жаңалықтар мен ақпараттарды естіп-көру, электронды кітаптар оқу, алыс-жақынды достарың мен туыстарың мен ара-қатынаста болу, жарнамалау немесе қалаған затымызға тапсырыс беру, білім-ғылымдада басқа мемлекет жастарымен қарым-қатынас орнату, көптеген шетелдік гранттарға қол жеткізу, ойсананы кеңейтуге, кәсіптік, бизнестік тәжірибе алмастыруға болады.

Жастардың қолынан барлығы келеді. Сондықтанда мемлекетіміз ұлтжанды, білімді жастары болып, елдердің көш басында жүрерлік болсақ, уақытымызды қажетсіз қалта телефонына қарауға салмай, маңызды істерге жұмылдыруымыз қажет. Заман көшінен қалмай, алға қарай ұмтылу жауапкершілікті сезуіміз керек. Дегенмен Елбасымыздың биылғы Жолдауынағы «Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс» делінген бір міндетінде көрсеткендей, жаңа технологияларды енгізу бұл экономикамыздың қарыштап дамуына жол ашатыны сөзсіз. Тәуелсіздігіміздің 27 жылында еліміз қарқынды дамуы осы заманауи технологияның үздіксіз дамуынан. Жаһандану кезеңінде бұл жастардың озық техниканы, электрониканы меңгере отырып, Елбасы айтқандай, жасқанбай алға ұмтылуға сенім береді. Оған қажырлы еңбек, үлкен құлшыныс керек.

Білім беру жүйесіндегі Цифрлы Қазақстан: мәселелер, даму болашағы қандай деген сұраққа келсек, адамзат тарихы түрлі даму сатыларынан өтіп бүгінгі күнге жетті. Мысалға алатын болсақ сонау палеолиттен қола, темір дәуіріне жетіп қазіргі таңда өркендеген жаңа өндірістік төңкеріс дәуірінде өмір сүреміз. Жан-жағымызға қарасақ бірінен-бірі асып түсуге ұмтылған елдерді көреміз, цифрлы технологиялар әлемінде күнделікті сұраныста болмасаң дамыған елдер көлеңкесінде қалатының анық, сондықтан бәсекелестік бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналды[2, 336].

Бәсекелестік тек өзге елдерде қалыптасқан үдеріс емес, қазіргі таңда Қазақстанда да белең алып қалыптасқан. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан бері 1991 жылдан 2018 жылға дейін түп-тура 27 жыл өтті. Осындай аз уақытқа қарамастан еліміз дамыған 50 елдің қатарына еніп, ендігі кезекте дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Мақсатқа жету жолында елбасымыз жыл сайын көгілдір экран алдында жолдау жолдаса, ал газет-журнал беттеріндегі мақалаларында елімізге мақсатқа жету жолындағы бағыттарымызды айқындап береді. Елбасымыз ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы 1-бөлімінде негізгі 6 бағытты ұсынады. Оның ішінде ең негізгі бағытбәсекелестік. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың

өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатыны баршамызға мәлім. Елбасымыз «Бәсекелік қабілет дегеніміз ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.»дегендей, болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында[3,102б].

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамын жейміз.

Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты:

«Экономика салаларын цифрландыру» - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

«Цифрлық мемлекетке көшу» қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

«Цифрлық Жібек жолын іске асыру» ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

«Адами капиталды дамыту» жаңа жағдайға білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

«Инновациялық экожүйені құру» бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты.

Ойы жүйрік, саналы, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады. Өйткені жақсы мұғалім жақсы тұлғаны жасайды.Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі-әрбір жеке тұлғаға білім арудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді; әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін,тәсілін,жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға шәкірттерімізді жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Осы жайттарды ескере отырып, жеке тұлға ретінде дербес өзіндік әлеміне бойлату арқылы өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндіктерін таныттырып, оны жүзеге асыруға, өз жан дүниесінің мәнділігін сезіндіруге бағыттайтын әрбір ұстаз өз қызметін үлкен сеніммен атқарғаны жөн. Себебі мұғалім ең жауапты міндетті орындайды – ол адамды қалыптастырады. Мұғалімі қандай болса, шәкірті де сондай сенім жүгін көтереді.

Мемлекеттің болашағы, үміті мен сенімі – жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау, заман талабына лайықты мұғалімнің қызмет етуі қоғам дамуын алға бастайды. Ендеше, еңсені биіктетіп, еліміздің болашағы үшін ұлт мақтанышына айналар ұрпақты жетектеп, ұлы Абай айтқандай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ой иірімі ұрандарыңызға айналып, адамзат құндылығы-білім екенін көрсету жолында еш аянбаңыздар!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. НазарбаевН. Болашаққабағдар: руханижаңғыру // ЕгеменҚазақстан. 2017. 12 сәуір
2. Назарбаев Н. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуыдың жаңа мүмкіндіктері // Экономика. 2018. № (540). С. 81-86.
3. Назарбаев Н. Тәуелсіздік дәуірі. Астана, 2017. 508 б.Автордың аты-жөні, тегі: М.А. Джекебаева, С.Ж. Турсунбаева, F.T. Рсалдина

Талгатов Рахат Талгатович
Атырауский политехнический высший колледж имени Саламата Мукашева, Атырау
1 курс, «Техническое обслуживание и ремонт оборудования нефтяных и газовых промыслов»
Кулумбетова Шынар Маратовна, магистр, преподаватель информатики

ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Что такое цифровизация?

Цифровизация – это повсеместное внедрение цифровых технологий в разные сферы жизни: промышленность, экономику, образование, культуру, обслуживание и т. п. Это явление вызвано стремительным развитием информационных технологий, микроэлектроники и коммуникаций в большинстве стран мира. Цифровизация – это глобальный процесс, который с каждым днем все больше подчиняет планету и даже пространство за ее пределами. Примеры цифровизации: умные дома, роботы на заводах, беспилотные автомобили.

Суть цифровизации в автоматизации процессов – переходе информации в более доступную цифровую среду, где её проще проанализировать, а потом получить точное решение автономно.

Задача цифровизации – сделать процесс «гибким». То есть с помощью анализа данных точно знать, что хочет получить рынок в конкретный момент, и подстроить под это производство или бизнес.

Цифровизация в различных сферах

Цифровые технологии окружают людей со всех сторон: они есть в каждом современном доме, учреждении, на предприятиях, заводах, в больницах, школах, университетах. Они используются для создания дополнительной и виртуальной реальности, при машинном обучении, в робототехнике, для 3D-печати, в области искусственного интеллекта, здравоохранения, научных исследований, сельского хозяйства. Исследователи считают, что цифровые технологии будут развиваться (и уже развиваются) в геометрической прогрессии ежегодно. Эти изменения жизни общества помогают представить, насколько процесс цифровизации охватил мир. Цифровизация всех сфер жизни и экономики Казахстана – это возможность занять передовые позиции на мировой арене, а также улучшить качество жизни граждан и создать благоприятные условия развития предпринимательства. Для этого программа «Цифровой Казахстан» разработала комплекс мер для работы по пяти ключевым направлениям.

Цифровизация экономики

Хозяйственной деятельности, в котором основная масса данных обрабатывается цифровыми способами. Ее проявления – онлайн-услуги, интернет-торговля, электронные платежи, краудфандинг, интернет-реклама, электронный документооборот, безналичный расчет и т.д. Такой формат позволяет быстрее и проще получать доступ к услугам и продуктам. Характерная черта цифровой экономики – отказ от участия посредников. К примеру, человек может заказать себе еду на дом, и для этого ему не нужно идти в магазин и общаться с продавцами. По оценкам экспертов, перед Казахстаном, как и перед остальным миром, цифровая экономика – это направление, стоят совершенно определенные вызовы. Среди них одно из ключевых мест занимают кибер-риски и риски новых технологий. Бизнесу необходимо создать четкую цифровую стратегию. Именно от нее будет зависеть место компании в современной среде. Согласно результатам опроса ИТ-директоров более 20 крупнейших компаний РК, который также провела KPMG, приоритеты большинства компаний связаны с увеличением операционной эффективности и улучшением бизнес-процессов. О высоком приоритете в создании инновационных продуктов и услуг, а также внедрении BI-инструментов, заявило по 53% опрошенных.

Цифровизация промышленности

Широкое использование цифровых технологий в промышленности позволяет

в значительной степени повысить эффективность производственных процессов, обеспечить безопасность труда, а также генерировать новые источники доходов за счет изменения бизнес-моделей компаний. Добывающая, обрабатывающая промышленность и электроэнергетика составляют основу реального сектора экономики Казахстана и требуют следующих передовых цифровых решений.

Цифровой рудник. Цифровое месторождение. Модельная цифровая фабрика

Цифровизация транспорта и логистики

Цифровизация этого сектора увеличит объем транзитных грузоперевозок и повысит качество услуг для всех участников процесса. Качественная транспортная и логистическая инфраструктура даст мощный толчок развитию экономики за счет повышения связности территории и снижения накладных расходов на доставку товаров до места назначения. Это будет обеспечено за счет следующих цифровых решений. Интеллектуальная транспортная система. Мультимодальные перевозки.

Цифровизация в медицине

Плохое финансирование, нехватка рабочего персонала и низкое качество услуг – основные проблемы здравоохранения в стране. Внедрение цифровых технологий поможет улучшить ситуацию. Главное направление – разработка гаджетов, которые позволят удаленно мониторить состояние здоровья пациента. Внедрение специальных цифровых алгоритмов поможет врачам точнее устанавливать диагноз и назначать лечение. Кроме того, введение электронных карт больного позволяет всегда иметь доступ к его истории болезни: так можно избежать потери медицинских карточек в регистратурах. На данный момент в Казахстане уже ведутся только в электронном виде отдельные медицинские документы, предоставляются в электронном виде отдельные виды услуг, однако впереди целые разделы, не охваченные цифровизацией.

Существуют и инфраструктурные проблемы, включающие доступность, стоимость и качество интернета в отдаленных сельских районах, наличие хорошей компьютерной техники. Несмотря на проведенную работу по оснащению рабочих мест медперсонала компьютерной техникой, во многих организациях продолжают использоваться морально и физически устаревшие модели компьютеров. На селе много устаревшей медицинской техники, которая не передает результаты исследований в цифровом формате, либо использует устаревшие технологии. Для многих врачей старшего возраста переход к электронному ведению медицинских данных составляет проблему.

Цифровизация в образовании

Многие образовательные учреждения обращаются к цифровым технологиям, чтобы сделать учебный процесс четче, прозрачнее, эффективнее. Цифровизация в образовании – это переход на электронную систему обучения. Все учебные материалы, а также журналы и дневники будут в режиме онлайн. Вместо привычных тетрадей задания станут выполняться ученики. Согласно результатам исследования, проведенным Информационно-аналитическим центром МОН РК, казахстанские школы подключились к цифровым образовательным ресурсам (ЦОР), в базу которых вошли 40 000 видео- и интерактивных уроков. Учитывая, что пока еще не все школы обеспечены доступом к интернету, то цифровые образовательные ресурсы были размещены на специальных серверах школ. В рамках программы «Цифровой Казахстан» в Правительстве разработан комплексный план подключения всех школ в Интернету.

Итоги

Итак, цифровой Казахстан – это будущее, в котором каждый житель страны, с помощью своего смартфона совершает десятки важных манипуляций. И при этом не тратит на это самые ценные ресурсы – время и энергию. Это будущее началось уже сегодня.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЖЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында "Білім беру реформасы — Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі.

Бізге экономикалық және қоғамдық қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет" деп атап көрсетілгендей, білім беру сала-сында елеулі өзгерістер жүріп жатыр.

Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды сипаты қазіргі кезеңдегі оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туындап отыр. Осыған орай соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, колледж өміріне енгізілуде. Солардың бірі — Дьяченконың ұжым-дық оқыту технологиясы.

Ұжымдық оқыту - күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесінде көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Ұжымдық оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақ-сатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, оқушының белсенділігі түрінде, ұжым мүшелерінің әрекеттестік, ынтымақтастық бірлігінде, олардың өзара қарым-қатынас сипатында, танып білу үрдісінде.

Оқыту циклінің инварианттық негіздер жүйесінің 3 деңгейлік құрылы-мында көбіне репродуктивті әдіс пайдаланылады. Сұраққа жауап беру құқын топ жетекшісі анықтайды. Егер алдыңғы оқушы жауабында қателер жіберсе, жауап толық болмаса, онда келесі оқушы жауапты толықтырады, жіберілген қателіктерді түзетеді. Егер топтың басқа жауабы болмаса, онда оқулықтарды, оқу, дидактикалық, көмекші құралдарды пайдалана алады. Оқушылардың барлық жауабы (формулалар, сызбалар, суреттер, есептердің шығару жолы) бір ғана параққа түсіріледі.

Жаңа материалды меңгеру кезеңінде осы типтес тапсырмалар беріледі. Мысалы, сызбаны функцияның әр түрлі мәндеріне сәйкес тұрғызу (әрбір оқушы әр түрлі функция мәндерімен жұмыс жасайды).

Оқушылардың алған білімдерін жаңа жағдайда қолдануда ұжымдық та-нымдық іс-әрекетті ұйымдастыру технологиясының 3 нұсқасы қолданылады.

Бірінші нұсқа бойынша барлық оқушыларға топта ұжымдық орындауды қажет ететін бірдей тапсырмалар беріледі. Бұл жұмысты ұйымдастырушылық қабілеті басым, достарының арасында беделі бар топ басшысы жүрпзеді. Бұл жерде мұғалім топ басшысы жұмысын нәтижеге қарай бағыттап, тек жол сілтейді.

Екінші нұсқа топ басшыларынан үлкен қарқынды жұмысты талап ететін ұжымдық танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруды көздейді. Бұл жерде оқушы-

ларға қиын есептерді шығару тапсырылады. Сынып бірнеше топтарға бөлінеді, алғашқы кезекте берілген есепті барлығы жеке шығарады. Есепті бірінші шығарып болған оқушы жұмысын мұғалімге көрсетеді. Егер есептің шешімі дұрыс болса, онда оқушы мұғалім тарапынан тиісті бағасын алады және мұғалім оған қосымша тапсырма береді. Осы кезде есепті екінші шығарған оқушы есептің шешімін бірінші оқушыға көрсетеді, бірінші оқушы екінші оқушының есебін бағалайды. Үшінші есепті шығарған оқушы жұмысын екінші оқушыға көрсетіп, сәйкесінше бағасын алады және солай кете береді.

Үшінші нұсқада жаңа меңгерілген білімді жаңа жағдайда қолдануды қажет ететін бірнеше сапалық есептерді шешуді ұсынады. (Есептің саны 5-тен артық емес.) Мұғалім 5 есептің тапсырмасын береді, оқушылар өздері қала-ған ретпен 5 есепті шығаруға кіріседі. Берілген есептер тоғта үлкен пікірталасты қажет ететіндей етіп алынған, сондықтан әрбір топ өзінің ұжымдық жауаптарын ұсынып, сабақ соңында толық әрі нақты жауап берген топ марапатталады.

Ең бастысы, ұжымдық танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру жұмысының басқа жұмыстардан едәуір айырмашылығы бар:

- сабақта әрбір оқушының жеке орны, жеке рөлі болады;
- оқушы жаңа білімді мұғалімнің аузынан емес, өзінің іс-әрекеті

нәтижесінің арқасында алады;

- әрбір оқушы ізденеді, оқушы өз іс-әрекетін өзі бағалайды.

Сонымен әрбір оқушының дамуына жағдай жасайтын ұжымдық оқыту мынадай міндеттерді шеше алады:

- оқушының базалық білім, білік, дағдыларын (білім беру стандарты бойынша) игеру жүйесін жетілдіру;
- оқыту үрдісінде оқушының теориялық және өнімділік ойлау әрекеттерін, танымдық қабілеттерін белсендіру;
- оқушылардың танымдық қызығуын, оқуға деген мотивациясын дамыту;
- белгілі бір мәселе шешуде оқушылардың ынтымақтастығын, еріктестігін ұйымдастыру;
- кәбіне оқу жұмысының топтық түрлерін қолдану;
- оқушының өзіндік ізденіс-зерттеу жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру;
- оқушының өз біліміне, күшіне сенімін арту;
- оқушының өзінің көршісінің (ұжымының) білімін тексеруге, бағалауға атсалысу;
- оқушының өз білімін өзі бағалауы;
- оқу үрдісінде әр түрлі шапшаңдықпен және әр түрлі көлемді (стандартқа сәйкес) оқу материалын игерудің мүмкіншілігін ашу;
- дамытушы оқытуға арналған ойындарды қолдану;
- оқушының шығармашылық қабілеттерін ашу.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі үшін қазіргі кезеңде дарынды да талапты оқушы тәрбиелеп шығару — колледжоқытушыларының алдына қойылып отырған басты мәселе. Ал бұл мәселені шешуде оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін колледждің оқу-тәрбие үрдісіне ұжымдық технологияны енгізудің маңызы зор.

Колледжде оқушылардың қоғамдық бағыттылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі-ұжымның өмірін жандандыру, мазмұнын тереңдету. Бұл жөнінде оқушылардың ұжымдық іс-шаралардан алған әсерлері айғақтайды (пікірталас, тақырыптық кеш, кездесу, жорық). Ал ұжымдық іс-әрекеттің тәрбиелік тиімділігінің маңызды көрсеткіштері - балалардың белсенділігі мен ынталылығын көтеру, сыныпта және колледжде оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту. Ұжымдық іс-әрекеттің әрбір түрі өз белсенділерін шығарады, бірқатар жағдайларда өзін-өзі басқару органдарын құрады. Ұжымдық таным-дық іс-әрекетті ұйымдастыру оқу белсенділерінің есуіне, танымдық дербестіктің, қызығу мен шығармашылықтың нығаюына ықпал етеді.

Оқушылардың танымдық белсенділігінің қалыптасуына ұжымдық іс-әрекеттердің түрлі формаларының әсерін анықтау үшін колледжде және колледжден тыс өтетін сабақтарда жан-жақты талдау керек.

Оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейін үлгіретін және үлгірмейтін оқушылардың пайызымен емес, әр оқушының оқу мен дамуындағы алға басуымен, жұмыс атқаруға деген талпынысымен өлшеуге болады. Ұжымдық оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру оқушылардың жеке тұлғалық жауапкершілігін, өзара тәуелділігін дамытады.

Танымдық белсенділік пен дербестікті қалыптастыру оқушының жеке тұлғалық шығармашылық бағыттылығымен дамытудың қажетті шарты болып табылады. Ұжымдық еңбектену үрдісінде оқушылардың жеке тұлғалық қызығуы мен бейімділігін тереңдетудің алғы шарты жасалынады, қарым-қатынас аясы кеңейеді, әлеуметтік және адамгершілік тәжірибелер жинақтайды.

Оқушылардың дамуындағы алға басуы сынып жетекшісі әзірлеген жеке тұлғалық мінездемелерінде жазылады. Шығармашылық белсенділігі үш жақтан (сынып, белсенді мүше, мұғалім) бағаланады, бұл оқушының даралық шығармашылығының қалыптасуы жөнінде нақты мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Оқу-танымдық іс-әрекетте оқушының даралығын дамытудың маңызды көрсеткіші оқудан тыс бірлестіктерде қызығуларына қарай қатысушылар санының өсуінен көрінеді. Оқушылар өздерінің бейімділіктері мен қабілеттерін "шебер қолдар" үйірмелерінде, ғылыми қоғам, көркемдік студияларда, өлкетану саяхаттарында, өнертапқыштар клубында қолданады.

Ұжымдық іс-әрекеттің тиімділігінің маңызды шарты - оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының болуы. Балалар іс-әрекетке құр орындаушы ретінде қатыспай, оның дамуына өзінің шығармашылық үлесін қосуы үшін бар мүмкіндіктерді жасауы керек.

Ұжымдық іс-әрекеттің тәрбиелік тиімділігінің қажетті шарттарының бірі: оған кәсіби педагогикалық басшылық ету. Тәрбиелеу әдістемесін меңгеруден, әр жастағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін білуден басқа педагог оқушылар ұжымын, ондағы іскерлік және эмоциялық қарым-қатынастарды тиянақты зерттеп, ұжымдық іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін түсініп және оны ұйымдастырудың түрлі тәсілдері мен амалдарын қолдана білуі керек.

Ұжымдық іс-әрекеттің тәрбиелік тиімділігінің шарттарын қарастыра отырып, бұл іс-әрекет оқу-танымдық үрдіс пен жеке тұлғаны тәрбиелеудің жалғыз ғана формасы деп түсінбеу керектігін ескертеміз. Ол оқушының жеке және дербес жұмысымен өзара үйлескенде ғана жақсы нәтиже береді.

Ұжымның негізгі белгілері - қоғамның маңызды мақсаттардың болуы, олардың кезекпен дамуы, оқушылардың жүйелі түрде әртүрлі әлеуметтік істерге араластыру және бірлескен қызметтерді ұйымдастыру.

Ұжымның дамуына ең үлкен маңызы бар нәрселер қалыпты дәстүр мен бір-біріне көмек көрсету атмосферасының болуы, сенімділік пен талап, сын және өзін - өзі сынаудың дамуы, саналы дисциplinаның болуы.

Профессионалды білім алу саласында ұжымдық бірлестік үшін маңызды ролді оқушыларға деген нақты талап жүйесі мен олардың жүріс – тұрысын иеленеді. Қоғамға пайдасы тиер азаматты тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп қойған педагог бірінші күннен бастап-ақ барлығына ортақ талап қоюы тиіс. Бұл талаптардың қойылуы уақытына емес, әрбір педагогтың жалпы ұжымның үздіксіз әрекеті болуға тиіс. Егер оқушыларға мақсатқа бағытталған талапты ұжым емес бір ғана педагог ұсынса бұл нәтижесіз болмақ.

Оқушылар ұжымына деген жоғарғы талап – бұл тек қана олардың әрқайсысы үшін норма болып қалыптасуға тиісті ережелерді орындау ғана емес, осыған қажет шарттар да болып табылады. Осындай шарттардың бірі – педагогикалық ұжымның өзіндегі жоғарғы талап: педагогикалық жұмыскерлерге - администрация, әр педагогты – жолдастарына, ал ең басты - өз - өзіне. Тек осылай ғана тәрбие жұмысында біріккен, ортақ, ұжымдық методиканы жасап шығаруға болады.

Біріккен талаптардың жүзеге асу маңыздылығы білім орындарының педагогикалық кеңесіне қарайды. Оқу және тәрбиелеу процесіндегі біріккен педагогикалық талаптардың мағынасын түсіндіру, олардың мазмұнын нықтау мен әдістеменің және оның жүзеге асуын қадағалау олардың, яғни кеңестің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Әрбір педагог оқушылар ұжымына немесе оның бір мүшесіне қойылатын талаптардың нақтыланған, сарапталған болуы керектігін жақсы біледі. Ал оқушылар болса мұндай жағдайда өздерін қалай ұстау керектігін өте жақсы білуі тиіс. Педагог оқушыдан не талап ету керектігін, ал оқушы өзіне қойылған талаптың қандай екенін түсінгенде ғана ұжымдағы талаптылық бекілген.

Ең мақсаты деп табылатын талаптар қатарына мыналар жатады:

- жалпы талаптар
- теориялық оқу сабағындағы оқушылардың өзін - өзі ұстауына қойылатын талаптар.
- шығармашылық оқудағы оқушыларға қойылатын талаптар.
- Жатаханадағы жүріс- тұрысына қойылатын талаптар.

Аталмыш талаптарды орындау оқушыларға оның мән-мағынасын, мазмұнын, жүйелік дайындығы мен бақылауын түсінуге көмектеседі. Түсіндіру немесе анықтау талаппен жүргізіліп отыру тиіс, оны алмастырудың қажеттігі жоқ. Талаптың міндеті орындалуын талап ете алатын және сол талаптарды категориялық формада ұсынып білетін оқытушылар мен шеберлер ғана мұндай біріккен, ортақ талаптардың орындалуына қол жеткізе алады.

Оқушының бұл талаптарды орындау маңыздылығы мен педагогтың қатаң талабын түсіну өте қажет. Жүріс – тұрыс ережелерін орындау талабы оқушының бұйрығы түрінде де жүзеге асуы тиіс.

Қойылар талаптардың орындалуына оқушылардың еркін араласуы, яғни оқу орнындағы кезекшілік арқылы тәртіп сақтаулары да үлкен орынды иеленеді. Бұзылған тәртіп ережелері өз уақытында көңіл бөлінуі тиіс. Бірақ, бұл дифференциалды түрде, жүріс – тұрыс мотивтарын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Бұл жағдайда индивидуалды әдіс ең маңызды педагогикалық жағдайлардың бірі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н. Д. Хмель, Г. Т. Хайруллин, Б. И. Муканова, «Педагогика», Алматы-2005
2. С. Әбенбаев, Ж. Әбиев, «Педагогика», Астана-Фолиант-2009
3. Ш. Құрманалина, Б. Мұқанова, Ә. Ғалымова, Р. Ильясова, «Педагогика», Астана-Фолиант-2010
4. Қ. Сейталиев, «Педагогиканың жалпы негіздері», Алматы-Өлке-2009
5. С. Мұсаева, Т. Бегалиев, «Жас ерекшелік педагогикасы», Астана-2010
6. С. Әбенбаев, «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы, Дарын-2004
7. Педагогика. Лекциялар курсы. - Алматы, 2003.
8. Назарбаев Н.Ә.Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында /Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 2006 жылғы 1наурыз.

*Таңатаров Алтынбек Бижанұлы
Атырау энергетика және құрылыс колледжі
Атырау облысы
I-курс, мамандығы: «Кең бейінді құрылыс шебері»
Ғылыми жетекшісі: Көшербаева Базаргүл Ақылбайқызы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» еңбегінің маңызы: Қоғамның алдындағы мақсат пен міндеттерді анықтау және соған сәйкес бүкіл қоғамды және оның ресурстарын жұмылдыру. Дербес дамудың дара жолын айқындау. Дамудың қазақстандық үлгісі. Қоғамды демократияландыру үдерісін дамыту.

Қазақстанда нарықтық қатынастардың қалыптасуы нарық субъектілеріне қызмет көрсету саласында материалдық және материалдық емес өндірісті, әсіресе банк, несие, инвестициялық, ақпараттық, технологиялық, инновациялық, коммерциялық қызмет салаларын әртүрлі қызмет және сервис түрлерімен қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар мен объектілер кешенін қалыптастыруды талап етеді. Шаруашылық жүргізудің барлық нысандарының ішінен аса тиімдісі- нарықтық экономика екендігін адамзат тәжірибесі көрсетті. Көптеген экономистер нарықтық экономиканың негізгі артықшылығы- қоғам ресурстарын өндірістің шекті өнімділік факторларына сәйкес тиімді бөлуге мүмкіндік беретіндігінде,- деп қарастырады. Нарықтық экономиканың экономикалық жүйелердің алдында артықшылығы ол инновациялық қызметке ықпал етеді. Нарықтық экономика маркетинг механизмі арқылы төлем қабілеті бар сұранысқа сәйкес өндіріс көлемі мен құрылымын қалыптастырады. Нарыққа бағытталған экономиканың тармақталған инфрақұрылымдық сеті бар. Экономикалық ақпарат тауарлардың бар немесе жоқ болуы, саны мен сапасы, оларды өндіру шығындары, тұтынушыға пайдалылығы жөнінде хабарлайды. Қазақстан Республикасы өзінің дамуында нарықтық бағытты анықтап, реформаларды «ҚР тәуелсіздігі туралы» Конституция Заңын 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданғаннан кейін интенсивті түрде жүргізе бастады.

Қазақстанның нарық қатынастарына көшуінің бастапқы шарттарын келесі түрде жалпылама сипаттауға болады. 1991 жылы және кейінгі жылдары да өндірістің қысқаруымен, әрекет етіп отырған басқару құрылымдарын нарықтық шаруашылықта тиімді әрекет етуге қабілеті бар жаңа органдармен ауыстырылусыз құлдырауыш жалғасатын әлеуметтік-экономикалық жүйе дағдарысы байқалған. Реформалардың басында әрекет етіп отырған «нарықтық» институттар, сауда және қамсыздандыру өткізу ұйымдары түбегейлі өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделмеген еді.

Дағдарыс қаржылық жүйесін де жаулап алды: ақша эмиссиясы өсті, ақшалай табыстардың өсуі тауарлы массамен қамтамасыз етілмеді. Тауар айналымының көлемі баға факторы есебінен артып отырды. Гиперинфляция кезеңі басталды. Үкіметпен қабылданып жатқан ең алғашқы іс-шаралар мен бағдарламалар, біріншіден, саясат, экономика, құқық, қаржы және әлеуметтік салаларда нарық қатынастарын қалыптастыру және дамыту бойынша іс-шаралардың кешенділігін қарастырған. Екіншіден, олар экономиканың макро және микро деңгейлерін,

үшіншіден, өткізіліп жатқан реформалардың кезеңдер бойынша жүруін қамтамасыз етті.

Қазақстан нарыққа көшу бағдарламалары:

- мемлекет ролін қайта қарастыру, заңдылықтар реформалары, орындаушы биліктің қайта құрылуы, әлеуметтік қорғау жүйесін құру, мемлекеттік институттардың (салық жүйесінің, бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерін бақылау, ақша саясатын бақылау) реформасы;
- макроэкономикалық тұрақтылықты, қатаң бюджеттік және несие саясаты, мемлекеттік бюджет тапшылығымен күресу;
- баға және нарық реформасы: бағалардан бақылауды алып тастауды, өндірістік факторлардың бәсекелестік нарығын құруды және сауда либерализациясын;
- кәсіпкерлікті дамытуды: жеке меншік секторының қалыптасуын, меншік құқығын нығайтуды, салаларға фирманың қол жеткізе және шыға алуын, кәсіпорындардың қайта құрылуын қарастырады.

Жоғарыда айтылғандардан басқа бағдарламалардан көшудің басқа бағыты болып нарық инфрақұрылымын құру. Ол Қазақстанда нарық қатынастарын дамыту бойынша мемлекет өзегі болып табылады. Тауарлы шаруашылықтың даму барысында нысандарының көп түрлілігімен ерекшеленетін және ежелгі базарлардан компьютерлермен қамсыздандырылған, қазіргі заманға ұйымдастырылған нарықтарға дейін жол кешкен нарық қалыптасты.

Кейбір нарықтардың ресми ережелері бар және нақты белгіленген орындарда әрекет етеді, мысалы тауарлар, қор немесе валюта биржалары. Ал басқа, мысалы жылжымайтын мүліктерді сату, қызмет көрсету іс жүзінде асырылатын ауызша ақпараттық жүйелер сияқты нарықтар бейресми және орталықсыздандырылған. Қазіргі заман нарықтарының ұйымдастырушылық спектрлері өте кең: тауарлардың көтерме және бөлшек нарықтары, ішкі нарық, ұлттық нарық, әлемдік нарық және т.б. Нысандарының көптүрлілігіне, мөлшерлеріне қарамастан барлық нарықтарда тағы бір жалпы қасиеті бар: олар ақпаратты адамдарға шешім қабылдау үшін қажетті бағалар және стимулдар түрінде ұсынады. Экономикалық оқулықтарда нарықтың мәнін ашатын көптеген анықтамалар бар. XIX ғасырдағы ағылшын экономисті У.Джевонс нарықты іскерлік қатынасқа түсетін және қандайда болмасын тауар бойынша ірі келісім шарттар орнататын адамдардың тобы ретінде қарастырады. Қазіргі заманның американдық экономист Ф.Котлер нарықты тауарлардың әрекет етіп отырған және потенциалды сатып алушыларының жиынтығы ретінде сипаттайды. Нарыққа ұсынылатын өнім бәсекеге қабілетті болуы тиіс, яғни басқа бәсекелестердің ұқсас өнімдерінен ұтымды ерекшелене алатын тұтынушылық қасиеттері болуы қажет. Қазіргі заман нарығы жаңалық нарығына айналуға, себебі жаңалық – тауарлар мен қызметтерді бәсекеге қабілетті қылатын негізгі қасиет болып саналады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының құрамында экономиканы басқаруды ұйымдастырудың әдістемелік қағидалары бар. Біріншіден, Қазақстан экономикасы меншіктің әртүрлі нысандарына негізделеді. Мемлекет заң алдында меншіктің барлық субъектілерінің теңдігін қамтамасыз етеді. Екіншіден, жеке меншікке қол сұғуға болмайды. Үшіншіден, мемлекет жеке кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Төртіншіден, монополистік қызмет пен бәсекелестің кез елген шектеуіне жол бермейді. Бесіншіден, әкімшілік аймақтың бірліктері дербес болып табылады. Бұл қағидалар Қазақстан экономикасын басқарудың қазіргі жүйесінің негізін құрайды және республиканың халық шаруашылығының әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономикаға орнықты етуін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл қағидалар тек саяси әлеуметтік мәнге ие болып қана қоймай, Қазақстандағы менеджменттің ұйымдастырушылық бастамасына да тікелей қатысты.

Экономиканы тұрақтандыру мақсатында Республика үкіметі нарыққа өтудің тұжырымдамасын жасап шығарды. Тұжырымдамада мемлекеттік және экономикалық егемендіктің қағидаларына негізделген. Онда нарыққа өтудің стратегиялық бағыттары анықталған. Реттеулі нарықтық экономикаға өту келесі негізгі бағыттардан құралады:

- Меншікті мемлекет иелігінен алу- ол мемлекеттік меншіктің монополиясын жою және өндірушілердің бәсекесін дамытуға жағдай туғызу.
- Монополиясыздандыру және монополияға қарсы саясат- аталмыш заңды
- Қабылдау, еркін кәсіпкерлікке жағдай туғызу және қатарлы өндірістік құрылымдарды дамыту.
- Қаржылық сауықтыру және экономиканы тұрақтандыру.
- Баға құрылымы саясаты. Аталған реттеулі нарықтық экономикаға өту тұжырымдамасында

негізгі қағидалар белгіленген. Олар төменде көрсетілгендей:

- Республика территориясында заңдылықтың басымдылығы мен үстемдігі;
- Дербес баға белгілеу саясаты;
- Сыртқы экономикалық саясатты жүргізудегі толық дербестік;

Басқару объектілерінде жүргізіліп жатқан терең де сапалы өзгерістер ұйымдастырушылық құрылымдар мен басқару органдарын қайта құруға әкеп соғады. Әрдайым даму мен жетілу үстінде болатын басқару объектісін бұрынғы қалыптағы әдіске салуға болмайды. Керісінше, әдістер өзгертіліп отырған экономикалық міндеттерге сәйкестендірілуі тиіс. Ол бір жағынан нарыққа өтпелі кезеңде аймақ басқару субъектісі ретінде, екінші жағынан нақтылы елдегі әлеуметтік экономикалық процестер әсерінен біріккен жергілікті қызығушылығы бар адамдар қауымдастығы әсерінен дамиды.

Бұрынғы орын алған мемлекеттік билік пен басқару құрылымдарының бірқатар кемшіліктері болған. Олардың қатары төмендегідей:

- Қоғамдық дағдарыс жағдайынан шығуы, қолда бар өндірістік, экономикалық және интеллектуалдық әлеуеттің тиімді пайдалануын қамтамасыз етпеді;
- Нарықтық қатынастарды ендіру мен дамытуға жағдай тудыруды, жоғары өнімді ынталандырудың жаңа тетіктерін енгізуді, кәсіпкерлік пен бәсекені жетілдіруді мүмкін етпеді;
- Басқару органдарының әдістері мен нысандары ескіше болды;
- Салалық басқару органдарында қайта бөлу қызметі басым болып, кәсіпорындар әрекетіне себепсіз араласу мен олардың экономикалық дербестігін шектеу орын алды;
- Елеулі кемшілік болып қабылданған басқарушылық шешімдерге жауапкершіліктік орын алмауы табылды;
- Келісімсіз әрекет жасау, қызметті пайдалану, атқарушы органдарда кең етек алды;

Экономиканы тұрақтандыру шаралары мен нарықты қалыптастыру мәселелері мемлекеттік билік пен халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымын қайта құрудың объективтілігі қажеттілігін тудырады.

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқару органдарының жүйесі мен қызметі 1999 жылғы 13 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың күзіретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы Президент жарлығына сәйкес жүргізіледі. Аталған құжат мемлекеттік басқару жүйесіне елеулі өзгеріс әкелген 1997 жылдың 4 наурызында жарық көрген, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесін реформалаудың кезекті шаралары атты Президент жарлығының жалғасы болып табылады. 1999 жылғы жарлыққа сәйкес мемлекеттік органдар құрылымы келесідей:

- Қазақстан Республикасы экономика министрлігі;
- ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі;
- ҚР энергетика, индустрия және сауда министрлігі;
- ҚР білім және ғылым министрлігі;
- ҚР табиғи ресурстар және айналадағы ортаны қорғау министрлігі;
- ҚР стратегия жөніндегі агенттігі;
- ҚР табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік;
- Үкімет құрамына кірмейтін бірқатар басқа да комитеттер мен комиссиялар.

Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын әрі қарай жетілдіру экономика мен шаруашылық тетіктерін нақтылы мақсатты дамуымен тығыз байланысты. Басқару құрылымы әрі қарай жетілдірудегі негізгі талаптар болып мыналар табылады:

- Ұйымдастырушылық құрылым басқарудың негізгі заңдылықтарына, дәл кезіндегі мақсаттарға сәйкес болуы керек;
- Ұйымдастырушылық құрылымның жақсаруы, шаруашылықтың экономикалық тетігінің өзгеруімен қатар іске асырылуы керек;
- Бұрын өзін өзі ақтаған басқарудың ұйымдастыру нысанындағы, қағидаларды және әдістерді жалғастырып пайдалану.

Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы серпіндікпен сипатталатын және объектінің жағдайымен байланысты болған соң, ұйымдастырушылық мәселелері өтпелі кезеңнің әр сатысында зерттеліп отыруы қажет. Ол мәселелер мынадай топтарға жинақталады:

- Басқаруды орталықтандыру мен орталықсыздандырудың арақатынасын оңтайландыру, яғни

басқарудың иерархиясының барлық сатысында оның функцияларын, құқықтарын және жауапкершілік қызметтерін анықтап айыру. Сонымен қатар негізгі топтағы кәсіпорындар, фирмалардың шаруашылық дербестігін елеулі көтеру;

- Республикалық, аймақтық және бағдарламалық деңгейде жалпы міндеттерді шешуде басқару органдарының үйлестігі мен әрекеттестігі;

- Еңбекті ұйымдастырудың пайдалы нысандарын, шешім қабылдаудың әдістерін және басқару құрылымдарды пайдалана отырып, басқару аппаратының жұмысын тиімді етіп көру.

Осы аталған мәселелер кешені аппаратты құруды жан -жақты қамтиды. Осының өзі ұйымдастырушылық жүйелердің талдау объектісі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Экономикалық саясат». Алматы – 2002ж

2. «Жалпы экономикалық теория

- 3.Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқына жолдауы» 2006 жыл 1 наурыз.

Тауна Бауыржан

Құлан агротехникалық жоғары колледжі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы

«Ветеринария» мамандығының студенті.

Жетекшісі: Тұтқышбаев Бауыржан Рахимович

ҰСАҚ ЖАНУАРЛАРДЫҢ НӘЖІСІНЕН ГЕЛЬМИНТТЕРДІ ТАБУ ҮШІН КАПРОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЗЕРТТЕУ.

I.Гельминттердің – өсімдіктер мен микроорганизмдерден айырмашылығы гетеротрофтылар, олар белоктарды, майларды, витаминдерді синтездей алмағандықтан оны сырттан дайын күйінде алады. Гелминттер қоректену үшін әртүрлі тәсілдерді пайдаланады; Мысалы **Нематодтар** - тістері мен ілгешектері және ауыз қуысы арқылы ; **Трематодтар** – сорғыш құралдарымен, фаринкс арқылы; ал **Цестодалар** – бүкіл денесімен сорып қоректенеді (адсорбция). Гельминттер иесінің ағзалары мен мүшелеріне мынадай кері әсерлерін тигізеді:

1. **механикалықәсері**–беку мүшелерімен қан тамырларының бүтіндігін бұзады, жарақаттар салады.

- 2.**химиялық әсері** - нерв талшықтарын тітіркендіреді.

3. **токсикалық(уытты) әсері** - метоболиттер бөледі.

- 4.**аллергиялық** – құбылыстар мен **витамин** жетіспеушілігі пайда болып, ағзалардың қызметінің бұзылуына әкеліп соқтырады, анемия,атрафия және домбығулар пайда болады.

Ұзақ уақыттан бері белгілі болғандай паразиттердің ішіндегі ең зардаптысы-гельминттер.Бұрынғы КСРО аумағында 25 000 гельминттердің түрі белгілі болған.Паразиттік күй кешетін құрттар жөніндегі алғашқы деректер ислам дүниесінде ертеректен б.э.д. 600жыл бұрын белгілі болған. Ұлы ғалымдар Гиппократ,Аристотель, Авиценна,Рудольфи өздерінің еңбектерінде адамдарда анықтаған-аскарида,оксиур,тения құрттары туралы жазған.Одан кейін ХХ ғасырдың басында паразитология саласының гельминтология негізін қалаған атақты орыс ғалымы,ветеринария мен медицина ғылымдарының докторы, профессор, 10 жақын және шалғай мемлекеттердің Академияларының академигі - К.И.Скрябин(1878-1972)әртүрлі жануарлардың гельминттер фаунасын анықтау мақсатында 320 жуық экспедициялар ұйымдастырып, нәтижесінде 200-ден астам құрттардың морфологиясын,биологиясын, иесімен арасындағы қарым - қатынасын зерттеген.Мәскеу,Новочеркасқ қалаларындағы зооветеринарлық институттардың құрамында паразитология кафедрасын ашқан.Ал Қазақстанда паразитология ғылымының алға басуына гельминтолог ғалымдар – Боев С.Н.,ГвоздевЕ.В.,ШульцР.С.,Э.Х.Дауғалиева,Г.И.Кәдірів,Н.Т.Егізбаева, Х.Е.Рамазановтар өз үлестер мен еңбектерін қосқан.

Гельминтология негізінен -тоғышар құрттардыадамдар мен жануарларда және өсімдіктерде тудыратын инвазиялық ауруларын зерттеумен шұғылданатын ғылым саласы.

II. Гельминтологиялық зерттеулердің мақсаты:

1. Гельминттердің морфологиясын, физиологиясын, биологиялық даму сатыларын зерттеу.
2. Гельминттердің түрлерінің ерекшеліктерін анықтау.
3. Малдың тірі кезінде және өлгеннен соң анықтау әдістерін жетілдіру.
4. Емдеу мақсатында қолданылатын тиімді препараттарды ұсыну арқылы жануарларды паразиттерден сауықтыру және адамдардың зооантропоноздармен дерттенуін болдырмау.

Қазіргі кезде гельминтозды аурулардың таралуы өзекті мәселелердің бірі болып тұр. 10-15 жыл бұрын мемлекет қарамағындағы шаруашылық малы - төрт түлігі бірқатар гельминтозды аурулардан сауықтырылатын болатын. Ал қазіргі уақытта малдың 92-95% жеке меншікте болғандықтан жоспарлы түрде гельминтозды ауруларға қарсы жүргізілетін іс-шаралар толықтай қамтылмай отыр. Оған себеп:

1. Мал иелерінің қаражаттарының жоқтығынан гельминтоздардың уақытылы зертханалық жолмен анықталмауы.
2. Ветеринариялық мамандардың инвазиялық аурулар жөніндегі білімдерінің төмендігі. Гельминтозды ауруларға қарсы жүргізілген іс-шаралар неғұрлым жан-жақты қамтылған болса, тиімділігі соғұрлым жоғары болады және мал арасында өлім-жітім де азаяды. Кейінгі кездері кейбір ауруларды алғашқы сатыларында анықтау үшін **иммунобиологиялық** әдістерде өріс алуда, ал шет мемлекеттерде **компьютерлік томография, рентгенттік анықтау** әдістері қолданылуда.

Гельминтологиялық зерттеулерді гельминттердің маусымдық ерекшеліктерімен паразиттің даму мерзіміне сәйкес отырып жүргізген жөн.

Ол үшін эпизоотологиялық деректерді, яғни аудан, облыс көлеміндегі күмәнді аурудың таралу аумағын, ауырған малдың түрі мен жасын, жыл маусымын, жайылымдар мен су көзін, күтіп-бағу шаруаларын да ескеруіміз қажет.

Гельминтозды аурулардың **клиникалық белгілері** біріңғай болып келеді және созылмалы түрде өтеді;

- малдың тұқым беруі, қондылығы, өнім сапасы төмендейді;
- әртүрлі ағзалар мен мүшелердің жұмысы бұзылып іш өту, құсу, домбығу, жөтелу, кератит және конъюнктивит байқалуы мүмкін;
- төлдердің жалпы денесінің өсуі нашарлайды.



Тәжірибе №1 тірі малдан нәжі


с сынамасын алу.

Ол үшін малдың тірі кезінде тік ішегінен 15-20 гр нәжіс сынамасын қолмен резина қолқап арқылы аламыз. Сынаманы әрбір малдан алған кезде резина қолқапты жуамыз, ал егер жануарлар көп болса, әрбір отарды жақсылап араластырып 2-3 жалпы сынама аламыз. Сөйтіп әр сынаманы жеке-жеке целлофан қапшаларға салып, реттік нөмірлерін көрсетіп, тізім жасап, сынаманы алынғаннан кейін 5-6 сағат өткізбей зертханаға тексеруге жолдама жазып жеткіземіз. Жолдамаға малдың түрі, жасы, жеке белгісі, сырға номері, жалған аты, шаруашылықтың аты, қандай мақсатта алынғаны туралы жазамыз және жазған кісінің лауазымы мен аты-жөні, күні, айы, жылы жазылып соңында мал дәрігерінің қолы қойылады.



Тәжірибе № 2 гельминтоовоскопиялық Фюллеборн әдісі

Фарфор келісіне 3-5 гр нәжіс салып , үстіне 50 мл қаныққан тұз ертіндісін құямыз, езгілеп тұндырамыз (қаныққан тұз ертіндісін 1 литр суға 400-500гр ас тұзын ерітеміз) дәке арқылы сүзіп, араластырып 40 минут тұндырамыз. **Нәтижесінде** сынамада тоғышар құрттардың жұмыртқасы болса ертінді бетіне қалқып шығады, ал тұз ертіндісі төмен шөгеді. Сым ілмекпен ертінді бетінен төсеніш шынысына сынама төселіп, жапқыш шынымен жауып микроскоппен тоғышар құрттардың жұмыртқаларын зерттейміз.



400-500гр
ас тұзы



қаныққа
нтұз
ертіндісі



Тәжірибе № 3гельминтолярвоскопиялық Берман - Орловтың балаңқұрттарды табу әдісі:


Варонка ыдысқа дәкеге оралған 10-15 гр нәжіс салып үстіне +38 градустағы жылы суды құямыз, жылу мен ылғалдылықты сезінген тоғышар құрттардың балаңқұрттары дәкеге оралған нәжістен шығып 5-6 сағат ішінде центрифуга пробиркасына шөгеді.Пробирканы алып 2-3 минут центрифугаға 1000 айналымға 5 минутқа қоямыз, одан алып тұнба үстіндегі суды төгіп, тұнбаны микроскоп арқылы зерттеп, тоғышарлардың балаңқұрттарын табамыз.





бөлшектерін іздейміз.

Тәжірибе № 4 гельминтоскопиялық Шербович әдісімен нәжіс сынамасынан ересек құттарды немесе үзіндісін зерттеу. 50 мл шыны ыдысқа +35 +38 градустағы жылы суды құйып оған дәкеге оралған 5-10 гр нәжіс сынамасын саламыз, біраз жылы жерде термостатта ұстаймыз, жылулықты сезінген балаңқұрттар дәкеден шыны ыдыстағы суға шығады. Содан нәжіс сынамасын алып тастап 15 минут тұндырамыз да тұнба бетіндегі сұйықты ризина грушамен сорып алып, тұнбаны төсеніш шыныға тамызып микраскоппен Диктиокаулез, Протостронгилидоз ауруларының ересек құрттары мен



III. Қорытынды.

1. Студент бұл ғылыми жобаны атқару (жүргізу) барысында малдың тірі кезінде гельминтозды ауруларға диагноз қою үшін эпизоотологиялық деректерді жинауды, аурудың клиникалық белгілерін біліп-тануды үйренді.
2. Гельминттерден туындайтын ауруларға диагноз қою үшін тірі малдан нәжіс сынамасын алу әдісінің технологиясын үйренді.
3. Нәжіс сынамасын алғаннан кейін оны этикеттеуді, лабораторияға жолдама жазуды үйренді.
4. Капрологиялық (нәжісті зерттеу) әдістердің түрлері мен жүргізілу методикасын меңгерді.
5. Гельминттердің мал ағзалары мен мүшелеріне тигізетін кері әсерлері туралы білетін болды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. «Жануарлардың инвазиялы ауруларын анықтау практикумы» С.Т. Дүйсенбаев, М.М. Ысқақов, Ж.М. Есімбеков «Арман» баспасы 2008 ж.
2. «Паразитология» Щевцов А.А., Колабский Н.А., Никольский С.Н. Москва «Колос» 1979 г.
3. «Қысқаша паразитология анықтамалығы» Б.Орынбаев Алматы 2013 ж.
4. С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехуниверситетінің ветеринариялық медицина факультетінің студенттеріне арналған оқу әдістемелік материялы. Астана 2007 ж. Құрастырған: Ыбыраев Балтабек Кәрішалұлы - ветеринария ғ.к., доцент.
5. Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетінің ветеринариялық санитария факультетінің студенттеріне арналған оқу әдістемелік материалдары. Семей 2013 ж.

«ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ МЕН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ»

Біздің еліміз ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне келіп отыр. Қазіргі кезде қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық - коммуникативтік технологиялар педагогтер қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр.

Инновациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықта мемлекеттің рөлі тәуелді болады.

Біздер, әлемдік білімінің таңдаулы көздерін пайдалана отырып, еліміздің ұлттық және әлемдік рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, Қазақстанның серпінді инновациялық дамуын қолдаймыз. Кәсіби біліктілікті арттыруда корпоративтік оқыту орталығына басқа лекторларды тарту арқылы дәріс беруді жүргізеді. Оқытулар семинарлар, курстар, тренингтер, симпозиумдар, конференциялар, шеберлік-кластар түрінде өтеді. Бір немесе бірнеше білім беру мекемелері қызметкерлерін корпоративтік оқыту әріптестер арасындағы достастық өзара қарым-қатынастар, білімдерін, тәжірибесін және әртүрлі ақпаратты алмастыру өте пайдалы болып табылады.

Оқу үдерісін ақпараттық коммуникациялық құралдарсыз көзге елестету қиын. Интернет технологиясы арқылы оқыту (E-learning) – бұл интернет желісі арқылы оқу үдерісіне қажетті ақпараттың үлкен көлемін тасымалдауды және оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивтік арақатынасты жүзеге асырып, осы үдерістерді компьютерлік бақылауға негізделген. Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат – білім беру үдерісінің барлық құрамдас бөліктерінің үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады[1].

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілікті арттыру институтында ақпараттық - коммуникациялық технологияны біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді пәндік курстарына енгізу барысында:

1. «Информатиканы оқытуда "e-learning" және АКТ-ны қолдану»;
2. Білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізудің тұжырымдамалық негіздері.
3. Интерактивті тақтамен жұмыс тақырыптарында тыңдаушыларға дәрістер оқылып келеді.

Инновациялық-технологиялар және ғылыми жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасы қысқа мерзімді біліктілікті арттыру пәндік курстарында жоғарыдағы біліктілікті арттыру курсына ұсынылған тақырыптарды институттың әдістемелік тақырыбы негізінде жүргізуде. Электрондық оқыту порталында модульдарымен практикалық жұмыстар жасауға машықтандырды. Курстың соңында тыңдаушылар курсты ұйымдастыру мен оның тақырыптық мазмұндары бойынша пікірін бақылау, білімін анықтау, шығармашылық ізденіс жұмыстарының бағыты бойынша сауалнамалар, тест сұрақтары бойынша кіріс-шығыс бақылау, жоба жұмысын қорғау, дөңгелек үстел (семинарлар), сонымен қатар тәжірибе алмасуында өздерінің жұмыстарында кездесетін қиындықтар, жетістіктерін, ұсыныстарын талқылайды.

Қоғам жаһандық ақпараттандыру жағдайындағы білім беру қызметкерлерінің біліктілігін

арттыру жүйесіндегі ақпараттық коммуникативтік технологияны енгізу тетіктері мен жолдарын іздестіру қазіргі білім беру саясатының басты бағыты болып табылады.

Электрондық оқыту жүйесі жаңа ақпараттық қатынастық технологиялардың кең мүмкіндігі арқылы жалпы орта білім берудің көптеген маңызды мәселелерін шешуге ықпал етеді. Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат - білім беру үрдісінде барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үдерісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады. Электрондық оқытуды енгізу оқушы мен оқытушының өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу үдерісінде қалыптастыру мен әртүрлі оқу іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігін, оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады[2].

Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Инновациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

- үйренушінің шығармашылық әлеуметін дамыту;
- коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды қамту;
- сараптамалық – зерттеу қызметі дағдыларын қалыптастыру;
- оқу қызметі мәдениетін дамыту;
- оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін жеделдету, оның тиімділігі мен сапасын

арттыру.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», – деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында педагогикалық технология мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу үдерісінде үйлестіру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Олай болса, педагогикалық технология мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны үйлестірудің ерекшелігі мыналар болып табылмақ:

- жаңа ақпарат беру;
- заманауи технологияны меңгерту;
- іздендіру;
- өз бетімен жұмыстарды орындату;
- ой-қиялын, сынап ойлауын дамыту;
- іскерлік пен дағдыны қалыптастыру;
- қызығушылықты, ынта-ықыласты арттыру;
- топпен жұмыс істеуді үйрету және т.б.

Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам - ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек. Қоғамның қарқынды дамуы, көбіне оның білімімен және мәдениетімен анықталады. Сондықтан, біздің алдағы мақсатымыз, білім жүйесін құру, қоғамды күнде дамып отырған әлемге дайындау – бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізу «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу».

Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, ақпараттық - коммуникациялық технология саласында білімді жетілдіру, кәсіби шеберліктерді ұштау ақпараттық мәдениетті қалыптастырумен қатар жүргізіледі. Басқаша айтқанда, әрбір мұғалімнің

өздігінен білім алуына және өзін-өзі дамуына жағдай жасау арқылы білім сапасын көтеру негізгі шарттардың біріне айналып отыр[3].

Қысқаша айтқанда, ғылым мен техниканың қазіргі даму барысында мектептер компьютерлік техникалармен және ғаламтор желісімен қамтамасыз етілуі керек. Ол білім берудің ғылыми базасын және олардың өзара байланысын күшейте түсуді қажет етеді. Сонымен бірге, ғылымның, техника мен мәдениеттің даму барысында педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияны үйлестіру білім беру жүйесінің алға басуы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «ҚР мектепшілік білім беру ұйымдарындағы электрондық оқыту жүйесі туралы ереже». Алматы, 2011ж.
2. ҚР Ақпараттандыру туралы заң. 2007ж.
3. «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі». Информатика негіздері 2008, №4

Тәкішева Ботакөз Олжаханқызы
Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжінің оқытушысы

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Қазіргі қоғамымыздағы экономикалық қатынастар күрделі ұғым. Бұл бір жағынан, адамзаттың табиғатқа қатынасын, адамның табиғатпен өзара байланысын көрсетеді. Мұндай қатынасты табиғи ресурстарды рациональдық пайдалану бойынша техника-экономикалық ретінде белгілеуге болады. Басқа жағына алғанда, экономикалық қатынас өндірістің факторларына меншік ретінде анықталатын адамдар арасындағы қатынас болып саналады, яғни бұл әлеуметтік-экономикалық қатынас.

Экономикалық-әлеуметтік қатынас экономиканың бірлігін белгілейді. Бұл бірлік баолық экономика мен оның бөліктерімен ұйымдастыру және басқару жүйесі. Экономикалық жүйе – қоғамның белгіленген тұтастығын, қоғамның экономикалық құрылымын бейнелеуші өзара байланысты экономикалық элементтер жиынтығы болып саналады.

Қоғамдағы меншік қатынастарымен ұйымдастырылу түрлеріне сәйкес болатын барлық экономикалық іс-әрекеттердің жиынтығы сол қоғамның экономикалық жүйесін құрайды.

Экономикалық жүйенің элементтеріне меншік негізінде қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық қатынастар шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару әдісі. Экономиканы реттеуші механизм және кәсіпорындар мен басқада шаруашылық субъектісі арасындағы нақты экономикалық байланыстар жатады.

Қоғамның саяси жүйесінің негізін экономикалық жүйе құрайды, мысалы: «капитализм», «социализм» – деген ұғымдар саяси жүйеге жатады. Ал «нарықты экономика», «аралас экономика» деген сөздер экономикалық жүйеге жатады.

Экономикалық жүйе – бұл экономикалық процестер жиынтығы, ол қалыптасқан мүлікті қатынастар мен ұйымдық түрлер негізінде қоғамда жүзеге асады. Экономиканы ұйымдастыру бойынша экономикалық жүйені келесідей топтау болады.

1. Жабық экономика – барлық шаруашылық әрекеттер тек мемлекет шеңберінде жүргізіледі, ішкі тұтыну мен шектеледі, шетелдермен қатынас болмайды.

2. Ашық экономикалық жүйе – халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіне экономика белсенді түрде қатысады, ұлттық валюта мен қатар шетелдік валюта қолданылады.

Қазіргі Қазақстан Республикасында нарықтық экономика негізгі рөл атқарады. Оның негізгі ерекшеліктері:

Біріншіден, экономиканың құбылмалы ерекшелігі сонда Қазақстан нарықтық экономикаға әтуді тұтастық шеңберінде, егемендікте және өз мемлекеттілігінде жүзеге асырды.

Екіншіден, Қазақстанның территориялық географиялық жағдайы - өркениеттіліктің батыс пен

шығыстықосатын ерекше орын болып табылып, өтпелі кезеңдегі экономикаға айрықша әсер етеді.

Үшіншіден, Қазақстан республикасындағы экономиканы реформалау созылған экономикалық жағдайды нда өтуде болды.

Төртіншіден, өнеркәсіптегі мемлекеттік сектор негізінен ірі кен-байыту, металлургиялық, химиялық және химия – мұнай кәсіпорнын құрады. Ауыл шаруашылығында ірі кәсіпорындар – кең шарлар көп болды. Республикада 2059-ға жетіп, барлық ауыл шаруашылығы кәсіпорынның 75% құрады. Осындай ерекшеліктер жеке шелеңдіру сипатына әсер етпей қоймады.

Нарықтық экономика кезінде макроэкономикалық процестерді мемлекеттің реттеуі тікелей және жанама тәсіл арқылы жүргізіледі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік экономикалық бағдарламаны жасау мен өткеру арқылы жүргізіліп қысқа орта, ұзақ мерзімді міндеттерді шешуге атсалысады. Бұдан басқа да қалыпты және төтенше бағдарламалар жасалуы.

Мысалы, соғыстан соң Оңтүстік Кореядағы экономиканы орыннан тұрғызуға қабылданған төтенше бағдарламаны, ал Жапонияда «Автомобиль жолын салудағы төтенше шаралар» заңы ескерілді. Жапонияда мемлекеттің 10-нан астам институттары нарыққа дамуының жоспары мен бағдарламасын жасайды.

